

# ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

---

## ХРЕСТОМАТИЯ

---

Жалпы білім беретін мектептің  
жаратылыстану-математика бағытындағы  
10-сыныбына арналған оқу құралы

Өңделген екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2010

УДК 373.167.1(075.3)

ББК 63.3(0)я72

Д87

*Құрастырушылар:* **Ө. Шүпеков, К. Қожахметұлы,  
М. Ғұбайдуллина, І. Қарсақов**

*Аудармашы* **Қ. Бикенова**

**Д87** **Дүниежүзі тарихы: Хрестоматия:** Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы / Құраст.: **Ө. Шүпеков, К. Қожахметұлы, М. Ғұбайдуллина, І. Қарсақов.** — Өнд.2-бас. — Алматы: Мектеп, 2010. — 232 бет.

ISBN 978—601—293—146—4

Д  $\frac{4306022300 - 217}{404(05)-10}$  99(4)—10

УДК 373.167.1(075.3)  
ББК 63.3(0)я72

- © Шүпеков Ө., Қожахметұлы К.,  
Ғұбайдуллина М., Қарсақов І.,  
(құраст.), 2006
- © Аудармашы: Бикенова Қ., 2006
- © “Мектеп” баспасы, көркем  
безендірілуі, 2010

Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлдіктік құқықтары  
“Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—146—4

# I бөлім. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ӘЛЕМ

## ВЕРСАЛЬ-ВАШИНГТОН ЖҮЙЕСІ

Вильсонның 14 пункті

8 қаңтар, 1918 жыл.

1. Ашық бітімгершілік келісімдері.
2. Бейбітшілік және соғыс кезіндегі теңіздің бостандығы.
3. Кеден кедергілерін алып тастау.
4. Ішкі тәртіпті сақтауға қажет мөлшердегі жаппай қарусыздану.
5. Отарлық жөніндегі талаптарды жергілікті халық пен билікке ұмтылушы мемлекеттің мүдделері тең дәрежеде ескерілетіндей етіп әділ реттеу.
6. Ресейдің басып алынған аумағын босату.
7. Бельгияны босату және оны қалпына келтіру.
8. Францияның қираған облыстарын қалпына келтіру және оған Эльзас-Лотарингияны қайтарып беру.
9. Италияның шекарасын реттеу.
10. Австро-Венгрия халықтарына автономия беру.
11. Балқандағы шекараларды түбектің тарихи дамуы мен этнографиясын ескере отырып реттеу, Сербияға теңізге шығуға жол ашу.
12. Оттоман империясының халықтарына өзін-өзі басқару құқығын беру.
13. Теңізге шыға алатын тәуелсіз Польшаны құру.
14. “Халықтардың жалпыға бірдей ассоциациясын” құру.

*Лан Л.* США от Первой до Второй мировой войны.  
М., ОГИЗ, 1947. С. 42.

## ГЕРМАНИЯ МЕН ОДАҚТАСТАР АРАСЫНДАҒЫ КОМПЬЕНДЕ ЖАСАЛҒАН УАҚЫТША БІТІМ

11 қараша, 1918 жыл.

**1-бап.** Жердегі және әуедегі соғыс қимылдарын уақытша бітімге қол қойылғаннан кейін 6 сағ ішінде тоқтату.

**2-бап.** Басып алынған: Бельгия, Франция, Люксембург елдерін, Эльзас-Лотарингияны қоса тез арада босату, ол жерден әскерлерді әкетуді 15 күн ішінде аяқтау.

**3-бап.** Жоғарыда аталған облыстардың тұрғындарын, кепілге алған адамдармен қоса кері қайтару.

**4-бап.** Герман армиясы мына төменгідей әскери материалдарды: 5 мың зеңбірек, 25 мың пулемет, 3 мың миномет және 1700 аэропланды одақтастарға береді.

**5-бап.** Герман армияларымен Рейннің сол жағындағы жерді қайтару...

**7-бап.** Су жолдары, қатынас және байланыс құралдарын бүлдіруге тыйым салу. Одақтастарға 5 мың паровоз, 150 мың вагон және 5 мың жүк мәшинесін беру...

**12-бап.** Соғысқа дейін Австро-Венгрияның, Румынияның және Түркияның бөлігі болып келетін аумақтарындағы барлық герман әскерлері тез арада Германияға әкетілуі тиіс...

**22-бап.** Одақтастар мен АҚШ-қа барлық сүңгуір қайықтарды (крейсерлер мен миналық көліктерді қоса), барлық қару-жарақтарды одақтастар мен АҚШ көрсеткен порттарда тапсыру.

**23-бап.** Одақтастар мен АҚШ көрсеткен су үстіндегі Герман әскери кемелері кідіріссіз қарусыздандырылады.

**34-бап.** Уақытша бітім мерзімі 36 күн мөлшерінде белгіленді. Мерзімді ұзартуға болады.

Международная политика новейшего времени в договорах, нотах и декларациях. Ч. 2. М., 1926. С. 194.

## ВЕРСАЛЬ ШАРТЫ (үзінділер)

28 маусым, 1919 жыл.

**1-бап.** Барлық мемлекеттер доминиондар немесе отарлар Лигаға мүше бола алады.

**2-бап.** Лиганың бүкіл қызметін, осы статутта анықталғандай, жиналыс пен кеңес атқарады, олардың жанында тұрақты секретариат жұмыс істейді.

**3-бап.** Жиналыс Лига мүшелерінің өкілдерінен тұрады.

**4-бап.** Кеңес одақтас және біріккен мемлекеттердің басты өкілдерінен, сондай-ақ Лиганың басқа төрт мүшесінен тұрады. Лиганың бұл төрт мүшесі жиналыстың шешімі бойынша және оларды сайлағысы келетін мерзім бойынша аталады. Кеңесте ұсынылған Лиганың әр мүшесі тек бір дауысқа ғана ие бола алады және бір ғана өкілі болады...

**7-бап.** Лиганың орналасатын жері Женева болып белгіленді.

**8-бап.** Лига мүшелері бейбітшілікті сақтау — ұлттық қауіпсіздікпен бірге ұлттық қарусыздандыруды ең төменгі мөлшерге дейін қысқарту қажеттігін және бірігіп қимылдауды қажет ететін халықаралық міндеттерді орындауды талап ететінін мойындайды...

**10-бап.** Лига мүшелері Лиганың барлық мүшелерінің аумақтық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігін құрметтеуге және оларды қандай да болсын сыртқы шабуылдан сақтауға міндеттенеді...

**32-бап.** Германия Бельгияның талас болып келген Морэне аумағына толық билігін орнатуын мойындайды...

**51-бап.** 1871 жылдың 26 ақпанында Версальда қол қойылған бітімге және 1871 жылдың 10 мамырындағы Франкфурт шартына байланысты Германия жағына кеткен аумақтар 1918 жылғы 11 қарашадағы уақытша бітім күнінен бастап Францияның қарамағына қайтарып берілсін...

**80-бап.** Германия Австрияның басты одақтастар және Біріккен мемлекеттер арасындағы жасалған шартта белгіленген аумағындағы тәуелсіздігін мойындайды және қатаң сақтайды.

**81-бап.** Германия Чехословакия мемлекетінің толық тәуелсіздігін мойындайды...

**87-бап.** Германия Польшаның толық тәуелсіздігін мойындайды...

**119-бап.** Германия басты одақтастар мен Біріккен мемлекеттердің пайдасына өзінің барлық құқығынан және теңіздің арғы жағындағы барлық иеліктеріне деген құқықтарынан бас тартады...

**160-бап.** Германияны құрайтын мемлекеттік қарулы күштердің жалпы саны офицерлер мен сапқа жарамайтындарды қоса есептегенде 100 мың адамнан аспауы керек және олар тек елде тәртіпті сақтау үшін шекара күзетіне пайдаланылады... Германияның Бас штабы және сол сияқты бас-

қа да құралымдары таратылады және қандай түрде болсын қайта қалпына келтірілмейді...

**173-бап.** Германияда жалпыға бірдей әскери қызметтің қандай түріне болса да тыйым салынады. Герман әскері тек ерікті жалдану негізінде құрыла алады...

**180-бап.** Германияның Рейннен шығысқа қарай 50 шақырым қашықтықтағы белдеуден батысқа қарай орналасқан барлық құрлықтағы бекіністері, қамалдар және бекіністі жерлер қарусыздандырылады және жойылады.

**181-бап.** Герман әскери флотының күштері:

6 бронетасушы кемеден,

6 жеңіл крейсерден,

12 мина тасушы кемеге қарсы тұратын кемеден,

12 мина тасушы кемеден аспауы керек.

Олар ешқандай сүнгүйр кемелер ұстамауы керек...

**198-бап.** Германияның әскери күштері құрамында ешқандай әскери және теңіз бөлімдері болмауы керек.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 179—186.

**ВАШИНГТОН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ. 1921 ж. АҚШ,  
ҰЛЫБРИТАНИЯ, ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ ЖАПОНИЯ ЕЛДЕРІНІҢ  
ТЫНЫҚ МҰХИТТАҒЫ АРАЛДЫҚ ИЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ  
АРАЛДЫҚ АУМАҚТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТРАКТАТ  
(КЕЛІСІМ)**

13 желтоқсан, 1921 жыл

**I**

Жоғарыдағы Мәртебелі келісушілер өзара қатынастарында Тынық мұхит аумағындағы өздерінің аралдық иеліктеріне құқықтығын мойындайды.

**II**

Егер де жоғарыда аталған құқықтар бір елдің шабуылдық әрекетіне сәйкес қауіпке ұшырайтын болса, Мәртебелі келісушілер өзара жолығып, бұл мәселені жан-жақты ашық түрде талқылап, жалпы пәрменді келісімге талпынуы қажет. Пәрменді келісім әр елдің атынан немесе барлығының атынан жариялануы қажет.

**III**

Аталған трактат іске асқаннан кейін, өзінің күшін он жыл бойы сақтайды. Келісім аталған мерзімнен кейін де өз күшін сақтай береді. Егер Мәртебелі келісуші елдердің бірі

келісушілердің қатарынан шығам деген ойы болса, бұл жайды 12 ай бұрын жариялауы қажет.

*Понамарев М., Смирнов С.* Новая и новейшая история стран Европы и Америки. Практическое пособие. Ч. 2. М., 2006. С.263.

### **АҚШ, ҰЛЫБРИТАНИЯ, ФРАНЦИЯ, ИТАЛИЯ ЖӘНЕ ЖАПОНИЯ АРАЛАРЫНДАҒЫ ӨСКЕРИ-ТЕҢІЗ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРДЫ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ТРАКТАТЫ**

**6 ақпан, 1922 жыл.**

**1-бап.** Келісуші державалар теңіздегі қару-жарақтарын аталған трактат негізінде шектеуге тырысады.

**4-бап.** Ауыстыруға тиісті линейлі кемелердің салмағы АҚШ үшін — 525 000, Британия империясы үшін — 525 000, Франция үшін — 175 000, Италия үшін — 175 000, Жапония үшін — 315 000 тоннадан аспауы тиіс.

**5-бап.** Бірде-бір келісушілер өз елдерінің шеңберінде кемелерді жасағанда, сатып алғанда, басқа елдерге сатуға, не сатып алуға тапсырма берген жағдайда линейлі кемелердің салмағын 35 000 тоннадан асырмауы қажет.

**6-бап.** Келісімге қосылған бірде-бір державалардың линейлі кемелеріндегі зеңбіректердің калибрі 16 дюймнен (406 миллиметрден) аспауы қажет.

**13-бап.** Келісуші державалардың линейлі кемелерге жатпайтын кемелеріндегі зеңбірек калибрлері 8 дюймнен (203 миллиметрден) аспауы қажет.

*Понамарев М., Смирнов С.* Новая и новейшая история стран Европы и Америки. Практическое пособие. Ч. 2. М., 2006. С. 264.

### **КСРО, РУМЫНИЯ, ЧЕХОСЛОВАКИЯ, ТҮРКИЯ ЖӘНЕ ЮГОСЛАВИЯ АРАСЫНДАҒЫ БАСҚЫНШЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯДАН**

**4 шілде, 1933 жыл.**

Кенестік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитеті, Ұлы мәртебелі Румын королі, Чехословакия Республикасының президенті, Түркия Республикасының президенті және Ұлы мәртебелі Югославия королі өз елдері арасындағы бейбітшілікті нығайту мақсатымен өздері

қатысушы Бриан-Келлог пакті қандай да бір болсын басқыншылыққа тыйым салады деп санап, жалпыға бірдей қауіпсіздік мақсатында оны анықтауға ешқандай сылтауға жол бермеу мақсатымен басқыншылық ұғымын мүмкіндігінше толық анықтау үшін, барлық мемлекеттер тәуелсіздікке, қауіпсіздікке, өз аумақтарын қорғауға және өзінің мемлекеттік құрылымының еркін дамуына тең құқықтылығын көрсете отырып, өз елдері арасында басқыншылықты анықтайтын нақтылы ережелер енгізуге, олар жалпы мойындалған ережелерге айналғанша шешім қабылдап, осы мақсатпен мына конвенцияны қабылдады.

**1-бап.** Келісуші жоғары жақтардың әрқайсысы өзінің қалағандарының кез келгенімен өзара қатынастарында осы конвенцияның күшіне енген күннен бастап басқыншылықтың анықтамасын басшылыққа алуға міндеттенеді...

**2-бап.** Осыған сәйкес халықаралық қақтығыстарда шабуылшы деп... мына төмендегідей әрекеттердің біреуін бірінші болып жасаған мемлекет есептеледі:

1. Екінші мемлекетке соғыс жарияласа.

2. Соғыс жарияламаса да қарулы күштері басқа мемлекеттің аумағына басып кірсе.

3. Өзінің құрлықтағы, теңіз және өуе күштерімен соғыс жарияламай-ақ басқа мемлекеттің аумағына және өуе кемелеріне шабуыл жасаса.

4. Басқа мемлекеттің жағалаулары мен порттарын теңіз қоршауына алса.

5. Өзінің аумағында ұйымдастырылып басқа мемлекеттің аумағына басып кірген қарулы қарақшыларға көмек көрсетсе...

1933 жылдың 3 шілдесі күні басқыншылықты анықтау жөніндегі конвенцияға Польша қол қойды.

Документы внешней политики СССР.  
Т. 16. М., 1970. С. 403—405.



## АҚШ

### ФЕДЕРАЛДЫҚ КОНСТИТУЦИЯҒА ТҮЗЕТУЛЕР

#### ХІХ түзету

Құрама Штаттар азаматтарының сайлауға қатысу құқығын олардың жынысына байланысты АҚШ-тың өзі де, сондай-ақ жекелеген штаттар да бұзып, не шектей алмайды.

1. Конституцияға он тоғызыншы түзетуді 1919 жылдың 4 маусымында 66-конгресс ұсынып, сол күні Сенат қабылдады. Өкілдер палатасы мақұлдағаннан кейін түзету 1920 жылдың 18 тамызында бекітілді.

#### XX түзету

**1-бөлім.** Президент пен вице-президенттің өкілеттік мерзімі жиырмасыншы қаңтар күні түс кезінде бітеді, сенаторлар мен өкілдердің өкілеттік мерзімі үшінші қаңтарда түс кезінде бітеді, осы кезден бастап олардың мұрагерлерінің өкілеттік мерзімі басталады.

**2-бөлім.** Конгресс жылына кем дегенде бір рет жиналады, ал оның мәжілістері, егер конгресс заңмен басқа күнді белгілемесе, үшінші қаңтар күні түсте басталады...

2. Конституцияға жиырмасыншы түзетуді 1932 жылдың 2 наурызында 72-конгресс ұсынып, Сенат пен Өкілдер палатасы мақұлдады. Түзетуді бекіту 1933 жылдың 23 қаңтарында аяқталды.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 298.

#### Ф. Д. РУЗВЕЛЬТТІҢ КОНГРЕСКЕ ЖОЛДАУЫ

17 мамыр, 1933 жыл.

Конгрестің арнайы сессиясы аяқталғанша мен біздің ұлттық науқанымызда бұдан былай халықты жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі екі шараны ұсынбақшымын.

Менің бірінші ұсынысым, Конгресс қысқартылған жұмыс жағдайында жеткілікті жалақыны сақтай отырып, бүкіл индустрия саласы бойынша (адамдарды жұмысқа неғұрлым көп тарту мақсатында) жұмыс аптасын қысқартуды келісімді жүргізуге және әділетсіз бәсеке мен өнімдерді ар-

тық шығаруды болдырмауға қажетті механизмдерді жасауды қамтамасыз етсе...

Келесі ұсынысым атқарушы билікке “нақты жұмыспен қамтамасыз етудің” кең көлемді бағдарламасына кірісуге өкілеттік береді. Зерттеулер маңызды, қажетті әрі қолайлы қоғамдық құрылысқа 3 300 млн доллар жұмсауға, сөйтіп, барынша көп адамдарға жұмыс беруге мүмкіндік бар екендігіне менің көзімді жеткізіп отыр.

Хрестоматия по всеобщей истории  
государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 302—303.

**ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ САУЫҚТЫРУ, ТАЗА  
БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ КӨТЕРМЕЛЕУ, ҚОҒАМҒА ПАЙДАЛЫ  
ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА КЕЙБІР  
МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУ ТУРАЛЫ ЗАҢ**

16 шілде, 1933 жыл.

... Сөйтіп, елімізде қиыншылық туып, жұмыссыздық бұрынғыдан да кең таралып, өнеркәсіпте берекесіздік орнады. Бұлар өз кезегінде штатаралық және сыртқы саудаға ауыртпалық салып, халықтың әл-ауқатына үлкен зиянын тигізді. Америка халқының тұрмыстық деңгейінің төмендегені мойындалды. Сонымен қатар конгресс алдағы уақытта штатаралық және сыртқы сауданың еркін дамуына кедергі болып отырған қиыншылықтарды жою, өнеркәсіпті ұйымдастыру мен әртүрлі кәсіптік топтардың бірлескен әрекеттерін қолдау арқылы бұқараның тұрмыс жағдайын жақсарту, еңбекшілер мен кәсіпкерлердің біріккен іс-қимылдарын, олардың екеуін де үкімет тарапынан терезелері тең деп тану және басқару негізінде жігерлендіру мен қолдау, өндірістің тежелмеуін қадағалау, халықтың рухын көтеру арқылы өндіріс пен ауылшаруашылық өнімдерін тұтынуды арттыруға, жұмыссыздықты азайтуға, сондай-ақ өнеркәсіпті жандандырып, табиғат байлықтарын сақтауға бағытталған саясатты жүргізуге ұмтылады деп мәлімдейді.

***Қоғамдық жұмыстарды төтенше федералдық басқару.***

Әкім президенттің жарлықтарына байланысты қоғамдық жұмыстарды жүргізудің кеңейтілген бағдарламасын жасай-

ды. Ол басқа жұмыстармен бірге міндетті түрде мынадай жұмыстарды қамтуы тиіс:

а) тасжолдар мен магистральдар, қоғамдық ғимараттар мен басқа да мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық құрылыстарды салу, жөндеу және жақсарту жұмыстары;

б) табиғат байлықтарын сақтау мен оларды өндіруді ұлғайту, суды пайдалану мен оны тазалауды бақылау, топырақ және жағалаулар эрозиясының алдын алу; су энергетикасын дамыту, электр қуатын жеткізу, өзен және порт құрылыстарын салу, су тасқынына жол бермеу.

Хрестоматия по всеобщей истории  
государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 305—307.

### **ФРАНКЛИН Д. РУЗВЕЛЬТ “ЖАҢА БАҒЫТТЫҢ” МАҚСАТТАРЫ ТУРАЛЫ**

#### ***1934 жылы маусымда радиодан сөйлеген сөзінен***

Ілгері басудан (прогрестен) қорқатын кейбір жасқаншақ адамдар біздің іс-әрекетімізге жаңа һәм таныс емес атаулар беруге тырысады. Кейде олар оны фашизм, коммунизм, регламентация немесе социализм деп атайды. Мен практикалық түсініктер мен практикалық саясатқа сенемін. Мен біздің қазіргі іс-әрекетіміз америкалықтардың өзгермейтін миссиясы — американизмнің ескі әрі сыннан өткен идеяларының жүзеге асырылуы деп есептеймін.

#### ***1936 жылы 25 қыркүйекте жабық пресс-конференцияда сөйлеген сөзінен***

Гувер бауырымыздың өзінің төрт жылдық саясатын жалғастыра отырып, әлеуметтік қамсыздандыру, фермерлерге көмектесу, жұмыс күнін қысқарту, қарт адамдарға зейнетақы тағайындау бағытында ешқандай қадамдар жасамай, 1936 жылдың сәуіріне дейін президент болып қалғанын бір сәтке көз алдарыңызға елестетіңіздерші. Егер бұл үстіміздегі (1936 — *Құраст.*) жылдың сәуір айындағыдай жағдай болса, онда біздің елдегі жағдай Блюмнің билікке келе отырып жасаған әрекетін еске салар еді. Француздар отыз жыл бойы әлеуметтік заң шығару саласында ештеңе істеген жоқ. Блюм соны жүзеге асыруға кірісті, себебі, биліктің алғашқы аптасында-ақ жаппай ереуілге тап болған. Ереуілшілер 40 сағ-тық жұмыс аптасын талап етті... Блюм жұмыс күнін қысқарта-

тын заңды енгізіп, қойылған талаптарды орындады, бірақ бәрібір кеш болды.

### ***1936 жылы қыркүйекте сөйлеген сөзінен***

Мен: “Радикализм қауіпінің реакцияларын қарсы алу—өзіңе апат шақыруды білдіреді”,— деген едім. Реакция радикализмге тосқауыл емес — ол шақыру, арандату. Бұл қауіпті қайта құрудың (реформаның) саналы бағдарламасымен қарсы алу керек. Біз төтенше жағдайларды төтенше шаралармен қарсы аламыз. Маңыздысы сол, біз мәселенің түп-тамырына дейін жетіп, дағдарыстың себептеріне шабуыл жасадық. Біз революцияға қарсымыз. Сондықтан біз революция туғызушы теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы соғыс жүргіземіз.

Хрестоматия по всеобщей истории. Ч. 1. М., 1971. С. 119—120.

## **ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР**

14 тамыз, 1935 жыл.

### ***а) Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заң (үзінді)***

Қажеттілігіне орай әлеуметтік қамсыздандырудың федералдық жүйесін ұйымдастыру, кейбір штаттарда қарттарды, соқыр адамдарды, қамқорлыққа алынған балаларды, мүгедек балаларды және аналар мен балалардың әлеуметтік қамсыздандырылуын жақсарту, онда халық ағарту мен жұмыссыздарға жәрдем беру жөніндегі және әлеуметтік сақтандыру бойынша басқармалар құру жөніндегі заңдарды іске асыру жолымен жалпыға бірдей игіліктерді жақсарту туралы заң.

Басқарма жас шамасына қарай зейнетақы алудың шарттары ретінде:

жасы 65-тен асқандарға қарастырылған басқа барлық жоспарларды... бекітеді, егер тек жоспарда қарастырылмаса, онда 1940 жылдың 1 қаңтарына дейін жас мөлшерінің шектелімі тіпті 70 жасқа жетуі мүмкін.

### ***б) Ауыл шаруашылығындағы жағдайларды жақсарту туралы заң (үзінді)***

12 мамыр, 1933 жыл.

Ұлттық экономиканың мүшкіл халін ауыл шаруашылығының тұтынушылық қабілетін арттыру арқылы көте-

ру, акционерлік жер банктерін жоюды реттеу және басқа қажетті шараларды жүргізу туралы заң.

Конгресс төменде айтылған саясатты жүргізе отырып мынаны мәлімдейді:

ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен тұтынудың арақатынасын, базисті кезеңде осы өнімдердің сатып алынуына дейінгі фермерге қажетті заттарды және ауылшаруашылық өнімдерін тұтыну деңгейін көтеретін сауда шарттарын белгілеу және қолдау көрсету. Базисті кезең ішінде темекіден басқа да барлық ауылшаруашылық өнімдері қатыстырылады. 1909 жылдың тамызынан 1914 жылдың шілде айына дейін соғысқа дейінгі кезең деп есептелінеді.

Бәсекелестік туралы жоғарыда айтылып кеткен кодекстердің қайсыбірін президенттің бекітуімен осы кодекстің ережелері бойынша өнеркәсіп салалары және оған кіретін ұйымдар үшін әділетті бәсекелестік практикасын реттейтін нормалар ретінде қарастырылатын болады. Қандай да бір штаттаралық немесе сыртқы саудалық коммерциялық мәміле жасалғанда осы нормалардың кез келгенінің бұзылуы — Федералдық сауда комиссиясының құқықтары туралы қолданылып жүрген заңдарда түсіндірілгендей, әділетсіз коммерциялық бәсекелестік термині ретінде ұғынылып, қарастырылатын болады.

### ***в) АҚШ-тың жағдайы***

Бәрін жалмайтын от кейпіндегі ойсыратқан дағдарыс штаттарда да таралды. Қаһарлы қыс басталды. Зауыттар мен фабрикалар жабылды. 1930 жылдың жазында американдық фермерлерінің жағдайы күрт нашарлады. Елдің тарихында бұрын-соңды болмаған құрғақшылық Атлант жағалауларынан Канадамен шектесетін Батыс шекараларға дейін орналасқан 30 штаттағы астықты құртуда. 1932 жыл тіпті ауыр болды. Дағдарыстың үшінші жылының соңында өнеркәсіптің шешуші салаларындағы жағдай аянышты күйде болды.

Маңызды индустриалды аудандарда көптеген зауыттар мен фабрикалар жабылды, тот басқан теміржол рельстері мен сөнген домналар аяқ басқан сайын кездесті. Ай сайынғы автомобильдерді шығару 12 есеге азайды. 85 домна пештерінің тек 46-ы ғана жұмыс істеді. Жұмыссыздардың саны АҚШ-та 17 млн адамға жетті. Көшелер қайыршылар мен панасыздарға лық толды. Өзін-өзі өлтіру жиіледі. Ана-

сы алдымен өзінің балаларын өлтіріп, артынан өзіне қол жұмсаған жағдайлар да кездесті.

АҚШ қалаларында күннен-күнге жұмыссыздардың бір үзім нан мен бір тостаған сорпа үшін кезегі ұлғайды. 1930 жылы “Нью-Йорк Таймс” газеті былай деп жазды: “Нанға кезекке тұрған кездегі үнсіздік жанды жабырқатады. Еркектер мен әйелдер өздерінің қайғылары туралы ойларға шомған күйде тұр, олардың нұрсыз, сүлесоқ жанарлары ішкі уайым-қайғыны айғақтайды. Адамдар өздерінің бір тостаған сорпасын күтіп, қабырғаға сүйеніп өрең тұр. Егер біреу-міреу өзінің көршісімен сөйлесе қалса, тек сыбырлап, қысқа ғана тіл қатады. Содан кейін жабыққан жанарын жерге қадап, қайтадан ойға шомады”.

Мындаған жұмыссыздар туыстары мен таныстарынан пана іздеп, қаладан ауылға кетіп жатты. Кейбіреулер қала сыртындағы сынған жәшіктерден жасалған лашықтарды паналады. 1931 жылдан бастап АҚШ-та банкротдің банкротқа ұшырауы жиіледі. 1931 жылы қыркүйекте 305, ал қазан айында 520 банк банкротқа ұшырады. 1928 жылмен салыстырғанда, 1932 жылы жұмысшылардың еңбекақысы 60%-ға, қызметкерлердің жалақысы 40%-ға қысқарды.

*Лан В. США от Первой до Второй мировой войны. М., 1947. С. 289—294.*

## ҰЛЫБРИТАНИЯ

### ХАЛЫҚ ӨКІЛЕТТІГІ ТУРАЛЫ АКТ

1928 жыл.

**1-бап. 1)** Кез келген тұлға, егер ол кәмелетке толған және өзінің құқығынан айырылмаған болса, сонымен бірге:

- а) тұрған мекенінде тиісті мамандығы бар болса;
- б) іскерлік мақсатқа қажетті мамандығы бар болса;

в) немесе өзінің іскерлік мақсатқа қажетті мамандығы бар болуы себепті тізімге енгізілуге құқықты тұлғаның ері немесе әйелі болып саналатын әрбір адам университеттік немесе басқа сайлау округінің парламент сайлаушысы ретінде тізімге тіркелуге құқылы.

**2-бап.** Кәмелетке толған және қандай да бір жағдайда болмасын өз құқығынан айырылмаған, бүкіл сайлау округін немесе оның бір бөлігін құрайтын университетте немесе оның

секцияларының бірінде атақ алған тұлға — университеттік сайлау округінің парламенттік сайлаушыларының тізіміне тіркелуге құқылы. Мәселен, Шотландия университетінде халық өкілдігі туралы 1868 жылғы актінің 27-бабына сәйкес мамандандырылған (Шотландия) әйел адам бітіру емтихандарын тапсыруға жіберілген, не оларды тапсырған жағдайда университеттің әйелдерге қоятын шарттарына сәйкес — жеке сайлау округін құрайтын және емтихан өткізілетін жылдары әйелдерге ғылыми дәреже алуға рұқсат берілмей келген, яғни дәреже алу үшін талап етілетіндей уақыт бар болса ғана сайлаушылар тізіміне тіркелуге болады.

**8-бап.** 1) Қандай да бір сайлау округінің парламенттік сайлаушысы ретінде тізімге енгізілген тұлға (оның жынысына немесе некеде бар-жоғына қарамастан) парламентте осы округтің атынан өкілдік ететін парламент мүшесін сайлауға, дауыс беруге құқылы. Бірақ ол тұлға, жалпыға бірдей сайлау кезінде тұрақты мекеніндегі мамандығына байланысты тізімге енгізілген округтен тыс және егер басқа мамандықтар бойынша екінші бір тізімге енбесе, бір сайлау учаскесінен басқа жерде дауыс бермеуге тиісті.

Конституции буржуазных стран. Т. 1. М.—Л., 1935.

### ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ АКТІНІ ӨЗГЕРТУ ЖӨНІНДЕГІ 1949 ЖЫЛҒЫ 16 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЗАҢ (үзінділер)

1911 жыл.

1. Осы заң 1949 жылғы Парламент туралы заң ретінде аталуы мүмкін.

2. Осы және 1911 жылғы Парламент туралы заңға бір заң ретінде түсінік берілуі тиіс және 1911 жыл мен 1949 жылғы Парламент туралы заңдар ретінде оған сілтемелер бірлесіп жасалуы мүмкін. 1911 жылғы Парламент туралы заңның 1-тармақ, 4-бабына сәйкес (осы заңға келісті Ұлы мәртебелі ұсынған заң жобасына еруге тиісті заңды күшіне енгізу туралы шартты дәлме-дәл анықтайтын), “1911 және 1949 жылдардағы Парламент туралы заң” сөзі “1911 жылғы Парламент туралы заң” сөзімен алмастырылып, қолданылатын болады.

1949 жылғы I заң мен лордтар Палатасындағы билльдерді талқылау ұзақтығы екі жылдан бір жылға дейін азая-

ды (іс жүзінде одан да аз). 1963 жылғы заң мен пэр титулын мұрагерленуші Қауымдар палатасына сайлануға құқық алу үшін, сонымен бірге белсенді саяси қызметпен айналысу үшін одан бас тартады. 1914 жылдан бастап осы күнге дейін лордтар тек бірнеше жағдайларда ғана (мәселен, 1949 жылы) парламенттік билльдерді қабыл алмады, бірақ Қауымдар палатасы олармен келіспеген кезде өздерінің түзетулерін енгізуіне аса ынталылық таныта қойған жоқ.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 315—316.

## ФРАНЦИЯ

### ХАЛЫҚТЫҚ МАЙДАН ЗАҢДАРЫ

***а) Өндірісте, саудада, еркін мамандықтарда, үй қызметінде және ауыл шаруашылығында жыл сайынғы ақылы демалыс белгілейтін заң***

20 маусым, 1936 жыл.

**54, f-бап.** Өндірісте, саудада және еркін мамандықтар мен кооперативтік серіктестіктерде еңбек ететін әрбір жұмысшы, қызметкер немесе үйренуші, сонымен бірге қолөнершілер шеберханаларындағы шебердің жәрдемшілері мен шәкірттері бір жыл үздіксіз еңбек еткеннен кейін кем дегенде 14 күндік, оның 12-сі жұмыс күндері ақылы демалысқа шығуға құқылы...

**54, d-бап.** Жұмысшы, қызметкер, шебердің көмекшісі және үйренуші демалысқа шыққанда сыйақы алады... Демалыс күндері үшін сыйақы белгілегенде көп балалы отбасылар үшін қосымша, т.б. заттай берілетін төлемдер қосылуы қажет.

***б) Өндірісте және сауда кәсіпорындарында 40 сағ-тық жұмыс күнін белгілейтін, жерасты кен орындарында еңбек уақытының ұзақтығын анықтайтын заң***

27 маусым, 1936 жыл.



Екінші еңбек кодексі кітабының 1-титулының II тарауы (еңбек мерзімінің ұзақтығы) төмендегідей болып өзгертілген.

**6-бап.** Өнеркәсіп, сауда, қолөнер кәсіпорындарында және кооперативтік немесе қосалқы өндірістерде... көпшілік не жекеменшік, қоғамдық немесе діни, сонымен бірге қайырымдылық мекемелерінде және кәсіби мектептерде жұмысшылар мен қызметкерлер үшін жынысына не жасына қарамас-тан жұмыс мерзімінің ұзақтығы аптасына 40 сағ-тан аспауы керек.

**8-бап.** Жерасты кен орындарында өр жұмысшының жер астында болу мерзімінің ұзақтығы аптасына 38 сағ 40 мин-тан артық болмауы керек.

Хрестоматия по всеобщей истории  
государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 444—445.

## ХАЛЫҚТЫҚ МАЙДАН БАҒДАРЛАМАСЫ

(үзінділер)

### Саяси талаптар:

*1. Бостандықты қорғау.*

§1. Жалпыға бірдей жаппай рақымшылық.

§2. Фашистік одаққа қарсы:

а) заңға сәйкес тиімді түрде қарусыздану және жартылай әскери құралымдарды тарату;

б) мемлекет қауіпсіздігіне қатер тудырып арандату, өлтіру және қастандықтар адамға заңмен қарастырылған шараларды қолдану.

§3. Жекелей алғанда басқа ресми функциялармен парламенттік мандаттардың сыйымсыздығын мойындау арқылы қоғамдық өмірді сауықтыру.

§4. Баспасөз:

а) пікірлер еркіндігін шектеуші өте ауыр заңдар мен төтенше деректерді өзгерту;

б) мына мақсатта тікелей заңды шаралармен баспасөзді қайта құру:

... (2) газеттерге өздерінің қаржылық қорларын көрсетуге, сауда жарнамасындағы жеке монополияны жоюға, қаржылық жарнамамен жанжал тудырмауға, қиянат жасауды жоюға, ең соңында баспасөз трестерін құруға кедергі келтіруге міндеттейтін қалыпты жағдайларды қамтамасыз ету;

в) Микрофон алдында саяси және әлеуметтік ұйымдардың теңдігі мен ақпараттар дәлдігін қамтамасыз ету мақсатымен мемлекеттік радиохабарларды ұйымдастыру.

§5. Кәсіподақтық бостандықтар:

а) одақтар құқықтарын сақтау және қолдану;

б) еңбекке әйелдер құқықтарын сақтау.

§6. Мектеп пен ақыл-ой бостандығы:

а) қоғамдық мектептерді тек қажетті несиелермен ғана емес 14 жасқа дейінгі міндетті оқыту мерзімін ұзарту, ал орта мектептер үшін — ақысыз тегін оқыту принципіне қосымша қажетті іріктеу сияқты реформалармен қамтамасыз ету;

б) оқушылар мен мұғалімдердің ақыл-ой бостандығымен, әсіресе мектептің бейтараптығын, оқытудың зайырлы сипатын, оқушылар құрамының азаматтық құқықтарын құрметтеумен таза сақтауды қамтамасыз ету.

§7. Отарлық аумақтар.

Француздық шетелдік аумақтарды, әсіресе Үндіқытайдағы, француздық Солтүстік Африкадағы саяси-экономикалық және моральдық жағдайларды зерттеу жөніндегі парламенттік комиссияны құру.

*II. Бейбітшілікті қорғау.*

§1. Барлық халықты әсіресе еңбекшілер бұқарасын бейбітшілікті ұйымдастыру мен қорғауға, ынтымақтастыққа шақыру (үндеу).

§2. Басқыншылық жағдайдың себебін анықтау және жазалау шараларын міндетті түрде қолдану арқылы ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатымен Ұлттар Лигасы шеңберіндегі халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

§3. Ең алдымен, қарулануды шектеу туралы келісімдер арқылы, содан кейін жаппай қарулану мен бақылауды бір мерзімде қысқарту арқылы қарусыздандыру негізінде соғыс әлемінен бейбітшілікке өту мақсатын үздіксіз нығайту.

§4. Әскери өнеркәсіпті мемлекеттік меншікке алу және қарумен жекеменшік сауда жасауды тоқтату.

§5. Ұлттар Лигасынан шыққан мемлекеттердегі, яғни Ұлттар Лигасының негізі: ұжымдық қауіпсіздік пен біртұтас әлем принциптерін қозғамай Женеваға қайтару мақсатын-

да құпия дипломатияларды және халықаралық сөйлеген сөздер мен ашық келіссөздерді жою.

**§6. Жалпы дүниежүзі үшін қауіпті шарттарды бейбіт түрде қайта қарау мақсатында Лига Жарғысымен қарастырылған рәсімдерді аса икемді түрде жүргізу.**

**§7. Француз-кенес шарттарының қағидаларына сәйкес келісілген және жария етілген пактілер жүйесін, әсіресе Шығыс және Орталық Еуропада Женеваға қайтару мақсатындағы құпия дипломатияларды, халықаралық бұйрықтарды, көпшілік келіссөздерді жою.**

### **Экономикалық талаптар**

Дағдарыспен жойылған немесе әлсіреген тұтынушылық қабілеттілікті қалпына келтіру.

### ***Жұмыссыздық пен өнеркәсіптік дағдарысқа қарсы***

Жұмыссыздықтың ұлттық қорын құру. Еңбекақыны қысқартпай, жұмыс аптасын қысқарту. Қарт еңбекшілердің зейнеткерлікке өту жүйесін заңдастыру нәтижесінде еңбек процесіне жастарды тарту.

Қалалар мен ауылдарда қоғамдық мәндегі ауқымды жұмыс жоспарларын жедел жүзеге асыру, осы мақсатта мемлекет пен жекелеген ұжымдарға жергілікті ресурстарды нығайтуды міндеттеу.

### ***Ауыл шаруашылығы мен саудадағы дағдарысқа қарсы***

Көтерме және бөлшек сауда бағаларының арасындағы айырмашылықты азайту мақсатымен алыпсатарлық пен қымбатшылыққа қарсы күреспен үйлесімде ауылшаруашылық өнімдерінің бағасын ревальвациялау.

Ауылшаруашылық кооперативтеріне қолдау көрсету, азот және калий тыңайтқыштарын сату жөніндегі ұлттық бюро арқылы құны бойынша тыңайтқышпен жабдықтау...

***Сақтық қорларды тонауға қарсы. Несиені дұрыс ұйымдастыру үшін.***

... Экономикалық алпауыттардың билігінен несиелер мен сақтық қорларды азат ету үшін “Француз банкіні” қазіргі жекеменшік “Франция банкіне” айналдыру.

### ***Қаржыны реттеу***

Әскери өнеркәсіпті мемлекеттік меншіктеуге байланысты әскери тапсырыстарды қайта қарау...

Ірі капиталдарды қозғаушы шаралардың көмегімен жаңа ресурстарды жасау, экономикалық өрлеу мақсатында

салықтық ауыртпалықты өлсіретуді қарастыратын салықтар жүйесін демократиялық қайта құру (75 мың франктан асатын табысқа жалпы салық ставкасының жоғарғы прогрессиясы, мұрагерлікке салықты өзгерту — тұтыну заттарына бағаны арттыруға жол бермей, монополиялардың кіріс көзіне салық салу).

Жылжымалы мүліктердің мөлшерін жасырумен күрес... Капиталдарды шетелге шығаруға бақылау жасау және капиталдарды жасырып қалумен, шетелдегі жасырылған байлықтарды немесе Франциядағы байлықтарды тәркілеуге шейін қатаң шаралармен қудалау.

**Ескерту.** Ревальвациялау — қағаз-ақша бірліктерінің құндылығын аттас металл ақша бірліктерінің құндылығына дейін жоғарылату, банкнотты алтынға ауыстыруды жаңарту. Мұнда ауылшаруашылық өнімдеріне бағаны реттеу, оларды бірінші кезектегі қажетті заттар бағаларымен және жалға алу ақысының орташа мөлшерімен сәйкестендіру туралы айтылады.

*Морис Торез. Современная Франция и Народный фронт. М., 1937. С. 111—115.*

## ГЕРМАНИЯ

### КИЛЬДЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЛДАТ КЕҢЕСІН ҚҰРУ

*(Қараша төңкерісіне қатысушы Карл Артельттің естеліктерінен)*

Біздің алғашқы отырысымыз торпедалық дивизияның асханасында өтті. Осы отырыс кезінде фельдфебельдердің біреуі келіп, біздің өтініштерімізді тыңдау үшін, дивизия командирі өзіне шақырып жатқанын мәлімдеді. Біз сөз өтініш туралы емес, талаптар туралы екенін айтып, егер командирге бізден бір нәрсе қажет болса, біз оған емес, оның бізге келуі керек екендігін кесімді түрде мәлімдедік.

Біздің табандылығымызды байқаған командир өзі бізге келуді дұрыс деп тапты.

Біз оған мынадай талаптарымызды қойдық:

1. Соғысты дереу тоқтату.
2. Гогенцоллерндерді тақтан түсіру.
3. Қоршаудағы жағдайды өзгерту.
4. 3-эскадраның тұтқынға түскен теңізшілерін азат ету.

5. Целльдегі айдау түрмесіндегі 1917 жылғы матростық қозғалыстың барлық қатысушыларын азат ету.

6. Барлық саяси тұтқындарды азат ету.

7. Ерлер мен әйелдер үшін жалпыға бірдей, тең және құпия сайлау құқықтарын енгізу.

“Хош, мырзалар, бірақ бұның барлығы да саяси талаптар!” — деп дивизия командирі таңдана әрі абыржи қарсылық білдірді. Казарма ауласындағы жиында: “Біз саясатқа қызықпауымыз керек”, — деп командирдің өзі мәлімдегендіктен мен “Біз бөрінен бұрын тек саяси талаптарды ғана ұсынамыз”, — деп жауап бердім.

**Ескерту.** Карл Артельт 1918 жылы 4 қарашада Киль қаласындағы Революциялық солдат кеңесінің төрағасы, 1918 жылғы қарашадан 1919 жылғы қаңтар айына дейін Балтық флотының Жоғары солдат кеңесінің төрағасы болды.

Ноябрьская революция в Германии.  
Сборник статей и материалов. М., 1960. С. 383.

### БЕРЛИН. 9 ҚАРАША, 1918 ЖЫЛ

Төменде Карл Либкнехттің Берлиннің еңбекшілері алдында сөйлеген сөзі келтіріледі.

Дүрліккен әрі қуанышты халық орталық көшелер мен алаңдарды толтыруды тоқтатпады. Күндізгі сағат төртке жуық император сарайының балконынан Карл Либкнехт сөз сөйледі. “Бостандық күні басталды...— деді ол. — Мен Германияны бұдан былай құлдар болмайтын, азат социалистік республика... деп жариялаймын!” Либкнехт Кеңестік Ресейдің қайтарылған елшілігін Берлинге қайта шақыруды үндеп, сөзін былайша жалғастырды: “Егер ескі үкімет құлатылса да, біздің міндетіміз әлдеқашан орындалды деп ойламауымыз қажет.

Біз жұмысшылар мен солдаттардың үкіметін құруға жаңа, пролетарлық мемлекеттік құрылыс, бүкіл дүниежүзіндегі біздің неміс бауырларымыз үшін бейбітшілік, бақыт және азаттық құрылысын салуға барлық күшімізді сарп етуге тиіспіз”. Жақын арада ғана кайзер туы желбіреген дінгекке қызыл жалау көтерілді. Либкнехт: “Германияны азат социалистік республика ретінде көргілеріңіз келсе, ант беру үшін қолдарыңызды көтеріңіздер!” — деп айғай салды. Мыңдаған қолдар жоғары көтерілді. “Республика жасасын!, Оның тұңғыш президенті Либкнехт жасасын!” деген дауыстар жамырап кетті.

## ЖҰМЫССЫЗДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАРЛЫҚ

13 қараша, 1918 жыл.

1. Империя жұмыссыздарға көмек көрсету үшін қауымдар мен қауымдар одақтарына қаржы босатады.

2. Қауымдар кедейлерге берілетін көмекті алуға құқығы жоқ, жұмыссыздарға қамқорлық жасауға міндетті...

8. Жұмыссыздар ұсынылған жұмыстан, тіпті ол бұрынғы мамандығына сәйкес келмесе де және тұратын жерінен басқа жерде болса да, тіпті қысқартылған жұмыс күні жағдайында да бас тартпаулары керек, себебі ұсынылып отырған жұмыс осы жердегі ресми жалақыға сай, денсаулыққа зиян тимейтін және үйлі-барандыларға өз отбасына қамқорлық жасауға ыңғайластырылған.

Жұмыс орнына тегін барып-келу ақысын тұрған жеріндегі жұмыссыздарға қамқорлық жасау қорының есебінен қауым төлейді.

9. Жәрдемақының мөлшері мен жолақысын тағайындау қауым не қауымдар одағының қарауына беріледі.

...Ақшалай көмектің орнына заттай көмек беруге (азық-түлік, пәтер) болады...

Хрестоматия по всеобщей истории  
государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 441.

## ГЕРМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ (ВЕЙМАРЛЫҚ) КОНСТИТУЦИЯСЫ

11 тамыз, 1919 жыл.

### I тарау. Империяның құрылысы мен міндеттері

#### *Бірінші бөлім. Империя<sup>1</sup> және облыстар<sup>2</sup>*

**1-бап.** Герман империясы — Республика. Мемлекеттік билік халықтан тұрады.

**2-бап.** Державаның аумағы герман облыстарынан құралады. Басқа аумақтар, егер олардың халықтары өз тағдырын өзі шешу принципінің негізінде тілек білдірсе, империя заңымен оның құрамына қабылдануы ықтимал...

<sup>1</sup> “Империя” термині (das Reich) бұл жерде мемлекет деген ұғымда.

<sup>2</sup> Облыстар (жерлер) — Пруссия, Бавария, т.б.

**17-бап.** Өрбір облыстың республикалық конституциясы болуы қажет. Халық өкілділігі Герман империясының азаматтары, ерлер мен әйелдердің тепе-тең өкілеттігі негізінде жалпыға бірдей тең, тікелей және жасырын, жабық сайлау құқығына... сәйкес сайлануы қажет. Облыстық үкімет халық сеніміне ие болуы керек...

### ***Екінші бөлім. Рейхстаг***

**20-бап.** Рейхстаг герман халқының депутаттарынан құралады.

**22-бап.** Депутаттарды тең өкілеттігі негізінде жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру жолымен жасы 20-ға жеткен ерлер мен әйелдер сайлайды. Сайлау жексенбі немесе көпшілік демалатын демалыс күндері өткізілуі тиіс...

### ***Үшінші бөлім. Империя президенті және империя үкіметі***

**41-бап.** Империя президентін бүкіл герман халқы сайлайды. Президенттікке жасы 35-ке толған өрбір неміс сайлана алады...

**43-бап.** Империя президенті 7 жылға сайланады. Қайта сайлауға рұқсат етіледі...

## **II тарау. Немістердің негізгі құқықтары мен міндеттері**

### ***Бірінші бөлім. Жеке тұлға***

**109-бап.** Заң алдында барлық неміс тең құқылы... Ерлер мен әйелдер сайып келгенде тең құқылы және бірдей міндеттер атқарады.

Ақсүйектік атақтар тек тегінің бір бөлігі ретінде ғана қарастырылады да, бұдан былай берілмейді. Өртүрлі атақтар тек лауазымы мен мамандығын білдіретін белгілер есебінде ғана беріледі...

**118-бап.** Өрбір неміс өз пікірін жалпы заңдар шеңберінде ауызша, жазбаша, баспасөз бетінде, бейнелеу және басқаша түрде еркін білдіруге құқылы... Цензураға рұқсат етілмейді, алайда кинематограф үшін заң ерекше қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ порнографияға қарсы күрес пен көпшілік көрмелер мен қойылымдарда жастарды қорғау мақсатында заң жүзіндегі шараларға рұқсат етіледі...

## **Екінші бөлім. Қоғамдық өмір**

**124-бап.** Барлық немістер қылмыстық заңдарға қайшы келмейтін одақтар мен ұйымдар құруға құқылы...

**125-бап.** Сайлау бостандығы мен құпиясы қамтамасыз етіледі. Егжей-тегжейі сайлау заңымен анықталады...

## **Төртінші бөлім. Ағарту ісі және мектеп**

**145-бап.** Жалпыға бірдей мектепте оқу міндетті... Оны жүзеге асыру үшін жалпы ережеге сәйкес 8 жылдық мерзімді халықтық мектептер жұмыс істейді, содан кейінгі оқу 18 жасқа дейін білім беретін екінші басқыш мектептерінде жүргізіледі. Халықтық мектептер мен екінші басқыш мектептерде оқу мен оқу құралдарын пайдалану тегін...

**149-бап.** Дінді оқыту уағыздауға жатпайтын мектептерден (зайырлы) бөлек мектеп бағдарламасына кіреді. Дінді оқыту және шіркеу жоралғыларын жасау мұғалімдердің келісіміне байланысты жүргізіледі. Оқушылардың дін сабақтарына келуі және шіркеу мекемелері мен діни жоралғыларына қатысуы балаға діни білім беру-бермеу мәселесін шектейтін кісілердің еркінде болады...

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 328—343.

## **ВЕЙМАР КОНСТИТУЦИЯСЫ**

*(үзінділер)*

11 тамыз, 1919 жыл.

**23-бап.** Рейхстаг 4 жылға сайланады. Жаңа сайлаулар осы мерзім өткен уақыттан 60 күннен кешіктірілмей өткізілуі керек.

**25-бап.** Империя президенті Рейхстагты таратып жіберуіне болады, бірақ осы іс бойынша бір реттен көп емес.

**47-бап.** Империя президентіне империяның барлық қарулы күштерінің жоғарғы қолбасшылығы жатады.

**48-бап.** Егер қандай да бір облыс оған конституция немесе империя заңдарымен салынған міндеттерді орындамаса, онда президент қарулы күштің көмегімен оны мәжбүрлей алады.

**109-бап.** Барлық немістер заң алдында бірдей. Еркектер мен әйелдер іс жүзінде бірдей азаматтық құқықтарға ие және бірдей міндеттер алады.



**114-бап.** Тұлға бостандығына қол сұғылмайды. Бас бостандықты шектеу немесе айыру көпшілік билікпен тек заң негізінде ғана рұқсат етіледі.

**115-бап.** Әрбір немістің тұрғынжайы оның азат баспанасы болып табылады. Оған қол сұғылмайды. Тек империя заңдары негізінде ғана рұқсат етіледі.

**118-бап.** Әрбір неміс жалпы заңдар шегінде өз пікірін ауызша, жазбаша, баспасөзге жариялау арқылы немесе басқаша түрде еркін білдіруге құқылы.

**123-бап.** Барлық немістер алдын ала мәлімдемей-ақ және ерекше рұқсат сұрамай-ақ бейбіт түрде, қарусыз жиналуға құқығы бар.

**153-бап.** Жекеменшік конституциямен заңдастырылады.

Хрестоматия по новейшей истории.

Т. 1. М., 1960. С. 295—297.

**ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАР, ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КОМИТЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН  
ШЕШУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚ**  
(үзінділер)

23 желтоқсан, 1918 жыл.

Империялық еңбек ведомствосы осы салада еңбек қатынастарын қалыптастыратын ұжымдық шарттарды еңбек аймағына сәйкес жалпыға міндетті деп жариялай алады. Еңбек шарттарына арналған..., егер тіпті жалдаушы мен жалданушы ұжымдық шарт жасауға қатыспаған жағдайда ұжымдық шарттар өзінің қарекет аймағында міндетті болады.

**ИНДУСТРИЯ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫС  
УАҚЫТЫН РЕТТЕУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚ**  
(үзінділер)

23 қараша, 1918 жыл.

Шаруашылықтың демобилизациясы туралы империялық ведомство мекемелерінің 1918 жылғы 12 қарашадағы Халық өкілдері кеңесінің жарлығы негізінде индустрия жұмысшыларының жұмыс уақытын реттеу жөніндегі келесі бұйрығы шығарылды.

## I

Реттеу өнеркәсіптік типтегі ауылшаруашылық кәсіпорындарының тау-кен жұмыстарын қоса алғандағы барлық өнеркәсіп кәсіпорындарының индустриялы жұмысшыларын қамтиды.

## II

Күндізгі жұмыстың тұрақты уақыты үзілістерді қоспағанда 8 сағ-тан аспауы тиіс. Егер айтылғандардан ауытқулар болған жағдайда сенбі күні және мереке қарсаңындағы жұмыс уақытын қысқарту туралы келісімге қол жеткізілсе, осы күндердегі жұмыс уақытын азайту жұмыс күндері арасында бөлінуі мүмкін.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Т. 1. М., 1960. С. 295—297.

### ӨНДІРІСТІК КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЗАҢ

4 ақпан, 1920 жыл.

#### I. Жалпы ережелер

1. Жалданушылар (жұмысшылар мен қызметкерлердің) мен кәсіпкерлердің ортақ мүдделерін қамтамасыз ету және кәсіпорынның шаруашылық міндеттерін орындауда жалданушыға көмек көрсету үшін әрбір кәсіпорында 20 жалданушыдан кем емес өндірістік кеңестер құрылуы тиіс.

6. Кәсіпорынның жұмысшылары мен қызметкерлерінің шаруашылық мүдделерін қамтамасыз ету үшін барлық кәсіпорындарда, құрамы жұмысшылар мен қызметкерлерден тұратын өндірістік кеңестерде жұмысшылар мен қызметкерлер кеңестері құрылуы қажет.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Т. 2. М., 1960. С. 344.

### ИМПЕРИЯНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

30 қаңтар, 1934 жыл.

1933 жылғы 1 қарашадағы Рейхстагқа халықтық дауыс беру мен сайлау герман халқының ешбір ішкі саяси қайшылықтарға қарамай біртұтас, іштей бөлінбейтін халыққа айналғандығын дәлелдеп берді.

Сондықтан да Рейхстагты бірауыздан мақұлдағаны туралы жарияланған келесі заң қабылданды. Оған қоса конституцияны өзгерту туралы заң талаптары да орындалғаны белгілі болды.

**1-бап.** Облыстың халықтық өкілдіктері жойылады.

**2-бап.** 1) Облыстардың үстінен қарау құқықтары империяға өтеді.

2) Жер империя үкіметінің үлесінде болды.

**3-бап.** Империялық жер иеліктері ішкі істер министрлігінің лауазымдық қадағалауында болды.

**4-бап.** Империялық үкіметтің конституцияға өзгеріс енгізуге құқығы бар.

## ЖАҢА ПАРТИЯЛАРДЫ ҚҰРУҒА ҚАРСЫ ЗАҢ

14 шілде, 1933 жыл.

1. Германияда бірден-бір саяси партия ретінде Германияның Ұлттық-социалистік жұмысшы партиясы өмір сүруде.

2. Егер кімде-кім басқа бір саяси партияның ұйымдық құрамын жасақтауға немесе жаңа саяси партия құруға әрекет жасаса, онда ол басқа заңдар бойынша қатаң жазаға тартылмайтын болғандықтан, 3 жыл мерзімге дейін еңбекпен түзету үйлеріне жабылады немесе 6 айдан 3 жылға дейін қамауға алынады.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 345.

## ГЕРМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ БАСШЫСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢ

1 тамыз, 1934 жыл.

1. Империя президентінің қызметі рейхсканцлердің қызметімен біріктіріледі. Сол себепті осы уақытқа дейін белгіленген империя президентінің заң күші көсеміміз (фюрер) әрі рейхсканцлер Адольф Гитлердің қолына көшеді. Ол өз орынбасарын тағайындайды.

2. Бұл заң империя президенті фон Гинденбургтің қайтыс болған күнінен бастап өз күшіне енеді.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 344.

**ПАРТИЯ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ БІРЛІГІН  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ЗАҢ**

*(1934 жылғы 8 шілдедегі заңмен енгізілген  
өзгертулерге қосымша)*

1 желтоқсан, 1933 жыл.

1. 1) Ұлттық-социалистік революцияның жеңісінен кейін Ұлттық-социалистік герман жұмысшы партиясы герман мемлекеттік ақыл-ойының иесі және таратушысы болып табылады, сондықтан да мемлекетпен мызғымас бірлікте.

2) Ол (партия) бұқара құқығының корпорациясы болып табылады. Оның жарғысын көсем (фюрер) бекітеді.

3. 1) Ұлттық-социалистік герман жұмысшы партиясы мен шабуылшы қосынның (оларға бағынатын бөлімдерді қоса) мүшелеріне ұлттық-социалистік мемлекеттің бастаушы және жетекші күш ретінде көсемге, халыққа және мемлекетке қатысты жоғары міндеттер жүктеледі.

2) Өз міндеттерін бұзғаны үшін олар айрықша партия сотына тартылады.

4. Ұлттық-социалистік герман жұмысшы партиясының құрамына, құрылымына және маңызына зиян тигізетін барлық іс-әрекеттер мен қателік, әсіресе тәртіп пен реттілікті сақтамау тәртіпбұзушылық деп танылады.

5. Бұл үшін, әдеттегі қызмет бабындағы жазалаудан тыс қамауға алу және түрмеге отырғызу жазасы қолданылады.

Хрестоматия по всеобщей истории  
государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 345—346.

## **ПОЛЬША**

**СЕЙМНІҢ Ю. ПИЛСУДСКИЙГЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ  
МІНДЕТТЕРІН АТҚАРУДЫ ЖАЛҒАСТЫРА БЕРУДІ ТАПСЫРУ  
ТУРАЛЫ ШЕШІМІ**

*(1919 жылдың 20 ақпанындағы “Кіші конституциядан”)*

I. Сейм Юзеф Пилсудскийдің Сейм алдында мемлекеттің басшысы міндеттерін тапсыратындығы туралы мәлімдемесін қабылдайды және оған Отанға қызмет ету жөніндегі міндеттерін орындағаны үшін алғыс айтады.

II. Поляк мемлекетіндегі жоғарғы билікті ұйымдастыру ережелерін түпкілікті анықтайтын конституцияның мәтіні

заң жүзінде қабылданғанша, Сейм Юзеф Пилсудскийге қызметін төменгі принциптерге сәйкес атқара беруді тапсырады.

... 2. Мемлекет басшысы мемлекет өкілі және Сеймнің азаматтық, әскери шешімдерін жоғары орындаушы болып табылады.

3. Мемлекет басшысы Сейммен келісім негізінде толық құрамда үкімет құрады.

4. Мемлекет басшысы мен үкімет өз қызметтері үшін Сейм алдында жауапты.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.

Т. 3. Минск, 1991. С. 12.

### **ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ СЕЙМНІҢ ЖЕР РЕФОРМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНАН**

10 шілде, 1919 жыл.

1. Поляк Республикасының аграрлық құрылымы, ең алдымен, жекеменшік принциптерге негізделген, қарқынды өндірісті дамыта алатын шаруа қожалықтарына арқа сүйеуі қажет. Бұл бағыттағы іс-шаралар қоныстандыру жолымен жаңа шаруашылықтар құру, қазіргі бар шағын қожалықтарды дербес қожалық көлеміне дейін ұлғайту, көкөніс өсіретін кішігірім шаруашылықтар құру және үлкен қалалар мен өндіріс орталықтарына жақын жерлерде демалыс базаларын, жұмысшылар мен қызметкерлердің бау-бақшаларын құруға бағытталмақшы.

2. Өңделген жердің иесі тек өз алдына шаруашылық жүргізе алатын адамдар немесе олардың мұрагерлері ғана бола алады.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.

Т. 3. Минск, 1991. С.12—13.

### **СЕЙМ МАРШАЛЫНЫҢ ПОЛЯК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНЕ ҮНДЕУІНЕН**

24 қыркүйек, 1930 жыл.

Президент мырза!

Соңғы күндердегі оқиғалар мені екінші рет қолыма қалам алуға мәжбүр етіп отыр. Біздің қоғамдық өміріміздегі көптеген жайттар Польшаның тығырыққа тірелгенін, бұдан әрі ол құлдырап, дәрменсіздік пен анархияға ұшырауы мүмкін екендігін меңзейді...

Осы таяуда ғана ант берген еліміздің негізгі заңы — Конституцияны қорлау мен кемсіту, жақында ғана өздеріміз қабылдаған заңдарды бұрмалау, 1920 жылдың қайғылы сәттерінде өзіміз көмек сұраған министрлер мен депутаттарды қорлау және жала жабу, ерлігімен мемлекетті сақтап қалған халыққа “жарымес халық” деп лақап ат тағу, елді осыдан ширек ғасыр бұрын өзіміз күрескен полиция, цензура көмегімен басқару, міне, мұның барлығы азаматтардың санасындағы мемлекет пен оның мекемелеріне деген сенім мен сүйіспеншілікті жоюда...

Қазіргі еңбек, бостандық және оларға деген құрмет, сонымен қатар азаматтардың ар-намысы мен құқықтары негізінде дамушы мемлекеттерде мұндай әдістермен елді ұзақ басқаруға болмайды...

Бүгінгі таңда бұл тұңғықтан бейбіт жолмен шығудың жолын табуға болады. Ол жол — қиянатсыз, әділетті сайлау өткізу және дереу заңдылыққа оралу. Егер біз осы мүмкіндікті пайдалана алмай, сайлау басқарушы топтың зорлық-зомбылық құралына айналып, қол астындағыларының еркін білдірмесек, онда біз келешек ұрпақтың қарғысына қаламыз ба деп қауіптенемін...

Игнаций Дашиньский<sup>1</sup>, Сейм маршалы.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.

Т. 3. Минск, 1991. С. 99—100.

## ЧЕХОСЛОВАКИЯ

### ЧЕХТАР МЕН СЛОВАКТАРДЫ ДЕРБЕС РЕСПУБЛИКАҒА БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ ПИТТСБУРГ КЕЛІСІМІНЕН

30 мамыр, 1918 жыл.

АҚШ-тағы словак және чех ұйымдарының Словак Лигасы, Чех ұлттық одағы мен Чех католиктері одағының өкілдері Чех-Словак ұлттық кеңесінің төрағасы, профессор Масариктің қатысуымен чех-словак мәселесін қарады да ... мынадай қаулы қабылдады:

Чехтар мен словактардың Чех жері мен Словакиядан тұратын дербес мемлекетке бірігуін мақсат еткен саяси бағдарламаны мақұлдаймыз; мектептерде, мекемелерде және

<sup>1</sup> Игнаций Дашиньский (1866—1936) — ППС басшыларының бірі. 1918 жылдың қарашасында Люблин үкіметін басқарды. 1928—1930 жж. — Сейм маршалы.

жалпы қоғамдық ортада словак тілі ресми тіл болады; Чех-Словак мемлекеті республика, ал оның конституциясы демократиялық болады; АҚШ-тағы чехтар мен словактардың ынтымағы қажеттілікке қарай және жағдайдың өзгеруіне байланысты жалпы келісім бойынша одан әрі тереңдей, анықтала түседі; болашақ Чех-Словак мемлекетінің құрылысы туралы егжей-тегжейлі қаулы азат болған чехтар мен словактар және олардың толық құқылы өкілдерінің қатысуымен қабылданады.

АҚШ-тағы чех-словак ұйымының өкілдері Томаш Масариктің Питтсбургте болған кезінде онымен словак өкімшілігімен парламент құруды қарастыратын келісімге қол қойды. Басқарушы чех буржуазиясы құрылған тәуелсіз мемлекетте бұл келісімнің жүзеге асырылуына мүмкіндік бермеді.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.

Т. 3. Минск, 1991. С. 18.

## ЮГОСЛАВИЯ

### ХОРВАТ СОБОРЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

29 қазан, 1918 жыл.

Хорват мемлекеттік соборы қазіргі кезде соғысушы мемлекеттердің барлығы мойындаған ұлттардың өзін-өзі басқаруға толық құқығы негізінде осы шешімді қабылдады:

1. Хорватия, Словения, Далмация жері және Венгр корольдігі мен Австрия империясының арасындағы бұрынғы мемлекеттік құқықтық қатынастар үзілді.

2. Далмация, Хорватия, Словения Риекомен бірге Венгрия мен Австрияға қатыссыз толық тәуелсіз мемлекет деп жарияланады және қазіргі халықтық принциптерге байланысты словактардың, хорваттар мен сербтердің бірлігі негізінде словен, хорват және серб халқы тұратын ешқандай аймақтық және мемлекеттік шекараларға қарамастан, осы халықтар тұратын барлық этнографиялық аумақты қамтыған словактардың, хорваттардың және сербтердің тәуелсіз біртұтас халықтық мемлекетіне бірігеді.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.

Т. 3. Минск, 1991. С. 26.

## СЕРБТЕР, ХОРВАТТАР ЖӘНЕ СЛОВЕНДЕР КОРОЛЬДІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАН

3 желтоқсан, 1918 жыл.

Халық вечесінің президиумы Белградтан хабарлайды:

Халық вечесінің қазіргі жұмыс істеп отырған комитеті 1918 жылғы 24 қарашадағы шешіміне байланысты Халық вечесінің арнайы делегациясы 1918 жылдың 1 желтоқсанында кешкі сағ 8-де тақ мұрагері Александрдың атына жолдаған құттықтауында словендердің, хорваттардың және сербтердің король І Петр басқаратын біртұтас Югославия мемлекетінің біріккендігін жариялады.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.  
Т. 3. Минск, 1991. С. 26—27.

## ҮКІМЕТТІК ДЕКРЕТТЕН

29 желтоқсан, 1920 жыл.

Жан-жақты және бірнеше сенімді деректер бойынша, мемлекеттік үкіметке бұзақы және кертартпа элементтердің бұл күндері орыс большевиктерінің үлгісімен барлық жұмыс істеп тұрған заңдарды, мекемелер мен қоғамдық және мүліктік меншікті жою мақсатында мемлекетке, оның құрылымы мен қоғамдық тәртібіне қарсы қастандық дайындалып жатқандығы туралы мәліметтер келіп түсуде...

Біздің мемлекетіміз бен халқымыздың көптеген ашық және жасырын жаулары коммунистік қозғалысқа арсыздықпен қосылып алды. Соғыста жеңіліс тапқан олар, біздің мемлекетімізден соғыстан кейін кек алуды аңсап, біздің мемлекетімізде бүліктер ұйымдастырып, оларға іштей және сырттай көмек көрсетуде. Біреулері соғыста байығанына қарамастан, коммунистік партияға енуде; екінші біреулері өтірік пен жалаларды жариялап, халық арасында наразылық тудырушы газеттерді қаржыландыруда; үшіншілері шетелдермен байланыс жасап, шетелдік ақшаға қару-жарақтар сатып алуда; төртіншілері әртүрлі жолдармен елдегі жұмыстарға кедергі жасап, барлық қызметкерлер мен олардың қызметін дәлелсіз қаралауда. Барлығының мақсаты елде бүлік шығару, мемлекетке немқұрайдылық пен өшпенділік туғызу...



... Осы мақсатпен министрлер кеңесі бұйырады:

1) Конституция қабылданғанша барлық коммунистік және басқа да бүлікшіл насихатқа, мемлекеттегі тыныштық пен бейбітшілікті бұзушы диктатураны, революцияны, кез келген күш қолдануды насихаттайтын, ақтайтын және мақтайтын коммунистік ұйымдарға, жиналыстарға, газеттер мен басқа басылымдарға тыйым салынады; ...

5) құрылтай скупщина жұмысы кезінде Белградта бүлікшілік сипаттағы және жұртшылықты арандататын манифестациялардың бәріне тыйым салынсын. Мемлекеттік қауіпсіздік орындарына қарулы қарсылық көрсетушілердің бәрі сотқа берілсін; ...

7) біздің елімізде большевизмді насихаттаушы төменгі және жоғары дәрежедегі қызметкерлердің бәрі мемлекеттік қызметтен шығарылсын, барлық коммунист-студенттердің шәкіртақысы кесілсін.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.  
Т. 3. Минск, 1991. С. 26.

## ЮГОСЛАВИЯ КОРОЛЬДІГІНІҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНАН

3 қыркүйек, 1931 жыл.

### **Бірінші бөлім. Жалпы қаулылар**

**1-бап.** Югославия корольдігі — мұрагерлік және конституциялық монархия.

### **Төртінші бөлім. Мемлекеттік биліктер...**

**26-бап.** Заң шығару билігін король мен халық өкілдігі бірігіп іске асырады. Халық өкілдігі Сенат пен Халық скупщинасынан тұрады.

### **Бесінші бөлім. Король.**

**36-бап.** Югославияда Карагеоргиевичтер әулетінен шыққан король I Александр билік құрады. Король I Александрдың тағына мұрагерлік оның еркек кіндікті ұрпақтарының арасынан туысқандығының ең жақындығы жолымен іске асырылады.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.  
Минск, 1991. Т. 3. С. 115—116.

## БОЛГАРИЯ

### ЕҢБЕК ЕТУ МІНДЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ЗАҢНАН

23 мамыр, 1920 жыл.

**1-бап.** Барлық болгар азаматтары — ерлер 20 жастан, қыздар 16 жастан бастап еңбек ету міндеттілігіне, яғни қоғамдық еңбекке тартылады...

**2-бап.** Еңбек ету міндеттілігінің мақсаты:

а) елдің жұмыс күшін оның қоғамдық өндірісі мен гүлденуіне пайдалану;

б) азаматтардың, олардың әлеуметтік жағдайы мен әлауқат шамасына қарамастан, қоғамдық жұмыстар мен дене еңбегіне деген сүйіспеншілігін дамыту; халықтың моральдық және экономикалық жағдайын көтеру;

в) азаматтарды өзінің және қоғам алдындағы борышын түсінуге, халықшаруашылығының барлық салаларында жемісті еңбек етуге тәрбиелеу...

**28-бап.** Баспасөз арқылы өздерінің көпшілік алдындағы сөздерінде немесе басқа да жолдармен осы заңды орындамауға шақырғандар үш жыл мерзімге қатаң тәртіптегі түрме жазасына кесіледі немесе оған 500 левке дейінгі айыппұл салынады.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.

Т. 3. Минск, 1991. С. 86—87.

### СОФИЯ ОКРУГТІК КОМИТЕТІ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ӘСКЕРИ-ФАШИСТІК ҮКІМЕТКЕ ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ ШАҚЫРҒАН АШЫҚ ХАТЫНАН

26 мамыр, 1934 жыл.

Жолдастар! Өздеріңізге белгілі, 19 мамырда әскери-фашистік төңкеріс болып, елде болгар буржуазиясының нағыз жыртқыш бөлігінің үкіметі соғыс сауытын киген зорлық-зомбылық пен арыс фашистік лаңкестік үкіметі орнатылды. Атышулы 9 маусымшыл Кимон Георгиевтің үкіметі қала мен село еңбекшілеріне ешқандай жеңілдіктер әкелмеді. Керісінше, жаңа үкімет — 1923 жылдың 9 маусымынан осы уақытқа дейін болған барлық үкіметтер сияқты ашықтан-ашық буржуазиялық фашистік сипатын бүркемелеу мақсатымен әлеуметтік көп сөзділікті көп пай-

далануда. Бұл өтірік уәделердің бар мақсаты бұқараны өз жағына тарту, сөйтіп, олардың қарсылығынсыз аштық пен қарақшылық саясатын одан әрі жүргізе беру. Қаскүнемдер үкіметінің жариялаған барлық “іс-шаралары” осыны дәлелдейді.

Қазіргі кезде елді фашистік лаңкестіктің жаңа өрті қаптады. Барлық баспасөз, ең алдымен, еңбекшілердің баспасөзі катал цензураға алынды. Жаңа тұтқындау мен еңбекшілердің барлық ұйымдарын талқандау әрекеттері дайындалуда. Лаңкестік әскери-фашистік диктатура күннен-күнге көзі ашылып, санасы оянып келе жатқан және фашистік диктатураны құлатып, жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың билігін орнатуға көтерілген бұқараның қарсылығын басып тастау үшін қажет.

Хрестоматия по истории южных и западных славян.  
Т. 3. Минск, 1991. С. 45.

## **РУМЫНИЯ**

### **1933 ЖЫЛҒЫ РУМЫН ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАН ҰРЫСТАРЫ**

Румын теміржолының жұмысшылары — пролетариаттың ең алдыңғы бөлігі. Бухарестегі Гривицы теміржол шеберханасы жұмысшы табы мен буржуазияның арасындағы кескілескен қантөгіс ұрыстар жүрген жер болып табылды. Ауысымның 2 мың жұмысшысы ереуіл жариялап, шеберханаларды иемденіп алды.

Барлық жұмысшылардың атынан ереуіл комитеті келесі талаптарды қойды:

1. Тұтқындалғандарды тез арада босату.
2. Фабрикалық комитетті мойындау.
3. Таратылған кәсіподақты қалпына келтіру.

Тәртіпті қалпына келтіру туралы дирекцияның қоқан-лоқысы мен үндеуі мақсатына жетпеді. Жұмысшы-ереуілшілер ымыраласпағандықтан дирекция армия мен полицияның тез арада араласуын талап етті.

Көтерілген жұмысшыларға қарсы солдаттар мен жандарм легі бағытталды.

Армия мен полиция тасқыны шеберхана ғимаратына лап қойды. Жақын маңдағы көшелер әскери лагерьге айналды. Осы дайындық уақытысында шеберхана гудогы гуілдей бас-

тады. Жұмысшылар, әйелдер, балалар шеберхана маңайына жиналды... 26 ақпанда таңсәріде шабуыл басталды. Ескертулер болғанына қарамастан, халықтың тобына пулеметтер бағытталды. Халық бұқарасы артқа қарай біршама ығысқаннан кейін, шеберханаға шабуыл басталды.

Дуал қирап түсіп, опырылған жер арқылы аулаға пулемет оқтарының тасқыны жиналған жұмысшыларға қарсы борап кетті. Армия жұмысшыларды жазалағанмен, күрес тоқтатылған жоқ. Солдаттардың қоршауына түскен, найзалармен түйрелген, винтовкалардың дүмімен ұрып-соғылған олар: “Жұмысшы табының қанішерлері жойылсын!” деген күрес ұранын айғайлауын тоқтатпады.

Хрестоматия по новейшей истории.  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 465—466.

## РЕСЕЙ (КСРО)

### ҚОС ӨКІМЕТ КЕЗЕҢІНДЕ

*8 сағ-тық жұмыс күнін енгізу, фабрика-зауыт комитеттері мен бітімгерлік камераларын ұйымдастыру туралы Жұмысшы және Солдат депутаттарының Петроград кеңесі, сондай-ақ фабриканттар мен зауытшылардың Петроградтық қоғамының арасындағы №1 келісімдерден*

10 наурыз, 1917 жыл.

Жұмысшы және Солдат депутаттарының Петроград кеңесі мен фабрикант және зауытшылардың Петроград қоғамының арасында фабрикаларда 8 сағ-тық жұмыс күнін енгізу, фабрика-зауыт комитеттері мен бітімгерлік камераларын ұйымдастыру туралы келісім болды.

#### **I. 8 сағ-тық жұмыс күні.**

1. Жұмыс күнін нормалау туралы заң шығарылар алдында барлық фабрикалар мен зауыттарда, барлық ауысымдарда 8 сағ-тық жұмыс күні (нақты еңбекке 8 сағ) енгізіледі.

2. Жексенбі күні қарсаңында жұмыс 7 сағ жүргізіледі.

3. Жұмыс сағатының қысқаруы жұмысшылардың еңбек-ақысының мөлшеріне ықпал етпеуі қажет.

4. Мерзімінен тыс жұмысқа фабрика-зауыт комитеттерінің келісімімен рұқсат етіледі.

#### **II. Фабрика-зауыт комитеттері.**

1) Барлық зауыттар мен фабрикаларда осы кәсіпорынның жалпыға бірдей тең және т.б. сайлау құқықтарының

негізінде жұмысшылардан сайланған фабрика-зауыт комитеттері (старосталар кеңесі) құрылады.

Хрестоматия по истории государства и права СССР.  
Дооктябрьской период. М., С. 470—471.

**ШАРУА КЕҢЕСТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ МӘСКЕУ  
ГУБЕРНИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛТАЙ  
ЖИНАЛЫСЫНЫҢ № 2 ҚАУЛЫСЫ**

**18 наурыз, 1917 жыл.**

1. Тұрғын халықтың басым бөлігін құраушы шаруалар өздерінің ой-пікірлерін еркін білдіру және өз мүддесін қорғау үшін өз ұйымдары болуы тиіс.

2. Жаңа құрылыс күзетіндегі және саяси-революциялық жұмыстар үшін шаруалар ұйымы Жұмысшы және Солдат депутаттарының кеңесімен қатар тұратын Шаруа депутаттарының кеңесі болуы қажет.

3. Шаруа депутаттары кеңестерінің алдында мынадай міндеттер тұруы керек:

1) Аграрлық мәселені айқындау және Құрылтай жиналысына дейін жүзеге асырылуы мүмкін шараларды көрсету және қорғау. Тек Құрылтай жиналысы ғана жер кімге тиісті және қандай негізде екені мәселесін билікпен шешеді, аграрлық мәселенің түп-тамырымен қозғалмаған шараларын ғана Уақытша өкімет жүзеге асыра алады.

2) Кооперативтер мен басқа да демократиялық ұйымдарға барлық мүмкіндікті қаржылармен: жиналыстар құрылымына жәрдем берумен, үй-жайлар ұсынумен, қаржы бөлу мен шаруа депутаттары кеңестерін құруға және жұмысына жәрдем көрсету қажет.

“Социал-демократ”, 22 марта 1917 г.

**№ 5. ЖЕР КОМИТЕТТЕРІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ  
УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ҚАУЛЫСЫНАН**

**21 сәуір, 1917 жыл.**

Біздің еліміз үшін келесі маңызды мәселе — жер мәселесін жалпыға бірдей, тең және әділ халықтық құпия дауыс берумен сайланған құрылтай жиналысы ғана нақты әрі дұрыс шеше алады.

10 (23) қазан, 1917 жыл.

**Қатысқандар:** Ленин, Зиновьев, Каменев, Троцкий, Сталин, Свердлов, Урицкий, Дзержинский, Коллонтай, Бубнов, Сокольников, Ломов (Опшюков).

**Төрағасы:** Свердлов.

**Күн тәртібі:**

...4) Ағымдағы кезең.

4) Ағымдағы кезең туралы жолдас Ленин сөз алады.

Ол қыркүйектің басынан бері көтеріліс туралы мәселеге қандай да бір немқұрайдылық байқалатынын атап көрсетті. Егер біз биліктің кеңестерге өтуі туралы ұранды байыпты түрде қоятын болсақ, немқұрайдылыққа жол берілмейді. Сондықтан мәселенің техникалық жағына әлдеқашан-ақ назар аудару керек, енді көріп отырғандай, едәуір уақыт өткізіп алынған.

Бұқараның абсентизмі мен немқұрайдылығын сөз бен революциядан әбден қалжырағандығымен түсіндіруге болады. Көпшілік енді бізбен бірге. Саяси іс билікке өту үшін толық пісіп-жетілді. Аграрлық қозғалыс та осы бағытқа келе жатыр, өйткені осы қозғалысты басу үшін батыл күштер керек екені анық. Осылайша саяси ахуал дайын. Техникалық жағы туралы да айту керек. Істің барлығы осында. Сол кезде біз қорғампаздардың ізінше көтерілістің жүйелі түрдегі даярлығын саяси күнә деп есептеуге бейімбіз. Бізді қолдамайтыны айдан-анық. Құрылтай жиналысына дейін күтудің еш мәні жоқ, өйткені ол біздің міндеттерімізді қиындатады.

**Мынадай қарар қабылданады:**

“ОК орыс революциясының халықаралық жағдайы (Германия флотындағы көтеріліс бүкіл Еуропада дүниежүзілік социалистік революцияның өрістеуінің алғышарттары ретінде, содан кейін империалистердің Ресейдегі революцияны тұншықтыру мақсатымен бейбітшілікке қауіп-қатер төнгендігі), сондай-ақ әскери жағдай (орыс буржуазиясы мен Керенскийдің Питерді немістерге беруінің күмәнсіз шешімі), кеңестерде пролетарлық партияның басымдылыққа ие болуы — бұның барлығы шаруалар көтерілісі мен халық сенімінің біздің партияға бетбұрысына байланысты (Мәскеудегі сайлаулар), ең соңында екінші корниловшылдық-

тың айқын даярлығы (Питерден әскерлерді шығару, Питерге казактарды әкелу, Минскіні казактардың қоршап алуы) — осының барлығы қарулы көтеріліс мәселесінің кезекке қойылатынын дәлелдейді.

## РЕСЕЙ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

2 қараша, 1917 жыл.

Қазан төңкерісі жұмысшылар мен шаруалардың басыбайлылықтан босатуды талап етуінің нәтижесінде басталды. Шаруалар помещиктердің билігінен құтылды, сөйтіп, жерге помещиктік жекеменшік жойылды. Солдаттар мен матростар самодержавиелік генералдардың билігінен азат етілді өйткені бүгіннен бастап зауыттар мен фабрикаларға жұмысшы бақылауы орнатылатын болады. Барлық адамдар мен тіршілікке қабілеттілер жексұрын бұғаудан азат етілді. Езгі мен зорлық-зомбылыққа төзген, һәм төзетін құлдықтан босатуға тез арада қадам жасап, азат етілудің үзілді-кесілді жүргізілуін табанды түрде қалаған Ресей халқы болды.

Патшалық дәуірде Ресей халықтары бір-бірімен ұдайы жауласуда болды. Мұндай саясаттың нәтижелері белгілі: бір жағынан — кескілесу және қырып-жою, екінші жағынан — халықты құлдыққа салу. Жауласудың енді мұндай масқара саясаты болмайды және ол қайта айналып келмеуі тиіс. Бұдан былай ол Ресей халықтарының ерікті әрі адал одағының саясатымен алмастырылуы қажет. Империализм кезеңінде, яғни билік кадет буржуазиясының қолына көшкен Ақпан революциясынан кейін жауласудың бүркемесіз саясаты Ресей халқының қорқақ, сенімсіз саясатына, халықтардың “бостандығы” мен “тендігі” туралы сөз жүзіндегі мәлімдемелермен бүркемеленген соқтығысу мен арандатудың партиясына жол берді. Мұндай саясаттың нәтижелері белгілі: ұлттық жаулықты күшейту, өзара сенімді жою, өтірік пен сенімсіздіктің, соқтығысу мен арандатудың мұндай лайықсыз партиясына нүкте қойылуы қажет. Бұдан былай ол Ресей халықтарының толығымен өзара сеніміне жеткізуші ашық және адал партиясымен алмастырылуы қажет.

Тек осындай сенімнің нәтижесінде ғана Ресей халықтарының адал әрі берік одағы құрылуы мүмкін. Осындай одақ-

тың нәтижесінде ғана Ресей халықтары — жұмысшылары мен шаруалары империалистік-аннексионистік буржуазия тарапынан болатын кез келген қастандыққа қарсы тұруға қабілетті бір революциялық күшке жұмыла алуы мүмкін. Осы жағдайларға байланысты, Кеңестердің I съезі осы жылдың маусымында Ресей халықтарын еркін өзін-өзі билеу құқығына шақырды.

Осы жылдың қазан айындағы Кеңестердің II съезі Ресей халықтарының осы тартып алынбайтын құқықтарын аса табанды әрі айқын түрде бекітті.

Осы съездердің шешімін еркін орындай отырып, Халық Комиссарлар Кеңесі өзінің қарекеті негізіне Ресей ұлттары туралы мәселе бойынша келесі бастаманы қойды:

- 1) Ресей халықтарының теңдігі мен егемендігі;
- 2) Ресей халықтарының дербес мемлекет құру және бөлінуіне дейін еркін өзін-өзі билеу құқығы;
- 3) барлық және кез келген ұлттық-діни артықшылықтар мен шектеулерді жою;
- 4) Ресей аумағын мекен етуші ұлттық азшылықтар мен этнографиялық топтардың еркін дамуы.

Осыдан шығатын нақты Декреттер ұлттар ісі жөніндегі комиссияны құрғаннан кейін тез арада жасалатын болады.

Декреты Советской власти. М., 1957. Т. 1. С. 39—41.

## СОСЛОВИЕЛЕР МЕН АЗАМАТТЫҚ ШЕНДЕРДІ ЖОЮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ

11 қараша, 1917 жыл.

**1-бап.** Бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан Ресейдегі барлық сословиелер және азаматтарды сословиелік жіктеу және оған теңбе-тең барлық азаматтық шендер жойылады.

**2-бап.** Барлық атақтар (дворян, көпес, мешан, шаруа және т.б.), титулдар (князьдік, графтық және т.б.) және азаматтық шендер атаулары (күпия, статтық және т.б.) жойылады және Ресейдің барлық тұрғын халқы үшін ортақ Ресей республикасының азаматы атауы белгіленеді.

**3-бап.** Дворяндық сословиелік мекемелердің мүліктері тез арада сәйкес түрдегі земстволық өзін-өзі басқаруға беріледі.

**4-бап.** Көпестік және мешандық қоғамдардың мүліктері тез арада сәйкес түрдегі қалалық өзін-өзі басқарулар қарамағына түседі.



**5-бап.** Барлық сословиелік мекемелер, істер, өндірістер және мұрағаттар тез арада сәйкес түрдегі қалалық және земстволық өзін-өзі басқарулар жүргізуіне беріледі.

**6-бап.** Бүгінге дейін қолданылған заңдардың барлық сәйкес баптары жойылады.

**7-бап.** Осы Декрет жарияланған күннен бастап күшіне енеді және шұғыл түрде Жұмысшы, Солдат және Шаруа депутаттарының жергілікті кеңестерімен орындалады.

Декреты Советской власти. Т. 1. С. 72.

### АСТЫҚ ҮШІН КҮРЕСТІҢ ТӨТЕНШЕ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

*(Ресей еңбекшілеріне РКФСР ХКК-нің үндеуінен)*

31 мамыр, 1918 жыл.

Ресей Федеративтік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесінен.

Бәрінен бұрын күнделікті қажет нәрсе жөнінде іс жүруде. Оны кулактар мен саудагерлердің тегеуірінді қолдарынан жұлып алу керек... Орталық Аткару Комитеті Мәскеу және Петроград Кеңестеріне астық үшін жорыққа кулактарға және тонаушыларға қарсы ондаған мың жұмысшыларды жұмылдырып, оларды қаруландырып, жабдықтауға әлдеқашан тапсырма берген <...>

Дон мен Кубаньде сатушы сатқын Қрасновқа қарсы еңбекшіл казактардың үндеулері жарияланды. Оларға көмекке Орталық Ресейдің Қызыл Армия бөлімдері баратын болды <...>

Аштық пен контрреволюция қолма-қол жүріп жатыр. Біз олардың екеуіне де ымырасыз соғыс жариялауымыз керек.

ХКК төрағасы

**В.Ульянов (Ленин)**

Әскери және теңіз істері жөніндегі

**Л.Троцкий**

Халком

Сыртқы істер жөніндегі Халкомның

**Г.Чичерин**

уақытша орынбасары

**И.Сталин**

Халком

“Правда”, 31 (18) мая 1918 г.

## БІТІМ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ

*(Кеңестердің ІІ Бүкілресейлік съезінде қабылданған)*

26 қазан (8 қараша), 1917 жыл.

24—25 қазандағы революция құрған Жұмысшы, Солдат және Шаруа депутаттарының кеңестеріне сүйеніп отырған, Жұмысшы және Шаруа үкіметі барлық соғысып жатқан халықтар мен олардың үкіметтеріне әділетті демократиялық бітім туралы дереу келіссөздер бастауды ұсынады.

Барлық соғысып жатқан елдердің соғыста арып-ашқан, азап шеккен және қайғы-қасірет тартқан жұмысшылары мен еңбекші таптарының басым көпшілігі аңсап отырған әділетті немесе демократиялық бітім деп, — орыс жұмысшылары мен шаруалары мейлінше нақты және табанды түрде талап еткен бітім деп, — міне, (яғни бөтеннің жерін басып алмай, бөтен халықтарды күштеп қосып алмай) контрибуциясыз дереу жасалатын бітімді атайды.

Ресей үкіметі барлық соғысып жатқан халықтарға дереу осындай бітім жасасуды ұсынады, сөйтіп барлық елдер мен ұлттардың халық өкілдерінің уәкілетті жиналыстары мұндай бітімнің барлық шарттарын біржолата бекіткенге дейін, қазірден-ақ барлық батыл шараларды ешбір кешіктірмей істеуге өзін екенін білдіреді.

Үкімет, жалпы алғанда, демократияның және әсіресе еңбекші таптардың құқықтық санасына сәйкес, шағын немесе әлсіз халықтың дәл, айқын және ықтиярлы түрде білдірілген ризалығы мен тілегінсіз оны үлкен немесе күшті мемлекетке қосып жіберу атаулының бәрін аннексия немесе бөтеннің жерін басып алу деп түсінеді. Мұның өзі күштеп қосудың қашан жасалғандығына байланысты емес, сондай-ақ күштеп қосылатын немесе белгілі бір мемлекеттің шеңберінде күштеп ұсталатын ұлттың қаншалықты дамыған немесе артта қалған ұлт екендігіне де байланысты емес. Ақырында, бұл ұлттың Еуропада немесе мұхиттың арғы жағындағы алыс елдерде тұратындығына да байланысты емес.

Мұнымен бірге үкімет жоғарыда көрсетілген бітім шарттарын есте ультиматумдық шарттар деп есептемейді, яғни бітім жөніндегі басқа қандай шарттарды болса да қарауға келіседі. Тек бұл бітім шарттарын соғысып жатқан кез келген елдің мүмкіндігінше тез ұсынуын және мейлінше

толық айқын болуын, бітім шарттарын ұсынғанда екіұштылық және құпия атаулының өсте болмауын ғана талап етеді.

Үкімет келіссөздердің бәрін бүкіл халықтың алдында мейлінше ашық жүргізуге өз тарапынан кәміл ниет білдіре отырып, 1917 жылдың ақпанынан 25 қазанына дейін помещиктер мен капиталистер үкіметі қуаттаған немесе жасасқан құпия шарттарды түгелдей жариялауға дереу кірісіп, құпия дипломатияны жояды. Бұл құпия шарттардың бүкіл мазмұны, көпшілік реттерде бұрын болып келгеніндей, орыс помещиктері мен капиталистеріне олжа түсіріп, ежелгі орыстардың аннексиясын сақтап қалуға немесе ұлғайтуға бағытталғандықтан, үкімет оны сөзсіз және дереу жойылған деп жариялайды.

Барлық елдердің үкіметтері мен халықтарына бітім жасасу туралы дереу ашық келіссөздер бастауға ұсыныс жасай отырып, үкімет өз тарапынан бұл келіссөздерді хат алысу арқылы да, телеграф бойынша да, сондай-ақ әртүрлі елдер өкілдерінің арасындағы келіссөздер арқылы да немесе осындай өкілдер конференциясында да жүргізуге әзір екенін білдіреді. Мұндай келіссөздер жүргізуді оңайлату үшін үкімет бейтарап елдерге өзінің уәкілетті өкілін тағайындайды.

Үкімет барлық соғысып жатқан елдердің үкіметтері мен халықтарына дереу уақытша бітім жасауды ұсынады, оның үстіне өз тарапынан бұл уақытша бітімді кемінде 3 айға жасау керек, яғни соғысқа тартылған немесе оған қатысуға мәжбүр болған барлық халықтардың немесе ұлттардың бәрінің өкілдерінің қатысуымен бітім туралы келіссөздерді аяқтауға да, сондай-ақ бітім шарттарын түпкілікті бекіту үшін барлық елдердің халық өкілдерінің уәкілетті жиналыстарын шақыруға да толық мүмкіндік беретіндей мерзімге жасау керек деп санайды.

Соғысып жатқан елдердің үкіметтері мен халықтарына осы бітімді ұсына отырып, Ресейдің уақытша Жұмысшы және Шаруа үкіметі, әсіресе адамзаттың үш ұлтының, осы соғысқа қатысушы ең ірі үш мемлекеттің — Англияның, Францияның және Германияның саналы жұмысшыларына да сөз арнайды. Англиядағы Чартистік қозғалыстың ұлы үлгілері, француз пролетариаты жасаған бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы бар бірқатар революциялар арқылы да,

ақырында Германиядағы ерекше заңға қарсы ерлік күреспен бүкіл дүниежүзі жұмысшыларына өнеге боларлық бұқаралық пролетарлық ұйымдар құру жөніндегі ұзақ, қажырлы еңбегі арқылы да бұл елдердің жұмысшылары прогресс пен социализм ісіне зор еңбек сіңірді. Пролетарлық қаһармандық пен тарихи жасампаздықтың бұл үлгілерінің бәрі осы аталған елдердің жұмысшылары соғыстың сұмдықтары мен оның зардаптарынан адамзатты құтқаруда қазір өздеріне жүктеліп отырған міндеттерді түсінетіндігінің, бұл жұмысшылар өздерінің жан-жақты, батыл және жанқиярлық қажырлы қызметімен бізге бейбітшілік ісін, сонымен қатар халықтың еңбекші және қанаушы бұқарасын құлдық және қанау атаулыдан азат ету ісін ақырына дейін ойдағыдай жеткізуге көмектесетіндігінің айғағы болады.

*Ленин В.И. Полн. собр. соч. Т. 35. С. 13—16.*

#### **БІР ЖАҒЫНАН РЕСЕЙ, ЕКІНШІ ЖАҒЫНАН ГЕРМАНИЯ, АВСТРО-ВЕНГРИЯ, БОЛГАРИЯ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ БІТІМ ШАРТЫНАН**

**3 наурыз, 1918 жыл.**

**I бап.** Бір жағынан Ресей, екінші жағынан Германия, Австро-Венгрия, Болгария және Түркия өз араларындағы соғыстың тоқтатылғанын мәлімдейді. Олар алда өзара бейбіт және достық жағдайда өмір сүреді деп шешті.

**II бап.** Келісімге келуші жақтар екінші жақтан үкіметке немесе мемлекеттік және әскери заңдарға қарсы кез келген үгіт-насихаттардан қалыс қалатын болады. Бұл міндеттеме Ресейге де қатысты болғандықтан, ол Төрттік одақтың ірі-ірі мемлекеттері алып жатқан облыстарға таралады.

**III бап.** Келісімге келуші жақтармен белгіленген батысқа қарай шектік сызықтарда жатқан және бұрын Ресейге тиісті облыстар бұдан былай оның жоғарғы билігіне жатпайды, белгіленген шектік сызық осы бітім шартының мәнді құрамдас бөлігі болып табылатын қосымша картада белгіленген.

Ресей осы облыстардың ішкі істеріне қандай да бір араласудан бас тартады. Германия мен Австро-Венгрияның, сондай-ақ осы облыстардың тұрғын халықтарының болашақ тағдырын анықтауға ниет білдіруде.

**IV бап.** Германия жалпыға бірдей бітім аяқталып және толығымен орыс әскерін қысқарту жүргізіле салысымен III баптың бірінші азат жолында көрсетілген шығысқа қарай жатқан шектік сызықтардағы аумақты тазалауға даяр.

**V бап.** Ресей ендігі үкіметпен қайтадан құрылған әскери бөлімдерін қоса отырып, өз армиясының толық қысқартылуын тез арада жүргізеді.

Бұдан басқа өзінің әскери кемелерін Ресей орыс портына ауыстырып, дүниежүзілік бітім жасағанға дейін сонда қалдырады не болмаса тез арада қарусыздандырады. <...>

**VI бап.** Ресей Украина Халық Республикасымен тез арада бітім жасасуға және осы мемлекет пен Төрттік Одақ елдері арасында бітім шартын мойындауға міндеттеді. Украинаның аумағы тез арада орыс әскерлері мен орыс қызыл гвардиясынан тазартылады. Ресей Украина Халық Республикасының үкіметіне немесе қоғамдық мекемелеріне қарсы келген үгіт, яки насихатты тоқтатады.

Эстляндия және Лифляндия да тез арада орыс әскерлері мен орыс қызыл гвардиясынан тазартылады... Эстляндия және Лифляндия онда әзірше елдің өзінің мекемелерімен қоғамдық қауіпсіздік қамтамасыз етілмейінше және мемлекеттік тәртіп орнатылмайынша германдық полиция билігінде болады. <...>

Финляндия және Аланд аралы да қызыл гвардияның орыс әскерінен, ал фин порты — орыс флоты мен орыс әскери-теңіз күштерінен дереу тазартылатын болады... <...>

**VII бап.** Парсы мен Ауғанстанның азат және тәуелсіз мемлекет фактісінен шыға отырып, келісім жасаушы жақтар Парсы мен Ауғанстанның саяси және экономикалық тәуелсіздігі мен аумақтық қол сұқпайтындығын құрметтеуге міндеттенеді.

**VIII бап.** Екі жақтың да әскери тұтқындары отанына қайтарылатын болады. <...>

**IX бап.** Келісімге келуші жақтар өздерінің әскери шығындарын, яғни соғыс жүргізудегі мемлекеттік шығындарының орнын толтыруға, әскери шығындарын, яғни оларға және олардың азаматтарына әскери әрекет аумағындағы әскери шаралармен, соның ішінде дұшпан жеріндегі барлық шығарылған реквизициялармен, келтірілген шығындардың орнын толтырудан өзара бірдей бас тартады.

**X бап.** Келісімге келуші жақтардың арасындағы дипломатиялық және консулдық қатынастар бітім шарты бекіткеннен кейін дереу қалпына келтіріледі. <...>

**XIV бап.** Осы бітім шарты бекітілетін болады... Бітім шарты оны бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

Документы внешней политики СССР.

Т. 1. М., 1957. С.119—124.

### **КЕҢЕСТІК РЕСЕЙГЕ ҚАРСЫ ИНТЕРВЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ АНТАНТАНЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ ЧЕРЧИЛДІҢ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН**

Бас штабтың кеңесімен 1919 жылдың шілде айынан бастап Англия оған (Деникинге) басты көмек көрсетті, сөйтіп Дарданелл мен Қара теңіз арқылы 250 мыңдай мылтық, 200 зеңбірек, 30 танк, аса көп қару-жарақ пен снарядтар Новороссийскіге жөнелтілді. Бірнеше жүздеген британ армиясының офицерлері мен еріктілер, кеңесшілер, нұсқаушылар, қоймалардың сақтаушылары есебінде, тіпті бірнеше ұшқыштар Деникин армиясын құруға көмектесті...

Сол жылдар ішінде біз майданда большевиктерге қас орыстардың мүддесі үшін соғыстық деп есептеу қателік. Керісінше, орыс ақгвардияшылары біздің мүдделеріміз үшін соғысты. Бұл ақтар армиясы талқандалып, шексіз орыс империясында большевиктер үстемдігі орнаған кезде, ащы да болса, шындыққа айналды.

Партия в период иностранной военной интервенции и гражданской войны (1918—1920 гг.). М., 1962. С. 237.

### **КЕҢЕС РЕСПУБЛИКАСЫН СОҒЫС ЛАГЕРІ ДЕП ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ**

*(БОАК-тің 1918 жылғы 2 қыркүйектегі қаулысынан)*

1918 жылдың жазынан бастап тылда соғыс мақсаттарына бейімдеп қайта құру басталды. Партия жауымызды жеңу үшін тылда майдан мүддесіне қызмет етуді қалады.

... Жұмысшы, Шаруа, Қызыл әскер және Казак депутаттары кеңестерінің Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді:

Кеңес Республикасы соғыс лагеріне айналдырылады. Барлық майдандар мен соғыс мекемелерінде басшылық бір қолбасшысы бар революциялық әскери кеңестің қолына, Социалистік республиканың бар күші мен қаражаты зорлықшыларға қарсы қарулы күрестің қасиетті ісінің қарамағына беріледі.

Барлық азаматтар, жасына және қызметіне қарамастан елімізді қорғау жөнінде өздеріне Кеңес үкіметі тапсырған міндеттерін сөзсіз орындаулары қажет.

Еліміздің бүкіл еңбекші халқының қолдауымен Жұмысшы және шаруа Қызыл армиясы Кеңес Республикасының топырағын таптап жатқан империалистік жыртықштардың тас-талқанын шығарып, қуып тастайды.

Из истории гражданской войны в СССР.  
Сб. документов и материалов. Т. 1. М., 1960. С. 204—205.

## ЖОҒАРЫ ӘСКЕРИ КЕҢЕС ПЕН ӘСКЕРИ ТЕҢІЗ ХАЛКОМЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ №18 БҰЙРЫҒЫ

Тамыз, 1918 жыл.

Петроградтық партизан қосыны позициясын тастап кеткен деп маған баяндалды.

Комиссар Розенгольцке тексеруді бұйырамын.

Жұмысшы және шаруа Қызыл Армиясының солдаттары қорқақ һәм оңбаған емес. Олар еңбекші халықтың бостандығы мен бақыты үшін күрескілері келеді. Егер олар шегінетін болса немесе нашар соғысса, онда командирлер мен комиссарлар кінәлі. Ескертемін: егер қандай да бір бөлім өз бетімен шегінетін болса, бірінші болып бөлім комиссары, екінші командир атылады. Ержүрек, батыр солдаттар еңбегі бойынша марапатталады және командалық посттарға қойылатын болады. Қорқақтар, бассауғалаушылар, сатқындар оқтан құтылмайды. Бұл үшін бүкіл Қызыл Армияның алдында кепілдік беремін.

Известия ВЦИК. 14 авг., 1918 г.

## ОҢТҮСТІК МАЙДАНДЫ НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ

*(РК(б)П ОК-нің қаулысынан)*

26 қараша, 1918 жыл.

Оңтүстік <...> майданның Қызыл Армия бөлімдері мүлдем төзімсіздік жағдайда өмір сүруде, позицияны қарауылсыз тастап кету, командирлердің әскери бұйрықтарын орындамау фактілерінің орын алуына байланысты Орталық Комитет партияның барлық мүшелеріне: комиссарларға, командирлерге, қызыл әскерлерге жалпы

бөлімдердің көңіл күйі мен тәртібін қатаң сақтауға қажетті жігерлілік пен жедел бетбұрыс жасауға бұйрық береді.

Жоғарғы және төменгі командалық құрамды әскери бұйрықтарын қандай да бір амалдармен орындауға мәжбүрлейтін темірдей тәртіп керек. Қызыл Армияға жүктелген міндеттерді орындау үшін қандай да болсын құрбандықтарға да тоқтау қойылмайды.

Тәртіп пен революциялық-әскери рухқа қарсы бірде-бір қылмыс жазасыз қалмауы керек. Қызыл Армияның барлық бөлімдері жұмысшы табының өмірі мен өлімі жайында іс жүріп жатқанын ұғынулары қажет, сондықтан босаңсыту болмау керек. Командалық құрам бір ғана тоқтамда болу керек: жеңіс немесе өлім. <...>

ОК төрағасы

Я.Свердлов

Из истории гражданской войны в СССР.  
Т. 1. С. 465—466.

#### КЕҢЕС РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

*(Бас қолбасшылықтың В.И. Ленинге және Республиканың Революциялық әскери кеңесіне жасаған баяндамасынан)*

23—25 ақпан, 1919 жыл.  
№849, Серпухов.

Республика оңтүстігіндегі Украинадағы оқиға халық қозғалысын қолдау қажеттілігін және Антант әскерлерінің даярлап жатқан шабуылдарына қарсы әрекет ету үшін қолайлы бастапқы жағдай туғызуды талап етеді.

Антанта әскерлерінің алдағы іс-әрекеттеріне, оңтүстіктегі Еріктілер армиясының бас көтерулеріне және Эстляндиядағы эстон-фин ақгвардияшы әскерлерінің қыспағына, Петроградқа төнген қауіп-қатерге байланысты осы факторлардың барлығы жаңа майдандар құруды ұлғайтуды талап етіп, республиканың қарулы күштерін... 200 мың найзаға жеткізуге әкеліп отыр. Мұны тек қарсыластар жағынан төнген қауіп-қатер ғана емес, біздің аумақты кеңейту мен оны нығайту да талап етуде...



Республиканың Революциялық  
Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы.  
Республиканың Революциялық әскери  
кеңесі штабының бастығы.

Республиканың Революциялық әскери кеңес мүшесі.

Директивы Главного командования Красной Армии  
(1917—1920). С. 153—169.

## КЕҢЕС РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ-САЯСИ ОДАҒЫ

Ақгвардияшылар мен басқыншыларға қарсы шайқас-тарда кеңес халқының әскери-саяси одағы орныға түсті.

Кеңестік республикалар жоғарғы органдарының барлық күшті Кеңес өкіметінің жауларына қарсы қарулы күрес жолында біріктіру туралы тілектерінің негізінде БОАК “Ресей, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия кеңестік республикаларын дүниежүзілік империализмге қарсы күреске біріктіру туралы” Декрет жариялады. Кейінірек Ресей, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия әскери одағы пайда болғаннан бастап басқа да кеңес республикалары қосылды.

Азамат соғысы Орта Азияда, Закавказье мен Қиыр Шығыста аса қиын жағдайларда өтті. Шет аймақта орналасқандықтан олар империалистік мемлекеттер басқыншылығына бірінші болып ұшырады және басқыншылар еліміздің басқа аудандарына қарағанда бұл жерлерде ұзағырақ кідірді. Жұмысшы табы санының аздығынан Ресейдің шет аудандарының еңбекші бұқарасы жергілікті буржуазиялық ұлтшылдардың үлкен ықпалында болды...

## “РЕСЕЙ, УКРАИНА, ЛАТВИЯ, ЛИТВА, БЕЛОРУССИЯ КЕҢЕСТІК РЕСПУБЛИКАЛАРЫН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ИМПЕРИАЛИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ” БОАК-тің ДЕКРЕТІНЕН

7 маусым, 1919 жыл.

Барлық... Кеңестік Социалистік республикалардың әскери одағы — ортақ жауларымыздың шабуылына алғашқы жауап болуы тиіс. Сондықтан да, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия мен Қырым еңбекші бұқарасының тәуелсіздігін, бостандығы мен өзін-өзі басқаруын мойындай отырып... Кеңестердің Бүкілресейлік Орталық Комитеті аса тығыз бірігуді қажет деп санайды:

Ресей, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия және Қырым кеңестік социалистік республикаларының 1) әскери ұйымдар мен әскери басшылықтарын; 2) халық шаруашылығы кеңестерін; 3) шаруашылық пен теміржол қатынастарын басқаруды; 4) қаражатты; 5) еңбек комиссариаттарын біріктіру жоғарыда айтылған шаруашылық салаларын басқаруды бірегей алқалардың қол астына топтастыруға мүмкіндік береді.

Бүкілресейлік Орталық

Атқару Комитетінің Төрағасы

**М. И. Калинин**

Из истории гражданской войны в СССР.

Т. 2. С. 789—790.

## КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

*РК(б)П ОК-і Пленумының қарарларынан*

6 қазан, 1922 жыл.

1. Украина, Белоруссия, Закавказье Республикаларының Федерациясы және РКФСР арасында олардың әрқайсысының одақтың құрамынан еркін шығу құқығын қалдыра отырып, Социалистік Республикалар Одағына біріктіру туралы шарт жасау қажеттілігін мойындау.

2. Одақтың жоғары органы РКФСР, Закавказье Федерациясы, Украина және Белоруссия ОАК-нің өкілдерінен тұратын, халықтың тең ұсынылған Одақтық ОАК-і деп есептеу.

3. Одақтық ОАК-нің атқарушы органы одақтық ОАК-і тағайындаған одақтық Халкомкеңес деп есептеу.

4. Одақтың құрамына кіруші республика мен федерациялардың Сыртқы істер, Сыртқы сауда, Әскери Халком, НКПС және Потельді республикалар мен федерацияда республикалар Одағының сәйкес халкомында федерация мен республикалар ОАК-нің келісімі бойынша Одақ Халкомдарымен тағайындалған шағын аппаратты, өздерінің өкілдері болу үшін біріктіру.

**Ескерту.** НКИД және НКВД шетелдік өкілдеріне сәйкес мүдделі республикалардың өкілдіктерін тартуды қажет деп есептеу керек.

5. “Республикалар Одағының” құрамына кіруші республикалар мен федерацияларды қаржы, азық-түлік, халық-

шаруашылығы, еңбек және инспекция халкомдары контр-революциямен күрестің орталық ұйымдарымен бірдей сәйкес халкомдар директивалары мен Халком кеңестері және “Республикалар Одағы” қаулыларына бағынады.

6. Республикалар Одағының құрылуына кіруші қалған Халкомдар: Заң, Ағарту, Ішкі істер, Егін шаруашылығы, Халықтың денсаулығы мен Әлеуметтік қамсыздандыру халкомдары дербес деп есептеледі.

*Ленин В.И.* Полн. собр. соч. Т. 45. С. 559.

## КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

30 желтоқсан, 1922 жыл.

Кеңестік Республикалар құрылған уақыттан бастап, дүниежүзі мемлекеттері екі лагерьге: капитализм және социализм лагеріне бөлінді.

Капитализм лагерінде — ұлттық араздық пен теңсіздік, отарлық құлдық пен шовинизм, ұлттық езгі мен қырып-жою, империалистік тағылық пен соғыстар. Ал мұндағы социализм лагерінде — өзара сенім мен бейбітшілік, ұлттық бостандық пен теңдік, халықтардың бейбіт өмір сүруі мен туысқандық ынтымақтастығы. Капиталистік әлемнің адамды адамның қанау жүйесімен мәселені шешудің ондаған жылдарға созылған әрекеттері нәтижесіз болды. Керісінше, ұлттық қайшылықтардың кедергілері капитализмнің өміріне қатер төндіре отырып, одан әрі шиелінісе түсті. Буржуазия халықтар ынтымақтастығын жарастыруға дәрменсіз болып шықты.

Айналасына халықтың көп бөлігін топтастырған тек кеңестер лагерінде пролетариат диктатурасы жағдайында ғана ұлттық езгіні түбірімен жою, өзара сенім ахуалын қалыптастыру және халықтардың туысқандық ынтымақтастығының негізін салу мүмкіндігі туды.

Тек осының арқасында ғана республика кеңесшілеріне бүкіл дүниежүзінің, ішкі және сыртқы империалистердің шабуылын тойтарудың сәті түсті. Тек осы жағдайлардың арқасында оларға азамат соғысын сәтті аяқтап, өзінің өмір сүруін қамтамасыз етуге және дүниежүзілік шаруашылық құрылысқа қадам басуға мүмкіндік алды.

Бірақ соғыс жылдарының өз зардабы болмай қойған жоқ. Соғыс қалдырған қаңыраған алқаптар, тоқтаған зауыттар, қираған өндіргіш күштер мен тұралаған шаруашылық ресурстардың барлығы жекеленген республикалардың күшқуатының артуына көп кедергі келтірді. Халықшаруашылығын қалпына келтіру — республикалардың жеке-дара өмір сүру жағдайында мүмкін болмайтын болды.

Екінші жағынан, халықаралық жағдайдың тұрақсыздығы мен жаңа шабуылдардың болу қаупі социалистік қоршаудың алдында Кеңес республикаларының бірыңғай майданы құрылмай қоймайтындығын көрсетті.

Ақырында, Кеңес өкіметінің таптық сипаты бойынша интернационалды құрылысы Кеңес республикаларының еңбекші бұқарасын социалистік біріктіруге итермелейді. Осы жағдайлардың барлық сыртқы қауіпсіздік пен ішкі шаруашылық жетістіктерді қамтамасыз етуге қабілетті Кеңестік республикалардың бір одақтық мемлекетке бірігуін өмірлі түрде талап етеді. Және де халықтардың ұлттық даму бостандығын жуық арада өздерінің Кеңестерінің съезіне жиналып, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы шешімді бірауыздан қабылдаған, Кеңестік республикалар халықтарының еркі, яғни бұл одақ әрбір республиканың Одақтан еркін шығу құқығы қамтамасыз етілген, Одаққа кіруге барлық Кеңестік Социалистік Республикаларға жол ашық болатын, жаңа одақтық мемлекет халықтардың туысқандық ынтымақтастығы мен бейбіт қатар өмір сүру негізін 1917 жылдың қазан айында-ақ орнатумен лайықты аяқталған, дүниежүзілік капитализмге қарсы сенімді тірек және Кеңестік Социалистік республикаға барлық елдердің еңбекшілерін біріктіру жолында шешуші қадам болатын, тең құқылы халықтардың еркін бірлестігі болып табылатын сенімді кепілдік болады.

Бүкіл әлемнің алдында осылардың барлығын мәлімдеп Кеңестік Социалистік Республикалар Конституциясында Кеңес өкіметінің беріктігін салтанатты түрде жариялай отырып, осы республикалардың делегаттары бізге берілген өкілеттілік негізінде Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы шартқа қол қоюға қаулы етеміз.

Образование и развитие СССР  
как союзного государства. С. 162—164.

**ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КЕҢЕСТІК  
РЕСПУБЛИКАСЫН ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

*(БОАК-тің XI шақыруының 2-сессиясының қаулысынан)*

14 қазан, 1924 жыл.

Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді.

Түркістан Автономиялық КСР Орталық Атқару Комитетінің төмендегі қаулысын бекіту...

Түркістан Автономиялық КСР Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді:

1. ... өзбек халқына Түркістан Автономиялық КСР-нің құрамынан шығу және Өзбек КСР-ін құру құқығын беру.

2. ... түрікмен халқына Түркістан Автономиялық КСР-ін құру құқығын беру, құрамынан шығу және Түрікмен КСР-ін құру құқығын беру.

3. ... қырғыз халқына Түркістан Автономиялық КСР-нің құрамынан шығу және Қырғыз КСР-ін құру құқығын беру.

4. ... Қара-қырғыз халқына Түркістан Автономиялық КСР-нің құрамынан шығу және РКФСР құрамында Қара-қырғыз автономиялық облысын құру құқығын беру.

5. ... тәжік халқына Түркістан Автономиялық КСР-нің құрамынан шығу және одақтас Өзбек Республикасының құрамында Тәжік Автономиялы КСР-ін құру құқығын беру.

Образование и развитие СССР. М., 1973. С. 338—339.

**БҰХАРА ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ӘМІРДІҢ ЕЗГІСІНЕН АЗАТ ЕТІЛУІНЕ  
ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ КӨМЕК КӨРСЕТУІ ЖӨНІНДЕГІ  
ТҮРКІСТАН МАЙДАНЫ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛБАСШЫСЫ  
М. В. ФРУНЗЕНІҢ БҰЙРЫҒЫ**

Орталық Азия аумағында Түркістаннан басқа тым артта қалған екі феодалдық-деспоттық мемлекеттер — Хиуа мен Бұхара бар.

1920 жылы тамыз айының соңында Бұхара еңбекшілері өмірге қарсы көтерілді. Уақытша революциялық комитет құрылып, Кеңес мемлекетінен көмектесуді өтінді. Түркістан майданының кеңестік әскерлері Фрунзенің басшылығымен көтерілісшілерге көмекке аттанды. 2 қыркүйекте үш күндік кескілескен ұрыстан кейін, Бұхараның ескі бекінісі Қызыл Армияның тұтқиылдан шабуыл жасауымен алынды. Әмір қашып кетті. Халықтық революцияның жеңісі нәтижесінде

Бұхара реакция мен контрреволюцияның тірегінен Кеңес өкіметінің Шығыстағы аванпостарының біріне айналды.

31 тамыз, 1920 жыл.

***Бұхара, Шаржоу және қолбасшылық  
барлық штабтарына!***

Бұхарадағы революциялық қозғалыс өрістеп келеді. Бұхарлық езілген халықтың Кеңестік Ресейден туысқандық көмек сұрайтын сағаты туды.

Барлық Қарулы бөлімдерге Бұхараның езілген халқына көмек көрсетуді бұйырамын. Барлық Қызыл Армияға, командирлер мен комиссарларға Бұхара еңбекшілерін азат ету үшін революция алдындағы өздерінің борышын орындауды бұйырамын!

Қызыл Кеңестік Бұхара жасасын!

Түркістан майданының қолбасшысы

**Фрунзе**

Иностранная военная интервенция и Гражданская война  
в Средней Азии. Алма-Ата, 1964. Т. 2. С. 9.

**РКФСР МЕН ӨЗІРБАЙЖАН КСР-і АРАСЫНДАҒЫ ЕКІ  
РЕСПУБЛИКАНЫҢ ӘСКЕРИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҒЫ  
ТУРАЛЫ ШАРТТАН**

30 қыркүйек, 1920 жыл.

Өзірбайжан Социалистік Кеңестік республикасының үкіметі бір жағынан, РКФСР үкіметі, екінші жағынан, Өзірбайжан мен Ресейдің еңбекші бұқараның ортақ мүддесінен шыға отырып, екі туысқан республиканың барлық күштерін толық біріктіруді ортақ жау — империалистік буржуазияға қарсы ауыр күресте оларға сәтсіздікті қамтамасыз ете алатынын назарда ұстай отырып, өздерінің уәкілдіктерін (уәкілдіктердің тізімі көрсетілген) белгіленген, осы шартты жасауды ұйғарды.

Тиісті формада құрастырылғанмен, мойындалған, өз өкілдіктерінің өзара ұсынысы жағдайында тағайындалған уәкілдіктер төмендегіге келісім білдірді.

1. Өзірбайжан мен Ресей өзара тығыз әскери және қаржылық-экономикалық одақ құрады.

2. Өзірбайжан республикасының үкіметі мен РКФСР-дің үкіметі қысқа мерзімде бірлестіктер жүргізеді: 1) Әскери

ұйымдар мен әскери командование; 2) халықшаруашылығы мен сыртқы сауданы жүргізуші ұйымдар; 3) жабдықтау органдары; 4) теміржол және су көлігі; 5) қаржы ведомост-восы...

Образование СССР. Сб. документов. 1917—1924.  
М.— Л., 1949. С. 247.

### **РКФСР-ді ҚИЫР ШЫҒЫС РЕСПУБЛИКАЛАРЫМЕН БІРІҚТІРУ ТУРАЛЫ БОАҚ-тің ДЕКРЕТІНЕН**

**15 қараша, 1922 жыл.**

1922 жылы қазан айында Халықтық-революциялық армия мен партизан қосынының бөлімдері Приморьені түгел-ге жуық ақгвардияшылардан тазартты. 25 қазанда олар Владивостокқа келіп кірді. 14 қарашада Қиыр Шығыс Республикасының Халық жиналысы бүкіл Қиыр Шығыста Кеңестер билігін жариялауға қаулы қабылдап, БОАҚ-ке оны РКФСР-ге қосу туралы өтініш білдірді.

Жапондықтармен соғысуға және Қиыр Шығысты тезірек азат етуге ұмтыла отырып, партияның ОК-і мен Кеңес үкіметі Қиыр Шығыс Республикасы сияқты мемлекет құруды мақсатқа лайық деп мойындады. Республикадағы басшылық рөл коммунистерге тиісті болды. Оны қорғау үшін Халықтық-революциялық армия құрылды.

Бүкілресейлік Орталық  
Атқару Комитетінің төрағасы

**М.Калинин**

Образование СССР (1917—1924 гг.). М.—Л., 1949. С. 269.

### **ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТҚА ӨТУ**

**1921 жыл**

Біздің еліміздің соғыстан бейбітшілікке өтуімен партияның алдында жаңа күрделі әлеуметтік және идеялық-саяси мәселелер тұрды.

Саясат пен экономикаға басшылықтың әскери-коммунистік әдістерден, азамат соғысы жылдарында жауды жеңу үшін қажет болған, бірақ бейбіт жағдайда өте қауіпті болатын әдістерден бас тарту керек. “Әскери коммунизм” жүйесінің шаруашылық және саяси дағдарысы Кеңес мемлекетінің экономикалық саясатының түбегейлі өзгеруін, жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) енуін кідіріссіз талап етті.

1921 жылы наурызда өткен РК(б)П-ның X съезінде партия В.И.Ленин талдап жасаған “әскери коммунизм” саясатынан жаңа экономикалық саясатқа өтуді жүзеге асырды. В.И.Ленин былай деді: “...жаңа экономикалық саясаттың мәні — пролетариат пен шаруалардың одағында, пролетариаттың кең көлемді шаруа өрісімен бірлесу авангардында”. ЖЭС капитализмнен социализмге өтудің бүкіл өтпелі кезеңіне есептелген.

*Ленин В.И. IX Всероссийский съезд советов.  
23—28 декабря 1921 г. // Полн. соб. соч. Т. 44. С. 322.*

### **АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛҒЫРТЫН ЗАТТАЙ САЛЫҚПЕН АУЫСТЫРУ ҚАЖЕТТІГІ ТУРАЛЫ**

*(Вологод губерниясы Панфилов болыстығының  
шаруасының хатынан)*

Қазіргі уақытта біздің болыстың шаруаларының барлығынан дерлік астық, мал, шөп, шикізат алынады. Береке-сіздік белең алды. Шаруаларға айына 18-ден 30 фунтқа дейін азық-түлік қалдырылады.

Біз мүлдем дерлік көктемгі егіске себетін тұқымсыз қалдық. Оны сатып алу біз үшін өте қиын өйткені қымбат...

Егер азық-түлік салғыртының орнына салықты шаруаға ақшалай емес, астықтай салмаса, бүкіл көктемгі себу жұмысы тоқтайды.

Салықты жердің топырағына сай, мәселен, біздің солтүстік өлкеде әрбір егілген десятинадан 10—15 пұтқа дейін есептеп салу керек. Сонда әрбір шаруа өзінің салық мөлшерін және оны тапсыру уақытын білетін болады. Онда бізге болыстықта ондаған азық-түлік агенттерін ұстаудың қажеті болмай қалады.

Кедей. 9 наурыз, 1921 жыл.

### **АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ ШИКІЗАТ САЛҒЫРТЫН ЗАТТАЙ САЛЫҚПЕН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ БОАК-тің ДЕКРЕТІ**

21 наурыз, 1921 жыл.

1. Діқаншының өз еңбегінің өнімдерін және өзінің шаруашылық құралдарын толықтай еркін билеп-төстеуі негізінде шаруашылықты дұрыс әрі байыпты жүргізуді



қамтамасыз ету үшін, шаруа қожалығын нығайту және оның өнімділігін арттыру үшін, сондай-ақ диқаншыға түсетін мемлекеттік міндеттемені дәл белгілеу мақсатында азық-түлікті, шикізатты және жем-шөпті мемлекеттік даярлау әдісі ретіндегі салғырт заттай салықпен ауыстырылады.

2. Бұл салық осы кезге дейін салғырт жолымен салынғаннан аз болуы тиіс. Салық сомасы армияның, қалалық жұмысшылардың және егінші емес тұрғын халықтың ең қажетті тұтынуын жабатындай етіп есептелуі керек. Салықтың жалпы сомасы үнемі азайтылған болуы тиіс. Көлік пен өнеркәсіпті қалпына келтіру шамасы бойынша Кеңес өкіметіне ауылшаруашылық өнімдерін фабрика-зауыт және қолөнер өнімдеріне айырбас жасауға мүмкіндік береді.

3. Салық егіннің есебінен, шаруашылықтағы жанның саны мен ондағы малдың есебінен шыға отырып, шаруашылықта өндірілген өнімдерден пайыздық немесе үлестік бөліп шығару түрінде төленеді.

4. Салық прогресті болуы тиіс, орташалар шаруашылығы, аз шаруашылықты және қалалық жұмыскерлер шаруашылығы үшін бөліп шығару пайызы төмендетілген болуы керек. Кедей шаруалардың қожалығы кейбір ерекше жағдайларда заттай салықтың барлық түрінен босатылады. Өзінің қожалығындағы егіс ауданын ұлғайтушы, ынталы шаруа иелері қожалығының өнімділігін тұтастай ұлғайтушымен бірдей заттай салықты орындау жөнінде жеңілдіктер алады.

5. Салық туралы заң диқаншылар көктемгі егіс жұмыстары басталғанға дейін оларға түсетін міндеткерліктердің мөлшері туралы біршама дәл хабардар болатындай етіп жасалып және сондай мерзімде жариялануы керек.

6. Мемлекетке салық бойынша есептеп шығарылған өнімдерді тапсыру заңмен дәл белгіленіп, анықталған мерзімде аяқталады.

7. Салықты төлеу жауапкершілігі жеке қожайынға жүктеледі және Кеңес өкіметінің органдарына салықты төлемегендердің әрқайсысының сазайын тартқызу тапсырылады. Сыбайлас жауапкершілік жойылады. Салықтың қабылдануы мен орындалуын бақылау үшін салықтың әртүрлі мөлшеріндегі төлеушілер топтары бойынша жергілікті шаруалардың ұйымдары құралады.

8. Салық төлегеннен кейін диқаншыда қалатын азық-түліктің, шикізаттардың және жемшөптің барлық қорлары оның толық билігінде болады және өз шаруашылығын жеке тұтыну мен кеңейту мақсатында фабрика-зауыт, қол-өнер өнеркәсібі мен ауылшаруашылық өндірісінің өнімдеріне айырбастап пайдалануына болады. Айырбас кооперативтік ұйымдары арқылы, сондай-ақ базарларда жергілікті шаруашылық айналымы шегінде рұқсат етіледі.

9. Салық төлегеннен кейін, қалған астықтың артығын мемлекетке өткізуге тілек білдіруші диқаншыларға ерікті түрде тапсырған артық өнімнің айырбасына көпшіліктің тұтынуына қажетті және ауыл шаруашылығына мүкәммал заттар берілуі керек. Бұл үшін, ішкі өндіріс өнімдері ретінде, сондай-ақ шетелден сатып алынған өнім ретінде ауыл шаруашылығының мүкәммал заттары мен көпшілік тұтынатын заттардың мемлекеттік тұрақты қоры жасалады. Соңғы мақсат үшін мемлекеттік алтын қордың бір бөлігі мен дайындалған шикізаттардың бір бөлігі бөлінеді.

10. Кедей ауыл тұрғындарын жабдықтау ерекше ереже бойынша мемлекеттік тәртіпте жүргізіледі.

11. Осы заңның да дамуында БОАҚ Халық комиссарлар кеңесіне бір айдан кеш емес мерзімге сәйкес толық ережелерді тапсыруы керек.

Решение партии и правительства по хозяйственным вопросам.  
Т. 1. М., 1967. С. 212—214.

## **РК(Б)П МӘСКЕУ КОМИТЕТІНІҢ АШЫҚҚАН ПОВОЛЖЬЕГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКШІЛЕРГЕ ҮНДЕУІНЕН**

Наурыз, 1922 жыл.

### **Соңғы сағат.**

Жұмысшылар, шаруалар, барлық еңбекшілер, Мәскеу губерниясының барлық адал азаматтары!

Жеті айдан аса сіздер әр күн сайын аштық туралы, 30 млн шаруаның азап шегуі туралы естіп жатырсыздар. 7 айдан аса сіздердің алдарыңызда өлім аузындағылардың өз өмірлері үшін күресінің аса қорқынышты көріністері өтіп жатыр. Барлық қалдық тамақтарды жеді. Өлексеге, үгітілген сабанға, қабыққа, шөптің жапырақтарына, тамырларына, бұтақтарын жеуге дейін барды. Топырақ пен ағаш жоңқасын жеп, ескі тері-тулақты кеміре бастады. Ит, мысық, тышқан,

сарышұнақтарды жеді. Барлық малды ғана емес, оның қиына дейін түк қалдырмай жеді. Нәр беретін түйірі болмаса да, тіске басатынның бәрін кемірді. Өліп бара жатқан адамдар өздеріне тамақтың тағы бір түрін тапты. Өліктерді жей бастады. Моладан қазып алды. Қоймалар мен қамбалардан ұрлады...

Туыстарының ауру, әлсіз, қарт адамдарды, балаларды өлтіріп жеген оқиғалары белгілі болды. Чуваш облысына барған біздің жұмыскер әйелдер аштықтан өз саусақтарын кемірген балаларды көрді. Адамдар азаптан жынданып жатты. Адамдық бейнесін жоғалтты. Аналары азаптарын көрмес үшін, өз балаларын өлтірді. Өлім күннен-күнге өсіп барады. Осы 7 айда өткеннің бәрі енді басталатын жағдаймен салыстырғанда, түкке тұрмайды. Енді бүкіл қоспаның соңғы түйіріне дейін желініп, барлық күш сарқылып біткен кезде, енді 60% ғана емес, Поволжьенің халқы түгілі бұрынғы ауқатты шаруаларға шейін ашығып, өмір мен өлімнің соңғы шегінде тұр.

Жаздық егіс уақыты — көктем жақындап келеді. Орасан күш һәм құрбандықпен Кеңес өкіметі ашыққан өлкеге жаздық тұқымды жинап-жеткізу жұмысын жүргізеді. Күзде қатты күш салуымен Кеңес өкіметі, Поволжьеге 14 млн пұт күздік тұқымды жинап өкелуге мүмкіндік туды. Поволжьенің күздік алқабы өз уақытында себілді. Жаздық егіс пен күздік астық тағдыры осы соңғы сағатта шешілмек. Біз волгалық егіншінің жұмыс күшін қолдаймыз ба әлде өлуіне мүмкіндік береміз бе, барлығы осыған байланысты. Поволжье — Ресейдің астық қоры. Поволжье Ресейде жинаған бүкіл астықтың бестен бір бөлігін берді. Ал соңғы революция жылдары Поволжье азық-түлік салғырты бойынша жинаған 640 млн пұт астықтан 230 млн пұт берді... соғыс жылдары ол бүкіл артық астық қорын Петроградқа, Мәскеуге, орталық губернияларға жіберді, жұмысшылар мен Қызыл Армияны қамтамасыз етті. Біздің бөріміз Поволжье шаруаларына қарыздармыз. Астықтың жетіспеуі, азық-түлік дағдарысы мен қымбатшылықтың басты себебі. Әрбір қадам сайын әрбір шаруаны, әрбір жұмысшыны Поволжье аштығы ұруда... Кешікпеу керек. Бұл соңғы сағат екенін ұмытпау керек. Көмекке асығу керек. Бұл өзімізге-өзіміз көмектесеміз деген сөз. Өрқайсысың ашыққандарды құтқару үшін не істедің, соны ойла?!.. Мәскеу жұмысшылары осы кезге дейін аз нәрсе берген жоқ. Олар өздерінің еңбекақылары мен жарналарынан үлес бөлді, сенбіліктер

мен жексенбіліктерде жұмыс істеді, өздеріне асырауға балалар алды. Шаруалардың қосқан үлесі азырақ болды. Ал басқа халықтікі одан да аз... Жұмысшылар мен қызметкерлердің бергені, мәселен, үй-күйсіз, аш-жалаңаш Англияның жұмыссыздарымен салыстырғанда аз. Онда 7 мың коммунист, олардың 4 мыңы жұмыссыздар, 1 ақпанға дейін 5000 фунт стерлинг жинап берді. Бұл тіпті ресми курс бойынша 7 млрд-қа жуық, ал Мәскеу губерниясы 1 ақпанға дейін тіпті 4 млрд жинай алмады. Мемлекеттің, шетелдік көмектің және Мәскеу губерниясының беретіні осы. Бізге тіркелген Чуваш облысынан 8 ашығушының тек біреуіне ғана өзер-мөзер қорек табылады.

Жұмысшылар, жұмыскер әйелдер мен қызметкерлер! Қалған 5 айда өздеріңіздің кәсіпорындарыңыздағы тұрақты жәрдемді күшейту жөніндегі мәселені талқылаңыздар. Кәсіпорындарыңызбен өздеріңіздің асырауларыңызға ашыққан балалардың топтарын алыңыздар.(...) Өздеріңізге Чуваш облысындағы асханаларды, азықтандыру пункттерін, балалар мекемелерін көмек ретінде күтуге алыңыздар.(...)

Барлық ізгі ниетті азаматтар, барлық еңбекшілер, естеріңізде болсын, осы үндеуді оқыған әрбір адам көмек беруге қол ұшын созбаса, ол — қанішер. Дер кезінде көмек ала алмай, азаптан, аштықтан өлгендердің өліміне ол ары алдында жауап береді. Күнделікті нанның ширек фунты адамды өлімнен құтқарады...

Осыны есте сақтаңыздар, көмекке асығыңыздар!  
Соңғы сағат туды. Көмекке асығыңыздар!

Московский комитет РКП(б). Государственное издательство:  
Московское отд. — март 1922 г.

## **РК(б)П-ның ХАЛЫҚ АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

*(РК(б)П-ның VIII съезінде қабылданған бағдарламасынан)*

Халық ағарту саласында РК(б)П 1917 жылғы Қазан төңкерісінен басталған істі соңына дейін жеткізуді өзінің міндеті деп санау, яғни мектептерді буржуазиялық таптың үстемдік құралынан босатып, қоғамды таптарға бөлуді толығымен жойып, коммунистік қайта өзгерту құралына айналдыру... Бұл жолдағы таяу уақыттардың ішіндегі басты міндет — Кеңес өкіметі белгілеген мектеп және ағарту ісінің мына төмендегідей негіздерін одан әрі дамыта түсу:

1) 17 жасқа дейінгі ұл және қыз балалардың ақысыз және міндетті жалпы политехникалық... білім алуының іске асуы;

2) қоғамдық тәрбиені жақсарту және әйелдердің жағдайын жеңілдету мақсатында бөбек үйі, балабақшалар, тағы басқа да мектепке дейінгі мекемелердің жүйесін құру;

3) ана тілінде оқыту, ұл және қыз балаларды бірге оқыту, діни ықпалдардан азат, коммунистік қоғам мүшелерінің жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін бірыңғай еңбек мектебінің принциптерін толық жүзеге асыру;

7) жұмысшылар мен шаруалардың өздігінен білім алып, сана-сезімін өсіруіне мемлекет тарапынан жан-жақты (мектептен тыс оқыту мекемелерінің жүйесін құру, кітапханалар, ересектерге арналған мектептер, халық үйлері мен университеттері, курстар, дәрістер, кино көрсету жолымен) көмек көрсету;

8) 17 жастан асқандар үшін кәсіпкерлік білімді кеңінен дамыту...

9) жоғары мектеп аудиторияларында оқуға ықыласы барларға, алдымен жұмысшылар үшін кең жол ашу, жоғары мектептерде сабақ беруге шамасы келетіндердің бәрін тарту, жаңа ғылыми күштер мен кафедра арасындағы барлық жасанды тосқауылдарды жою...

10) еңбекшілердің барлығына өзара тең жағдайда өнер қазыналарына кең жол ашу және оған қолайлы жағдай туғызу...

11) коммунистік идеяларды насихаттауды барынша кеңінен өрістету және ол үшін мемлекеттік биліктің аппараты мен қаржысын пайдалану.

КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Т. 2. С. 81—83.

## **БК(б)П XV СЪЕЗІ — АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БАҒЫТЫНДА**

*(ОК-нің есебі бойынша партияның XV съезінің  
қарарларынан)*

19 желтоқсан, 1927 жыл.

БК(б)П XV съезі ауыл шаруашылығының деңгейі әлі де болса өте төмен деп есептейді... съезд Орталық Комитетке

ауыл шаруашылығын көтеруді күшейту үшін практикалық шараларды қабылдауды тапсырады... Ары қарай кооперативтендіру негізінде бірінші кезектегі міндеттер ретінде ортақтастырылған (қоғамдастырылған) ауыл шаруашылығы еңбек өскінін барынша қолдап, дем бере отырып, ұсақ шаруа — шаруашылығын ірі өндіріс рельсіне (егін шаруашылығын механикаландыру мен қарқындату негізінде жерді ұжымдық өңдеу) біртіндеп өтуді қою. Ауыл шаруашылығын көтерудегі мұндай күш шаруалардың негізгі бөлігінің әл-ауқатын арттыру мүддесіне, ірі өнеркәсіп үшін рынокты (өнім мен шикізат өндірісін) ұлғайту мүддесіне, деревнядағы капиталистік элементтерді жеңуге, деревняны социалистік кооперативтендіру және техникалық қайта құру мүддесіне қажет.

КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Т. 4. С. 261.

**КСРО-ның БОЛГАРИЯДАҒЫ ӨКІЛЕТТІ ӨКІЛ  
Ф.Ф.РАСКОЛЬНИКОВТІҢ “СТАЛИНГЕ АШЫҚ ХАТЫНАН”**

**17 тамыз, 1939 жыл.**

Сталин, сіз мені “заңнан тыс адам” деп жарияладыңыз. Осы актімен сіз мені өзіңіздің иелігіңізде заңнан тыс тұратын күллі Кеңес азаматтарымен бірдей құқыққа, дәлірек айтсақ, құқықсыздыққа теңестірдіңіз.

Өз тарапымнан жауап бере отырып, өзіңіз құрған “социализм патшалығына” кіру билетін қайтарамын да, сіздің тәртібіңізден қол үземін.

Құрушыларына орын тек түрме торының ар жағынан ғана табылған сіздің “социализміңіз” шын социализмнен алыс жатыр, сіздің жеке диктатураның жүгенсіздігі жағынан пролетариат диктатурасымен ешқандай да ортақ мүддесі болған емес.

Ешкім де Кеңес Одағында өзін қауіпсіз сезінбейді. Жазықсызы да, жазықтысы да, Октябрь батыры да, революция жауы да, қарт большевик те, партияда жоқтар да, ұжымшар шаруасы да, полпред те, халық комиссары да, жұмысшы да, зиялы да, Кеңес Одағының маршалы да — тең шамада сіздің қамшыңыздың дүресіне ұшырағандардың барлығы да шайтанның қанды өткеншегінде тербелуде.

Сіз қанды жазаны бұрынғы троцкийшілдер мен зиновьевшілдер және бухариншілдерден бастап, содан соң қарт большевиктерді қырып-жоюға көштіңіз, сосын сіз азамат соғысы жылдарында өсіп, өздерінің иықтарына алғашқы бесжылдықтардың құрылысын көтерген партиялық және партияда жоқ кадрлардың көзін құрттыңыз, комсомолдарды ұрып-соғуды ұйымдастырдыңыз...

Қатал азаппен сіз елге керек әрі пайдалы кадрларды ұрып-соқтыңыз, олар сізге өзіңіздің жеке диктатураныңыздың көзқарасы бойынша қауіпті адамдар болып көрінді. Соғыстың қарсаңында елдің сүйіспеншілігі мен мақтанышы, оның қуатының тірегі болған Қызыл Армияны талқандамақшысыз.

Күдік-күмәнмен, өзара сенімсіздіктің салдарынан Қызыл Армия мен бүкіл елді сіз кескілеуге берген Ішкі істер Халық комиссариатының құдіреті, жаппай тіміскілегіш қызметкерлері өзіңіз құрған өрескел ортада кез келген “ұсталған” құжатқа сенеді немесе даусыз дәлел ретінде сенген адам болып қылымсиды.

Миссияның адал қызметкерлерінің беделіне нұқсан келтіруші жалған құжаттарды Ежовтың тыңшыларымен тырнай отырып, РОВС-ның “ішкі бағыты” капитан Фостың қолымен Болгариядағы біздің елшілік өкілдігімізді жүргізуші М.И.Казаковтан бастап әскери атташе полковник В.Т.Сухоруковқа дейін құртып-талқандауға қол жеткізді.

Гитлердің ізімен сіз ортағасырлық кітап өртеуді қайта жандандырдыңыз. Мен кеңестік кітапханалар жіберген сөзсіз, тез арада құртылуға тиісті кітаптардың салақұлаш тізімін өз көзіммен көрдім.

Біздің мамандарға деген тапшылық жағдайымызда әрбір мәдениетті һәм тәжірибелі дипломаттың ерекше бағалы екенін біле тұра сіз оларды Мәскеуге еліктіріп шақырып, барлық дерлік кеңестік елшілік өкілдіктерді бірінен соң бірін құртып жібердіңіз. Сіз Сыртқы істер халық комиссариатының күллі аппаратын тып-типыл етіп жойдыңыз.

Барлық жерде елдің алтын қорын, оның жас мамандарын жаппай құрта отырып, сіз талантты, көп үміт күттіретін дипломаттарды нағыз кемел жасында көзін жойдыңыз.

*Гребельский З.В. Федор Раскольников. М., 1988. С. 174—181.*

## ҚАЛАДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ КӨҢІЛ КҮЙІ

*(“Правда” газеті редакциясының бұқаралық жұмыс бөлімінің №52 мәліметтерінен)*

Маусым, 1929 жыл.

Жұмысшылардың көңіл күйі өте нашар, олар өмір сүріп отырған құрылысқа риза емес, бұрын, әсіресе бұдан ертерек жақсы тұрғандарын айтады. Олар сөз бен істің арасындағы алшақтыққа күйініш білдіреді. Фабрика қызметкерлерінің жұмысшыларға қатынасы адам төзгісіз, жұмысшының фабкомнан өз талап-тілектеріне жауап ала алмай еңреп шығатынын жиі көруге болады. Олар бұрынғы жағдайға қайта оралғысы келгенімен, ол жөнінде ашық айтпайды. Партия мен әкімшілік тарапынан кандидатураны зорлап ұсынып жатады, жұмысшылар келіспесе де жұмған аузын ашпайды, бөрібір пайдасыз екенін біледі.

...Жолдас Сталин, елге басшылық жасауда қандай да бір бетбұрыс керек, әйтпесе біз құримыз. Менің ойымша сіз нақты жағдай туралы өте нашар құлағдарсыз. Біз қазір жанартауда тұрмыз. Жұмысшылардың ынтымағы туралы осы қарарлардың барлығы тұтас көзбояушылық. Бұқара партияға деген сенімін жоғалта бастады, “үндемеген үйдей бөледен құтыладының” кебімен жақ ашпайды. Шаруалар туралы айтуға келмейді. Партия мен Кеңес өкіметін ішінен сөкпейтін бірде-бір жан жоқ екеніне бәс тігемін... Еңбекшілер: “Сталин, елді апатқа әдейі әкелуде, яки жергілікті қызметкерлер оның көзін байлап отыр”, — деп ақырын күңкілдесіп қояды (қатты айтуға қорқады). Партия басындағылар: “Біз апат қарсаңындамыз”, — деп, ал жұмысшылар (біле тұра) сіз Лениннің ісін тұншықтыру үшін қаскүнемдікпен жүргізіп отырсыз деп ойлаған кезде бұқараның энтузиазмі қайда қалады. Ал ашық айтуға барлығының қорқатын себебі, ешкім де рационализация құрбаны болғысы келмейді. Міне, мен де өзімнің фамилиямды жазбаймын. Тек қана мынаны білуіңіз керек, маған партия мен оның ісі қымбат, және де мені оңшылға да, троцкийшілге де жатқызбаңыз.

Оларға менің түкіргенім бар ма?! Тек Лениннің ісі ғана қымбат, ал ол болса, құрып барады... (Жұмысшы).

ЦГАНХ. — Ф. 7486. ОП. 37. Д. 65. Л. 102—104, 106, 107.



1928—29 жж. КСРО ҮКІМЕТІНІҢ ЕСЕБІНЕ АРНАЛҒАН  
МАТЕРИАЛДАРДАН

(1929 жылғы 1 қазаннан ерте емес)

**Өнеркәсіп.**

**Жалпы өнеркәсіптік жоспар және оның орындалуы**

***Өндірістік жоспарды орындау***

Есеп беру жылының өндірістік жоспарын орындау бесжылдық жоспардың, әсіресе ауыр индустрия салалары бойынша болжамдардың артық орындалуымен сипатталады. Жұмысшылардың артта қалған топтарының босаңсыған еңбек тәртібі жағдайындағы және ауылшаруашылық шикізаттарымен күштелген жағдайдағы бірқатар салалар үшін өте ауыр басталған. 1928—1929 жылдардағы өндіріс социалистік өнеркәсіпте және жұмысшы тобының өндірістік ынтасына тамырланған көп мүмкіндіктер мен резервтерді айқындап берді.

1928—1929 жылдарға арналған жоспар бүкіл өнеркәсіпте толығымен 2,3%-ға арттырылды, бұл жағдайда “А” тобы бойынша 2,4%-ға, “Б” тобы бойынша — 2,2%.

***Жаңа өндірістерді ұйымдастыру***

КСРО-дағы индустрияландыру процесі есеп беру жылында тек бұрыннан бар өндірістердің сандық өсімі есебінен ғана емес, өнімдердің құрамындағы сапалы өзгерістер есебінен де жүрді. Бұрыннан бар өндірістерді ары қарай кеңейтумен қатар революцияға дейін болмаған өнеркәсіптің бірқатар жаңа салалары мен өнеркәсіптің ескі салалары құрамында жаңа өндірістер құрылды. Шамамен алғанда, жалпы мәшине жасау өндірісінің жаңа көлемі 1928—1929 жылдары 200 млн сомнан кем болған жоқ. Мұнай өнеркәсібіне арналған мәшинелер мен құрал-саймандар (бұрғылау станоктары, терең сорғылар, мұнай құбырларына арналған сорғылар және т.б.), таскөмір өндіруге (шауып-үнгілеу мәшинелері, шойбалға және бұрғылау балғалары, конвейерлік жетектер, көмір жуушы, сұрыптаушы және т.б.) металл өнеркәсібі (металл өңдеуге арналған станоктар, өртүрлі арнаулы жабдықтар және т.б.) өндірісі жолға қойылды, химиялық мәшине жасау, құрылыс материалдары зауыттарының құрылысына арналған жабдықтар, жол мәшинелері, механикалық шыны зауыттарына арналған мәшине мен былғары жасау мәшинелерінің өндірісі етек алды. Кең көлемде тоқыма

мәшинелері (жіп иіру, бояу-аппретуралық, тоқыма автоматтары және т.б.) өндірісі жолға қойылды.

Трактор және автомобиль жасау саласында да үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Трактор жасау “Красный путиловец” және Харьков паровоз жасау зауыттарында жүргізілді. 1928—1929 жылдары олар 3267 трактор шығарды. Автомәшинелер өндірісі едәуір ұлғайтылды. Олардың саны 1927—1928 жылдары — 800, 1928—1929 жылдары — 1900 болды. Ауылшаруашылық мәшинелерін жасау саласында да жаңа өндірістің жолға қойылуы біршама дамуға қол жеткізді. Бұл өндірістер 1928—1929 жылдары барлық ауылшаруашылық мәшине жасау өнімдерінің 20%-ын артық орындауы.

### **Электр құрылысы және электрмен жабдықтау**

#### ***Электр құрылысының жоспары мен қорытындылары***

Электр құрылысы жоспарының техникалық қызмет стансысының (СТО) бекітуі бойынша, 1928—1929 жылдары мемлекеттік аудандық стансы желілері өз қуатын жаңа стансылар құрылысымен және бұрыннан бар стансыларды 170,5 мың кВт кеңейту, соның ішінде Ленин атындағы Шатур стансысы бойынша — 44 мың кВт, Смилович атындағы 1-Мәскеулік стансы — 35 мың кВт, Каширлік — 22 мың кВт, Нижегородтық — 22 мың кВт, Штеровтік — 22 мың кВт, Бакулік “Красная звезда” — 20 мың кВт, жаңа Саратовтық стансы — 5,5 мың кВт кеңейту есебімен ұлғайтуы қажет болатын. Есептік жылы шын мәнісінде ұлғайту 1555 мың кВт құрады.

Осы цифрларды салыстырудан пайдалануға берілетін қуат жоспардың 91%-ын құрағаны көрінеді және 1929 жылдың 1 қазанындағы жоспарда қарастырылған Каширлік, Штеровтік және Бакулік стансыларға жаңа турбогенераторлар әлдеқашан орнатылғанымен, қалыпты пайдалануға берілген жоқ, ал Саратов стансысы барлық жабдықтарының даярлығына қарамастан, шетелде жасауға тапсырылған бу құбырларын алуға кешіккен себепті, пайдалануға берілмейді.

#### **Концессиялар.**

#### ***Қолданылып жүрген концессиялар***

Өткен жыл бойына КСРО-да 59 концессиялық кәсіпорындар жұмыс жасады. Ұлты бойынша осы кәсіпорындар мынадай түрде бөлінеді: Германия — 12, Жапония — 11, Англия — 6, Аустралия — 5, АҚШ — 4, Польша — 4, Франция — 3, Швеция — 3, Финляндия — 2, Дания — 2.

## Әскери техника шығару туралы

... 1941 жылы, соғыстың басталуына бірнеше ай қалғанда, Таубин де өзінің құрамасына өзгерістер енгізіп, жана мерзім белгілеуді өтінді. Ал әскери Халком жуық арада жасалып біткен зеңбіректі алу үмітін әлдеқашан жоғалтқан, сол кезде басқа ұсыныстар да болды: дәлелдерді Таубиннің бөсекелесі жоғарғы білікті әрі үлкен тәжірибесі бар зауыттың конструкторлары мен технологтарына беру ұсынылды.

Осы ұсыныстардың екеуі де бір мезгілде енгізілді. Оларды қарау кезінде Г.М.Маленков Таубинді қолдады, бірақ ақырғы есепте әскери Халком өзінің жоспарын жүзеге асыруға ауызша болса да келісімге қол жеткізді.

Сонымен біз 23 миллиметрлік зеңбіректің тағдырын ең қуатты артиллерия зауыттарының бірінің үлгілі ұжымының қолына тапсырдық. Онда жақсы конструкторлар мен технологтар таңдаулы сападағы болаттар мен дайындамаларды қамсыздандырушы керемет жабдықтар мен өте жақсы металлургиялық база болды. Мүмкіндіктердің осындай қолайлы үйлесімі зеңбіректерді жедел түрде сериялық өндіріске шығаруды қамтамасыз етті.

## ЖАППАЙ ҰЖЫМДАСТЫРУ АУДАНДАРЫНДА ҚАЙТА ҚҰРУДЫ НЫҒАЙТУ, ҚУЛАҚТАРМЕН КҮРЕСУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

*(КСРО ХКК және ОАК-нің қаулылары)*

1 ақпан, 1930 жыл.

Ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру үшін аса қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді:

1. Жаппай ұжымдастыру аудандарында жерді жалға беру және жекеменшік шаруа — шаруашылықтарында жалдамалы еңбекті пайдалану туралы заң әрекетін жою (жерді пайдалану мен жерге орналастырушылықтың жалпы бастамасының VII және VIII бөлімдер). Орташалар шаруашылығына қатысты. Осы ережелерден өзгешеліктер округтік атқару комитеттерінің басшылығы және бақылауы аудандық атқару комитеттерімен реттеледі.

2. Өлкелік (облыстық) атқару комитеттері мен автономиялық республикалар үкіметіне осы аудандарда кулак-

тармен күресу үшін барлық қажетті шараларды — кулактардың мал-мүлкін толық тәркілеп, жекелеген аудандар мен өлкелердің (облыстардың) шегінен жер аударуға дейін құқық беру. Кулак шаруашылығының тәркіленген мал-мүлігі, мемлекеттік және кооперативтік ұйымдарға кулактардың қарызын өтеуге кететін бөлігінен басқасы, ұжымшарға кіруші кедейлер мен батрактардың жарнасы ретінде ұжымшарлардың бөлінбейтін қорларына жіберілуі тиіс.

3. Осы қаулыларды дамытуды одақтас республикалардың үкіметіне өлкелік (облыстық) атқару комитеттеріне қажетті нұсқаулар беруді ұсыну.

“Известия”, 2 февраля 1930 год.

### **ЛЕНИНГРАД КӘСПОРЫНДАРЫ КОМСОМОЛДАРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК ЖАСТАРҒА ҮНДЕУІНЕН**

21 қаңтар, 1933 жыл.

...Біз, Ленинград қаласының алдыңғы қатарлы “Красный Путиловец”, Балтық зауыты, Ленин атындағы зауыт, “Электрик” зауытының комсомолдары, біздің партиямыздың ОЖ пленумының тарихи шешіміне жауап ретінде ұжымшарлар мен кеңшарлардағы ұзақ мерзімді жұмысқа өзімізді шақырылды деп санаймыз. Біз кез келген ауданға, кез келген ұжымшарға төменгі өндірістік ұжымшарлық жұмысқа ерікті түрде баруға тілек білдіреміз. Осипов жолдас — тракторшы, Куликов жолдас — слесарь, Лебедев жолдас — есепші, Покрасс жолдас — ұста, комсомол мүшесі Зина Тараторина ұжымшардың балалар бақпасына баруға тілек білдірді. Осындай жұмыстарға біздің топтың қалғандарын да алуды өтінеміз.

## ЖАПОНИЯ

### ЖАПОНИЯДАҒЫ КҮРШ БҮЛГІ

*(Танака меморандумынан)*

25 шілде, 1927 жыл.

... Дүниежүзінде осыншама орман байлығы, материалдық қорлар мен ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығы (Маньчжурия мен Моңғолиядағы сияқты) басқа еш жерде жоқ.

Егер біз келешекте Қытайға бақылау жасауды өз қолымызға алғымыз келсе, біз АҚШ-ты қиратуымыз керек.

Ал Қытайды жаулап алу үшін біз, алдымен, Маньчжурия мен Моңғолияны жаулап алуымыз керек. Дүниежүзін жаулап алу үшін біз, алдымен, Қытайды және қалған Азия елдерін жаулап алуымыз керек. Үндістан және оңтүстік теңіздегі елдер бізден қорқып, тізе бүгеді.

... Біз әуелі Үндістан мен оңтүстік теңіздегі елдерді, содан соң Кіші Азия мен Орталық Азияны, ақырында, Еуропаны жаулап алуға көшеміз.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).

Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 753.

## КОРЕЯ

### ЖАПОН ОТАРШЫЛДАРЫНЫҢ КОРЕЯДАҒЫ ӨСКЕРИ-ПОЛИЦИЯЛЫҚ ЛАҢКЕСТІГІ

1931—1933 жылдар.

Жапон империализмі шын мәнісінде елге өскери жағдай енгізді.

Тек соңғы бір жарым жылда (1932 жылдан 1933 жылдың ортасына дейін) Кореяда революциялық қозғалысқа қатысты деген айыппен 8000-нан аса адам қамауға алынды. Қазіргі таңда Кореядағы “идеялық”<sup>1</sup> қозғалыс үшін

<sup>1</sup> Коммунистерді мадақтау қозғалысы.

қамалғандардың саны 2000-ға жетті. Кандо ауданында 1932 жылы 500-ден астам коммунистер атылды, ал революциялық шаруаларды қоса есептегенде жазаға тартылған адамдардың саны 30 000-нан асады.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 685.

## **КОРЕЯДАҒЫ ЖАПОНДАРҒА ҚАРСЫ ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨРІСТЕУІ**

*(үзінділер)*

**1931—1936 жылдар.**

1931 жылдың қыркүйегінен 1936 жылдың маусымына дейінгі аралықта генерал-губернаторлықтың азайтып көрсеткен мәліметтеріне қарағанда, корей партизандары мен жапон әскерлерінің арасында 23 928 қарулы қақтығыстар болған. Партизандардың саны осы уақыт ішінде 60 мыңға жетті. Сол толық емес жапон мәліметтеріне қарағанда, көрсетілген мерзім ішінде 4 321 жапон әскері мен полицейлері өлтірілді және жараланды, 18 144 солдат пен полицей тұтқынға алынған.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 686.

## **“ОТАНДЫ ҚАЙТА ЖАҒЫРТУ ҚОҒАМЫНЫҢ” БАҒДАРЛАМАСЫ**

*(үзінділер)*

**1935 жыл.**

1. Бүкіл корей ұлтын жапондарға қарсы жаппай бірлік майданын құруға, жапон империализмінің үстемдігін құлатып, шын мәніндегі халықтық корей үкіметін орнатуға жұмылдыру.

2. Корей және қытай халықтарының тығыз одақтасуы арқылы Жапонияны қуып шығып, ... Қытай аумағында тұратын корейлерге автономия беретін революциялық үкімет құруға жәрдемдесу.

3. Жапон әскерлерін, жандармериясын, полициясын қарусыздандырып, саяси күреске қатысушы халықты қаруландыру. Корей халқының тәуелсіздігі үшін күрес жүргізетін армия құру.

4. Барлық жапон банктерін, кәсіпорындарын, темір-жолдарын, кемелерін, шаруалар фермаларын, шеберханаларын, сонымен бірге ұлт опасыздары мен жапондарды қолдаушы элементтердің мал-мүлкі мен жерін тәркілеу...

5. Жапония және оның сыбайластары тағайындаған міндеттерді, салықтарды, монополияларды жою. Халық бұқарасының тұрмысын жақсарту. Ұлттық өндірісті, ауыл шаруашылығын, сауданы барынша дамыту.

6. Халыққа сөз, баспасөз, ар-ұждан, жиналыс, ұйымдасу бостандықтарын беру, барлық саяси тұтқындарды босату. Отарлық езгі мен феодалдық идеологияның қалдықтарын жою үшін күресу.

7. Корейлерді ассимиляция жасауға бағытталған отаршылдық білім беру жүйесін жою. Жастарды күштеп әскерге алу мен әскери оқытуды жою. Ана тілінде міндетті түрде тегін білім алуды енгізу.

8. Корей ұлтына терезесі тең деп қарайтын халықтар және мемлекеттермен тығыз байланыстар орнату. Біздің ұлт-азаттық қозғалысымызға достық бейтараптық тұрғыдан қарайтын мемлекеттер және халықтармен достық қатынастар орнату.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 689.

## **КОРЕЯ ХАЛҚЫ АРАСЫНДА ТАРАТЫЛҒАН КОРЕЙ ПАРТИЗАНДАРЫНЫҢ ҮНҚАҒАЗДАРЫНАН**

*(үзінділер)*

**1 маусым, 1937 жыл.**

Барып тұрған қатал, қарақшы жапон империализмі Кореяны басып алып, отаршылдық генерал-губернаторлық тәртіп орнатып, 20 жылдан астам уақыт бойында біздің Кореядағы отандастарымызды азаптап, құртуда...

Ол — ол ма, жапондықтар біздің халқымызды Екінші дүниежүзілік соғыстың қырғынына айдап салып, Қытайға қарсы басқыншылықтың құралына айналдыруға тырысуда. Біздің халқымызға аса күшті қауіп төнді. Бұл қиын жағдайдан шығу мақсатымен өз халқымыздың жағдайын батыл өзгертуге ұмтыла отырып, біз, Корея және Қытай халықтарының біріккен армиясы барлық ұлтпен тығыз топтасып, біздің жауымыз — жапон империализміне қарсы

күресіп, оның үстемдігін құлатып, елімізді азат ету үшін шайқасқа шықтық. Соңғы 6—7 жылдың ішінде Маньчжурияның далаларындағы қантөгіс шайқастарда жапон империализміне қандай елеулі соққы бергеніміз бүкіл дүниежүзіне жақсы мәлім...

Сансыз жапа шеккен отандастарымыз! Жапонияға қарсы біртұтас майданға бірігіңдер! Біздің армиямыздың партизандық күресіне қолдан келгенше көмектесіңдер! Жапон империализмінің үстемдігіне батыл қарсы шығып, бар күштеріңізбен халықтық үкімет құруға ұмтылыңыздар!

Жапонияға қарсы Біріккен армияның

3-әскерінен Солтүстік Кореяға жорыққа

шығатын қосын командирі

**Ким Ир Сен**

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).

Документы и материалы.

Т. 1. М., 1960. С. 690.

## ҚЫТАЙ

### 1919 ЖЫЛДЫҢ 4 МАМЫРЫНДА ПЕКИНДЕ БОЛҒАН ШЕРУ КЕЗІНДЕ СТУДЕНТТЕР ТАРАТҚАН ҮНҚАҒАЗ

Таяуда Жапония бітім конференциясында Циндаоны бөліп алу және Шаньдунге бақылау жасау құқығын талап етті және дегеніне қол жеткізді. Оның жеңісі біздің жеңілісімізді білдіреді. Жапонияға Шаньдунде билік ету құқығын беру Қытайдың тәуелсіздігін бұзып, елді апатқа әкеп тірейді. Сондықтан да біз, студенттер, ұйымдасқан түрде шетел елшіліктеріне барып, барлық елдерден қолдау, әділеттілік талап етеміз. Біз, жұмысшылар, саудагерлер және халықтың басқа да топтары ұлттық жиналысты шақырып, ұлттық тәуелсіздігімізді қорғап қалу үшін қолдан келген шаралардың бәрін жасайды деп үміттенеміз. Қытайдың келешекте өмір сүруі немесе құрып кетуі осыған байланысты. Барлық отандастарымыз еліміздің жерін бөлшектеуге болмайтындығын түсінуі керек. Халықтың бас июіне жол бермеу керек. Отандастар, елімізге қауіп төнді, күреске шығыңдар!

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).

Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 593—594.



## ҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ VI СЪЕЗІНІҢ САЯСИ ҚАРАРЛАРЫ

Қытай революциясының қазіргі кезеңі өзінің сипаты жағынан буржуазиялық-демократиялық болып табылады. Қытай революциясының қазіргі кезеңі социалистік революцияға айналды, сол себептен Қытай революциясын “үзіліссіз” революция деп есептеу қателік болар еді, себебі: а) елдің шын мәнісіндегі бірігуі аяқталған жоқ, ол әлі империалистік тепкіден азат етілген жоқ; ә) помещиктік жер иелену жүйесі әлі жойылған жоқ, феодалдық қалдықтардың тамыры қиылған жоқ; б) қазіргі өкімет халықаралық империализмнің экономикалық және саяси қолдауына арқа сүйеген ұлттық буржуазияның кертартпа одағының өкіметі...

Сондықтан да Қытай революциясының қазіргі өзегі, оның негізгі және басты ортақ міндеттері мынадай: а) империалистерді елден қуып шығып, Қытайдың шын мәнісінде бірігуін аяқтау; ә) помещиктік жер иелену формасын жүйелі түрде толық жою, аграрлық реформаны іске асыру және жер иелену жүйесін, оның аяғына тұсау болып отырған барлық жартылай феодалдық қалдықтарынан толық тазарту.

Капиталистік өндіріс тәсілінің шеңберінен шықпайтын бұл екі міндетті тек қана қарулы көтерілістің революциялық әдістерімен, империалистік үстемдік пен помещиктердің, соғысқұмарлар мен буржуазияның, Гоминьданның саяси билігін жою жолымен, пролетариаттың басшылығымен және жұмысшы-шаруалардың демократиялық диктатурасын орнату жолымен ғана жүзеге асыруға болады.

Сондықтан да Қытай революциясының қазіргі буржуазиялық-демократиялық кезеңіндегі үшінші міндеті — жұмысшылар, шаруалар және солдаттар өкілдері жиналыстарының (кеңестерінің) билігін орнату үшін күресу болып табылады. Бұлар еңбекшілердің қалың бұқарасын мемлекетті басқаруға тарту мен қатыстырудың, жұмысшылар мен шаруалардың диктатурасын орнатудың ең жақсы түрі...

## ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ САЯСИ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қытай революциясының қазіргі кезеңдегі басты ұрандары:

1. Империализм үстемдігін құлату.
2. Шетел капиталының қарамағындағы банктер мен кәсіпорындарды тәркілеу.

3. Қытайды біріктіріп, халықтардың өзін-өзі басқару құқығын мойындау.

4. Гоминьдан соғысқұмарларының билігін құлату.

5. Жұмысшылар, шаруалар және солдат өкілдері жиналыстарының (кеңестерінің) билігін орнату.

6. 8 сағ-тық жұмыс күнін бекіту, жалақыны көбейту, жұмыссыздарға көмектесу, қамсыздандыру, т. б.

7. Барлық помещик жерлерін тәркілеу және оларды шаруаларға бөліп беру.

8. Жауынгерлердің жағдайын жақсарту, оларға жер және жұмыс беру.

9. Соғысқұмарлар енгізген барлық жергілікті алым-салықтарды жойып, бірыңғай үдемелі салықты енгізу.

10. Халықаралық пролетариатпен және КСРО-мен одақтасу.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).

Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 630.

### 1919 ЖЫЛҒЫ “4 МАМЫР” ҚОЗҒАЛЫСЫ

Қазан төңкерісінің Қытайға ықпалының бірден-бір жарқын көрінісі 1919 жылғы “4 мамыр” қозғалысы болды. “4 мамыр” қозғалысы Қытай провинциясы Шаньдунды Жапонияға берген Париж бітім конференциясының шешімдеріне жауап болды. Қозғалысқа студенттер, жұмысшылар, сатушылар және қызметкерлер қатысты. Ол 10 млн-нан астам адамды қамтыды және Қытайдың барлық ірі қалаларына жапшай таралды. Қозғалыс антиимпериалистік сипат алды және Қытайдағы ұлт-азаттық күрестің жайылуына жәрдем жасады. Ұлы Қытай революционер-демократы Сунь Ятсен осы көтерілісті жоғары бағалады.

Төменде 1920 жылы қаңтарда Сунь Ятсен жазған “4 мамыр” қозғалысының мәні туралы айтылған “Гоминьданның шетелдік мүшесіне хаттан” үзінді келтіріледі.

Пекин университеті студенттерінің бастауымен болған “4 мамыр” қозғалысын сол уақыттан бергі патриоттық көңіл күйдегі барлық жастардың болашақты жаңғырту алдындағы дайындық идеясы ретінде қарастыруда. Қазір бұл идеялар кең көлемді талас-пікірдің өзегіне айналды. Тұрғын халықтың барлық таптарының қоғамдық пікірі оларды бірауыздан қолдайды. Уақыт талаптарына байланысты әр

жерде жастардың энтузиазімен рухтанған мүмкіндігі мол жаңа басылымдар пайда болуда. Бұл басылымдар қоғамға орасан зор ықпал ететін, қайралған өткір әдеби шеберлігімен және стиль нақыштылығымен ерекшеленеді. Тіпті кертартпа қолжаулық үкімет өзінің жауыздығына қарамастан, олармен қару айқастыруға байланысты ешбір шешімге келе алмай отыр. Жаңа мәдениет жолындағы қазіргі қанат жайған бұл қозғалыс, біздің еліміздегі ойлы адамдардың айналасында бұрын-соңды болып көрмеген өзгерістерді ақиқат тұрғысында көрсетуде... Егер бұл қозғалыс өршіп кеңейетін болса, онда ол мәңгілік жемістер әкелетініне ешқандай күмән болмауы керек...

*Сунь Ятсен. Избранные произведения. М., 1964. С. 334.*

### МАО ЦЭДУН “4 МАМЫР” ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ

“4 мамыр” қозғалысы дүниежүзілік революцияның, орыс революциясының, Лениннің үндеулеріне жауап ретінде дүниеге келді. Ол дүниежүзілік пролетарлық революцияның бір бөлігі болды. “4 мамыр” қозғалысы кезінде Қытай коммунистік партиясының құрылмағанына қарамастан, сол кездің өзінде-ақ зиялы қауымның көптеген өкілдері орыс революциясына ынтымақтас болып, коммунистік идеялармен таныса бастаған еді. “4 мамыр” қозғалысы 1921 жылы құрылған Қытайдың коммунистік партиясын идеологиялық жағынан да, кадрлар жағынан да дайындады.

*Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).*

*Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 594.*

### КЕҢЕС-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ РЕСЕЙ ТЕЛЕГРАФ АГЕНТТІГІНІҢ ХАБАРЫ

27 қаңтар, 1923 жыл.

27 қаңтар. Шанхай. Сунь Ятсен мен Ресейдің Қытайдағы тұрақты өкілі төмендегі хабарды жариялауға өкілеттік берді.

Шанхайда болған кезінде РКФСР өкілі Сунь Ятсенмен бірнеше рет әңгімелесті. Әңгімелесулер барысында олардың қытай-орыс қатынастарына, әсіресе мына мәселелер төңірегінде көзқарастарының толық сәйкес келетіндігі анықталды:

1. Сунь Ятсен: “Қазіргі кезеңде Қытайға коммунистік құрылысты, тіпті кеңестік жүйені енгізуге болмайды, себебі мұнда коммунизм мен социализмді табыспен іске асыратын

жағдайлар жоқ”, — деп есептейді. Бұл көзқарасты РКФСР-дің өкілетті өкілдігі толығымен қуаттайды, яғни Қытайдың ең қажетті және маңызды міндеттері оның ұлттық бірігуі мен толық тәуелсіздігін алуы деп есептейді. “Осынау ұлы істе, — деп сендірді ол Сунь Ятсенді, — Қытай орыс халқының тарапынан ең ыстық ықыласқа ие және Ресейдің қолдауына сенуге болады”.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 606.

### ЦЗИНГАНШАНЬДАҒЫ ҚЫЗЫЛ ТУ

1927 жыл.

1927 жылдың соңында біз Цзинганшань ауданына келдік. Біздің алдымызда жаңа база салуды бастау міндеті тұрды. Ең алдымен, Цзинганшань аймағында орналасқан Нинган, Юнсинь, Суйчуань, Ляньхуа, Чалинь, Ваньвань және Линсянь уездерінде партия ұйымдары құрылып, жұртшылық аграрлық реформаны іске асыруға жұмылдырылды. Помещиктердің жерлері тәркіленіп, кедей шаруаларға үлестіріліп берілді. Жергілікті революциялық қарулы күштер, Қызыл армия қосындары, шаруалардың көтеріліс қосындары, пионер қосындары, т. б. ұйымдастырылды. Бұл аудандарда біз гоминьданның кертартпа үкіметін құлатып, халықтың өзінің үкіметін, яғни жұмысшы-шаруа және солдат үкіметтерін орнаттық. Халық бұқарасы, өрине бұған риза болып, бізді қошеметпен қарсы алды .

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 629.

### РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ БАЗАЛАРДЫҢ ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҮКІМЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

10 қаңтар, 1933 жыл.

Қытай Кеңес үкіметі және жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының Революциялық кеңесі Қытай жұртшылығының алдында қазіргі кезеңде ұлттық-революциялық соғысты ұйымдастыру мен жүргізу қажеттілігін жариялайды. Қытай Қызыл Армиясы жапон империализміне қарсы бірігіп күресу үшін кез келген қарулы күштермен мына төмендегідей жағдайларда әскери келісім жасасуға дайын:

— кеңестік аудандарға шабуылды дереу тоқтату;  
— халық бұқарасына дереу демократиялық құқықтар (жиналыстар, ұйымдар құру, сөз және баспасөз бостандығы, т. б.) беру;

— халық бұқарасын дереу қаруландыру, Қытайды қорғау және оның тәуелсіздігі мен бірлігі және аумақтық тұтастығы үшін күресетін еріктілердің қарулы жасақтарын құру.

Біз, Қытайдың қалың бұқарасы мен солдаттары, осы үндеуге жауап ретінде Қытайдың тәуелсіздігі, бірігуі мен аумақтық тұтастығы үшін халықтық-революциялық соғыс ұйымдастырады деп күтеміз. Жапон және басқа да империалистерге қарсы, сонымен бірге олардың сатқын және тізе бүккен агентурасы гоминьданға қарсы күреске, қарулы халықтық және ұлттық революциялық соғысты өрістетуге бірігіңдер.

Қытай Кеңес Республикасы  
ОАК төрағасы

Мао Цзэдун

Революциялық соғыс кеңесінің  
төрағасы және Қытай жұмысшы-шаруа  
Қызыл Армиясының бас қолбасшысы

Чжу Дэ

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).

Документы и материалы.

Т. 1. М., 1960. С. 641—642.

## ҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚКП МЕН ГОМИНЬДАН АРАСЫНДА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕСІ

1937 жыл.

Қымбатты отандастар! Қытай коммунистік партиясының ОК-і қазіргі еліміз үшін аса қиын-қыстау жағдайда, ұлтымыздың тағдыры шешілейін деп жатқан кезде, біз отандастарымызды апаттан сақтап қалуға ұмтылып, Гоминьдан мен сыртқы жауға тойтарыс беру мақсатымен бейбітшілік, бірлік және топтасу негізінде өзара түсініскенімізді аса зор қуанышпен хабарлаймыз және елімізді сақтап қалу үшін бірлесіп қимыл жасаймыз...

Жаудың арам ойын іске асырмау үшін, барлық ізгі ниетпен адасушылардың күдігін сейілту үшін және өзінің ұлт-азаттық іске шын берілгендігін дәлелдеу мақсатымен Қытай компартиясының ОК-і бүкіл ел алдында:

Компартия:

1) Қазіргі кезде Қытай үшін өте қажет болып тұрған Сунь Ятсеннің үш халықтық принципін жүзеге асыру үшін дәйектілікпен күреседі;

2) Гоминьдан өкіметін құлату үшін көтерілістер ұйымдастыру саясатын, кеңестендіру және помещик жерлерін күштеп тәркілеу саясатын тоқтатады;

3) Қазіргі кеңес үкіметін таратып, бүкіл елде бірыңғай билік жүйесі болсын деген мақсатпен демократиялық режим орнатады;

4) “Қызыл Армия” деген атауды және оның бөлімдерінің сандарын өзгертіп, оны ұлт-азаттық армиясы етіп қайта құрып ұлттық үкіметтің әскери кеңесіне бағындырады және оның Жапон басқыншыларымен күрестің алдыңғы шебінде боламыз деп уәде беретін майданда күресуі туралы бұйрықты күтеді — деп тағы да салтанатты түрде мәлімдейді...

Жау елімізге тереңдеп еніп кетті! Қауіп-қатер күшейді! Отандастар, күреске көтеріліңдер, бірігіңдер!

Хрестоматия по новейшей истории (1939—1945 гг.).  
Документы и материалы. Т. 2. М., 1960. С. 584—585.

#### ҚЫТАЙ КЕҢЕСТЕРІ ТУРАЛЫ

Сан жағынан басым әрі жақсы қаруланған қарсыласымен азамат соғысы жағдайында Қытай Кеңестерінің қызметі қарулы күрестің басты мақсатына бағындырылды...

Қытай Кеңестерінің құжаттары ел аумағының бір бөлігінде Кеңестер заң актілерінің көпшілігі азамат соғысы жағдайында жүзеге асырылмағанына қарамастан, халық бұқарасының мақсаттарын көздейтін әлеуметтік өзгерістер болғандығын көрсетеді. Олар толығымен тек Орталық кеңес ауданының көлемінде толығырақ жүзеге асырылды. Көптеген ұсақ кеңес аймақтарының әлсіздігі, бір-бірінен бөлектігі, тұрақсыздығы мен олардың Орталық кеңес аудандарымен байланысының нашарлығы кеңес қозғалысын жаншып тастау қаупі күн сайын төніп тұрған жағдайда бірыңғай заңды іске асыруға және оны жергілікті жағдайларға сай реттеп отыруға мүмкіндік бермеді...

Қытай революциясының кеңестік дәуірінде Қытай компартиясы өзінің қарулы күштерін — Қызыл Армияны құрды, ол коммунистік партияның басшылығымен шаруаларды елдегі революциялық қозғалысты дамытудың маңызды құралы есебінде топтастырды.

Қызыл Армия бейбіт халықтың арасындағы ағарту және кеңес партия кадрларын дайындау, жергілікті жерлердегі өкімет органдары мен кеңестерді қайта құру, ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізуге көмек, әлеуметтік-экономикалық шараларды жүргізуді ұйымдастыру, саяси және өкімшілік жұмыстарын өз мойнына алды...

Кеңес қозғалысы өнеркәсібі дамымаған, жұмысшы табы жоқ, артта қалған ауылдық жерлерде өрістеді. Сондықтан да революцияның басты қозғаушы күші шаруалар, анығырақ айтқанда, олардың кедей топтары болды. Батырақтар, кулактар, ұсақ қолөнершілер, кедей шаруалар Қызыл Армияның, жергілікті революциялық өкімет органдарының негізін құрды. Коммунистік партия бізде негізінен сипаты жағынан шаруалық партия болды.

*Майстрова З.Е.* Становление революционной власти в советских районах Китая (1927—1937 гг.). Новосибирск, 1988. С. 121—124.

## **ШЭНЬСИ-ГАНЬСУ-НИНСЯ ШЕКАРАЛЫҚ АУДАНЫ ӨКІМШІЛІК ЖҮЙЕСІ ҰЙЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

*(1943 жылы 25 сәуірде қолданысқа енгізілген)*

1. Шекаралық аудандағы жоғары өкімшілік ұйым Халықтық-саяси кеңес, әртүрлі сатыдағы үкімет болып табылады, олар сәйкес сатылардағы Халықтық-саяси кеңестердің шешімдеріне бағынады...

4. Шекаралық ауданның Халықтық-саяси кеңесі сессияларының аралығында жоғарғы өкімшілік істерді жүргізу және басшылық жасауда шекаралық ауданның Халықтық-саяси кеңесінің алдында жауапты.

5. Ояздық үкімет Шекаралық ауданда өкімшілік қарекетті жүзеге асырушы негізгі ұйым болып табылады.

6. Болыстық (қалалық) үкімет шекаралық аудан үкіметінің базисті үкіметі болып табылады. Олар болыстықтың (қалалардың) өкімшілік істерін атқаруда оның үстінде тікелей тұрған үкімет пен сол сатылардағы халықтық-саяси кеңестердің алдында жауапты...

*Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. М., 1960. С. 584—585.*

## МОҢҒОЛИЯ

### МОҢҒОЛИЯНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ-РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҮКІМЕТІ МЕН БОҒДЫХАН АРАСЫНДАҒЫ СЕРТТІ КЕЛІСІМ

1 қараша, 1921 жыл.

1. Моңғол мемлекетінің ханы — Чжебцзун-Дамба-хутухта қасиетті сары діннің басшысы, мемлекеттік жұмыстарға араласпайды, ал діни мәселелерде шексіз құқықтарға ие.

2. Чжебцзун-Дамба-хутухта конституциялық монархия түріндегі басқару жүйесі бар Моңғол халық мемлекетінің ханы бола тұра, барлық мемлекеттік істерді халық үкіметінің төрағасы арқылы жүргізеді.

3. Үкімет бастамасы бойынша Моңғол халық мемлекетінің негізін жақсарту мен нығайтуға бағытталған және халық игілігіне арналған заң актілері Боғдыханға баяндалғаннан соң ғана іске асырылады, Боғдыхан ондай заңдарды қабылдаусыз тастай алмайды. Басқа сипаттағы ұсынылған заң актілерін Боғдыхан өзіне баяндалған кезде екінші рет талқылау үшін қайтарып бере алады, алайда тек бір-ақ рет.

4. Мемлекеттік төңкеріс немесе басқа да іштей төртіпсіздік басталса, үкімет Боғдыханға баяндамай-ақ, маңызды шаралар қолданып, заң шығара алады.

Халықтық-революциялық үкімет пен Боғдыхан келісімге қол қоя отырып, оны мүлтіксіз сақтауға серт береді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 698, 699, 702.

### МОҢҒОЛИЯДА РЕСПУБЛИКАНЫҢ ОРНАУЫ

13 маусым, 1924 жыл.

Халық үкіметі мен Боғдыхан арасындағы сертті келісімнің тоқтатылуына байланысты (соңғысының қайтыс болу себебінен) республика жарияланды.

1. Боғдыханның мөрін сақтау үшін үкіметке тапсырылсын.

2. Елде мемлекет басшысы ретінде президентсіз республикалық құрылыс енгізіліп, жоғары билік Ұлы Халық Хуралы мен ол сайлайтын үкіметке берілсін.

3. Моңғол Халық Республикасының бір жылдығы Моңғол мемлекетінің құрылған күнімен бірге әр жылда сол Айтуған сәттің 6-сы күнінде мерекеленсін.



4. “Билігін көпшілік мойындаған” [хандықты] басқару жылы сол күні, осы жылдың 14-нен бастап “Моңғол мемлекетінің жылы” деп өзгертілсін.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 698, 699, 702.

### В.И.ЛЕНИННИҢ МОҢҒОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫМЕН ӘНГІМЕЛЕСУІ

5 қараша, 1921 жыл.

1921 жылы 5 қарашада В.И.Лениннің Моңғол Халық Республикасының делегациясымен әңгімелесуі болды. МХР делегациясымен әңгіме барысында В.И.Ленин халықтық Моңғолияның Кеңестік Ресеймен ең тығыз саяси және шаруашылық одағының қажеттілігін атап көрсетті. Әңгімеде В.И.Лениннің МХР капиталистік емес даму мүмкіндіктері мен қажеттіліктері, Моңғол Халық-революциялық партиясының міндеттері туралы маңызды жағдайлары баяндалды.

Моңғол делегациясының қойған алғашқы сұрағы: “Жолдас Ленин, біздің елімізде халықтық-революциялық партия құруға қалай қарайсыз және біз үшін ең бастысы не болып табылады?”

Жолдас Ленин біздің делегацияға біздің елдің халықаралық жағдайын ұғындыра келіп, МХР географиялық жағдай күшінде империалистік мемлекеттер соғыс болған жағдайда біздің елді басып алуға ұмтылатынын және оны басқа елге қарсы әскери іс-қимылдардың плацдармына айналдыратынын көрсетіп берді. “Сондықтан, — деді жолдас Ленин, — сіздің елдің барлық еңбекшілерінің жалғыз-ақ дұрыс жолы кеңестік Ресейдің жұмысшылары мен шаруалары одағында мемлекеттік және шаруашылық тәуелсіздігі үшін күресі болып табылады. Бұл күресті оқшау жүргізуге болмайды, сондықтан моңғол араттарының (малшыларының) партиясын құру — олардың күрестерінің табысты жағдайлары болып табылады”.

Моңғол делегациясының келесі сұрағы: “Халық-революциялық партиясын коммунистік партияға айналдыруға бола ма?”

Ленин жолдастың жауабы:

“Мен мұны құптамаймын, өйткені бір партияның екінші партияға “айналуы” мүмкін емес”.

Пролетариат партиясы ретіндегі коммунистік партияның мәнін ұғындыра келіп, Ленин жолдас былай деді: “Револю-

ционерлерге өз жерінің мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылымын жақсарту үшін, бұрынғы бақташылық элементтен пролетарлық бұқара құрылғанша жан аямай жұмыс істеулері керек.

Ленин жолдас МХР капиталистік емес даму мүмкіндігі мен қажеттілігі идеясын кең көлемде дамытуды айтты және де капиталистік емес даму жолына өтуді қамтамасыз етуші басты жағдай екендігіне тоқталды. Халықтық-революциялық партия мен үкіметтің жұмысын күшейту, осы жұмыстар мен партия ықпалының күшеюі нәтижесінде кооперативтердің өсуі, партия мен үкіметтің маңына елдің экономикалық және мәдени дамуы үшін туысқандық топтасатындай шаруашылық жүргізу мен ұлттық мәдениеттің жаңа түрлерінің ұластырылуы болып табылмақ. Партия мен үкіметтің ықпалымен құрылған жаңа шаруашылық укладтың шағын аралдарынан ғана бақташы Моңғолияның жаңа капиталистік емес экономикалық жүйесі құрылмақ.

*Ленин В. И. Беседа с делегацией Монгольской Народной Республики. Полн. собр. соч. Т. 44. С. 232—233.*

## **МОҢГОЛ ХАЛЫҚ ҮКІМЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛ АРМИЯ БӨЛІМДЕРІНІҢ ІШКІ МОҢГОЛИЯ ЖЕРІНЕ КІРУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕҢБЕКШІ АРАТТАРҒА [МАЛШЫЛАРҒА] АРНАҒАН ҮНДЕУІ**

25 маусым, 1921 жыл.

### **Барлық моңғол халқына!**

Халық армиясы жағында Кеңестік Ресейдің Қызыл Армиясының әскерлері соғысуда. Олардан қорықпандар, олар тонаушылықпен, кісі өлтірушілікпен айналысатын Гоминдер немесе Унгерннің ақ жемдеттері емес. Қызыл Армия бүкіл дүниежүзінің езілген халықтарына ұлты мен дініне қарамастан олардың ұлттық азаттық алуына көмектесуде. Сондықтан да оларды басқалардың жерін, байлығын, мал-мүлкін талап алуға ұмтылатын империалистік елдердің қанқұмар әскерлерімен шатастыруға болмайды.

Қызыл Армия халық бұқарасының мүддесін бәрінен де жоғары қояды, ол қарақшы жемдеттерді талқандау үшін күреседі және біздің еліміздің халқын тонауға ешқашан да жол бермейді.

Қызыл Армия Унгернді талқандағаннан соң Ресейге қайта оралады. Біз халықты еш алаңдамай өз тіршілігін жасай

беруге шақырамыз. Үрей таратып, мал-жанын тастап қашып кеткендер қатаң жауапкершілікке тартылады.

#### **5-АРМИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӘСКЕРИ КЕҢЕСІНІҢ МОҢҒОЛ ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ**

2 шілде, 1921 жыл.

Моңғолдар! Сіздердің қалаларыңыз бен киіз үйлеріңіз, монастырьлар мен храмдарыңыз, малдарыңыз бен жайылымдарыңызға тиіспейміз. Біз сіздерге қалай өмір сүруді үйретпекші емеспіз, бұрын қалай өмір сүрсеңіздер, қазір де солай өмір сүре беріңіздер. Өз елдеріңіздің ұлы халық жиналысында бүкіл моңғол халқы қалаған өмір жолын өздеріңіз таңдап аларсыздар.

Унгерн және оның қарақшылары талап алған мал-мүлік өзінің бұрынғы иелеріне қайтарылып беріледі. Біздің қызыл әскерлер Моңғол халықтық-революциялық үкіметімен, Моңғол халықтық-революциялық Қызыл армиясымен толық ынтымақтасып қимыл жасайтын болады.

5-армияның Революциялық әскери кеңесі.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 696—697.

#### **МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТЫҚ-РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ ОК-нің ІІІ ТӨТЕНШЕ ПЛЕНУМЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Маусым, 1932 жыл.

Бүкіл партияның ынтасы мен жұмысы республиканы жаңа типтегі тәуелсіз мемлекет ретінде нығайтуға, оның өндіріш күштерін барынша дамытуға, феодализмнің қалдықтарын түбіріне дейін жоюға, еліміздің шаруашылық дамуының міндеттеріне сай қанаушы элементтерді біртіндеп тежеуге, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға, капиталистік емес жолмен дамуға көшудің негізін салуға бағытталуы тиіс.

#### **КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫ МЕН МОҢҒОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА КӨМЕК ТУРАЛЫ ХАТТАМАДАН**

12 наурыз, 1936 жыл.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Моңғол Халық Республикасының үкіметтері осы хаттамаға қол қойды.

**1-бап.** КСРО немесе Моңғол Халық Республикасының аумағына үшінші бір мемлекеттің тарапынан шабуыл жасау қаупі төнсе, КСРО мен МХР үкіметтері қалыптасқан жағдайды тез арада бірігіп талқылауға және өз аумағын қауіпсіздендіруге қажетті шаралардың барлығын қолдануға міндеттенеді.

**2-бап.** КСРО және МХР үкіметтері келісуші жақтардың біреуіне әскери шабуыл жасалған жағдайда бір-біріне кез келген, соның ішінде әскери көмек көрсетуге міндеттенеді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 705—706.

### **МОҢҒОЛ ХАЛҚЫНЫҢ КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ ХАЛЫҚТАРЫНА ФАШИСТІК ГЕРМАНИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІНДЕ КӨРСЕТКЕН КӨМЕГІ**

**1941—1945 жылдар.**

Елде кеңес армиясының жауынгерлеріне сыйлық жинау науқаны басталып, ол тез арада кең қанат жайды. Небәрі екі-үш айдың ішінде көптеген сыйлық жиналып, 1941 жылдың қарашасында майданға алғашқы сыйлық тиеген эшелондар жөнелтілді... МХРІІ Орталық Комитетінің Пленумы (1941 ж. қарашада) КСРО-ны қорғау қорына қаражат жинау мен кеңес армиясының жауынгерлеріне сыйлық жинауды одан әрі дамытуға шақырды. Моңғол халқы бұл үндеуді қызу қарсы алды.

1943 жылы 12 қарашада Мәскеуге таяу жерде маршал Чойбалсан бастаған арнайы делегация кеңес жауынгерлеріне моңғол еңбекшілері жинаған қаражатқа соғылған “Революциялық Моңғолия” атты танк колоннасын тапсырды. Мәшинелерінің қабырғаларында “Чойбалсан”, “Хатан-Батор Махсаржаб”, “Арахангай” деген жазулары бар танк колоннасы КСРО қарулы күштерінің құрамына еніп, 44-гвардиялық Бердичев танк бригадасын құрды. Бұл бригада жауынгерлерінің даңқты әскери жолы Берлинде Рейхстаг түбінде аяқталды. Жауынгерлік ерлігі үшін бригада 7 орденмен, оның ішінде МХР-ның Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталды. МХР еңбекшілері өз қаржыларына “Моңғолия араты” атты авиация эскадрасын сатып алып, Қызыл армия жауынгерлеріне сыйға тартты. 1944 жылы Кеңес Армиясына сыйлық ретінде МХР-дан оның солдат-

тары мен офицерлеріне 10 мың жылқы, 127 вагон азық-түлік, киім-кешек, т.б. жіберілді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 2. М., 1960. С. 625.

### **МОҢҒОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ПЛЕБИСЦИТТИҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ**

20 қазан, 1945 жыл.

Құжаттарға сүйене отырып, Орталық комиссия дауыс беруге жергілікті комиссияларда тіркелген 494 960 адам қатысуға тиісті деп тапты... Көрсетілген саннан себепті жағдайларға байланысты (жолаушылап кетулеріне, қатты науқастануына байланысты) 7 551 адам дауыс беруге қатыспады. Сайлауға 467 409 сайлаушы немесе плебисцитке қатысуға құқылы МХР азаматтарының 98,4%-ы, оның ішінде дауыс беруге арналған 7-пунктте шетелдерде жүрген 395 азамат қатысты. МХР тәуелсіздігін жақтап 467 409 адам, яғни плебисцитке қатысқан азаматтар түгелдей — 100% дауыс берді. Бірде-бір адам “қарсы” дауыс берген жоқ.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 2. М., 1960. С. 330.

### **МОҢҒОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІ МЕН КІШІ ХУРАЛЫНЫҢ ЖАПОНИЯҒА ҚАРСЫ СОҒЫС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ**

10 тамыз, 1945 жыл.

Кіші хурал мен Моңғол Халық Республикасының үкіметі моңғол халқының бостандығына, тәуелсіздігі мен толық егемендігіне деген ғасырлар бойғы арманымен жігерленіп...

Біріккен Ұлттардың ортақ ісіне өз үлесін қосу мақсатымен Біріккен Ұлттар жағына шығып Жапонияға қарсы қасиетті соғыс ашатындығын сенімді түрде жариялайды және осы жылдың 8 тамыз күні Мәскеуде жарияланған Кеңес үкіметінің мәлімдемесіне толық қосылады...

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 2. М., 1960. С. 617, 626—627.

### **Ю.ЦЕДЕНБАЛ ТУРАЛЫ**

Ю.Цеденбал тек кеңестік саяси басшылықтың ғана емес, көрнекті, өте ықпалды әскери қайраткерлердің де қолда-

уын пайдаланды. Олардың көпшілігі әр уақытта қызмет істеді, кейбіреулері 20—30-жылдары моңғол жерінде соғысты. Олардың барлығы да Ю.Цеденбалды екі елдің қарулы күштерінің әскери ынтымақтастығына адал, Моңғолияның жарқын, қайырымды, қажырлы саяси қайраткері ретінде танып білді. Олар оған айқын ықылас білдірді.

Маршал Г.Жуков Цеденбалды “жоғары білімді әрі ақылды адам” деп жазды. Ол МХР әскерлерінің 1939 жылы Халхинголде Жапон милитаристерін талқандаудағы бағасыз үлесін, сондай-ақ моңғол халқының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы үлкен материалдық көмегін жоғары бағалады. Маршал осы соғыстарға байланысты қым-қуыт оқиғалардың ортасында жүрген Ю.Цеденбалға тиісінше бағасын беріп, екі туысқан елдің достығы үшін табанды күрескер, шебер ұйымдастырушы және әккі саясаткер ретіндегі тамаша адамдық қасиеттері туралы өз пікірін білдірді.

1945 жылғы Жапониямен соғыстың басында тұрған маршалдар А.Василевский мен Р.Малиновский де Хвантун армиясын талқандауға генерал И.Плиевтің атты-механикаландырылған топтардың құрамындағы моңғол әскерлерінің жоғары жауынгерлік қасиеттерін атап өтті. “Кенес және моңғол әскерлерінің жауынгерлік ынтымақтастығын бекітуде, — деп атап көрсетті олар, — Моңғол Халық армиясының Бас саяси басқармасының бастығы және атты-механикаландырылған топ қолбасшысының орынбасары ретінде әскерлерде орасан зор саяси жұмыстар жүргізген Ю.Цеденбал үлкен еңбек сіңірді”.

## ҮНДІҚЫТАЙ

### ҮНДІҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

*(үзінді)*

1932 жыл.

Үндіқытай коммунистік партиясы өз күресінде төменде айтылған негізгі міндеттерді шешуге ұмтылады:

1. Үндіқытайдың толық экономикалық және саяси тәуелсіздігі, француз үстемдігін құлату, жұмысшы-шаруа-

лық Үндіқытай жерінен барлық шетелдік жаяу, теңіз, әуе әскерлері мен полиция күштерін қуу.

2. Шет жұрттық әулеттерді құлату, Аннам сарайын, Камбоджа және Лаос корольдерін, олардың барлық мандариндері мен ақсүйектерін қоса құлату және барлық мал-мүліктерін тәркілеу.

3. Жұмысшы-шаруа үкіметін құру. Кеңестер мен революциялық жұмысшы-шаруа әскерін құру. Еңбекшілерді жаппай қаруландыру және оларды әскери істерге еркін үйрету.

4. Француз және басқа да шетелдік банктер мен өнеркәсіп орындарының, барлық плантациялардың, темір-жолдар мен су жолдарының, барлық суару арналарының жұмысшы-шаруа мемлекетінің қарамағына өтуі.

5. Империалистердің, католиктік миссиялардың, помещиктер мен өсімқорлардың, корольдер әулеттерінің, мандариндер мен ақсүйектердің барлық жерлері мен ормандарын, мал-мүліктерін қайтарымызсыз тәркілеу...

8. 8 сағ-тық жұмыс күнін орнату және жұмыс жағдайын түбегейлі жақсарту.

9. Үндіқытай әйелдерінің толық саяси және экономикалық-құқықтық теңдігі.

10. Революциялық жұмысшы-шаруалы Қытаймен және үнді революциясымен туысқандық одақ құру...

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 712—713.

## **ВЬЕТ-МИННИҢ ЖАПОН БАСҚЫНШЫЛАРЫНА ҚАРСЫ БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ КҮРЕСТІҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ ШАҚЫРУЫНАН**

9 наурыз, 1940 жыл.

Жапон басқыншылары Азия халықтарының және бүкіл адамзаттың №1 жауы болып табылады. Оларға бұрынғы сыбайластары көмек көрсете алмайды. Фашистік Италия жеңілді, ал гитлерлік Германия жеңілудің аз-ақ алдында тұр. Қиыр Шығыста жапон басқыншылары да тап осындай жағдайда. Олар Бирма мен Филиппиннен бүгін-ертең қуылады. Үндіқытайда француз әскерлері бірнеше провинцияларға қарсылық көрсетуде. Біздің революциялық күштеріміз алғашқы жауынгерлік іс-қимылдарын

бастады. Көптеген жерлерде халық жапондарға қарсы көтерілуде. Вьет-Миннің басшылығымен жапондарға қарсы дүлей теңіздей кең қарсылық қозғалысы көтерілуде. Оның мақсаты — ұлттық жеңіс.

### **ХО ШИ МИН ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ТУРАЛЫ**

Қазан төңкерісінің жеңісі халықтар тарихын сөнбес жарықпен арайландырып, жаңа дәуірдің басын — социализм жеңісі мен капитализмнің күйреу дәуірін жария етті... Ол езілген Азия халықтарын ұйқыдан оятып, басқа отар және тәуелді елдер халықтарына азаттық жолын нұсқады, оларға түбегейлі ұлт-азаттық үлгісін көрсетті.

Қазан төңкерісінің жолымен жүре отырып, жұмысшы тобымен оның маркстік-лениндік партиясының басшылығымен Вьетнам халқы отаршыларға қарсы шешуші күресті өрістетті. 1945 жылы Вьетнам халқы өз елінен жатжерлік отаршылдарды қуып шығып және халық билігін орната отырып, Тамыз революциясын жасады. Бұл біздің еліміздің тарихындағы бетбұрыс бекеті болып табылады.

Хрестоматия по новейшей истории (1917 — 1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 59.

### **ХО ШИ МИННИҢ ЖАПОН СОҒЫСҚУМАРЛАРЫНА ҚАРСЫ ЖАППАЙ КӨТЕРІЛІСКЕ ШЫҒУ ТУРАЛЫ ШАҚЫРУЫ**

Отандастар! Қазіргі таңда Вьет-Мин біздің халқымызды күреске біріктірудің негізі болып отыр. Вьет-Мин қатарына кіріңіздер, оны қолдаңыздар, қатарын толтырыңыздар! Вьетнамды азат етудің ұлттық комитеті біздің уақытша үкіметіміз. Соның айналасына топтасайық, бүкіл елде оның саясатын қолдап, бұйрықтарын орындайық!

Отандастар! Халқымыздың өміріндегі шешуші сағат соқты. Отандастар, бүкіл ел болып өз азаттықтарыңыз үшін күреске көтеріліңіздер! Көптеген елдердің езілген халықтары өз азаттығы үшін белсенді күрес жүргізуде. Біз де кешікпеуіміз керек. Көтеріліңіздер! Алға! Отандастар, Вьет-Мин туының астында батыл алға!

Хрестоматия по новейшей истории (1939—1945 гг.).  
Документы и материалы. Т. 2. М., 1960. С. 617.



**ҮНДІҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОҚ-НІҢ ТҰРАҚТЫ  
БЮРОСЫНЫҢ ҮНДІҚЫТАЙДЫ СОҒЫСҚҰМАР ЖАПОНИЯНЫҢ  
ТОЛЫҒЫМЕН БАСЫП АЛУЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПАРТИЯНЫҢ  
МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ НҮСҚАУЛАРЫНАН**

*(үзінділер)*

12 наурыз, 1945 жыл.

**II. Жағдайға талдау.**

**1. Жапондық әскери төңкеріс.** 1945 жылдың 9 наурыз күні 20 сағ 25 мин-та жапондықтар француздарға оқ атып, маңызды стратегиялық пункттерді басып алды. Француздар болмашы ғана қарсылық көрсетті. Олар мына үш себептің нәтижесінде түбегейлі жеңіліске ұшырады:

- а) күреске деген рухының жоқтығынан;
- б) қазіргі заманғы қарудың жеткіліксіздігінен;
- в) үндіқытайлықтар мен жапондықтарға қарсы күштердің іс-қимыл бірлігінің болмауынан.

**2. Әскери төңкерістің сипаты мен мақсаты.** 1945 жылғы 9 наурыздағы әскери төңкеріс француз билігін жоюға және Үндіқытайды ерекше жапон отарына айналдыруға бағытталды...

**4. Жапон төңкерісінен келіп туған саяси дағдарыс.** Енді біз осы өткір саяси дағдарыстың сипатты белгілерін көрсете аламыз:

- а) екі басқыншы ел бір-бірімен өліспей беріспейтіндей қақтығысқа түсті;
- б) француз билігі күйреді;
- в) жапон билігі әлі орнап болған жоқ;
- г) “бейтарап” топтар абыржуда;
- д) революциялық бұқара шешуші іс-қимылға шыдамсыздықтарын білдіруде.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 610—611.

**ҮНДІҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ФРАНЦИЯНЫҢ  
ТІЗЕ БҮГУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШЕШІМІНЕН**

Маусым, 1940 жыл.

Үндіқытайда орнаған қиын-қыстау жағдайға және елге тікелей сырттан төніп тұрған қауіпке байланысты Үндіқытай қарсыласу майданы мен одақтастарға қосылатын

республикалық ұйым құру мақсатымен қарулы көтеріліс дайындауға шешім қабылданды.

### **КӨТЕРІЛІСТІҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ КӨТЕРІЛІС КОМИТЕТІНІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК БҰЙРЫҒЫ**

13 тамыз, 1945 жыл.

**Отандастар мен солдаттар!**

1945 жылдың 13 тамызында жапон фашистері одақтастарға берілді. Жапон әскерлері барлық майдандарда ыдырауға ұшырады. Біздің жауымыз талқандалды.

Жапшай көтеріліс сағаты соқты! Қазір немесе ешқашанда! Біздің халқымыз бен армиямыз көтеріліске шығып, ұлттық бостандығымыз бен тәуелсіздігімізді қайтадан жаулап алатын уақыт келді. Жалпыұлттық көтерілістің жеңіске жетуі үшін Көтеріліс комитеті құрылды. Вьетнамды азат ету армиясының офицерлері мен солдаттары, көтеріліс комитетінің басшылығымен өз күштеріңізді жинақтандар. Жау басып алған қалалар мен маңызды пункттерге шабуыл жасаңдар, оларға шегінуге жол бермеңдер! Жауды қарусыздандырыңдар!

*Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 616.*

### **ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ХО ШИ МИННІҢ ӨСИЕТІНЕН**

10 мамыр, 1969 жыл.

Қандай қиыншылықтар болса да, біздің халқымыз сөзсіз толық жеңіске жетеді. Америкалық империалистер біздің елімізден дереу кетуге мәжбүр болады. Біздің отанымыз бірігетін болады.

... Біздің еліміз үшін, кішкентай ел ерлікпен жеңді және екі ірі империалистік елдер — Франция мен АҚШ-ты жеңетіні және ұлт-азаттық қозғалысына лайықты үлес қосатыны үлкен абырой болмақ.

*Хо Ши Мин. О Ленине, ленинизме и нерушимой  
советско-вьетнамской дружбе.  
М., 1970. С. 311.*

## ИРАН

### РКФСР ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ПЕРСИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ БАҒЫТТАЛҒАН БАРЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРДІҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

26 (16) қаңтар, 1918 жыл.

Петроградтағы парсы елшісіне.

Азамат елші!

Парсы халқының арасында 1907 жылғы ағылшын-орыс келісімінің келешегі туралы әртүрлі пікірлер таратылуына байланысты, мен Ресей Республикасының Кеңес үкіметінің атынан, Сіздің құзырыңызға мына төмендегілерді хабарлауды өзіме үлкен бақыт деп санаймын.

Халықаралық саясат қағидаларына сәйкес... Халық Комиссарлары Кеңесі тарапынан, парсы халқының еркін және тәуелсіз өмір сүру құқығын қандай да бір болсын жағдайда шектеп, қысым көрсететін осы келісімнен бұрын, не кейін жасалған барлық келісімдерді жарамсыз және күшін жойған деп жариялайды...

### РЕСЕЙ СОЦИАЛИСТІК ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ИРАН (ПАРСЫ) АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ

*(үзінділер)*

26 ақпан, 1921 жыл.

**1-бап.** Ресейдің Кеңес үкіметі өзінің парсы халқына байланысты саясатының негіздері туралы 1918 жылдың 14 қаңтары және 1919 жылдың 26 маусымындағы ноталарында баяндалған Мәлімдемесіне сәйкес, Ресейдің Персия жөніндегі жұмысшылар мен шаруалардың еркімен құлатылған империалистік үкіметінің зорлықшыл саясатынан үзілді-кесілді бас тартатындығын тағы да салтанатты түрде жария етеді...

... Ресей Кеңес үкіметі бұрынғы патша үкіметінің Персиямен жасаған және парсы халқының құқығын кемітуге әкеліп соққан барлық трактаттар, келісімдер, конвенциялар және шарттарды мәңгі күшін жойды деп жариялайды.

**3-бап.** Келісуші Жоғары екі жақ Персия мен Ресей шекарасын 1881 жылы шектеу комиссиясы белгілеген күйде мойындап, сақтауға келіседі. Сонымен бірге Ресей Кеңес үкіметі бұрынғы патша үкіметінің басқыншылық саясатының жемісін пайдаланғысы келмей, Астрабад провинциясының жағалауына орналасқан Ашур Ада және де басқа аралдарды пайдаланудан бас тартып, оларды және 1893 жылдың 28 мамырындағы келісім бойынша Ресейге берілген Фирузе мекені мен тағы басқа да жерлерді Персияға қайтарып берді. Парсы үкіметі өз тарапынан Орыс немесе Ескі Серакс деген атпен белгілі Серакс қаласы Серакс өзенімен шектелген аймағымен бірге Ресей құрамында қалатындығына келіседі...

**9-бап.** Ресей Кеңес Үкіметі патшалық Ресейдің Персияны экономикалық тәуелділікте ұстауға бағытталған қаржы мекемелерін пайдаланудан бас тартады. Сондықтан да ол несие-қарыз банкінің ақша қаражаттары құндылықтарын, жалпы бүкіл актив-пассивін сонымен бірге осы елдегі банктің барлық қозғалмалы және қозғалмайтын малмүліктерін парсы халқының иелігіне береді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 819—823.

#### **ИРАН ҮКІМЕТІНІҢ ТОЛЫҚ БЕЙТАРАПТЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШІМІ ТУРАЛЫ КСРО-дағы ИРАН ЕЛШІЛІГІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ**

27 маусым, 1941 жыл.

Иранның Кеңес Одағындағы елшісі Мұхамед Саид мырза өзінің осы жылдың 26 маусымдағы ауызша нотасында Сыртқы істер халық комиссариатына мынаны хабарлайды:

Иран елшілігі өз үкіметінің тапсыруы бойынша Германия мен КСРО арасындағы соғыстан туған жағдайда Иран үкіметінің толық бейтараптылықты сақтайтынын Сыртқы істер халық комиссариатына хабарлауды мәртебе деп санайды.

#### **КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ИРАН ҮКІМЕТІНЕ НОТАСЫ**

25 тамыз, 1941 жыл.

1921 жылғы күшіне енген келісім 20 жылдың ішінде Кеңес үкіметі өзінің мүдделерін қорғау үшін 1921 жылғы келісімнің 6-бабына жүгінбегені белгілі.

Соған қарамастан соңғы кездерде, әсіресе гитлерлік Германияның Кеңес Одағына опасыздықпен шабуыл жасағанынан бергі уақыттың ішінде Иран аумағындағы неміс-фашист қаскүнемдік топтарының КСРО-ға қарсы бағытталған дұшпандық іс-әрекеттері қауіпті сипат алды. Иран мемлекетіндегі 50-ден аса басшылық қызмет орындарына жайғасып алған герман агенттері Иранда тәртіпсіздік орнатып, Иран халқының бейбіт өмірін бұзуға, оны КСРО-ға қарсы соғысқа айдап салуға тырысып бағуда.

Раданович, Гамотт, Майер, Вильгельм Сапов, Густав Бор, Генрих Келингер, Траппе және басқа да герман фашизмінің агенттері өздерінің әртүрлі герман фирмаларындағы (АЕГ, Ферроталь, Гарбер, Ортель, Лен, Шихау) қызметтерін бүркеніп, осы кезде өздерінің зиянкестік әрекеттерімен де шектен шығып барады. Олар бір жағынан Кеңестік Өзiрбайжанға, ең алдымен, басты Кеңестік мұнай ауданы — Бакуге, Кеңестік Түрікменстанға жөнелту үшін диверсиялық және лаңкестік топтарды ұйымдастырса, екінші жағынан Иранда әскери төңкеріс дайындауда... Герман агенттерінің қарамағында Иранның әртүрлі пункттерінде орналасқан қару-жарақ және оқ-дәрі қоймалары бар. Жекелеп айтқанда Иранның солтүстік бөлігіндегі Мианэ айналасында олар өздерінің болашақ қылмысты мақсаттары үшін 50 т-дан астам жарылғыш заттар дайындаған. Аң аулау сылтауымен олар Тегеран төңірегінде өздерінің герман азаматтарының арасынан шыққан қылмысты сыбайластарының әскери дайындығын өткізуде. Иранның әскери кәсіпорындарына инженерлер мен техниктер ретінде 56 герман барлаушысы орналасып алды...

Иран үкіметі, өкінішке орай, герман агенттерінің Иран жерінде жүргізіліп жатқан қастандық әрекеттеріне тыйым салатын шараларды қолданудан бас тартты. Сол себепті Кеңес үкіметі тиісті шаралар қолдануға мәжбүр болды, сөйтіп 1921 жылғы келісімнің 6-бабына сәйкес Кеңес Одағына берілген құқықты пайдаланып, өзін-өзі қорғау мақсатында Иран аумағына уақытша өз әскерін кіргізді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 2. М., 1960. С. 696, 697, 699.

## АУҒАНСТАН

### ӨМІР АМАНОЛЛАНЫҢ В.И.ЛЕНИНГЕ ӨЗІНІҢ АУҒАНСТАН ТАҒЫНА ОТЫРҒАНЫН ХАБАРЛАП ЖӘНЕ ОДАҚПЕН ДОСТЫҚ ОРНАТУДЫ ҰСЫНЫП ЖАЗҒАН ХАТЫ

Кабул. 7 сәуір, 1919 жыл.

Ұлы Ресей Республикасының президенті Ленин мырзаға, Ауғанстан әмірі Аманолла хан достық сәлем мен шынайы құрметін жолдайды.

Халық пен діннің шамшырағы, менің әкемнің мемлекетті аралау сапары кезінде белгісіз бір жауыздың қолынан қаза тапқандығы туралы қайғылы хабарды аса ауыр қайғы мен қасірет күйінде, менің жоғары мәртебелі досым, Сізге хабарлап отырмын.

Сонымен бірге 1919 жылдың 21 ақпанында төж киіп таққа отырғанымды хабарлаймын және дүниежүзілік бірлік, адамзат игілігіне қамқорлық және бейбітшілік мақсатында одақтастық пен достықтың қажеттілігін жариялады деп таптым.

Менің Сізге деген шын қошеметімді қабылдауыңызды өтінемін.

Сіздің досыңыз Аманолла

### В.И.ЛЕНИННИҢ АУҒАН ӨМІРІНЕ ЖАУАБЫ

Мәскеу. 27 мамыр, 1919 жыл.

Орыс халқымен тығыз байланыстар орнату жөніндегі Сіздің ниетіңізді құптай отырып, Сізден өзіңіздің Мәскеудегі ресми өкіліңізді тағайындауды өтінеміз. Өз тарапымыздан Кабулға Жұмысшы-шаруа үкіметінің өкілін жіберуге дайынбыз және оны кешіктірмей өткізу туралы Сіздің Ұлы мәртебеңізден барлық үкімет орындарына жарлық беруіңізді сұраймыз.

Екі ұлы халықтың арасында тұрақты дипломатиялық қатынастардың орнатылуы шетелдік қыртқыштардың тарапынан басқаның бостандығына қарсы қандай да бір болсын қастандық жасаушыларға өзара бірігіп тойтарыс беруге кең мүмкіншіліктер туғызады.

Ауған халқына осы сәлемімізді жолдай отырып, өзімізді аса бақыттымыз деп сезінеміз және Ұлы мәртебелі мырза,

Сізден мұны өз халқыңыздың шынайы достық сәлемі деп қабылдауыңызды өтінеміз.

**Ленин**

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 805—806.

## ТҮРКИЯ

### РКФСР МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ЖӘНЕ ТУЫСҚАНДЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

*(үзінділер)*

16 наурыз, 1921 жыл.

**4-бап.** Келісуші екі жақ Шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы мен Ресей еңбекшілерінің жаңа әлеуметтік құрылыс үшін күресін ұйымдастыра отырып, ол халықтардың бостандық пен тәуелсіздікке құқығын, сонымен бірге олардың басқару түрін өздерінің тілектеріне сай таңдап алуға құқықты екендігін ресми түрде мойындайды.

**6-бап.** Келісуші екі жақ, екі ел арасында осы уақытқа дейін жасалған барлық келісімдер екі жақтың да мақсаттарына сәйкес келмейді деп таниды. Сондықтан да олар ол келісімдерді қажетсіз және күштерін жойды деп тануға келіседі. РКФСР үкіметі Түркияны ертеде Түркия мен патша үкіметінің арасында жасалған халықаралық міндеттемелерінен азат деп есептейтіндігін жариялайды.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 834.

### АШАРДЫҒА ЖОЮ ЖӘНЕ ОНЫҒ ОРНЫНА ЖАҢА ЖЕР САЛЫҒЫН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

17 ақпан, 1925 жыл.

**1-бап.** Ашар жүйесі жойылсын. 1341 (1925) бюджет жылынан бастап, жер және орманшаруашылық өнімдеріне осы заңның негізінде салық салынатын болды.

**2-бап.** Егіншаруашылық өнімдеріне, сондай-ақ ұн, қырма және бұлгурге осы күнге дейін салынып келген ашар салығы-

<sup>1</sup> Жерге салынатын салықтың түрі.

ның орнына осы өнімдердің порттағы немесе стансыдағы бағасының 10% мөлшерінде салық салынады. Артылған жерлерден 60 шақырым қашық орналасқан порттар не стансыларға келетін өнімдерге салынған салық өндірілген жерінде төленеді...

Стамбұл, Пера, Скутары уәлаяттарының ауылдық жерлерінен жеткізілген көкөністер мен жеміс-жидектер үшін бұл салық төленбейді.

**3-бап.** Төмендегі аталған жүзім, күріш, күнжіт сияқты егін өнімдеріне олардың құнының 8% мөлшерінде салық төленеді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.).  
Документы и материалы. Т. 1. М., 1960. С. 834—835.

### ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ТУРАЛЫ ЗАҢ

8 қаңтар, 1940 жыл.

**1-бап.** Төтенше жағдайларда мемлекеттің құрылымын экономикалық және ұлттық қорғану тұрғысынан нығайту үшін министрлер кеңесіне осы заң белгілеген құрылым мен жағдайларға сәйкес тиісті құқықтар мен өкілеттіктер беріледі. Төтенше жағдайлар деп мыналар саналады:

- а) ішінара немесе жаппай жұмылдыру;
- б) елдің соғысқа кіру мүмкіндігі;
- б) Түрік Республикасына мүдделі шетелдер арасында соғыстың жағдайы туған кезде.

Хрестоматия по новейшей истории (1939—1945 гг.).  
Документы и материалы. Т. 2. М., 1960. С. 697, 709.

### ЖЕРДІ ШАРУАЛАРҒА ҮЛЕСТІРУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

11 маусым, 1945 жыл.

**8-бап.** Осы заңның ережелеріне сәйкес үлестіруге мына жерлер жатады:

- а) қазынаның қарамағындағы және пайдалануындағы жерлер, арнайы иелік категориясына жатқызылған және қоғамдық қажеттілікке пайдаланбаған жерлер;
- б) бір немесе бірнеше село, елді мекендер мен қалалардың пайдалануында болып келген, бірақ жер шаруашылығы министрлігі артық деп тапқан жерлер;
- б) иесіз жерлер;



в) осы заңның қаулыларына сәйкес қайтарылып алына-тын жерлер...

**14-бап.** Төменде көрсетілген жерлер оларда салынған ауыл шаруашылығын жүргізуге қажетті құрылыстарымен бірге жері аз немесе жері жоқ шаруаларға (ауыл шаруашылығы жұмысшыларымен қоса) бөліп беру үшін жер шаруашылығы министрлігінің қарамағына алынады:

а) барлық вакуф<sup>1</sup> жері...;

б) жергілікті басқармалар мен монополистердің басқаруында болып келген, бірақ қоғамдық мақсатқа пайдаланбаған жер;

в) табиғи және жеке заңды тұлғалардың меншігіндегі көлемі бес мың денюмнан артық жер...

**16-бап.** Жері аз аудандарда орташа жер иеленушілерден 2 мың денюмнан артық жер көлемі алынуы мүмкін. Бірақ бұл қаулы өз иесі өңдейтін, үлгілі тәртіпте ұсталатын және жергілікті жағдаймен мүмкіндіктерге сай келетін құрылыстары мен ауылшаруашылық құрал-саймандары бар орта шаруашылықтарға тарамайды...

**17-бап.** Жерсіз немесе жері аз сыбағаластар, жалдаушылар немесе ауыл шаруашылығы жұмысшылары пайдаланып отырған жерлер иесіздендіріліп, жоғарыда аталған өңдеушілерге бөлініп беріледі, ал ол жердің иелеріне осы аудан үшін белгіленген мөлшерден үш есе артық мөлшерде қалған жері қалдырылады...

**45-бап.** Бөліп беру үшін қазынаға алынған жерлердің құны “жер облигациялары” деген атпен шығарылған мемлекеттік облигациялармен төленеді. Ол облигациялардың құны 20 жыл ішінде тең бөлшектерімен өтеледі де, әр келесі салымға жылына 4% өсім төленеді...

**46-бап.** Бөлініске түскен жерлердің, ондағы құрылыстар мен ғимараттардың құны қарызға алғаннан кейінгі алтыншы жылдың қаңтар айынан бастап 20 жыл ішінде ол қарызға ешқандай өсім қосылмай тең үлеспен төленіп бітуі керек.

Хрестоматия по новейшей истории (1939—1945 гг.).  
Документы и материалы. Т. 3. М., 1961. С. 677—678.

<sup>1</sup> Жерге салынатын салықтың түрі.

## ҮНДІСТАН

### АҒЫЛШЫНДАРДЫҢ ҮНДІСТАНДАҒЫ БЕЙБІТ ШЕРУТЕ ШЫҒУШЫЛАРДЫ ЖАЗАЛАУ ӨРЕКЕТТЕРІ

*(1919 жылғы 13 сәуірдегі Амритсар атыстары)*

Мен дереу оқ аттым, содан кейін-ақ жиналғандар тарай бастады. Менің байқауымша, жиналғандардың 200—300-ге жуығы өлді. Менің қосыным 1650 патрон шығындады.

### БОАК-тің МӘЖІЛІСІНДЕ ОНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Я.М.СВЕРДЛОВҚА ҮНДІСТАН ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ТАПСЫРҒАН МЕМОРАНДУМЫ

25 қараша, 1918 жыл.

*Шығыс елдерінің қоғамдық және саяси ұйымдары Кеңестік Ресеймен байланыс орнатуға ұмтылуда. Мәскеуге көптеген елдерден делегациялар келді. 1918 жылы қарашаның ортасында Мәскеуге Үндістан халқының алғашқы өкілдері келді. Олар В. И. Лениннің қабылдауында болды, сондай-ақ БОАК-тің мәжілісіне қатысты. Төменде Я. М. Свердловқа Үндістан делегациясының тапсырған меморандумының мәтіні келтірілген.*

Біздің еліміздегі істердің ақиқат жайын дүниежүзінің назарынан жасырып, талан-таражға салып, қанап отырған Англияның империалистік және капиталистік саясатының салдарынан Үндістанда не болып жатқанынан әлем бейхабар. Өзін демократиялық деп атаған Англия құлдықта Үндістан тұрғын халқының 325 млн адамын, яғни бүкіл жер шары тұрғын халқының бестен бірін ұстап отыр. Ол үнді халқының риза екендігін, оның берілгендігі туралы айтуда, ол үнді халқы олар үшін күреседі деп жар салуда. Англия Үндістандағы британдық басқару — ол үшін ризашылық болып табылады деп, дүниежүзін сендіргісі келіп, алдап соғуда. Ол үнділік адалдық үшін автономияға ұқсас бір нәрсені марапат ретінде дәмелендіріп отыр. Бірақ жолдастар, мен сіздерге айтар едім, тіпті ағылшындардың өздері өзінің үнділік үкіметін жазғыруда. Ағылшын газеттері мен кітапшалары қазіргі кезде Үндістандағы қанау мен қатаң басқару туралы жеткілікті фактілер мен цифрлар беріп отыр. Ағылшындар халық ағарту ісіне қарсы өрекет жасау-

да, аса ауыр салықтарды енгізуде және өз халқына сүйіспеншілігін білдірген жалғыз ауыз сөзге бола біздің мыңдаған бауырларымызды түрмеге қамауда. Осы қорқынышты түрмелерде тұтқындар аурудан көз жұмып жатыр. Ағылшындар бізді басқарып, бізді өз тілінде жазғырады, бізді бағынышты ету үшін біздің есебімізден қыруар армияны ұстап отыр. Бізді қару тағынып жүру құқығымыздан айыраған, тіпті жүзі 6 дюймді бөкі пышақ ұстауға тыйым салған күнге жеттік. Жеті және одан көп адамның жиналуына рұқсат етілмейді. Біздің газеттеріміздің шындықты жазуға мүмкіншілігі жоқ.

Үндінің жұмысшы халқының жағдайы тіптен ауыр. Үндістандағы қатардағы жұмысшыны үнді жазының шыжыған ыстық күндері тәулігіне 3-тен 6 пенске дейінгі ақы үшін 12 сағаттан артық жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Үндістанда ағылшындардың мәжбүрлік еңбек жүйесін белгілеуі салдарынан жұмысшыларға ештеңе төлемейді. Сол немесе басқалай әдістермен басқа британ отарларына жіберілген жұмысшылар мен шаруаларға қатыгездікпен қарауын сипаттап жазу қиын.

Үнді халқы жұмысшыларды жіберуді тоқтатуды талап еткенмен шамалары жетпеді, өйткені елді ол басқарып отырған жоқ.

Жолдастар! Соғысқа дейін Үндістанның жағдайы осылай еді. Соғыс уақытында Үндістанда ақ террор патшалығы орнады. Мыңдаған жазықсыз үнділіктерді, біз ешқандай асыра сілтеп отырған жоқпыз, өз еліне деген сүйіспеншілігі үшін жазықты болып қалған үнділіктерді түрмеге қамады, асып өлтірді немесе ешқандай сотсыз жер аударды. Соғыс кезінде ағылшындар “корольдіктің қорғаныс актісі” деген атпен ерекше заң шығарды. Бұл заң әртүрлі зорлық-зомбылық пен қанауды ақтап алуда. Көптеген үнді көсемдері қандай да бір ағылшын шенеунігінің еріккенінен түрмеге жабылуда.

Жолдастар! Егер ағылшындар Үндістандағы істердің жағдайы туралы дүниежүзінен қалай жасырып отырса, онда олар үнділерді Үндістан шегінен тыс бүкіл жағдаятқа қатысты мағлұматсыздықты солай ұстады.

Ресейдегі революция үнді халқының психологиясына күшті әсер етті. Англияның бүкіл ыждаһатына қарамастан өзін-өзі билеу ұраны Үндістанға келіп енді...

Жолдастар! Қорыта келе біздің айтпағымыз, күш-қуатын үнділік иелікке, Үндістан халқы мен еңбегін қолдану мен

пайдалануға салған империалистік және капиталистік Англия өзірше күшті болып тұрғанда, дүниежүзілік азаттық қауіпте болмақ. Елдегі жаңа қозғалыс туралы білгендіктен, Англия Үндістандағы өз билігін ұзақ сақтай алмайтынына кәміл көзіміз жетеді. Жаңа мұраттардың жариялануы біздің психологиямызға ұлы өзгерістер туғызды. Саясат пен әлемдік дамуға қатысатын фактінің өзі-ақ Англияның енді Үндістанда қала алмайтынын білдірсе керек. Біз, Үндістаннан жат жерлік билікті қуу ісіне бүкіл үнділік қауымдар бізбен бірге күреседі деп үміттенеміз. Біз, сондай-ақ Ұлы озат Ресейдегі біздің бауырлар Үндістанды және дүниежүзін азат ету ісіне қол ұшын береді деп үміттенеміз.

**Жолдастар!** Біз, дүниежүзінің бостандық сүйгіш барлық халқы 325 млн үнділік, жер шары халқының бестен бір бөлігі жатжерлік банктің кіріптарлығы мен құлдығынан азат етілетін күнді көретініне кәміл сенімдеміз.

“Документы пролетарской солидарности”.

Сборник документов о содружестве трудящихся Советского Союза с трудящимися стран Азии, Африки и Латинской Америки в 1918—1961 годах. М., 1962. С. 18—21.

### **В.И.ЛЕНИНГЕ ЖІБЕРГЕН ҮНДІ РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРІ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚАРАРЛАРЫ**

1920 жылы 17 ақпанда Кабулде өткен үнді революционерлерінің жиналысы В.И.Ленинге қарарларын жіберді, ол 1920 жылы 20 мамырда “Правда” газетінде жарияланды.

Үнді революционерлері барлық езілген халықтар мен топтарды, әсіресе Үндістанды азат ету үшін Кеңестік Ресей жүргізген ұлттық күресіне алғысы мен ризашылығын білдіреді. Империализмнің езгісіндегі жапа шегушілердің, яғни 315 000 000 адамның жан айғайына құлақ түргені үшін, Кеңестік Ресейге ұлы тағзым. Бұқаралық митинг Үндістанға достық қолын созғандарды қуанышпен қарсы алады.

*Ленин В.И. Полн. собр. соч. Т. 41. С. 505.*

### **В.И.ЛЕНИННІҢ “ҮНДІ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ АССОЦИАЦИЯСЫНА” ЖОЛДАУЫ**

Жұмысшы-шаруа республикасы жариялаған өзін-өзі билеу және езілген халықтардың шетелдік капиталистері мен өз капиталистерінің қанауынан азат етілу принциптері

өз бостандығы жолында қаһармандық күрес жүргізіп жатқан саналы үнділердің арасында сондай қызу қолдау тапты дегенді естігеніме қуаныштымын. Орыс еңбекшілерінің бұқарасы үнді жұмысшысы мен шаруасының оянып келе жатқанын айрықша зер сала, қадағалап отыр. Еңбекшілердің ұйымшылдығы мен тәртіптілігі, олардың ұстамдылығы мен бүкіл дүниежүзі еңбекшілерімен ынтымағы түпкілікті табысқа жетудің кепілі болмақ. Мұсылман халықтар мен мұсылман емес халықтардың тығыз одағын құттықтаймыз. Бұл одақтың шығыстың барлық еңбекшілері арасына тарауын шын көңілден тілейміз. Үнді, қытай, корей, жапон, парсы, түрік жұмысшысы мен шаруасы бір-біріне қол созып, баршаға ортақ азаттық ісіне бірлесіп аттанғанда ғана қанаушыларды үзілді-кесілді жеңіп шығу қамтамасыз етіледі. Азат Азия жасасын!

*Ленин В. И. Индийская революционная ассоциация.  
Полн. собр. соч. Т. 41. С. 122.*

## ГАНДИ ЕРЕУІЛДЕР ТУРАЛЫ

22 қыркүйек, 1921 жыл.

Ассам-Бенгаль теміржолы мен кеме шаруашылығы жұмысшыларының ереуілдері әдеттегіден өзгеше болған, өздерінен басқа адамдарға жанашырлықтан ұйымдастырылған тұңғыш әрекет екені анықталды. Демек, бұл адамгершілік түсініктен туған ынтымақтастық ереуілдері яғни саяси ереуілдер болғаны. Мен бүкіл теміржол желілері, әсіресе Гаухати, Читтагон және Барисал бойынша осы ереуілдерге қатысушыларымен кездесу ғанибетіне ие болдым. Ашық әңгімелесуден кейін олар өздерінің қадамдарының мәнін жете ұғына бермейтіні туралы қорығынды түйдім. Бірақ ереуілді бастай отырып, олар бәріне төзімділік таныта білген. Бөтен адам үшін сырттан сөйлеу қауіпті әрі қатыгездік. Бірақ мен өз пікірімді қорықпай айта алдым, яғни жұмысшылар ереуілге филантропиялық түсініктердің себебінен дайын болмаған.

**(Филантропия — еңбекші халықтың бетін таптық күрестен қайтару үшін жасайтын “буржуазия қайырымшылдығы”).**

Меніңше, Үндістанның жұмысшылары мен қолөнершілері ынтымақтастық ереуілдерін жүргізу үшін қажетті ұлттық сана-сезім деңгейіне әлі жете қойған жоқ. Бұл біздің

кінөміз. Ұлт үшін қызмет етуге өзімізді арнаған біздер ақырғы сәтке дейін осы таптардың талап-мүддесін зерттеп білмедік және оларға саяси ахуалды түсіндірмедік. Жоғары мектеп пен колледждерде оқығандарды ғана ұлттың ісіне қызмет ету үшін жарамды деп осы уақытқа дейін есептеп отырмыз. Сондықтан жұмысшылар мен қолөнершілер олардың тікелей қажеттіліктерінің шеңберінен асып кеткен мүдделерді бірден зерделеп және сол үшін өздерін құрбан етуі екіталай. Біздер оларды саяси немесе қандай да бір басқа мақсаттарға пайдаланбауымыз керек. Осы кезеңде біздің қолымыздан келетіні, ең дұрысы, оларға беру және олардан алу, бұл оларды өз-өзіне көмектесуге үйретеді, өздерінің міндеттері мен құқықтарын түсінуге және оларды өздерінің әділетті талаптарын қанағаттандыруға қабілетті етуге көмектесу керек.

Сонда ғана (одан ерте емес) олар саяси қарекет үшін, ұлт игілігінің қарекеті үшін, адамгершілік қарекеті үшін дайын болмақ.

Сондықтан ынтымақтастық ереуілдерін ұйымдастырудың кез келген асығыстық қадамы біздің ісімізге орасан зор зардап әкеледі. Өзіміздің күштеусіз бағдарламамыздан үкімет үшін қиындық жасау жолымен мақсатқа жетуді батыл түрде алып тастауымыз қажет. Осылайша, тазарту процесі екі жақтың да пайдасын көздейтін болады. Ал құрту процесі тазаланбаған күйде кім құртады, соны қалдырады және ол кімді құртуға ұмтылатын деңгейге дейін төмен түсіреді.

Сондықтан тіпті біздің ынтымақтастық ереуілдеріміз өзін-өзі тазалау ереуілдері болуы қажет. Осылайша, әділеттілікті қалпына келтіру үшін ереуіл жариялағанда біз шын мәнісінде әділетсіздікті қолдауды доғарамыз және осы әділетсіздікті жасаушы өз-өзімізге оның ақымақтық екендігін сезінуге мүмкіндік береміз. Мұндай ереуіл егер ол жұмысқа қайта оралмаудың табанды шешіміне негізделгенде ғана табысқа жетуі мүмкін.

Сондықтан мен аса ірі табысты ереуілдердің жетекшісі ретінде ереуілдердің барлық лидерлері басшылыққа алуы тиіс, осы бетте әлдеқашан баяндалған ережелерді қайталап айтамын:

1) егер наразылық үшін нақты себеп жоқ болса, ереуілді бастама;

2) егер ереуілге қатысушылар жеке қорының немесе жүн түту, тоқу, тігу сияқты уақытша істердің есебінен күнелте

алмаса, ереуілді бастама. Себебі ереуілге қатысушылар қоғамдық тіркеуге немесе қайырымдылықтың басқа түрлеріне тәуелді болмауы керек;

3) ереуілге қатысушылар өзгертуге жатпайтын ең төменгі талаптарды анықтап оларды ереуіл басталғанға дейін жариялауы қажет.

*Ганди М. К. Моя жизнь. М., 1969. С. 484—486.*

Үндістан саяси тұрғыда ағылшын үстемдігі жағдайынан басқа, ешқашан да мұндай құқықсыздыққа дейін төмен түсіп көрген жоқ. Реформалардың ешбіреуі де халыққа шын саяси құқық берген жоқ. Біздің ортамыздағы ең лайықтылары жатжерлік биліктің алдында бас ұруы керек. Біз сөз бостандығы мен ұйым бостандығынан ада болдық, біздің отандастарымыздың көпшілігі шетелде қуғын-сүргінде өмір сүруге мәжбүр болды және елге қайта алмауда. Әкімшілік қабілеті бар адамдарға жол бермейді, сондықтан қарапайым адамдар ауылда түкке тұрмайтын кеңселік қызметтерге де риза болуы тиіс.

Мәдени қатынаста білім беру жүйесі бізді өз дәстүрлерімізден айырды, бізді өзімізді бұғаулайтын шынжырға сүйіспеншілікпен қарауды үйретіп-оқытуда.

Рухани қатынаста мәжбүрлеп қарусыздандыру бізді батылдығымыздан айырады, ол біздің қарсыласу рухымызды аяусыз басып-жаншу үшін пайдаланылатын жатжерлік оккупациялық армияның болуы. Біз өз-өзімізге қамқорлық жасауға қабілетті емеспіз. Тіпті шетелдік басқыншылықтан өз үйімізді, отбасымызды ұрылардан, тонаушылардан, зұлымдардан қорғай алмаймыз дегенге бізді сендіруге мәжбүр еткізеді.

Біз осы төрт апатты біздің елге әкелген үстемдікке ары қарай шыдауды Құдайға және адамға қарсы қылмыс деп есептейміз. Алайда біз, өзіміздің азаттығымызға аса тиімді жол күштеу арқылы жатпағанын мойындаймыз. Сондықтан біз ағылшын үкіметімен ерікті ынтымақтастықтың барлық түрлерін, мүмкіндігінше тоқтату жолымен күресуге, сондай-ақ салықтарды төлемеуді қоса отырып, азаматтық міндеткерлік емес қозғалысқа дайындалуымыз қажет. Біз тіпті арандату жағдайында да күштеуге жүгірмей-ақ салықтарды төлеу мен ерікті жәрдем беруді тоқтататын болсақ, осы адами емес тәртіптің тұйыққа тірелетініне көзіміз

жетеді. Сондықтан өзіміздің антта біз Пурна Свараджаға жету үшін мезгіл-мезгіл беріліп отырылатын конгрестің нұсқауларын өмірде өткізудегі өз шешімімізді салтанатты түрде бекітеміз.

*Дж. Неру. Автобиография. М., 1955. С. 643—644.*

### ГАНДИДІҢ 11 ТАРМАҒЫ

Үндістан буржуазиясының, помещиктердің бір бөлігінің және шаруалардың талаптары 1930 жылы қаңтардың соңында жарияланған Гандидің 11 тармағында көрсетілген. Ол ағылшын үстемдігіне қарсы күрес бағдарламасы болып табылады. Алайда Ганди күштеусіз әдістерді сақтауға, таптық келіспеушіліктен бас тартуға көндірді.

1) Рупийдің валюталық курсы 1 шиллинг 4 пенске дейін төмендету.

2) Жер салығын 50%-ға азайту.

3) Әскери шығындарды аз шама бойынша 50%-ға қысқарту.

4) Ағылшын шенеуніктерінің жалақысының жартысын азайту.

5) Протекционисті тарифтерді енгізу және шетелдік маталар мен киім-кешектерді әкелуді шектеу.

6) Үнді флотына ішкі тасымалдауға ерекше құқық беру.

7) Қылмыстық тексеру департаментін жою немесе олардың үстінен бақылау орнату.

8) Үнді азаматтарына өзін қорғау үшін қару тағынуына құқық беру.

9) Үкіметтік тұз монополиясын және тұзға салықты жою.

10) Спиртті ішімдіктерді сатуға тыйым салу.

11) “Өлтіруге кінәлі немесе өлтіруге арандатушыларды” қоспағандағы барлық саяси тұтқындарды азат ету.

*“Новейшая история Индии”. М., 1959. С. 240.*

**Дж.НЕРУ. “ҮНДИСТАНДЫ АШУ”**

*(кітаптан үзінділер)*

“Ганди үндістандық ұлттық конгреске алғаш кірген кезде, дереу оның жарғысын толық өзгертті. Ол Конгресті де-



мократиялық және бұқаралық ұйымға айналдырды. Конгресс бұрын да демократиялық ұйым болған, бірақ оның құрамы жоғары тап өкілдерімен шектелген болатын. Енді оған шаруалар да ұмтылуда және де өзінің жаңа түрінде ол орта тап өкілдерінің үлкен топты ауқымды шаруа ұйымдарының сипатына ие болады. Шаруалардың басымдылығы ары қарай күшеюде. Сондай-ақ ұйымдасқан түрде емес, жалғыз-жарымдап өнеркәсіп жұмысшылары да келуде.

Осы ұйымдардың негізі мен мақсаты бейбіт құралдармен жүзеге асырылатын қарекет болып табылады ... Іс-әрекеттің жаңа әдісі жасалды, яғни түгелдей бейбітшілікте бола отырып, ол қиыншылық жағдайларға қарамастан, өзіне дұрыс емес деп есептелінгенге бағындыруды қосып алды... Ганди өзгеше түрдегі пацифист болды өйткені ол өсіңкі күш-қуаты тасыған іс-әрекеттің адамы еді. Онда тағдырға бой ұсыну болып көрген жоқ, ол қарсыласуға әрдайым дайын болды, бірақ бұл қарсылық бейбіт әрі әдептілік түрде білдірілді.

Іс-әрекет екі жақты талап етілді. Біріншіден, шетел үстемдігіне қарсылық және қарсы әрекетке байланысты іс-әрекет, екіншіден, біздің әлеуметтік жетімсіздігімізге қарсы күреспен байланысты іс-әрекет. Конгрестің негізгі мақсаты — Үндістанды бейбіт іс-әрекеттер әдісімен азат етуден басқа Конгресс бағдарламасының басты пункттері мыналар: азшылықтың мәселелерін шешуді ұйғарушы ұлттық бірлік, езілген топтардың жағдайын жақсарту және қатыстылық емес қарғысынан құтылу.

Ағылшын үстемдігінің басты тірегі үрей, мәртебе, халық жағынан және ағылшындардың үстемдігіне материалды мүдделі кейбір қоғамдық таптар жағынан ерікті немесе мәжбүрлі ынтымақтастық екендігін пайымдай келе Ганди осы негіздерге шабуыл жүргізді. Ол құрметті титулдардан бас тартуға шақырды, осы титулдардың аздаған иеленушілері ғана оның шақыруына үн қосқанына қарамастан, халық ағылшындар сыйлаған титулға құрметтерін жоғалтты, олар құлдырау символына айналды. Жаңа нормалар мен құндылықтар пайда болды.

Бұрын сондай күшті әсер қалдыратын вице-корольдер мен князь сарайларының сән-салтанаты кенеттен халықтың қайыршылығы мен қайғы-қасіретінің реңінде ерсі, паясық, тіпті маскара көрінді”.

*Дж. Неру. Открытие Индии. Кн.2. М., 1989. С. 127—128.*

## II бөлім. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕМ (1939 — 1945 жж.)

### ОҒАШ СОҒЫС

Алғашқы сегіз ай бойына, яғни немістердің 1940 жылдың 10 мамырындағы Бельгияға, Голландияға және Францияға шабуылына дейін, ағылшын-француз одақтастары немістерге жерде, әуеде шабуыл жасауға әрекет жасамады. Шамасы одақтық басшылық немістердің мазасын алуға қорқып, оларға қарсы оқ атуға да бұйрық бермеді. Қарсыластар дауыс зорайтқыштар арқылы дәрекі әзіл-оспақтармен және «жеңіл» музыкамен бір-бірінің көңілдерін көтеріп жатты. Одақтастар аянышты неміс әндерін берсе, немістер париш шансонеткалары мен ағылшындардың отырыс әндерін берді. Мұның барлығы да солдаттардың үйлеріне деген сағынышын басу үшін жасалды.

*Краминов Д.* Правда о втором фронте.  
Записки военного корреспондента. М., 1958. С. 28.

### ГЕРМАНИЯНЫҢ ФРАНЦИЯМЕН УАҚЫТША БІТІМШАРТТАРЫ

22 маусым, 1940 жыл.

**1-бап.** Соғыс қимылдарын дереу тоқтату...

**3-бап.** Басып алған жерлерде Германия жергілікті басқарудан басқа барлық басып алушы мемлекеттің құқықтарына ие болады...

**8-бап** Француз әскери, әскери-теңіз және әскери-әуе күштері таратылып, қарусыздандырылады... Бұл әскерлердің саны мен қару-жарағын тиісінше Германия мен Италия белгілейді...

**10-бап.** ... Француз әскери қызметкерлеріне Франциядан кетуге тыйым салынады. Франция Англияға ешқандай материалдық бөлшектер бермеуге тиіс. Бірде-бір француз Германияға қарсы мемлекеттерге қызмет жасамауы керек.

**11-бап.** Бірде-бір француз сауда кемесі порттарын тастап кетпеуі тиіс...

**12-бап.** Бірде-бір француз ұшағы әуеге көтерілмеуі тиіс...

**14-бап.** Француз аумағындағы барлық радиотарату станциялары жабылуға тиіс...

**18-бап.** Герман басқыншы армиясын жабдықтау шығындарын Франция жағы көтереді...

Мировое хозяйство и мировая политика.  
1940. №7. С. 161—162.

### ҮШ МЕМЛЕКЕТТІҢ КЕЛІСІМІ

27 қыркүйек, 1940 жыл.

**1-бап.** Жапония Германия мен Италияның Еуропаға жаңа тәртіп орнату жөніндегі күштерге баспылығын мойындап, құрметтейді.

**2-бап.** Германия мен Италия Жапонияның Ұлы Шығыс Азия кеңістігінде жаңа тәртіп орнату жөніндегі баспылығын мойындап, құрметтейді.

**3-бап.** Германия, Италия және Жапония жоғарыда атап көрсетілген негізде өзара ынтымақтастыққа келісті. Олар барлық саяси, шаруашылық және соғыс күштерімен, егер келісуші үш жақтың біреуі қазіргі Еуропадағы соғыс пен қытай-жапон қарулы қақтығысына қатыспаған елдердің біреуінің тарапынан шабуылға ұшыраса, бір-біріне көмектесуге міндеттенеді...

Германия, Италия және Жапония өкілдерімен Берлинде қол қойылған үштік пакт фашистік басқыншылық блокты қалыптастыруды аяқтады. Ол басқыншылықты кеңейтуде және Кеңес Одағына қарсы соғыс даярлауда маңызды кезең болды. Пактіге кейін Венгрия, Румыния, Болгария, Финляндия, Испания, Таи (Сиам), Хорватия, Маньчжоу-го ойыншық үкіметі және Қытайдағы Ван Цзин-Вэннің “жапондық үкіметі” қосылды.

Мировое хозяйство и мировая политика.  
1949. №10. С. 117.

### БАРБАРОССА ЖОСПАРЫ

18 желтоқсан, 1940 жыл.

Неміс қарулы күштері Англиямен соғыс аяқтамай тұрып-ақ қысқа мерзімді соғыс қимылдарының нәтижесінде Кеңестік Ресейді жеңуге дайын тұрулары керек (Барбаросса нұсқасы)...

Мен, Кеңестік Ресейге шабуыл жасау туралы бұйрықты қажет болған жағдайда белгіленген операциядан сегіз апта бұрын беремін...

Жоғары бас қолбасшылықтың дайындық жұмыстары мына төмендегі басты қағиданың негізінде жүргізілуі қажет:

### **Жалпы мақсат.**

Ресейдің батыс бөлігінде орналасқан орыс армиясының жауынгерлері танк бөлімдерінің батыл қимылымен ішке тереңдеп енуі нәтижесінде талқандалуы керек. Орыс аумағында соғысқа жарамды бөлімдердің шегінуіне кедергі жасау керек.

Операцияның түпкі мақсаты — азиялық Ресейден Архангельск — Еділ жалпы шептері бойынша оқшаулану. Осылайша, қажет болған жағдайда Ресейдің Оралдағы соңғы өнеркәсіпті облысы авиацияның көмегімен жойылады.

### **Болашақ одақтастар және олардың міндеттері:**

1. Біз осындай операциямыздың нәтижесінде Румыния мен Финляндияның Кеңестік Ресейге қарсы соғысқа белсенді түрде қатысатынына үміттенеміз...

... Мәскеуге тез арада қол жеткізу. Бұл қаланы басып алу орыстардың маңызды теміржол торабынан айырылатындығын былай қойғанның өзінде, саяси тұрғыдан да, шаруашылық жағынан да шешуші жеңіс.

Келісім бергендер:

**Иодль, Кейтель**

Қол қойған:

**Гитлер**

*Германия қолбасшысы “Барбаросса” операциясын 3—4 ай ішінде жүргізуді жоспарлаған.*

Нюрнбергский процесс.

Т. 2. М., 1958. С. 559—565.

## **ЛЕНД-ЛИЗ ТУРАЛЫ ЗАҢ**

**11 наурыз, 1941 жыл.**

Қазірден бастап бұл заң “Құрама Штаттардың қорғанысын нығайту туралы заң” деп аталатын болады.

**ІІ бөлім.** (1) ...Осы мақсатқа бөлінген қаржы көлемі мен әр кез Конгресс бекітіп отыратын келісімдер бойынша өз қарамағындағы арсеналдарда, зауыттар мен верфьтерде шығарып немесе басқаша жолдармен жасап, қорғанысы, президенттің пікірі бойынша Құрама Штаттардың қорғанысы үшін аса қажет деп саналатын елдердің үкіметтеріне соғыс жабдықтарын беріп отыру.

(2) ...Осы пункттің шарттарына сәйкес және осы мақсаттарға қарастырылған қорлардың есебінен төленіп, әртүрлі

жолдармен берілген қорғаныс құралдарының құны 1 300 000 доллардан аспауы керек...

(3) Қорғаныс құрал-жабдықтарын сынау, тексеру, кемеліне келтіру, жөндеу, жабдықтау, қайта жабдықтау, оларды басқа да жолдармен жұмыс істеу жағдайына келтіру немесе жеке келісімдердің негізінде көрсету. Егер олардың жалпы құны осы заң бойынша бөлінген қаражаттардың көлемінен, сондай-ақ Конгресс бекітіп отыратын келісімдердің жалпы мөлшерінен аспайтын болса, онда кез келген мемлекетке жоғарыда айтылған қызметтердің бәрін көрсету...

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Т. 2. М., 1996. С. 310—313.

### **КСРО МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯ ҮКІМЕТТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ГЕРМАНИЯҒА ҚАРСЫ СОҒЫСТА БІРЛЕСІП ҚИМЫЛДАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

12 шілде, 1941 жыл.

Осы келісім гитлершілдікке қарсы одақтың құрылуына бастама болды.

1. Екі үкімет гитлерлік Германияға қарсы соғыста бір-біріне барлық көмек пен қолдау көрсететіндіктері туралы өзара міндеттенеді.

2. Олар бұдан әрі осы соғыстың барысында бір-бірінің келісімінсіз ешқандай келіссөздер жүргізбеуге, уақытша келісім не бітім жасаспауға міндеттенеді.

Хрестоматия по новейшей истории.  
Документы и материалы. Т. 3. М., 1971. Ч. 1. С. 223—224.

### **АТЛАНТИКАЛЫҚ ХАРТИЯ**

14 тамыз, 1941 жыл.

1. АҚШ пен Ұлыбритания аумақтық немесе басқа нәрселерді иеленуге ұмтылмайды.

2. Олар мүдделі халықтардың келісімдерінен тыс ешқандай аумақтық өзгертулерге келісімдерін бермейді.

3. Олар әрбір халықтың өздері өмір сүргісі келген басқару формасын таңдау құқығын құрметтейді және күштеу жолымен өздерінің егемендік құқықтары мен өзін-өзі басқаруынан айырылған халықтарға оларды қайта қалпына келтіруге көмек көрсетуін көздейді.

... 4. Олар үлкенді-кішілі, жеңген немесе жеңілген барлық елдердің гүлденуі үшін теңдік негізінде сауда мен дүниежүзіндегі шикізат қорларына қолы жететіндей жағдайды қамтамасыз етуге ұмтылады...

... 6. Ұлтшылдық пен озбырлықты түпкілікті жойғаннан кейін барлық елдерге өз аумақтарында қауіпсіз өмір сүруге мүмкіндік беретін бейбітшілік орнайтындығына сенеді...

... 8. Олар дүниежүзінің барлық мемлекеттері реалистік және рухани тәртіп бойынша күш қолданудан бас тартулары керек деп есептейді, себебі өзінің шекарасынан тыс жерлерге қауіп төндіруші немесе қауіп төндіретін мемлекеттер құрлықтағы теңіз және әуе қарулы күштерін пайдалана беретін болса, онда ешқандай да бейбітшілікті сақтау мүмкін емес. Черчилль мен Рузвельт алдағы уақытта кең түрдегі сенімді, жалпыға бірдей қауіпсіздік жүйелері орнағанша мұндай елдерді қарусыздандыру қажет деп есептейді. Англия мен АҚШ бейбіт халықтарды қаруландыру ауыртпалығынан құтылуды жеңілдететін басқа да мүмкін шараларға көмек беріп, қолдау көрсетеді.

1941 жылы 14 тамызда Арджентия айлағындағы ағылшын линкоруы “Принц Уэльский” бортында АҚШ президенті Рузвельт пен Ұлыбритания премьер-министрі Черчилль фашистік мемлекеттермен соғыстың мақсаттары баяндалған мәлімдемені қабылдады.

1941 жылы 24 қыркүйекте Атлантикалық хартияға Кеңес Одағы қосылды.

Хрестоматия по новейшей истории.  
Документы и материалы. Т. 3. Ч. 1. М., 1971. С. 224—225.

## БІРІККЕН ҰЛТТАР МӘЛІМДЕМЕСІ

1 қаңтар, 1942 жыл.

Осыған қол қоюшы үкіметтер, бұдан бұрын АҚШ президенті мен Ұлыбритания премьерінің 1941 жылы 14 тамызда “Атлантикалық хартия” деген атпен белгілі жалпы мәлімдемесінде жарияланған мақсаттар мен принциптердің жалпы бағдарламасына қосылып, өздерінің жауларын толық жеңу өз елдерінде ғана емес, сонымен қатар басқа да елдерде адамдардың өмірін, бостандығын, тәуелсіздігі мен әділеттілігін сақтау үшін қажет және олар қазір дүниежүзін бағындыруға ұмтылуы жайлы, жыртқыш күштерге қарсы күреспен айналысуда деген сеніммен мынаны мәлімдейді:

1. Әрбір үкімет өздерінің барлық соғыс және экономикалық қорларын осы үкіметтер соғыс жағдайларындағы үштік келісімнің мүшелеріне және оларға қосылғандарға қарсы жұмсауға міндеттейді.

2. Әрбір үкімет осыған қол қойған басқа үкіметтермен ынтымақтасып қимылдауға, жаулармен сепаратистік уақытша келісім жасамауға немесе бітімге келмеуге міндеттенеді.

Жоғарыда жарияланған Мәлімдемеге, гитлеризмді жеңу жолындағы күреске материалдық көмек көрсететін басқа да ұлттар қосыла алады.

1942 жылы 1 қаңтарда Вашингтонда кейіннен “Біріккен Ұлттар Мәлімдемесі” деген атпен белгілі “26 мемлекеттің Мәлімдемесіне” қол қойылды. Мәлімдеме гитлершілдікке қарсы коалицияны құрудың формальды аяқталуы болып табылады, ол фашизммен күресте халықтардың күшін біріктіріп, топтастыруға жәрдемдесті.

Хрестоматия по новейшей истории.  
Документы и материалы. Т. 3. Ч. 1. М., 1971. С. 225.

### ШАРЛЬ ДЕ ГОЛЛЬДІҢ ЛОНДОН РАДИОСЫНАН СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

20 қаңтар, 1942 жыл.

Ресейдің жеңісіне қуанбайтын бірде-бір адал француз жоқ.

1941 жылдың маусымынан бастап бұл алып майданның өне бойына шабуылға шыққан, қуатты техникамен жабдықталған, жаңа табыстарға жету үшін алға ұмтылған, даңқ-құмарлықтан немесе қорыққаннан өз тағдырларын Германиямен байланыстырған қолшоқпарлардың есебінен бұрынғыдан да күшейген герман армиясы қазір орыс әскерлерінің соққысына шыдай алмай кейін шегінуде...

Қазіргі таңда Германия үшін Шығыс майдандағы соғыс — ол қалың қар басқан молалар, жаралылар тиеген сансыз эшелондар, кенеттен қаза тапқан генералдар. Әрине, жаудың әскери қуаты жойылып бітті деуге әлі ерте. Бірақ оның тарихта бұрын-соңды болмаған адам айтқысыз жеңіліске ұшырағандығына ешқандай күмән жоқ.

Күннен-күнге Германияның күш-қуаты мен беделі төмендеп жатқан кезде, орыс халқының даңқы арта түсуде. Бүкіл дүниежүзі бұл халықтың “ұлы халық” деген атаққа лайықты екендігіне көзі жетіп отыр. Себебі ол соғыса біледі,

яғни қиыншылықтарды жеңіп, қайтара соққы бере алады. Ол жауға қарсы өзі көтеріліп қолына қару алды, күреске бірікті, небір сын сағаттар оның бірлігін шайқалта алмады.

Француз халқы орыс халқының күш-қуатының нығайып, табыстарға жетуін қуана қуаттайды, себебі бұл табыстар Францияның аңсаған арманы — азаттық пен кек алуды жақындата түседі. Ресейдегі әрбір неміс жауынгерінің өлімі Ленинград, Мәскеу, Севастополь түптеріндегі кең далада әрбір неміс зеңбірегінің, оның әр ұшағымен танкісінің қиратылуы Францияның қайта көтеріліп, жеңіске жетуіне қосымша мүмкіндіктер береді.

Міне, сондықтан да шайқаста Франция өзінің қайта жаңғырған күш-қуатын Кеңес Одағының күш-қуатымен біріктіреді. Келер шешуші жылда жаумен соғысып жатқан Франция осы соғыстағы белсенді және бөсең ұрыстарда, уақытша бақытсыздыққа қарамастан Ресейдің табиғи одақтасы болып табылады.

Жапа шегуші Франция, жапа шегуші Ресеймен бірге. Соғысушы Франция, соғысушы Ресеймен бірге. Торығу торына түскен Франция, түнек түбінен ұлылық шеруіне көтеріле білген Ресеймен бірге.

*Ш. де Голль. Военные мемуары.  
Т. 1. М., 1957. С. 657—658.*

## **АНГЛИЯ МЕН АҚШ ҮКІМЕТТЕРІНІҢ 1942 ЖЫЛЫ ЕУРОПАДА ЕКІНШІ МАЙДАН АШУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСМИ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

**Ағылшын-Кеңес мазмұндамасынан.**

... Келіссөздер барысында... екі ел арасында 1942 жылы Еуропада екінші майдан құрудың кезек күттірілмейтін мәселелері жөнінде толық келісімге қол жеткізілді...

**Кеңес-Американ мазмұндамасынан.**

Келіссөз жағдайында 1942 жылы Еуропада екінші майдан құрудың кезек күттірмейтін міндеттеріне қатысты толық келісімге қол жеткізілді...

1942 жылы Еуропада екінші майдан ашу туралы Англия мен АҚШ үкіметтерінің салтанатты түрдегі міндеттемелері 1942 жылы мамыр-маусым айларында кеңес делегациясының Лондон мен Вашингтондағы келіссөздерімен бірге берілді. Екінші майдан кеңес-герман майданынан ша-



мамен 40 гитлерлік дивизияны әкетуге бейімдейтін Еуропадағы одақтастардың іс-қимылы деп түсіністі.

“Известия”, 12 июня 1942 г. //

Хрестоматия по новейшей истории.

Документы и материалы. Т. 3. Ч. 1. М., 1971. С. 228—229.

### **ЕУРОПАДАҒЫ ФАШИСТІК “ЖАҢА ТӨРТШІ”. “ОСТ” БАС ЖОСПАРЫ**

Германияның билеуші топтары шығыста жаңа жерлерді басып алу жоспарларын жасай отырып, герман үкімет орындарының Шығыс Еуропа халықтары жөніндегі саясатын егжей-тегжейіне дейін ойластырды. Басып алынған жердегі халықты қандай тағдыр күтіп тұрғандығын фашистік үкімет орындарының төменде келтіріліп отырған құжаттарынан көруге болады. 1941 жылдың соңында Гиммлерге бағынатын империя қауіпсіздігінің бас басқармасы Шығыс Еуропадағы неміс-фашист тәртіптерін орнатудың 30 жылға арналған кең түрдегі бағдарламасы ретінде — “ОСТ” деп аталатын бас жоспарын жасады. Төменде СС әскерінің қолбасшысы Гиммлердің 1940 жылдың 28 мамырындағы хатынан және “Шығыс министрлігінің” Бас саяси басқармасының отарлау бөлімінің бастығы Э.Ветцельдің 1942 жылы 27 сәуірде қол қойған “СС әскерлерінің “ОСТ” бас жоспары жөніндегі СС ескертулері мен ұсыныстарынан” үзінділер келтіріледі.

### **ШЫҒЫС ОБЛЫСТАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚҚА ҚАЛАЙ ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ШҚІРЛЕР**

*(Гиммлердің 1940 жылғы 28 мамырдағы хатынан)*

Шығыс облыстарда неміс емес халықтар үшін жоғары мектептер болмауы керек. Жергілікті халықтар үшін төрт сыныпты халық мектебі де жетіп жатыр. Бұл халық мектептеріндегі оқытудың мақсаты — тек қарапайым есептеу, ең көп болғанда 500-ге дейін ғана санауды білу, қол қоя білу, құдай алдындағы парызы — немістерге бағыну, адал, ынталы және тілалғыш болуы керек деп олардың құлағына құя беру. Оқи білудің қажеті жоқ деп есептеймін. Осы аталған мектептерден басқа шығыс облыстарда ешқандай мектеп болмауы керек. Өз балаларына халық мек-

тебінде, одан соң жоғары мектепте жақсы білім бергісі келген ата-аналар бұл туралы СС әскерлері мен полициясының жоғарғы органдарына... арыз берулері қажет. Егер біз баланы кәсіптік білгірлігі жағынан жарамды деп тапсақ, онда ол Германияға оқуға жіберіледі және онда ұзақ уақыт тұрады деп ата-анасына хабарланады...

### СС ӘСКЕРЛЕРІ РЕЙХСФЮРЕРІНІҢ “ОСТ” БАС ЖОСПАРЫ ЖӨНІНДЕГІ СС ЕСКЕРТПЕЛЕРІ МЕН ҰСЫНЫСТАРЫНАН

Жоспарға<sup>1</sup> сәйкес көшірілуге тиісті адамдардың саны шын мәнісінде жоспарланғаннан анағұрлым көп болуы тиіс. Бұл жерде тұратын 5—6 млн еврейлердің көшіруге кіріспей тұрып жойылатындығын ескерсек, онда жоспарда көрсетілген 45 млн неміс емес жергілікті халық деген санмен келісуге болады... Бұдан жоспар дұрыс есептелмеген халық санына негізделген деген қорытынды шығады.

...Егер қарастырылып отырған аумақта жоспарда жобаланғандай 14 млн-ға жуық жергілікті халық қалсын деп есептесек, онда 46 — 51 млн-дай адамды көшіру керек...

Жоспарда нәсілі жөнінен қажетсіз жергілікті адамдарды Батыс Сібірге көшіру қарастырылған...

Судебный процесс по делу верховного главнокомандования гитлеровского вермахта. Приговор пятого американского военного трибунала, вынесенный в Нюрнберге 28 октября 1948 года. М., 1964. С. 126.

### ГЕРМАН ҮКІМЕТІНІҢ ОСВЕНЦИМДЕГІ ЖАНТҮРШІГЕРЛІК ҚЫЛМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

1945 жыл.

*Неміс-фашист басқыншылары мен олардың  
сыбайластарының жауыздықтарын анықтау және тергеу  
жөніндегі Төтенше мемлекеттік комиссияның  
хабарлауынан*

Адамдарды жоюға арналған Освенцим лагері (Польшадағы Краков воеводствосында) 1939 жылы құрылып,

<sup>1</sup> “ОСТ” Бас жоспарында 30 жыл ішінде Польша және Кеңес Одағының Батыс бөліктерінің аумағынан 31 млн-ға жуық адамды көшіру қарастырылған. СС әскерлері рейхсфюрерінің “Ескертулерінде...” басқа цифрлар жөнінде айтылған.

1945 жылға дейін жұмыс істеді. Бұл Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы фашистер пайдаланған өлім лагерьлерінің ішіндегі ең ірісі еді.

Қызыл Армия құтқарған Освенцим лагерінің 2 819 тұтқындарынан сұрау және оларды дәрігерлік куәландыру, табылған неміс құжаттарын, шегінер кезде немістер бұзып кеткен крематорийлер мен газ камераларын, лагерь аумағынан табылған өліктер, немістер жойған Еуропа елдері адамдарының лагерь қоймалары мен барактарында сақталып келген заттары мен құжаттарын зерттеу негізінде мыналар анықталды:

1. Ату, асу, аштық, улау секілді жантүршігерлік азаптау жолдарымен немістер Освенцим лагерінде 4 млн-нан астам Кеңестер Одағы, Польша, Франция, Бельгия, Голландия, Чехословакия, Югославия, Румыния, Венгрия және басқа да елдер азаматтарын қырып-жойған.

2. Неміс профессорлары мен дәрігерлері тірі адамдарға, ерлерге, әйелдерге және балаларға “дәрігерлік” сынақтар жүргізген.

3. Ойластырылуы, техника жолымен ұйымдастырылуы, адамдарды көптеп және қатыгездікпен өлтіруі жөнінен Освенцим лагері осы уақытқа дейін белгілі болған неміс “өлім лагерьлерін” өлдеқайда артқа тастап кетеді.

Освенцим лагерінде газ камералары, крематорийлер, хирургиялық бөлімдер мен зертханалар болды. Оның бәрі адамдарды айуандықпен қырып-жоюға арналды...

... Освенцим лагерінде немістер күн сайын 10 мыңнан 12 мыңға дейін адамды, оның ішінде 8—10 мың адамды келген эшелондардан, 2—3 мыңын лагерь тұтқындарының ішінен өлтіріп, отқа жағып отырды.

Нюрнбергский процесс.

Т. 4. М., 1959. С. 350—351, 353.

## ГИТЛЕР СТАВКАСЫНДАҒЫ ЖАНТАЛАС

*(Бас штаб офицерінің қолжазбаларынан алынған бұл үзінді Гитлер өмірінің соңғы күндерінен мәлімет береді)*

Мен наурыз айының соңында (1945 ж.) алғаш рет өнеркәсіптік кеңеске қатыстым. Бомбадан қорғанатын империя канцеляриясының бағына кірер кезде менің пистолетімді алып қойды, ол маған біртүрлі ыңғайсыз әсер етті. Оның

үстіне мені сыпайы, менің ойымша, намысқа тиетін тінтуден өткізді, папкамды тексерді. Бұл фюрердің айналасындағы сенімсіздіктің әбден шегіне жеткендігінің куәсіндей сақтық шаралары еді. Бұл жағдайды мен айтып жеткізе алмаспын. Жағымпаздық, күйгелектік пен екіжүзділік әркімді тек моральдық жағынан жаншып қоймай, оның бүкіл бойында ерекше бір жиіркеніштілік туғызды... Онда қорқыныштан басқа, фюрерге жақпай қалу, абайламай айтып қалған бір сөз үшін оның қаһарына ілігіп қалудан, төніп келе жатқан драманың аяқталуын күтуден, өзінің қарақан басы үшін қорқыныштан басқа шындық жоқ еді. Сіңіп қалған әдет бойынша сыртқы көріністері сақталғанымен, сәуірден бастап оның өзінің де ізі қалмады.

Жауапкершілік туралы ешкім тіс жарып ештеңе демеді. Ол туралы ойлады ма екен?

... Менің бұрын Гитлерді бар болғаны шала-шарпы екі рет көргенім бар еді. Біріншісі, 1937 жылы қаза тапқан солдаттарға арналған ескерткіштің жанындағы салтанатты мерекеде, екіншісі, 1939 жылы оның туған күніне арналған шеру кезінде. Расында, ол Гитлер 1945 жылдың 25 наурызында өзімді таныстырғанда маған аса қажыған күймен дірілдеген әлсіз қолын берген мына адаммен еш ұқсастығы жоқ еді.

Менің алдымда тірі өлік тұрды және мен Гитлер туралы адам ретінде диктатор туралы олардың іс-әрекеті мен жүргізген шаралары және олардың жантүршігерлік салдардың негізінде қалыптасқан пікірден бөлек пікір айта алмаймын. Егер менің алған әсерімді қысқа түрде баяндар болсам, бұл өзінің ұтылғанын білген және оны бұдан әрі жасыруға шамасы жоқ адам еді. Гитлердің сыртқы түрі адам шошырлық еді. Ол бір түрлі ебедейсіз, кеудесін алға қарай еңкейте, аяғын зорға көтеріп қозғалады. Ол әзер дегенде өз бойын билеп тұрды. Егер оны небәрі 20—30 метрлік қысқа жолда тоқтатса, ол екі қабырғаға тақап арнайы қойылған орындықтардың біріне отыруға немесе өзімен әңгімелесіп тұрған кісіден ұстап тұруға мәжбүр болар еді...

Гитлердің көздері қанталап кеткен. Оған арналған құжаттар мен қағаздарды әдеттегі жазу машинкаларындағы әріптердің көлемінен 3 есе үлкен “фюрердің машинкаларымен” басса да, ол оларды тек күшті көзілдіріктердің көмегімен ғана оқи алатын. Езуінен жиі сілекей ағатын аянышты да жиіркенішті көрініс...

... Бұл күндері (1945 жылдың сәуірінде) ол ұдайы өзінің айналасын америкалықтар мен ағылшындар оны Батыс мәдениеті мен өркениетін Шығыс жабайыларынан қорғаушы ретінде пәлеге ұшыратпайды (сөзбе-сөз), мен Кеңестерге қарсы күресті табыспен жалғастыра беруім үшін олар менімен уақытша бітімге келеді деп сендіруге тырысты. Рузвельттің қазасы туралы хабар алғанда “фюрердің бункерінде” бұл көңіл күй Батыспен соғыс аяқталды деген сенімге ұласты.

Военно-исторический журнал.  
1964. №4. С. 93—96.

### **ҮШ ОДАҚТАС МЕМЛЕКЕТТЕР — КЕҢЕС ОДАҒЫ, АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ТЕГЕРАНДАҒЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

28 қараша—1 желтоқсан, 1943 жыл.

#### **Үш мемлекет Мәлімдемесі.**

Тегеран конференциясы өз жұмысын Кеңес Қарулы Күштері фашистік Германияны оның одақтастарымен бірге өздері-ақ талқандай алатыны айқын болған кезде бастады. Алайда негізгі мәселелердің бірі Еуропа құрлығындағы халықтарды азат ету және жауды талқандауды тездететін, Еуропада екінші майдан ашу мерзімі туралы мәселе болды. Үш Ұлы державалар үкіметтері басшыларының алғашқы кездесуі соғыс және соғыстан кейінгі жылдары бірлесіп әрекет ету, сондай-ақ 1944 жылы мамырда екінші майдан ашу туралы келісімдерге қол жеткізумен аяқталды...

... Герман армияларын құрлықта, ал сүңгуір қайықтарын теңізде құртуға және олардың әскери зауыттарын өуеден қиратуға бізге дүниежүзінде ешқандай күш кедергі келтіре алмайды.

Біздің шабуылымыз аяусыз және толастамайды. Біз мұнда сеніммен және барлығына бел байлап келдік. Біз бұл жерден шын мәнісіндегі рухы мен мақсаты бір достар есебінде қайтамыз.

Хрестоматия по новейшей истории.  
Документы и материалы. Т. 3. Ч. 1. М., 1971. С. 229.

**ҮШ ОДАҚТАС МЕМЛЕКЕТТЕР — КЕҢЕС ОДАҒЫ, АМЕРИКА  
ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ  
БАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫРЫМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ  
МАЗМҮНДАМАСЫ**

*(Қырым конференциясы шешімдерінен)*

Соңғы 8 күн бойы Қырымда Сыртқы істер министрлігі, штаб басшылары және басқа да кеңесшілердің қатысуы жағдайында үш одақтас мемлекет басшылары — Ұлыбритания Премьер-министрі У.Черчилль мырзаның, Америка Құрама Штаттарының Президенті Ф.Д.Рузвельт мырзаның және КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы И.В.Сталиннің қатысуымен конференция болды.

АҚШ Президенті, КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы және Ұлыбританияның Премьер-министрі Қырым конференциясы жұмысының қорытындылары туралы мына төмендегідей мәлімдеме жасады:

**I. Германияны талқандау.**

Біз ортақ жауды түпкілікті талқандау мақсатында үш одақтас мемлекеттердің соғыс жоспарларын қарап анықтадық. Германияның нақ жанды жеріне біздің армияларымыз бен соғыс-әуе күштеріміз шығыстан, батыстан, солтүстіктен және оңтүстіктен беретін жана және бұрынғыдан да қуатты соққылардың мерзімдері, шамасы және оларды үйлестіру егжей-тегжей ақылдасылып, жоспарланды...

**II. Германияны басып алу және бақылау.**

... Келісілген жоспарға сәйкес үш мемлекеттің қарулы күштері Германияда бөлек аймақтарды иеленеді. Жоспарда үш мемлекеттің Бас қолбасшыларынан тұратын (тұрағы — Берлин) Орталық Бақылау Комиссиясы арқылы жүзеге асырылатын үйлестіруші әкімшілік пен бақылау қарастырылған. Егер үш мемлекет басып алынған аймақты алуға және Бақылау комиссиясына төртінші мүше ретінде қатысуды қалаған жағдайда Францияны да шақыруға шешім қабылдады.

Біздің бұлжымас мақсатымыз — герман милитаризмі мен нацизмін түпкілікті жою және Германияның еш уақытта дүниежүзіндегі бейбітшілікті бұза алмайтындай жағдайына кепілдік туғызу...

Біз герман халқын құртуды мақсат етпейміз...

#### **IV. Біріккен Ұлттардың конференциясы.**

Біз таяу күндері өзіміздің одақтастарымызбен бірлесіп бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтайтын жалпыға бірдей халықаралық ұйым құруға шешім қабылдадық. Біз бұл шешімді басқыншылықтың алдын алу үшін де, барлық бейбітшіліксүйгіш халықтардың тығыз және тұрақты түрдегі ынтымақтастығы жолымен соғыстың саяси-экономикалық және әлеуметтік себептерін жою үшін де маңызы аса зор деп есептейміз.

Бұл келісімнің негізі Думбартон-Оксте қаланған болатын... Біз Думбартон-Оксте жүргізілген бейресми келіссөздері негізінде жасалған ережелерге сәйкес осындай ұйымның жарғысын дайындау үшін 1945 жылдың 25 сәуірінде АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында Біріккен Ұлттардың конференциясы шақырылады деп келістік...

#### **VI. Польша туралы.**

... Мынадай келісімге қол жетті:

Польшада оны Қызыл Армияның толық азат етуіне байланысты жаңаша жағдай туды. Бұл жағдай Польшаның батыс бөлігі азат етілмей тұрғанға дейінгі кезге қарағанда ауқымды базадағы Уақытша Польша үкіметін құруды талап етеді. Сондықтан да қазіргі Польшада іске кіріскен Уақытша үкімет, оның құрамына Польшаның өзіндегі демократ қайраткерлерімен бірге шетелдегі поляктарды да енгізу жолымен бұрынғыдан да кең көлемді демократиялық негізде қайта құрылуы тиіс. Бұл жаңа үкімет құрылымынан кейін Польшаның Уақытша Ұлттық Билік Үкіметі деп аталуы тиіс...

Үш үкімет басшылары Польшаның шығыс шекараларын Керзон желісінің бойымен, кейбір аудандарда бестен сегіз метрге дейін Польшаның пайдасына қарай шешілу жолымен жүргізілуі керек деп санайды. Үш үкімет басшылары Польшаның аумағы солтүстік және батыс бағыттарда едәуір кеңеюі керек екендігін біледі...

#### **VII. Югославия туралы.**

Біз маршал Тито мен Шубашичке өзара жасасқан келісімдерін кедергісіз жүзеге асыруды және осы келісімнің негізінде Уақытша Біріккен үкімет құруды ұсынамыз. Сонымен бірге жаңа Югославия үкіметі құрыла салысымен:

1. Югославияның Ұлттық Азаттық Антифашистік Вечесі кезінде жаумен ынтымақтаспай, өзінің беделін түсірмей Югославияның соңғы скупщинасын қосу есебінен толықтырылады, сөйтіп Уақытша Парламент деп аталатын ұйым құрылады, — деп мәлімдеуді ұсынуға шешім қабылдадық.

**У.Черчилль**  
**Ф.Рузвельт**  
**И.Сталин**

11 ақпан, 1945 жыл.

Тегеран — Ялта — Потсдам.  
Сб. документов. Алматы, 1993. С. 182—189.

### **ҮШ МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕРЛИН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ**

*(Потсдам конференциясының шешімдерінен үзінді)*

17 шілде — 2 тамыз, 1945 жыл.

#### **... II. Сыртқы істер министрлерінің Кеңесін құру.**

А... 1. Біріккен Корольдік, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Қытай, Америка Құрама Штаттары Сыртқы істер министрлерінің құрамындағы кеңес құрылуы қажет.

2. а) Кеңес өз мәжілістерін қалыпты түрде Біріккен Секретариаттың тұрақты орны болып есептелетін Лондонда өткізетін болады.

3. а) Кеңеске шұғыл және маңызды міндеттер ретінде Біріккен Ұлттарға тапсыру үшін Италия, Румыния, Болгария, Венгрия және Финляндиямен бітімшарттарын жасау және Еуропадағы соғыстың аяқталуына байланысты шешілмеген аумақтық мәселелерді реттеу жөніндегі ұсыныстарды енгізу тапсырылады. Кеңес сонымен бірге Германия үшін бейбіт келісімге сай келетіндей, келешекте осындай үкімет құрылған кезде Герман үкіметінің мақсаттарына пайдалануға жарамды құжат дайындайтын болады...

#### **III. Германия туралы.**

Одақтас армиялар бүкіл Германияны басып алуды жүзеге асыруда және неміс халқы кезінде өздері қолдап, көзсіз бой ұсынған “көсемдердің” басшылығымен жасалған жан түршігерлік қылмыстардың кінәсін өтеуде.



Конференцияда жеңілген Германияға байланысты Одақ-тастардың саясатын ұйымдастырудың саяси және экономикалық принциптері туралы келісімге қол жеткізілді.

Бұл келісімнің мақсаты Германия жөніндегі Қырым Мәлімдемесін орындау болып табылады...

Бұл келісімнің мәтіні төмендегідей:

... 3. Бақылау Кеңесі басшылыққа алуы тиіс Германияны басып алудың мақсаттары мыналар:

1) Германияны толық қарусыздандыру және соғыс құралдарын шығаратын бүкіл герман өнеркәсібін жою немесе оған бақылау орнату...

2) неміс халқының, оның барлық жағынан соғыста жеңілгендігі, оның өз-өзіне тілеп алған азаптан қашып құтыла алмайтындығына көзін жеткізу керек. Себебі олардың соғысты адам айтқысыз қаталдықпен жүргізіп және ұлтшылдардың аянбай қарсыласқаны герман экономикасын талқандап, былық пен қайғы-қасіретке ұшыратты.

3) ұлтшыл-социалистік партия мен оның барлық бөлімшелерін, оларға бағынышты ұйымдарды жою, барлық нацистік мекемелерді тарату және оларды ешқашан да ешқандай түрде қалпына келтірілмейтіндей ету, қандай да болмасын нацистік және соғысқұмарлық әрекеттер мен насихаттаудың алдын алу...

5. Соғыс қылмыстылары мен айуандық — соғыс қылмыстарын алып келген нацистік іс-шараларды жоспарлаушылар мен іске асырушылар тұтқындалып, сотқа берілуі тиіс...

2) бүкіл Германияда барлық демократиялық партияларға рұқсат беріліп, оларға қолдау көрсету қажет және оларға жиналыстар шақыру мен көпшілікпен бірге талқылау сияқты құқықтар берілуі керек...

4) белгілі бір орталық герман үкіметі құрылғанша...

#### **В. Экономикалық принциптер.**

12. Іс жүзінде аса қысқа мерзім ішінде картель, синдикат, трестер және басқа да монополистік келісімдер түрінде шектен тыс шоғырланған экономикалық күштерді жою мақсатында герман экономикасы бөлшектендірілуі керек...

14. Басқыншылық кезінде Германия экономикалық біртұтас деп қаралуға тиіс...

#### **IV. Германиядан алынатын соғыс шығындарының төлемі.**

1. КСРО-ның соғыс шығындарының орнын толтыру туралы талаптары КСРО оккупация жасап отырған аймақ-

тан және тиісті шетелдердегі герман салымдарынан алу жолымен қанағаттандырылады...

3. Құрама Штаттар мен Біріккен Корольдіктің соғыс шығындарының орнын толтыру туралы талаптары... батыс аймақтарының және тиісті шетелдердегі герман салымдарының есебінен қанағаттандырылады...

### **ХІІІ. Герман халқының жүріп-тұруын реттеу.**

Конференция немістерді Польшадан, Чехословакия мен Венгриядан көшіру жөнінде төменгідей келісімге келді.

Үш үкімет мәселені жан-жақты қарап, Польшадағы, Чехословакия мен Венгрияда қалған немістерді не олардың бір бөлігін Германияға көшіруді қолға алу керек деп тапты. Олар болашақ көш ұйымдасқан түрде және адамгершілік жолымен іске асырылуы тиіс деп келісті...

**И.Сталин**  
**Г.Трумэн**  
**К.Эттли**

Тегеран — Ялта — Потсдам.  
Сб. документов. Алматы, 1993. С. 375—392.

## **ХИРОСИМАНЫ АТОМДЫҚ БОМБАЛАУ**

Хиросима тұрғындары үшін дүйсенбінің таңертеңгі шағы әдеттегісіндей басталған сияқты еді. Таңертеңгілік сағат сегіздер шамасында қала үстінде қалықтап ұшқан жалғыз ұшаққа үйреншікті нәрседей ешкім назар аударма қойған жоқ. Өйткені қала тұрғындары аспанда ұшып жүрген төрт моторлы “Б-29” ұшағына көздері үйреніп кеткен-ді. Олар... тіпті оны “Мистер Б” деп атайтын.

Хиросиманың тұрғын халқы өздерінің бағы бар деп есептейтін: себебі осы кезге дейін Хиросима екі мәрте ғана бомбаланған. Генерал Гровстың<sup>1</sup> атомдық бомбалауы көзделген халық қоныстанған пункттердің аттары тізімге іліккенге дейін осы қалаға наурыз айында төрт ұшақ қана шабуыл жасаған болатын. Сонымен, сәуір айында “Б - 29” ұшағының біреуі қателесіп қалаға , өзінің қатерлі жүгін тастап жіберді...

---

<sup>1</sup> **Генерал Гровс** — атом бомбасын жасау жөніндегі жұмыстың жетекшісі.

“Энола Гэй”<sup>1</sup> 29 000 фут биіктікте ұшып келе жатты... Капитан Парсонстың<sup>2</sup> бұйрығы бойынша егер көздеген нысананың үшеуі де бұлттан көрінбей, жарылыстың сәтті болатынына кепілдік бере алмайтын жағдайда бомбаны кері алып қайту қарастырылған. Бірақ бүгінгі ауа райы шуақты нұрын төгіп, “Стрейт флаш”<sup>3</sup> Хиросима-ның айқын көрініп тұрғанын үздіксіз мәлімдеумен болды.

Кейін капитан Льюис<sup>4</sup> былай деп жазды: “жапон жағалауларына 50 миль қалған кезде біз барлау қорытындыларын алдық. Біздің негізгі нысанамыздың үстінде ауа райы тамаша болып тұрды...”

9.11. Біз ақырғы пунктке келіп жеттік... Нысана көз алдымызда.

9.12. “Б-29” автоматтық басқаруға көшірілді. Басқаша айтқанда, автомат-ұшқыш бомбаны тастады...

“Айтуға аузым барып, дәтім шыдар емес... біз мұны істедік... Егер мен жүз жыл жасасам да, осы қас-қағым минуттарды өсте ұмыта алмаспын ...” Ұшақтың артқы жағында отырған атқыш осының бәрін көзбе-көз көрді. Яғни “Энола Гэйдегі” кормалық атқыш сержант Б.Кэрон бұл зұлматты былайша суреттейді: “Алдымен найзағайдай жарқыраған жарылыс көз қарықтырар жарыққа ұласып, жақындап келе жатқан жарылыс толқыны, содан кейін саңырауқұлақ төрізді бұлт көрінді. Қаланың үстінде қайнаған қара шайыр теңіз бұрқанып жатқандай әсер қалдырды. Тек аспан көкжиегі ғана көрініп тұрды...”.

... Бұдан соң біз тағы бір жарым сағаттың ішінде қала үстіндегі орасан зор саңырауқұлақ пішінді бұлтты бақылай алдық. Біз Хиросимадан төрт жүз миль ұзап шыққанда қала үстіндегі түтін деңгейінің биіктігі 55 000 футқа (16 764 м) жетті.

---

<sup>1</sup> “Энола Гэй” — бортынан атом бомбасы тасталынған “Б-29” бомбалаушы-ұшақтың атауы.

<sup>2</sup> Капитан Парсонс — ұшақ экипажы мүшелерінің бірі, қару-жарақ бойынша маман.

<sup>3</sup> “Стрейт флаш” — “Энола Гэйге” қосақтасып ұшатын барлаушы-ұшақтың атауы. Ұшақ командирі, майор Клод Изерля болды.

<sup>4</sup> Капитан Льюис — “Энола Гэй” экипажының мүшесі.

... Жапон офицері Масатакэ Окумия<sup>1</sup> сол сәттегі көріністі былайша сипаттайды: “... Хиросиманың жойылғаны мәлім болды. Бірақ сан мыңдап айтылған әңгімелер мен жәрдемнен ешқандай қайыр болмайтынын біле тұра жан ұшырған адамдардың жан түршіктірер жан айқайын, ақтық демінің алдында жанталасқан, от шарпыған денелердің үстіндегі күл-тозаңды, қас-қағым сәтте тірі сүлдеге айналған пенделердің бір жұтым суға зар болып, арпалысып жан тапсырған күйлері адам айтқысыз көрініс. Лапылдап жанған адамдардан шыққан жүректі айнытып, қолқанды қапқан сасық иісті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес...

Жиі айтылып жүрген өз көзімен көріп, бірақ сөзбен жеткізе алмайтын ана өлімінің тарихы кімді болса да бейжай қалдырмаса керек. Оның ернін қыбырлатып тіл қатуға шамасы жоқ, аузы түгелдей күйіп қалған, денесінің мылжа-мылжасы шығып, әлі жарық дүниені көріп үлгермеген, бірақ тіршілік белгісі білінген қызылшақа сәбиі қан мен шаңға бөгіп қасында жатты. Бұл мен көрген Хиросима еді...”

Международная жизнь. 1961. №6.  
С. 127—128, 129—130.

---

<sup>1</sup> Масатакэ Окумия — 1945 жылы 6 тамызда Куре соғыс-теңіз базасының өуе қорғанысы штаб-пәтерінен Хиросимаға ұшып барып, онда не болғанын өзі анықтауға бұйрық алған жапон офицері.

## III бөлім. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

### БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

Сан-Франциско. 26 маусым, 1945 жыл.

Біз, Біріккен Ұлттар халқы, адамзатқа адам айтқысыз қайғы әкелген Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабынан болашақ ұрпақты аман сақтап қалуға бекем бел байлап, адамның негізгі құқықтарына, жекетұлғалардың ар-ұжданы мен құндылықтарына, ерлер мен әйелдердің, көп ұлттар мен аз ұлттардың құқықтары теңдігін бекітуге; келісім-шарттар мен басқа да халықаралық құқық көздерінен туындайтын міндеттемелерге құрмет пен әділеттілік бұзылмай сақталынатындай жағдай туғызуға; кемел бостандық жағдайында әлеуметтік ілгерілеу мен тұрмыс жағдайын жақсартуға жәрдемдесуге; осы мақсаттарда тату көршілер ретінде қатар өмір сүріп, төзімділік танытуға; халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін өз күшімізді біріктіруге; қарулы күштердің ортақ мүдделерде ғана қолданылуына қағидалар қабылдап, әдістер бекіту арқылы қамтамасыз етуге; барлық халықтардың экономикалық, әлеуметтік ілгерілеуіне ықпал ету үшін халықаралық аппаратты пайдалануға, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін өз күшімізді біріктіруге шешім қабылдадық.

Осыған орай Сан-Франциско қаласында жиналған біздің үкімет өкілдері өздеріне көрсетілген өкілеттілікке сәйкес нысанда Біріккен Ұлттар Ұйымының осы Жарғысын қабылдауға және “Біріккен Ұлттар” деген атпен халықаралық ұйым құруға келісті.

#### I тарау. МАҚСАТТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

##### 1-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының көздеген мақсаттары:

1. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және осы мақсатта бейбітшілікке төнетін қатерді болдырмау, оның алдын алу үшін және басқыншылық актілерін немесе басқа да бейбітшілікті бұзу әрекеттерін бәсеңдету үшін тиімді бірлескен шаралар қабылдау және бейбітшіліктің бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін халықаралық

жағдайлар мен дау-жанжаларды шешуді немесе өршітпеуді халықаралық құқықтар мен әділеттілік қағидаларына сәйкес бейбіт құралдармен жүзеге асыру.

2. Халықтардың өзін-өзі билеу және тең құқық қағидалары негізінде ұлттар арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту, сондай-ақ жалпы дүниежүзілік бейбітшілікті нығайту үшін басқа да сәйкес шараларды қабылдау.

3. Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуде және адам құқықтарына, нәсіліне, жынысына, тілі мен діни сенімдерінің әртүрлілігіне қарамастан баршаға ортақ бостандықты құрметтеуді дамыту мен қолдауда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

4. Осы ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін ұлттардың іс-әрекеттерін үйлестіруге арналған орталық құру.

## **2-бап**

1. Ұйым оның барлық мүшелерінің өзара теңдігі принципіне құрылған.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері ұйым мүшелерінің құрамында болып, құқықтар мен артықшылықтардың жиынтығына ие болуын қамтамасыз ету үшін, осы Жарғы бойынша қабылданған міндеттемелерін жауапкершілікпен орындайды.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері өздерінің халықаралық дау-жанжалдарын бейбітшілікке, қауіпсіздікке және әділеттілікке қауіп-қатер төнбейтіндей бейбіт жағдайда шешеді.

4. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері өздерінің халықаралық қатынастарында кез келген мемлекеттердің аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы түрде болмаса басқаша түрде Біріккен Ұлттардың мақсаттарына қайшы келетін күш көрсетуден және оны қолданудан бейтарап болады.

## **II тарау. ҰЙЫМ МҮШЕЛЕРІ**

### **4-бап**

1. Ұйым мүшелігіне қабылдау осы Жарғыда баяндалған міндеттерді өзіне қабылдай алатын, ұйымның ұйғарымы бойынша осы міндеттерді орындауға ықыласты барлық бейбітшіліксүйгіш мемлекеттер үшін ашық...

## 6-бап

Осы Жарғыда баяндалған принциптерді үнемі бұзушы ұйым мүшесі Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша Бас Ассамблея арқылы ұйымнан шығарылады. Жарғы КСРО, ЛИП және Англия өкілдерінің конференцияларында Думбартон-Оксте (Вашингтон) 1944 жылы тамыз — қыркүйек айларында, 1945 жылы ақпан айында Ялтада, Сан-Францискода (1945 жылы сәуір — маусым айларында) өзірленді. 1945 жылы 24 қазанда заңды күш берілген грамоталармен айырбас жасалып Жарғы күшіне енді. Қазан айының 24 жұлдызы — Біріккен Ұлттар Ұйымының күні болып жарияланды.

## III. Корея

2. Уақытша Корей үкіметін құруға жәрдем көрсету және сәйкес шараларды алдын ала өзірлеу үшін Оңтүстік Кореядағы америка өскерлерінің командованиесі және Солтүстік Кореядағы кеңес өскерлерінің командованиесінен біріккен комиссия құру. Комиссия өздерінің ұсыныстарын өзірлеу жағдайында Корей Демократиялық партиясы және қоғамдық ұйымдармен кеңесуі тиіс. Комиссия өзірлеген кепілдеме бірлескен комиссияда ұсынылған екі үкіметтің ақырғы шешімдері қабылданғанға дейін Құрама Штаттар, Кеңестер Одағы, Біріккен Корольдік және Қытай үкіметтерінің қарауына енгізілуі тиіс.

## IV. Қытай

Үш мемлекеттің сыртқы істер министрі Қытайдағы жағдайларға қатысты мәселелер бойынша пікір алмасты. Олар Ұлттық үкімет басшылығымен Қытайды біріктіру және демократияландыру қажеттілігі туралы, Ұлттық үкіметтің барлық ұйымдарына демократиялық элементтерді кең түрде тарту, азамат соғысын тоқтату туралы келісім жасады. Олар Қытайдың ішкі ісіне араласпау саясатына өз адалдығын растады...

Екі мемлекеттің сыртқы істер министрлерінің арасында олардың міндеттері мен жауапкершілігін атқару келісілді,

мүмкіндігінше, қысқа мерзімде Қытайдан кеңес және американдық қарулы күштерін шығаруға орай толық келісім орын алды.

## **VII. Атом энергиясына бақылау жасау жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының комиссиясын құру туралы**

...Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Америка Құрама Штаттары және Біріккен Корольдік сыртқы істер министрлері атом энергиясының ашылуына және осы мәселелерге байланысты туындаған басқа да проблемаларды қарау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының комиссиясын құру туралы мәселе бойынша ұсынысты Біріккен Ұлттар Бас Ассамблеясының қарауына енгізуге келісті...

**Ескерту.** 1945 жылы 16—26 желтоқсанда өз жұмысын жүргізуші КСРО, АҚШ және Ұлыбритания Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі дүниежүзінің соғыстан кейінгі құрылым мәселелерін талқылады. Үзінділері, келтірілген кеңестің қорытындысы арнаулы хабар болып табылады.

“Правда” от 28 декабря 1945 г.//Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 57-58.

### **ФУЛТОН ҚАЛАСЫНДАҒЫ (АҚШ) У. ЧЕРЧИЛЛІДІҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН**

5 наурыз, 1946 жыл.

...Қазіргі таңда мұндай қару тек Құрама Штаттарда, Ұлыбритания мен Канаданың меншігінде бар. Өзірше атом бомбасына қатысты құпия мәліметтер мен тәжірибені халықаралық ұйымға сеніп тапсыру қате әрі абайсыздық болар еді. Себебі ол енді ғана дамып келе жатыр... Егер жағдай өзгеріп, қандай да бір коммунистік немесе жаңа фашистік мемлекет қазіргі уақытта осы үрейлі мәліметтерді монополиялап алса, біздің барлығымыздың да тыныш ұйықтауымыз екіталай...

Енді мен қарапайым адамдарға төніп тұрған қатерлі екінші қауіп, дәлелірек айтсақ, тирания туралы (зорлық-зомбылық) айтпақпын. Бүкіл Британия империясының азаматтары пайдаланатын бостандық, елдердің едәуір бөлігінде жоқ. Бұл фактіге көз жұма қарауға болмайды және осы елдердің кейбіреулері қуаты жағынан да басым. Мұндай мемлекеттерде қарапайым адамдарға бақылау жа-



сау демократияның бүкіл принциптеріне қарама-қайшы келеді. Әрі бұл полициялық үкіметтің көмегімен жүзеге асырылуда.

...Менің көптен бері айтқым келгені осы еді. Сенімді түрде соғысты болдырмауға немесе халықаралық ұйымдардың үздіксіз өсуіне, ағылшын тілінде сөйлеушілердің туысқандық қауымдастығынсыз ешқашан да қол жеткізе алмайды. Бұл бір жағынан, ұлттар мен империяның арасындағы Британдық достастықты, екінші жағынан, Құрама Штаттармен ерекше қарым-қатынасын білдіреді...

Құрама Штаттар империя ұлттарының Британдық достастығына адал доминионы Канадамен қорғаныс туралы тұрақты келісімге әлдеқашан ие болған... Бұл принципті ұлттардың барлық Британдық достастығы ұстануы тиіс...

...Жақында ғана одақтастар жеңісімен сөуленген жерге көлеңке түсті. Кеңестік Ресей мен оның коммунистік халықаралық ұйымының жақын болашаққа деген пиғылын немесе шекараларын ешкім де білмейді; егер олардың прозелитизмге ұмтылу мен басқыншылық көзқарастары болатын болса... Балтикадағы Штеттиннен Адриатикадағы Триестаға дейін құрлыққа темір шымылдық түсіріледі. Осы сызықтың арғы жағында Орталық және Шығыс Еуропаның ертедегі мемлекеттерінің бүкіл қазыналары сақталған. Варшава, Берлин, Прага, Вена, Будапешт, Белград, Бухарест, София — бүкіл осы атақты қалалар мен аудандарындағы тұрғындар кеңестік ықпал аймағында және барлығы да кеңестік ықпалға ғана емес, едәуір дәрежеде Мәскеудің ұлғайған бақылауына бағынады... Өкінішке орай, біз елестете алмаған мөлшерде миллиондаған немістерді жаппай қуғындау орын алды...

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 437–439.

## **КСРО, АҚШ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ МӘСКЕУ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ**

28 желтоқсан, 1945 жыл.

### **1. Италия, Румыния, Болгария, Венгрия және Финляндиямен бітімшартын даярлау туралы**

1. Сыртқы істер министрлер кеңесінің Италия, Румыния, Болгария, Венгрия және Финляндиямен бітімшарттарын

жасауға тек Кеңес мүшелері қатысатын болады немесе Берлин конференциясында қабылданған Сыртқы істер министрлер кеңесін құру жөніндегі келісімдерге сәйкес, егер Кеңес оларға тікелей қатысты мәселелер (кеңес қарайтын мәселелер) бойынша Кеңеске қатысуға басқа мүшелерді шақыру туралы осы келісіммен сәйкес түрде шешім қабылдасамаса, онда тізе бүгу шарттарына қол қойған жақтар қатысады.

Кеңесте қаралатын мәселелер:

а) Италиямен бітімшарттарын Ұлыбритания, Құрама Штаттар, Кеңестер Одағы және Франция Сыртқы істер министрлері әзірлейді;

б) Румыния, Болгария және Венгриямен бітімшарттарын Кеңестер Одағы, Құрама Штаттар және Ұлыбритания Сыртқы істер министрлері әзірлейді.

Құрама Штаттар қаржылық және экономикалық көмек көрсету жөнінде грек үкіметінің өтінішін қабыл алды...

Қаржылық және экономикалық көмектің кейбір түрлерін біз Грекияға ұсынғанбыз, бірақ олар жеткіліксіз...

Біз осы сын сағаттарда БҰҰ-ның жәрдем көрсете алатын жолдарын қарастырдық. Жағдай шұғыл іс-әрекетті талап етуде, ал БҰҰ және оның ұйымдары Грекияға талап етілген көмекті беретін жағдайда емес...

Біздің назарымыздан, сондай-ақ Грекияның көршісі — Түркия да тыс қалмаған... Қазіргі Түркияның жағдайы Грекияның жағдайына қарағанда едәуір төмен... Түркия қазір біздің көмегімізге зәру...

Егер біз осы қиын-қыстау сәтте Грекия мен Түркияға көмекке келмесек, мұның салдары Шығыста да, Батыста да тереңдей түспек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен Конгреске Грекия мен Түркияға 1948 жылдың 30 маусымына дейінгі кезеңде 400 000 доллар көлемінде көмек көрсетуге өкілдік беруін өтінемін.

Қаржылық көмекке қосымша Конгрестен Грекия мен Түркияға америкалық азаматтар мен әскери қызметкерлердің жіберілуіне рұқсат етуін сұраймын... Сондай-ақ осы үшін іріктеліп алынған түрік және грек мамандарын оқытып-үйретуге рұқсат етуге ұсыныс білдіремін.

Хрестоматия по новейшей истории.

Т. 3. Ч. 1. С. 59—60.

## ҮНДҚЫТАЙДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖЕНЕВА МӘСЛИХАТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

21 шілде, 1954 ж.

Мәслихат Камбоджадағы, Лаостағы және Вьетнамдағы әскери іс-қимылдарға тоқтау салатын келісімдерді ескеріп, осы келісімдердің ережелерін орындауға халықаралық бақылау мен қадағалау орнатады.

(Сонда ғана Вьетнам, Лаос және Камбоджаның ұлттық егемендігі халықаралық жағдайда мойындалады).

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. М., 1961. С. 77—78.

## АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ БАНДУНГ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ МАЗМҮНДАМАСЫ

18–24 сәуір, 1955 жыл.

Конференция... БҰҰ-ның Жарғысында адамның негізгі құқығын өздерінің толығымен қолдайтыны туралы мәлім етеді, барлық халықтар мен ұлттар үшін ортақ үлгі ретіндегі адам құқығы Мәлімдемесі есепке алынады.

...халықтар мен ұлттардың өзін-өзі билеу принципін өздерінің толық қолдайтындығы туралы мәлімдейді.

...нәсілдік кемсіту мен алалау саясатын және тәжірибесін айыптайды.

Д. Тәуелді халықтар мәселесі.

1. Конференция төмендегідей келісімге келді:

а) отаршылдықтың барлық көрінісінен тез арада алдын орауға тиісті жауыздықты ұғынатынымызды мәлімдеу.

2. Конференция Алжир, Марокко және Тунис халықтарының құқықтарын қолдайтындығы жөнінде мәлімдейді.

Ғ. Конференция адамзат пен өркениетті қорқыныш-үрейден құтқару және оны толығымен жою үшін қарусыздану, ядролық және термоядролық қаруларды қолдануға тыйым салу қажет деп санайды...

Ү. Дүниежүзілік бейбітшілік пен ынтымақтастыққа жәрдемдесу туралы мәлімдеме (Бандунг конференциясының принциптері).

1. Адамдардың негізгі құқықтарын, сондай-ақ БҰҰ Жарғысының принциптері мен мақсаттарын құрметтеу.

2. Барлық елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу.

3. Барлық нәсілдердің теңдігі мен үлкен және шағын (аз) ұлттардың теңдігін мойындау.

4. Басқа елдердің ішкі істеріне араласудан, зорлықпен қол сұғудан бас тарту.

5. БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес әрбір елдің жеке және ұжымдық қорғаныс құқығын құрметтеу.

6. (А) Қандай да бір ұлы державалардың жеке мүдделерінде ұжымдық қорғаныс жөніндегі келісімдерді пайдаланудан қалыс қалу.

(В) Кез келген елдің басқа елдерге қысым көрсетуінен бас тарту.

7. Кез келген елдің аумақтық тұтастығынан немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы басқыншылық актілерінен яки қауіп-қатерден немесе күш қолданудан бас тарту.

8. Дүниежүзіндегі елдердің барлығын бейбіт жағдайда реттеу.

9. Өзара мүдде мен ынтымақтастыққа жәрдем беру.

10. Өділеттілік пен халықаралық міндеттерді құрметтеу.

“Правда”, 26 апреля 1955 г.

### **ЕУРОПАДАҒЫ ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЖАЛПЫЕУРОПАЛЫҚ КЕЛІСІМ-ЖОБАСЫ. НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ**

1. Өздерінің қоғамдық құрылысына тәуелсіз Келісімде қарастырылған міндеттерді қабылдаушы және мақсаттарды мойындаушы барлық еуропалық мемлекеттер Келісімге қатыса алады.

Алдағы уақытта бірыңғай, бейбітшіліксүйгіш демократиялық герман мемлекетін құруға Келісімнің тең құқықты қатысушылары ретінде Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративті Республикасының азаматтары қатыса алады. Бұл жағдайда Германияны біріктіргеннен кейін жалпы негіздегі келісімге қатысушылар бірыңғай Герман Мемлекеті бола алатынын назарда ұстады.

Еуропадағы ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісім қорытындысы төрт державамен ертеректе белгіленген тәртіпте реттелуге тиісті герман мәселесінде төрт державаның — КСРО-ның, АҚШ-тың, Англия мен Францияның міндеттерін қозғаған жоқ.

2. Келісімге қатысушы мемлекеттер Еуропадағы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндірмес үшін өздерінің халықаралық қатынастарда күшпен қатер төндіру, яки оны қолданудан қалыс қалатынын тең түрде кез келген шабуыл жасаудан қалыс қалуға міндеттенді ...

9. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелеріне жататын мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін ерекше жауапкершілікті мойындай отырып, Келісімге қатысушы мемлекеттер Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасының үкіметтерін Келісім ұйымдарына сәйкес құрылған өз өкілдіктерін бақылаушылар ретінде жіберуге шақырады.

“Правда”, 11 февраля 1954 г. // Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 76—77.

## БАҒДАТ ПАКТИСІ

*(Түркия мен Ирак арасындағы келісім)*

24 ақпан, 1955 жыл.

**1-бап.** Жоғары келісім жасаушы жақтар Біріккен Ұлттар Жарғысының 51-бабына сәйкес өздерінің қауіпсіздігі мен қорғанысы мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады. Осы ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін олардың қабылдаған шешімдері арасында арнайы келісімге келуге болады.

**2-бап.** Жоғары келісім жасаушы жақтарды көрсететін құзырлы өкіметтер 1-бапта қарастырылған ынтымақтастықты жүзеге асыру және таратуды қамтамасыз ету мақсатында қабылданған қажетті шараларды анықтап, әзірлейді.

**3-бап.** Жоғары келісім жасаушы жақтар бір-бірінің ішкі істеріне араласпауға міндеттенеді. Жоғары келісім жасаушы жақтар өздерінің арасында пайда болуы мүмкін барлық дау-дамайды Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен сәйкес бейбіт жолмен шешетін болады.

**5-бап.** ...осы шарт бейбітшілік қауіпсіздігіне шын мәнінде мүдделі және келісім жасаушы жақтармен толығымен мойындалған кез келген Араб Лигасына мүше елдер немесе кез келген басқа мемлекеттердің өздеріне қосылуы үшін ашық болады.

## ТАЯУ ЖӘНЕ ОРТА ШЫҒЫСТАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ КСРО СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

16 сәуір, 1955 жыл.

Соңғы уақытта Таяу және Орта Шығыс елдерінде ахуал едәуір шиеленісті. Бұл кейбір Батыс державаларының Солтүстікатлант басқыншылық блогына қосалқы ретінде құрыла бастаған әскери топтасуларға Таяу және Орта Шығыс елдерін тарту әрекеттеріне байланысты...

Таяу және Орта Шығыстағы әскери блоктар осы аудандағы елдерге емес, өз билігін орнатуға әрекеттенетін басқыншы америкалық топтарға керек. Олар сондай-ақ осы блоктардың арасына тәуелсіз ұлттық даму жолында тұрған Таяу және Орта Шығыс халықтарының мүдделеріне қарамастан, бағыт-бағдарды қалпына келтіріп отырған ағылшын билеушілеріне керек...

Таяу және Орта Шығыс елдерінің қауіпсіздігіне шын мәнісінде қауіп-қатер төніп отыр, бірақ ол Кеңестер Одағының тарапынан туып отырған жоқ, ол осы аудандағы елдерді өздерінің әскери-стратегиялық плацдарм жағдайына, ал экономикалық қатынаста отар және тәуелді аумақтар жағдайына әкелуге ұмтыла отырып, “қауіпсіздікті қамтамасыз ету” сылтауымен, Таяу және Орта Шығыста басқыншылық блоктар құратын державалар тарапынан шығып отыр...

Хрестоматия по новейшей истории.  
Документы и материалы. Т. 3. М., 1961. С. 85–87.

### ИРАКТЫҢ БАҒДАТ ПАКТИСІНЕН ШЫҒУЫ

*(премьер-министр Абдель Керим Қасымның  
баспасөз конференциясы)*

24 наурыз, 1959 жыл.

...Осы уақыттан бастап Ирак енді ешқандай пакт немесе одақпен байланыспайды. Енді Ирактың бұлтарыссыз толық егемендігі һәм ұлттық тәуелсіздігі бар. Бағдат пактісі біздің елімізді көптеген мүмкіндіктерден шектеді. Ол 1955 жылы 24 ақпанда 5 жыл мерзімге бекітілді және бұл мерзім 1960 жылы 24 ақпанға дейін жалғасады. Бірақ біз оқиғалардың дамуы мен болашақтағы ахуалдар туралы алдын ала біле алмаймыз. Сондықтан біз пактіге қатысушыларға біздің ішкі

істерімізге араласуға мүмкіндік бермеу үшін, Бағдат пактісінен шығу туралы шешім қабылдадық... Біз өз елімізге қатысты бұл пактінің іс-әрекеті бүгінгі күннен, яғни 1959 жылдың 24 наурызынан бастап тоқтатылатынын қарастырамыз...

Хрестоматия по новейшей истории.  
Документы и материалы. Т. 3. М., 1961. С. 648—649.

## БЕЙБІТ ҚАТАР ӨМІР СҮРУДІҢ БЕС ПРИНЦИПІ

### Панча шила принциптері:

1. Аумақтық тұтастық пен бір-бірінің егемендігіне өзара құрмет.
2. Басқыншылықтан өзара бас тарту.
3. Бір-бірінің ішкі істеріне өзара араласпау.
4. Теңдік және өзара пайда.
5. Бейбіт қатар өмір сүру.

Олар тұңғыш рет 1954 жылы 29 сәуірде Пекинде қол қойылған, Қытайдың Тибет ауданы мен Үндістанның арасындағы қарым-қатынастар мен сауда туралы келісімінде енгізілген.

*Кауль Т. Н.* Индия и Азия /Пер. с англ. М., 1989. С. 182.

## АҚШ КОНГРЕСІНІҢ ҚАРАРЛАРЫНАН

*(Эйзенхауэр доктринасы)*

9 наурыз, 1957 жыл

### II бөлім

Президент Орта Шығыстың жалпы аудандарында осындай көмекке ықылас білдіруші кез келген елдер немесе аудан бойынша елдер топтарына қатысты әскери көмек бағдарламасын жүзеге асыруға уәкілдік етеді. Өрі қарай АҚШ Орта Шығыс елдерінің тәуелсіздігі мен тұтастығын сақтау өздерінің мүдделері мен дүниежүзілік бейбітшілік үшін өмірлік маңызды деп есептейді.

Осы мақсатпен егер президент оны қажет деп санаған жағдайда Құрама Штаттар халықаралық коммунизм бақылауында тұрған қандай да бір елдердің әскери басқыншылығына қарсы көмек сұраушы кез келген осы тәрізді елдерге немесе елдер тобына көмек көрсету үшін әскери және қару-

лы күштерін пайдалану АҚШ-тың келісімдік міндеттері мен АҚШ конституциясына сәйкес келетін жағдайда пайдалануға даяр.

### **III бөлім**

Осымен президент 1957 бюджеттік жылдың қалған бөліктерінің қаржылық және әскери көмек үшін 200 миллион доллардан аспайтын соманың осы бірлескен қарарлары негізінде пайдалануға уәкілдік етеді.

“Международная жизнь”, 1957. № 4. С. 158—159.

## **ЗЫМЫРАНҒА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС ЖҮЙЕЛЕРІН ШЕКТЕУ ТУРАЛЫ КСРО МЕН АҚШ АРАСЫНДАҒЫ ШАРТ**

26 мамыр, 1972 жыл.

### **I бап**

1. Екі жақтың әрқайсысы зымыранға қарсы қорғаныс (ЗҚҚ) жүйесін шектеуге және осы Шарттың ережелеріне сәйкес басқа да шараларды қолдануға міндеттенеді.

2. Екі жақтың әрқайсысы өз елдерінің аумағында ЗҚҚ жүйесін жасауды өрістетпеуге және осындай қорғанысқа арналған негіз жасамауға міндеттенеді.

### **V бап**

Екі жақтың әрқайсысы теңізде, әуеде, ғарышта немесе жер бетінде орналасқан ЗҚҚ жүйесін немесе оның құрамдас бөліктерін жасамауға, сынамауға және оларды сынауды кеңінен қолданбауға міндеттенеді...

### **IX бап**

Осы Шарттың өмірге қабілеттілігін және пәрменділігін қамтамасыз ету мақсатымен екі жақтың әрқайсысы осы Шартта шектелген ЗҚҚ немесе олардың құрамдас бөлігін өзінің ұлттық аумағынан тыс орналастырмауға және басқа мемлекеттерге бермеуге міндеттенеді...

### **XV бап**

1. Бұл Шарт мерзімсіз болып табылады.

2. Екі жақтың әрқайсысы өздерінің мемлекеттік егемендігін жүзеге асыру ретінде осы шарттан шығуға құқылы...

Хрестоматия по новейшей истории.  
Ч. 2. М., 1976. С. 140—141.



## ВАРШАВА ШАРТЫНА ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ӘСКЕРИ ДОКТРИНАСЫ ТУРАЛЫ

29 мамыр, 1987 жыл

Қазіргі жағдайда мемлекеттер мен әскери-саяси одақтардың әскери доктриналарында бейнеленген әскери саладағы мақсаттары мен міндеттерін дұрыс түсінудің маңызы арта түсуде...

Варшава шартының әскери доктринасы, оған қатысушы әрбір мемлекеттің әскери доктринасы сияқты, ядролық соғысқа да, жай соғысқа да жол бермеу міндетіне бағындырылған. Социалистік қоғамдық құрылыстың өз табиғатына сай бұл мемлекеттер өз болашағын халықаралық проблемалардың әскери шешімімен байланыстырған емес және байланыстырып отырған жоқ. Олар барлық даулы халықаралық мәселелерді тек бейбіт жолмен, саяси құралдармен шешуді жақтайды...

Варшава шартына қатысушы мемлекеттердің әскери доктринасы қатаң қорғаныстық доктрина болып табылады, ол қазіргі жағдайда кез келген даулы мәселені шешу үшін әскери жолды таңдауға болмайтынын негізге алады.

Варшава шартына қатысушы мемлекеттер Еуропада да, Еуропадан тыс жерлерде де мемлекеттердің ешқайсысына аумақтық талап қоймайды... Олар, сөйтіп, қорғаныс үшін, ықтимал басқыншылыққа тойтарыс беру үшін жеткілікті шекті қатаң сақтап отыр.

*II. ...Бірінші.* Ядролық қару-жарақ жасауды, өндіруді және жетілдіруді тоқтату ісіндегі бірінші кезектегі шара ретінде ядролық сынауға тез арада толық және жалпыға бірдей тыйым салу, ядролық қару-жарақты кезең-кезеңмен қысқарту және толық жою, жанталаса қаруланудың космос кеңістігіне таралуына жол бермеу.

*Екінші.* Химиялық қаруға және халықты жаппай қырып-жоятын қарудың басқа да түрлеріне тыйым салу және жою.

*Үшінші.* Еуропада қарулы күштерді және жай қару-жарақты қысқарту...

*Төртінші.* Қарусызданудың барлық шараларын қатаң бақылау — ұлттық техникалық құралдар мен халықаралық процедураларды ұштастыруға негізделген бақылау.

*Бесінші.* Еуропаның өртүрлі аймақтарында және дүниежүзінің басқа аудандарында ядролық, химиялық қарудан

ада аймақтар, сондай-ақ қару-жарақ аз шоғырландырылып, сенім күшейтілген аймақтар құру, Еуропада дара негізде әскери сенім шараларын жүзеге асыру...

Совещание Политического консультативного комитета государств-участников Варшавского договора. Берлин. 28—29 мая 1987 г. Документы и материалы. М., 1987. С. 7—12.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТАР

— Азия-тынықмұхиттық экономикалық ынтымақтастық (АТЭБ) 1989 жылдан бері күшіне енді. Қазір оған 21 мемлекет кіреді, олардың жалпы жиынтық ішкі өнімі 16 трлнға тең, оның 13 трлн доллары АҚШ, Жапония және Қытайдың үлесіне тиесілі.

— Ислам конференциясы ұйымы (ИКҰ) 1971 жылы құрылған. Оның қатарында барлық дерлік мұсылман елдері бар.

— Оңтүстік Азия елдерінің аймақтық ынтымақтастығының ассоциациясы (ОАЕАБИА) 1985 жылы құрылған. Оған Үндістан, Пәкстан, Бангладеш, Непал, Шри-Ланка, Мальдива, Бутан кіреді.

— Парсы шығанағының араб мемлекеттері ынтымақтастығының кеңесі (ПШАМЫ) 1981 жылы құрылған. Оған Сауд Арабиясы, Кувейт, Біріккен Араб Әмірлігі, Оман, Катар, Бахрейн кіреді.

— Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы (ОШАЕА) 1967 жылы құрылған. Оның құрамына Индонезия, Филиппиндер, Малайзия, Таиланд, Сингапур, Бруней, Вьетнам, Лаос, Камбоджа, Мьянма кіреді.

— Африкалық Бірлік Ұйымы (АБҰ) 1963 жылы құрылған. Оның қатарында құрлықтың барлық мемлекеті болған. 2001 ж. бері қарай ол Африкалық Одаққа айналды.

“Проблемы Дальнего Востока”, 2000, №1.

## “ТРУМЭН ДОКТРИНАСЫНЫҢ” НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

1. Осы аймақта американ билігін нығайту мақсатымен Жерорта теңізі алабының шығыс бөлігінде американ базаларын құру.

2. Балқандағы жаңа демократияға қарсы американ империализмінің бекіністері ретінде Грекия мен Түркияда реакциялық режимді келіскен түрде қолдау (Грекия мен Түркияға әскери және техникалық көмек көрсету, қарыздар беру).

3. Тоталитаризмді жалған айыптауда және жаулап алуға ұмтылуда, жаңа демократиялық режімдегі шабуылдарда, осы мемлекеттердің ішкі істеріне үнемі араласуда, елдің ішіндегі барлық мемлекетке қарсы, демократияға қарсы элементтерді қолдауда экономикалық қиындықтар туғызуға, осы елдердің экономикасының дамуын кешеуілдетуге, олардың индустрияландыруын болдырмауға бағытталған, осы елдермен экономикалық байланыстарды әдейі тоқтатуда көрініс табатын жаңа демократиялық мемлекетке үздіксіз қысым көрсету.

Информационное совещание представителей некоторых компартий в Польше в конце сентября 1947 года. М., 1948. С. 35—36.

### НАТО-НЫ ҚҰРУ ТУРАЛЫ КӨПЖАҚТЫ КЕЛІСІМНЕН (СОЛТҮСТІКАТЛАНТ ПАКТИСІ)

Брюссель. 4 сәуір, 1949 жыл.

<...> **2-бап.** Келісім жасаушы жақтар өздерінің еркін институттарын нығайту арқылы осы институттардың негізі қаланған принциптерді дұрыс ұғынып, тұрақтылық пен әлауқат жағдайына жету арқылы бейбіт-тату халықаралық қатынастардың әрі қарай дамуына жәрдемдесетін болады. Олар өздерінің халықаралық экономикалық саясатында дау-жанжалдар мен қайшылықтарды жоюға ұмтылатын болады және барлығының немесе олардың кез келгенінің арасындағы экономикалық ынтымақтастықты қолдайтын болады.

**3-бап.** Осы келісімнің мақсаттарын біршама тиімді жүзеге асыру үшін, келісім жасаушы жақтар жеке-жеке және бірлесіп, тұрақты және тиімді көмек арқылы өздерінің жеке сондай-ақ ұжымдық әлеуетін қолдап, дамытатын әскери шабуылға қарсылық көрсететін болады.

**4-бап.** Келісім жасаушы жақтар олардың кез келгенінің пікірі бойынша аумақтық тұтастығына, саяси тәуелсіздігіне немесе қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда өзара, бірлесіп кеңесетін болады.

**5-бап.** Келісім жасаушы жақтар Еуропада немесе Солтүстік Америкада олардың біреуіне немесе бірнешеуіне қарсы қарулы шабуыл жасалса, бұл олардың барлығына қарсы шабуыл ретінде қарастырылатын болады. Егер осының салдарынан мұндай қарулы шабуыл болса, олардың

әрқайсысы БҰҰ Жарғысының 51-бабында мақұлданған жеке немесе ұжымдық өзін-өзі қорғау құқығын жүзеге асыру тәртібінен осындай шабуылға ұшыраған жаққа немесе жақтарға Атлант мұхитының солтүстік бөлігіндегі аудандардағы қауіпсіздікті қалпына келтіру және қолдау үшін, әскери күштерді қолдану қажет деп табылған осындай іс-қимылды жеке немесе басқа жақтармен келісім бойынша тез арада көмектесуге келісім жасайды. Кез келген қарулы шабуылдар және соның нәтижесінде қабылдаған шаралар Қауіпсіздік Кеңесіне дереу арада хабарланады. Мұндай әрекеттер Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қалпына келтіру және қолдау үшін қажетті шараларды қабылдаған кезде тоқталатын болады.

**6-бап.** 5-бапта аталған келісім жасаушы жақтардың біреуіне немесе бірнешеуіне қарулы шабуыл Еуропа немесе Солтүстік Америкадағы халықтардың кез келгенінің аумағына, Францияның алжирлік департаментіне, Еуропадағы кез келген келісім жасаушы жақтардың басқыншылық әскерлеріне, Рак тропикасынан солтүстікке қарай — Атлант мұхитының солтүстік бөліктеріндегі аудандардағы кез келген келісім жасаушы жақтардың қарамағындағы аралдарға немесе осы аудандағы келісім жасаушы жақтардың кез келгенінің кемелеріне, болмаса ұшақтарына қарулы шабуылды өзіне қоса алады. <...>.

“Правда”, 20 марта 1949 год.

**АХР, БХР, ВХР, ГДР, ПХР, РХР, КСРО, ЧСР  
арасындағы өзара көмек, достық және  
ынтымақтастық туралы келісім  
(Варшава шарты)**

Варшава. 14 мамыр, 1955 жыл.

Шарт жасасушы жақтар, Еуропадағы бейбітшіліктегі қамтамасыз ету мүддесімен олардың күштерін біріктіруге мүмкіндік беретін, қоғамдық және мемлекеттік құрылысына тәуелсіз барлық еуропалық мемлекеттердің қатысуына негізделген. Еуропадағы ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға өздерінің талаптарын қайтадан нақтылай отырып, бейбітшіліксүйгіш мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер туғызатын, жаңа соғыс қаупін күшейтетін, қай-

та қаруландырылған Батыс Германияға Солтүстікатлант блогын қосуға қатыса отырып, “батысеуропалық одақ” түрінде жаңа әскери топтың құрылуын қарастыратын. Париж келісімдерін бекіту нәтижесінде Еуропада құрылған жағдайларды есепке ала отырып, болашақта осы жағдайларда Еуропаның бейбітшіліксүйгіш мемлекеттері, Еуропада бейбітшілікті қолдау мүдделеріндегі және өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдаулары қажет екендіктеріне көздері жете отырып мемлекеттердің тәуелсіздігі мен егемендігін құрметтеу принциптерімен әрі қарай достықты, ынтымақтастықты нығайту мүдделерінде БҰҰ Жарғысының принциптері мен мақсаттарын басшылыққа ала отырып, достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы осы шартты бекітуге шешім қабылдады. <...>

**1-бап.** Шарт жасасушы жақтар БҰҰ Жарғысына сәйкес өздерінің халықаралық қатынастарында күш немесе оны қолдану қауіп-қатерінен өзін-өзі сақтауға және өздерінің халықаралық талас-тартыстарын халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілік қоқан-лоқысына қатыстырмай бейбіт жағдайда шешуге міндеттенеді. <...>

**3-бап.** Шарт жасасушы жақтар олардың ортақ мүдделеріне қозғау салатын барлық маңызды халықаралық мәселелер бойынша халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту мүдделерін басшылыққа ала отырып, өзара кеңесетін болады. Олар кез келгеннің пікірі бойынша, шартқа қатысушы мемлекеттердің біріне немесе бірнешеуіне қарулы шабуыл қауіпі туған жағдайда бірлескен қорғанысты қамтамасыз ету және бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау мүдделері өзара әрі кідіріссіз кеңесетін болады.

**4-бап.** Еуропада шартқа қатысушы мемлекеттердің біріне немесе бірнешеуіне қандай да бір мемлекеттің, немесе мемлекеттер тобының тарапынан қарулы шабуыл жасалған жағдайында шартқа қатысушы әрбір мемлекет БҰҰ Жарғысының 51- бабына сәйкес жеке, немесе ұжымдық өзін-өзі қорғау құқығын жүзеге асыру тәртібінде осындай шабуылға ұшыраған мемлекетке, немесе мемлекеттерге қарулы күштерді қолдануды қоса отырып оған қажетті барлық құралдармен шартқа қатысушы басқа мемлекеттердің келісімі бойынша, немесе жеке-дара дереу көмек көрсетеді. Шартқа қатысушы мемлекеттер халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қалпына келтіру және

қолдау мақсатында қабылдауға қажетті бірлескен шараларға қатысты тез арада кеңесетін болады.

Осы баптың негізінде қабылданған шаралар туралы БҰҰ Жарғысының ережелеріне сәйкес Қауіпсіздік Кеңесіне хабарланатын болады. Бұл шаралар бейбітшілік пен қауіпсіздікті қалпына келтіру үшін Қауіпсіздік Кеңесі шаралар қабылдасымен тоқтатылатын болады.

**11-бап.** Осы шарт жиырма жыл бойы күшінде қалады...

Еуропада ұжымдық қауіпсіздік жүйесі құрылған және осы мақсатпен шарт жасасушы жақтар үздіксіз ұмтылып отырған ұжымдық қауіпсіздік туралы жалпыеуропалық шартты бекіту жағдайында осы жалпыеуропалық шарт іс-әрекетке кіріскен күннен бастап өз күшін жоғалтады. <...>

Организация Варшавского договора. Документы и материалы.  
1955—1985. М., 1986. С. 9—13.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗАРА КӨМЕК КЕҢЕСІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ХАБАР (ӘӨК)

Мәскеу. 8 қаңтар, 1949 жыл.

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Мәскеуде Болгария, Венгрия, Польша, Румыния, КСРО, Чехословакия өкілдерінің мәслихаты өтті.

Мәслихат бәрінен бұрын тауар айналымының өсімін атай келе, көрсетілген елдер арасындағы экономикалық қатынастардың табысын белгілеп берді. Көрсетілген экономикалық қатынастарды орнату және экономикалық ынтымақтастық саясатын жүзеге асыру нәтижесінде халықтық демократия елдері мен КСРО өздерінің ұлттық шаруашылығын қалпына келтіру және дамытуды жеделдету мүмкіншілігіне ие болды.

Мәслихат әрі қарай Америка Құрама Штаттарының, Англияның және Батыс Еуропаның кейбір басқа елдерінің үкіметтері, шындап келгенде КСРО және халықтық демократия елдерімен сауда қарым-қатынастарын шектейді, өйткені бұл елдер Маршалл жоспарының үстемдігіне бағыну мүмкіндігін есепке алмайды, себебі бұл жоспар елдердің егемендігі мен олардың ұлттық экономикасының мүдделерін бұзатынын атап көрсетті.

Осы жағдайларды есепке ала отырып, мәслихат КСРО және халықтық демократия елдерінің аса кең түрдегі экономикалық ынтымақтастығын ұйымдастыру мүмкіндігі туралы мәселені талқылады.

КСРО мен халықтық демократия елдерінің аса кең түрдегі экономикалық ынтымақтастығын жүзеге асыру үшін мәслихат Экономикалық өзара көмек кеңесін құру қажеттілігін мойындады және ол Еуропаның басқа елдері кіре алатындай ашық ұйым болып табылады.

Экономикалық өзара көмек кеңесі мүдделі елдің келісімі болған жағдайда ғана шешім қабылдайтын болады.

Кеңес мәжіліс өтетін ел өкілдерінің басшылығымен қатысушы елдердің астаналарында кезекпен өткізіледі.

Многостороннее экономическое сотрудничество социалистических государств. М., 1972. С. 121—122.

### БАТЫС БЕРЛИНДІ “ӘУЕ КӨПІРІ” ҚҰТҚАРАДЫ

1948 жылы 23 маусымда Батыс Берлин газеттері редакциясының телетайпы шығыс сектордан: “Кеңестік әскери өкімшілік Берлинде және одан шығатын барлық жолаушы және жүк тасушы көліктерін техникалық қиындықтар себебінен 6 сағ-қа тоқтатуға мәжбүр болды” деген мазмұндағы қысқаша хабар алды.

Бұл қадам орыстардың Берлиннен Батыс державаларын қуып шығару шешімі ретінде бағаланды. <...>

1945 жылы Батыс державалармен келісім бойынша орыс әскерлері Берлинді басып алып, америкалықтар келгенге дейін онда әскери басқарма орнатты. Англия мен Франция, содан кейін Берлин толықтай одақтық басқаруға қосылды, осының алдында олар 4 аймаққа бөлінген, бүкіл Германия одақтық бақылау өкімшілігіне қосылған болатын. Алайда Берлин кеңестік аймақтың ішкері бөлігінде болды да Сталин қаланы ешкіммен бөліскісі келмеді. <...>

Келесі күні блокада жарияланғаннан кейін 32 рет әуежай ұшақ қабылдады, ұшақтар Батыс Берлинге 80 т сүт, ұн және дәрі-дәрмек жеткізді. Американ және ағылшын ұшқыштары әскери әуе күштерінің 6 базасынан аттанған ұшқыштар күндіз-түні дамыл таппай, тек бірнеше сағат көз шығрымдарын алып, екі Берлин әуежайлары — Гатов және Темпельховқа қонды. Шілденің ортасына қарай Берлин күн сайын 2250-ге жуық жүк алып отырды. <...>

1949 жылғы қаңтар айына қарай Берлиндегі көмір қоры бір аптаға ғана жететіндей мөлшерде азайды. Бірақ қыс өтісімен, қала жеңілденіп сала берді. Орыстар блокаданың ұзаққа созылуы ештеңе де бермейтінін түсіне бастады және

де одақтастар да (АҚШ, Англия мен Франция) осындай жағдайды шексіз ұстап тұрғылары келмеді. Екі жақ та жағдайды реттеуге мүдделі болды және бірнеше рет келіссөз жүргізу нәтижесінде келісімге келді.

1949 жылы 12 мамырда таңсәріде жүздеген адамдар Берлинге апаратын автомобиль жолының күзет пунктіне жиналды. Гүлденген Батыстан шыққан жүк мәшинелері, тілшілер мінген автомобильдер Шығыс Германияның аумағымен жүріп отырып Берлинге кірді. Көп кешікпей қаланы жабдықтау қалпына келтірілді, енді тұрғындар батыс-германдық маркалары бар керек-жарақтарын сатып ала алды.

Когда, где, как и почему это произошло. Лондон...  
1993. С. 378—379.

### БАНДУНГ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

*(Дж. Нерудің Халықтық палатадағы мәлімдемесі)*

30 сәуір, 1955 жыл.

Палата, бәлкім, Бандунгте өткен Азия және Африка елдерінің жуықтағы конференциясы туралы менің есебімді тыңдағылары келетін шығар. Өткен жылдың желтоқсан айында Богорда өткен Бирма, Цейлон, Пәкстан, Индонезия және Үндістан премьер-министрлерінің кездесуінде жоғарыда аталған бес премьер-министрдің ортақ бастамасымен осындай конференцияны шақыру ұйғарылған болатын. Осы конференцияның негізгі мақсаты төмендегідей түрде баяндалған:

— ол достық пен ынтымақтастықты нығайтып, дамытуға жәрдемдесуі тиіс;

— ол әлеуметтік, экономикалық және мәдени мәселелерді, сондай-ақ Азия және Африка халықтары үшін ерекше қызығушылық туғызатын мәселелерді талқылауы тиіс;

— және, ақырында, ол қазіргі дүниежүзіндегі Азия мен Африканың жағдайын жалпыға бірдей бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтуда қосатын үлесін қарауы керек.

Әрі қарай премьер-министрлер осы конференцияға барлық тәуелсіз және жақын арада тәуелсіздік алатын Азия және Африка елдерін шақыру керектігіне келісім берді. Тек шамалы өзгерістермен осы принциптен шыға отырып, олар жиырма бес елдің өкілдерін шақыруды ұйғарды, сонымен,



қатар олардың өздерімен бірге конференцияға отыз елдің делегаттары қатысатын болды. Осылайша конференцияға шақыру идеологиялық немесе нәсілдік емес, географиялық түрде болды. Өте маңызды және көп мәнді факті, шақыруға бір елден басқасы, барлық елдердің үн қосуын білдірді және конференцияға негізінен, премьер-министрлер немесе Сыртқы істер министрлері, ал қалған жағдайларда ең жауапты қызметтердегі мемлекеттік қайраткерлер келуі ұсынылған.

Конференцияны тікелей ұйымдастыру бес ұйымдастырушы елдің өкілдерінен құралған, біріккен хатшылыққа тапсырылды. Алайда конференция делегаттары мен қонақтарын барлық қажеттілікпен қамтамасыз ету және орналастыру жұмыстарымен қоса, қамқорлықтың негізгі салмағы индонезиялық үкіметке жүктелді. Мен конференцияны тамаша ұйымдастырғаны және олар көңіл бөлген зор ықыласпен еңбектері үшін Индонезия Республикасының үкіметі мен премьер-министріне шын жүректен алғысымды білдіремін. Олардың ыждағатты жұмысы едәуір дәрежеде конференцияның табысты өтуіне мүмкіндік туғызды. Азия және Африка елдерінің конференциясын 18 сәуірде Индонезия Республикасының Президенті Ахмед Сукарно ашты. Президенттің сөйлеген сөзі тек делегаттар үшін шабыт беріп қана қойған жоқ, бүкіл дүниежүзіне жаңарған Азия рухының мәнін паш етті. Ал бізге, Үндістанға президент Сукарноның сөзі біздің елдерімізді байланыстырушы тығыз дәнекер туралы және бостандық игілігі үшін өзіміздің бірлескен еңбектеріміз туралы тағы да еске салып өтті.

Меніңше, оның сөйлеген қорытынды сөзі біздің барлығымызға арналған тәрізді сондықтан оны еске сала кету керек. Ол былай деді:

“Өткенді күйінішпен еске түсірмейік, назарымызды болашаққа аударайық. Өмір мен еркіндікке қарағанда Құдайдың ықыласынан артық ештеңе жоқ екенін ұмытпағанымыз абзал. Адамзат әзірше әлі де азат емес, елдер яки болмаса елдердің жекелеген бөліктері тұрғанда, өз бойын тіктей алмайтынын ұмытпайық. Адам баласының аса биік мақсаты — адамды қорқыныш, жаулық, қайыршылық бұғауынан азат ету, адамзаттың көпшілік бөлігінің дамуын өте ұзақ кідірткен физикалық, рухани және ақыл-ой бұғауынан азат ету болып табылатынын есімізде сақтайық.

Ағалар мен апалар, осының барлығының атынан азиаттар мен африкалықтар біртұтас болуы қажет екендігін есімізде сақтайық”.

Әртүрлі делегация мүшелерінің пленарлық мәжілісінде сөйленген сөздер тек көзқарастар ортақтығын ғана емес, қайшылықтарды да айқындап берді. Бұл белгілі бір дәрежеде конференцияның жалпы мақсаттары ретіндегі, сондай-ақ олардың алдында тұрған қиын міндеттердің көрінісі болып табылады. Соңғы мәжілісті қоспағанда, конференцияның бұдан былайғы жұмысы жекелеген комиссиялар мен комитеттерде өтті, өйткені мұндай форма конференция мақсаттарына қол жеткізуді және олардың жылдам жүзеге асырылуына көмектесуді бейімдей алды.

Богрда конференция жұмысының бағдарламасын конференцияның өзі өзірлейді деп ұйғарылды. Осындай шешімді қабылдай отырып, ұйымдастырушылар мойындарынан жауапкершілікті тіптен алғылары келмеді, бірақ өздерінің міндеттері мен рет-жосықтарына конференцияның өзі қожалық етуіне саналы түрде ұмтылды. Конференция бұдан басқа келісілген көзқарастардың егжей-тегжейлі қорытындысын қаулы етті.

Экономикалық және мәдени мәселелер жеке комиссиялармен қарастырылды, ал содан кейін олардың баяндамалары конференцияның ортақ комиссиясымен бекітілді. Бұл комитет бұдан басқа басты саяси мәселелерді қоса отырып, күн тәртібіндегі қалған мәселелерді де қарады. Палатаның құрметті мүшелері өздеріне таратылып берілген осы комиссиялардың жұмысы мен олардың ұсыныстары туралы конференцияның қорытынды мазмұндамасынан біле алады. Алайда мен сіздердің назарларыңызды осы ұсыныстардың басты сипатты белгілеріне аударсам ба деп едім. Олар ұлтаралық ынтымақтастыққа арналған қандай да бір қосымша ұйымдарды құру туралы ұсыныстардан алшағырақ, керісінше, әлдеқашаннан бері бар халықаралық ұйымдарға жарым-жартылай, ал қалғандарын жекелеген үкіметтер тікелей байланыстар мен келіссөздердің нәтижесінде қабылдау мүмкін деп есептейтін шешімдер ұйғаруды ұсынады. Мен, әңгіме егеменді үкіметтердің өзара қарым-қатынастары жөнінде болып жатқандықтан, бұл дұрыс әрі қолайлы шара екендігін ізетпен көрсеткім келеді.

Әрі қарай делегациялардың бірі қалмастан экономикалық, сондай-ақ мәдени байланыстардың маңыздылығын

мойындағанын атап өту керек. Бұл шешімдер Азия техникалық көмек, қаржылық және мәдени ынтымақтастық мәселелерінде, сондай-ақ тәжірибе алмасуда тек азиаттық емес өлемге ғана міндет арта алады деген бұрыннан қалыптасқан пікірлер мен тәжірибенің қателігін білдіреді. Ұсыныстарды егжей-тегжейлі талдауға тоқтамай-ақ, кейіннен конференция шешімдері болған, комиссиялардың баяндамалары Азия елдерінің өзара ынтымақтастық негізіндегі тәжірибе алмасуға шақырады деп жалпы айтуға болады.

Экономикалық ынтымақтастық саласында қарастырылатын мәселелер техникалық көмекті, экономикалық дамуға арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының тез арада арнаулы қорын жасауды, қатысушы елдерде байланыс үшін өкілдерін тағайындауды, екі жақты және көп жақты келісімдер арқылы сауда мен бағаны тұрақтандыруды, шикізат материалдарын өндеуді ұлғайтуды, кеме қатынасы мен көлік мәселелерін зерттеуді, ұлттық және аймақтық банктерді, сондай-ақ сақтандыру компанияларын құруды, бейбіт мақсаттарға арналған ядролық энергияны дамытуды, өзара мүддені білдіретін ақпараттар және идеялармен алмасуды енгізді.

Мәдени ынтымақтастық саласында конференция мәселелерді кең ауқымда қарастырды. Бандунг конференциясы тарихи оқиға болды. Тіпті оның қараған фактісінің өзі үлкен жетістік болып табылады, өйткені ол жаңа Азия мен жаңа Африканың өз тәуелсіздігін нығайту жолында алға бұлжымай жүретін және дүниежүзінде өз рөлінің мәнін сезіне бастайтын жаңа елдердің тууын білдіреді. Бандунг тұрғын халқы адамзаттың жартысынан көбін құрайтын елдердің саяси дүниежүзілік аренаға шығуын қошеметтеді. Бұл конференция ешкімді қорлаған жоқ, ешкімге жаулық ниет білдірген жоқ, ол тек жаңа әрі сенімді қадам жасауды ұсынды. Бұл қадамның өзіне ешқандай қауіп-қатерді қоспайтыны, күш қолдану мен жаңа блоктар жасауға апармайтыны ғажап.

Бандунг бүкіл өлемге Азия мен Африканың жаңа елдерінің іс жүзіндегі идеализмге қабілеттілігін паш етті, өйткені ең қысқа мерзім ішінде біз халықаралық конференцияларда жиі болып көрмеген, практикалық сипаттағы тамаша келісімдерді өзірлей алдық. Біз өзіміздің бірлік рухымызбен табыстарымызға бізді оқшаулық пен эгоцентризм жолына итермелеуге мүмкіндік бермейміз. Конференцияның

кез келген негізгі шешімдері Біріккен Ұлттар Ұйымына, сондай-ақ дүниежүзілік проблемалар мен идеалдарға сілтемелер жасайды. Бандунг біздің ұлы ұйымымыз — Біріккен Ұлттар Ұйымының жаңадан нығаюына мүмкіндік туғызады деп сенеміз. Ал бұл өз кезегінде Азия және Африка осы дүниежүзілік ұйымның іс-әрекеті мен тағдырында үлкен рөл атқаруы тиіс екендігін білдіреді.

Бандунг конференциясы бүкіл әлемнің назарын өзіне аударды. Бастапқыда ол күлкі, тіпті мүмкін, жаулық сезім туғызды. Ол сезім кейін әуесқойлықпен, тағатсыз күтуге, ал содан соң белгілі бір дәрежеде тіпті тілектестікке және достыққа ауысты. Қорытынды пленарлық мәжілісте, мен ұсынған ескертпелерде, конференцияға біз бүкіл дүниежүзіне сияқты, туысқандық сезіммен сусындайтын біздің көршілеріміз Аустралия мен Жаңа Зеландияға ең жақсы тілектер айтуын өтінуге батылым жетті. Меніңше, жақын арада бостандық алған және көптен бері бейбіт қатар өмір сүріп келе жатқан елдер мен халықтардың арасындағы қарым-қатынастардың түпкілікті рухын бейнелейтін Азия және Африка елдерінің конференцияларының ұраны дәл осындай болуы тиіс. Жатжерлік үстемдіктен әлі де жапа шегіп отырған, бірақ өздерінің бостандығы үшін күресетіндерге Бандунг олардың ерлік күресі мен бостандық пен еділеттілікке ұмтылуында демеу болатын үмітін қошеметтейді.

Бандунг конференциясының мәні мен жетістіктері шынында зор болғанымен, Бандунг жеке құбылыс және одан жалпы адамзат тарихының ұлы дамуының бөлшегін көрмеу тарихилыққа қарсы санау болар еді. Мұндай көзқарас аса дәлірек және тарихи сипатта шынайы болады.

Қорыта келе, мен Палатадан тек конференцияның табыстары мен жетістіктерін ғана емес, осыған қатыса отырып, біз өзімізге алған үлкен жауапкершіліктер мен міндеттер жөнінде де ойлануын өтінгім келеді. Үндістан үкіметі біздің еліміз бен халқымыздың өз борыштарын адалдықпен орындай алатынына көз жеткізеді. Осылайша біз өзіміздің тарихи тағдырымызды жасау жолына тағы бір қадам жасай аламыз.

Тәуелсіз Үндістанға қатысты, біз қандай шамада болса да өзіміз қол қоймаған елдердің арасындағы ескі немесе жаңа келісімдерге мүдделі емеспіз, сондықтан Португалия мен Англияның немесе басқа елдердің арасындағы келісімдерге еш қатысымыз жоқ. Бірақ мен, біз осы келісімдерге мүдделі

емеспіз деген фактіге мүлдем қатыссыз, басқалары да ескі келісімдерге соншалықты мүдделі емес екендігін, сондықтан да оларға тек дүниежүзіндегі бір рет кейінгі оқиғалар арқылы ұғындыру керек екендігін дәлелдеуге ұмтыламын. Кейбір оқиғалар, мәселен, Үндістанның тәуелсіздігі қайран қалдырарлықтай болды. Үндістанның тәуелсіздігі, Үндістанның тәуелсіз бір бөлігі немесе Үндістанның тәуелсіздігі ретінде Үндістаннан тыс қандай да бір биліктің бақылауында қалған кейбір аудандарды қоспағанда жалпы ешқашан ойға да кіріп шықпаған. Үндістанның жекелеген бөліктері жатжерлік билеушіге бағынған жағдайда Үндістанның тәуелсіздігі туралы ойға да алу керек емес. Палата мүшелерінің, әрине, естерінде шығар, осыдан шамасы 140 жыл бұрын, тіпті Америка Құрама Штаттары күшті мемлекет болғаннан кейін біраз уақыттан соң Америка континентінің істеріне еуропалық державалардың араласу қаупі пайда болып 1823 жылы Америка Құрама Штаттары президенті Монроның конгреске мынадай мазмұндағы атақты жолдауын әкелген еді:

“Кез келген еуропалық державалардың өз тәуелсіздігін жариялаған үкіметтердің (америка мемлекеттерінің) істеріне қандай да бір араласу жағдайын АҚШ “достық пейілі жоқ акт” деп қарайды”.

Яғни еуропалық елдердің қандай да бір араласуы америкалық саяси жүйеге араласу болып табылмақ. Мен істің мәнісін дәл баяндай отырып, қалыптасқан жағдайларда Португалияда Гоаның сақталуы, Үндістанда қазір өмір сүріп отырған саяси жүйеге араласудың жалғасы болып табылады деп батылдықпен дәлелдей аламын. Мен әрі қарай тереңдей түсе отырып, кез келген державаның араласуын Үндістанның саяси жүйесіне араласу деп айта аламын. Мұны ерекше доктрина деп атаудың керегі жоқ, себебі бұл қазіргі заманғы саясаттың жай анықтамасы. Бәлкім біз әлсіз шығармыз, сондықтан осындай араласуды болдырмауға шамамыз жетпейді. Бірақ істің мәнісі “шетел мемлекеттерінің тарапынан” Үндістанның ісіне кез келген әдіспен қол сұғуының кез келген әрекеті — Үндістан жібере алмайтын және өз күшінің шамасында қарсылық көрсету құбылысында болып тұр. Мен баяндаған доктринаның жалпы белгілері осындай. Қазіргі жағдайда бұл мәселе Португалияда Гоаны сақтауға қатысты. Сондықтан маған тоқталудың қажеті

жок. Ұлттық бірлік, ұлттық қауіпсіздік және басқалары сияқты әртүрлі себептер бойынша біз осындай қолсұғушылықпен немесе осындай плацдармның бар болуымен келісе алмаймыз. Шетелдік державалар осындай плацдармға ерікті болса, бұл дегеніміз — тек осы елдің ғана емес көптеген одақтармен байланысқан елдер тобының плацдармына да айналатынын білдіреді және кез келген қауіп төндіруші әрі қиындық тудырушы жағдайлар пайда болуы ықтимал.

Гоаға қатысты Үндістан дәлелдері, мен келтіре алатын дәлелдердің және басқалардың кез келген ешқандай дәлелдеуді талап етпейтінін, оның соншалықты дәрежеде айқын екенін нақты айта аламын. Алайда португал үкіметі оғаш көрінетін әртүрлі дәлелдерді ұсынуда. Сондықтан, мен, өзім әлдеқашан айтқанымды қайталаймын. Мен португалдық иелік Гоаның көне тарихына үңілмеймін, бірақ менің және Палатаның көптеген мүшелерінің есінде бар шығар, бұл тарих Үндістан тарихының күнгірт тармағын құрайды деп жорамалдаймын. Менің бұны еске салып тұрған себебім, Гоа көбінесе Еуропа мәдениетінің жарқын шамшырағын бейнелейді. Еуропалық мәдениет туралы әртүрлі пікірлер болуы мүмкін. Бірақ мен Еуропадан және еуропалық елдерден Гоа бүгінгі таңда немесе бейбіт өмір сүрудің осы идеялары тұңғыш рет еске түсіріліп және жарияланған сәттен бастап ұсынған мәдениетті есептей ме деп сұрағым келеді. Осылайша, бірнеше белгісіз мағынада қолданылған, “панча шила” ұғымы дүниежүзілік істерде дәл мағынасы мен мәніне ие болды.

Мен бейбіт реттеудің осы концепциясын, бөрінен бұрын қол сұқпау принципінің таралуында біздің де сіңірген еңбегіміз бар деп ойлаймын. Әрбір ел басқалардың істеріне араласпай, өз тағдырын өздері анықтауы тиіс деген маңызды, бірақ, жаңа принцип емес. Ұлы ақиқаттар ескіден туындайды. Бірақ араласпаудың осындай принципі шүбәсіз, ерекше назар аударуды талап етеді, өйткені бұрын ұлы державалар басқа елдердің өздеріне қосылуын талап ете отырып, қысым көрсетумен, істеріне қол сұғуға ұмтылыс байқалты. Мен бұл қуаттылықтың табиғи нәтижесі деп ойлаймын. Бүкіл тарихтың өн бойында осылай болған. Араласпаудың барлық түрлеріне — саяси, экономикалық немесе идеологиялық араласпауға берілген ерекше мән осы сәтте халықаралық қатынаста маңызды фактор болып табылады.

“Панча шила” концепциясының мәні мынадан тұрады: дамудың әртүрлі жолдары, бәлкім, әртүрлі көзқарастары қалыптасуы мүмкін, бірақ жалпы белгілеріндегі ақырғы мақсаттары бірдей болуы керек. Мен мұны басқаша білдіре алар едім: ақиқат бір елге немесе бір халыққа жатпайды, ол барлығын тану керек деп кімде-кім есептейтіндей, ол өте әр қилы және әрбір ел және әрбір халық, егер олар өз арының алдында шынайы болса сынақтар мен қателіктер, азаптар мен тәжірибелер арқылы өз жолдарымен өздері жүрулері керек. Тек сонда ғана олар дамитын болады. Егер олар әншейін басқаларға еліктесе, нәтижесінде, олар әрине дамымай қалады.

Шамамен соңғы отыз жыл бойы біздің елдің дамуы Махатма Гандидің басшылығымен өтті. Біздер үшін ол не істеді, не істемеді деп айтпай-ақ, оның басшылығымен біздің елдің дамуы органикалық сипат алды деп айтуымызға болады. Ол Үндістанның рухы мен ойлау бейнесін сәйкестендірді. Алайда ол қазіргі әлемнен оқшауланған жоқ, біз де осы әлемге бейімделдік. Бейімделудің осы процесі жалғаса беретін болады. “Панча шила” концепциясы, сондай-ақ ақырғы есепте әрбір ел өзін-өзі қорғауы тиіс дегенге негізделетін өте-мөте маңызды ақиқатты нақтылайды. Мен әскери қорғанысты емес, ақыл-ойды, моральдық және рухани сипаттағы талпыныстарды, сондай-ақ басқалардың идеяларына еркін жету және басқалардың тәжірибесін игеру ұғымын айтып тұрмын. Әрбір ел жанашырлықпен және достық ұғыныстықпен, араласусыз немесе үстемдіксіз басқа елдердің осындай талпынысын қолдауы керек.

Үндістанның атқарған рөлі осындай. Бұл рөл шағын болса да, біз соңғы бірнеше жылда өз қабілеттілігіміздің шама-сы келгенінше жүруге тырысқан негізгі саяси бағытты басқа елдер де біртіндеп мойындады.

*Д.Неру. Внешняя политика Индии. М., 1965 г.*

## ҮНДИСТАН МЕН ПӘКСТАН КӨШБАСШЫЛАРЫ ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАШКЕНТ МӘЛІМДЕМЕСІ

Қаңтар, 1966 жыл.

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті екі жақта Үндістан мен Пәкстанның арасында тату көршілік қарым-қатынас орнату үшін барлық күшті жұмылдыру керектігіне келіседі... Олар Жарғыға (БҰҰ) сәйкес күш

қолданбауға және өз талас-тартыстарын бейбіт құралдармен шешудегі өз міндеттерін нақтылайды.

## II

...Екі жақтың барлық әскери қызметкерлері 1966 жылғы 25 ақпаннан кешікпей, 5 тамызға (1965 ж.) дейінгі позицияларына оралатын болады...

## III

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті Үндістан мен Пәкстанның арасындағы қарым-қатынас бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принципі негізінде құрылатын болады деп келісім жасады.

*Кауль Т.Н. Индия и Азия.//Пер. с англ. М., 1989. С. 196–198.*

### КСРО МЕН ҮНДИСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК, ДОСТЫҚ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

9 тамыз, 1971 жыл.

Олардың арасындағы бұрыннан бар шынайы достық қарым-қатынасты нығайтуды қалай отырып, достық пен ынтымақтастықтың әрі қарайғы дамуы екі мемлекеттің түпкілікті ұлттық мүдделеріне, сондай-ақ дүниежүзіндегі және Азиядағы басқа өлем мүдделеріне сәйкес келетіндігін ескере отырып, ...бір жағынан Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы және екінші жағынан Үндістан Республикасы осы келісімді жасауды ұйғарды...

**I бап.** ...Тараптар екі елдің және олардың халықтарының арасында берік достық пен бейбітшілік орнайтынын салтанатты түрде мәлімдейді ...

**II бап.** ...Тараптар жалпы отаршылдық пен нәсілшілдікті айыптайды және оларды түбегейлі де толық жоюға ұмтылатындықтары туралы өз шешімдерін қайтадан бекітеді.

**VI бап.** Экономикалық, ғылыми және техникалық ынтымақтастыққа үлкен мән бере отырып, ...тараптар осы саладағы жан-жақты және өзара қолайлы ынтымақтастықты нығайтып-ұлғайта береді...

**VII бап.** ...Тараптар өздерінің арасындағы ғылым, өнер, радио, әдебиет, білім беру, денсаулық сақтау, баспасөз, теледидар, кино, туризм және спорт салаларында байланыс пен қарым-қатынасты әрі қарай дамытуға жәрдемдесетін болады.



**VIII бап. ...Тараптардың ...әрқайсысы екінші жаққа қарсы бағытталған қандай да бір әскери одаққа кірмейтінін және қатыспайтынын салтанатты түрде мәлімдейді.**

Сборник действующих договоров, соглашений и конвенции заключенными СССР с иностранными государствами. М., 1974. выпуск XXVII. С. 23–26.

## **СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ “ЖАҢАША ОЙЛАУЛАР”. КСРО МЕН АҚШ АРАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТАША ҚАШЫҚТЫҚТАҒЫ ЗЫМЫРАНДАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ ШАРТТАН**

1986–1987 жылдары М.С.Горбачевтің АҚШ президенттерімен (Р.Рейганмен, содан соң Джордж Бушпен) бірнеше рет кездесуі болды. Келіссөздер нәтижесінде Еуропада осы елдерге тиісті орташа және одан кем қашықтықта қолданылатын зымырандарды жою туралы шартқа қол қойылды.

9 желтоқсан, 1987 жыл.

Төменде екі жақ деп аталған Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары ядролық соғыс бүкіл адамзат үшін ажал апаны екенін мойындайды. Сонымен қатар стратегиялық тұрақтылықты нығайтуды басшылыққа ала отырып, осы келісімде баяндалған шаралар соғыстың туу қаупін азайтуға және болашақта халықаралық бейбітшілікті жеңілдетуге мүмкіндік туғызатынына көздері жеткендіктен де ядролық қаруды таратпау туралы шарттың VI бабы бойынша өз міндеттерін есепке алып, келесі баптарға келісті:

### **I бап**

Келісім бергендігі туралы оның бөлінбес бөлігі болып табылатын меморандум мен хаттамаларды қосатын осы шарттың негізгі ережелеріне сәйкес екі жақтың әрқайсысы орташа және одан кем қашықтықта қолданылатын өз зымырандарын жояды, бұдан былай мұндай қару түріне ие болмайды және осы шартта баяндалған басқа міндеттерді орындайды. <...>

### **IV бап**

1. Екі жақтың әрқайсысы орташа қашықтықтағы өз зымырандарын және осындай зымырандардың қосу қондырғыларын, сондай-ақ келісім туралы меморандумда келтірілген категориялардағы осындай зымырандармен және қосу қондырғыларымен байланысты барлық қосымша құрал-жабдықтар мен қосалқы құрылымдарды осы шарт

күшіне енгеннен кейін үш жылдан кешіктірмей жояды және бұдан былай екі жақтың ешбіреуінде осындай зымырандар, қосу қондырғылары, қосалқы құрылыстар мен құрал-жабдықтар болмайды.

2. Осы баптың пунктіндегі ережелерді жүзеге асыру үшін екі жақ, осы шарт күшіне енісімен осындай зымырандардың кең түрдегі және таралмаған қосу қондырғыларының барлық түрлерін, сондай-ақ осындай зымырандар мен қосу қондырғыларына байланысты қосалқы құрылымдар мен құрал-жабдықтарды қысқартуға кіріседі және осы шарттың ережелеріне сәйкес әрбір кезең бойына осындай қысқартуларды жүзеге асыра береді. Көрсетілген қысқартулар екі кезеңде жүзеге асырылады, бұл үшін:

а) бірінші кезеңнің соңына қарай, яғни осы шарт күшіне енгеннен кейін 29 айдан кешіктірілмейді:

Д) екі жақтың әрқайсысында орташа қашықтықтағы зымырандардың кең түрдегі қосу қондырғыларының мөлшері, екі жақтың алып жүруге қабілетті қосу қондырғыларының мөлшері 171 оқтұмсықтан артпауы;

Ш) екі жақтың әрқайсысында орташа қашықтықтағы кең түрдегі зымырандардың мөлшері алып жүруші осындай зымырандардың мөлшері 180 оқтұмсықтан артпауы;

III) екі жақтың әрқайсысында орташа қашықтықтағы зымырандардың кең түрдегі және кең таралмаған қосу қондырғыларының жиынтық мөлшері 200 оқтұмсықтан артпауы;

IV) екі жақтың әрқайсысында кең түрдегі немесе кең таралмаған орташа қашықтықтағы зымырандардың жиынтық мөлшері 200 оқтұмсықтан артпауы;

в) екінші кезеңнің соңында, яғни осы шарт күшіне енгеннен кейін үш жылдан кешіктірмей екі жақтың әрқайсысында келісім туралы меморандумда келтірілген, орташа қашықтықтағы зымырандар ретінде, осындай зымырандардың қосу қондырғылары, сондай-ақ ондай зымырандар мен қосу қондырғыларымен байланысты категориялардың барлық қосалқы құрылымдары мен барлық қосалқы құрал-жабдықтары жойылады.

## **V бап**

1. Екі жақтың әрқайсысы шағын қашықтықтағы өздерінің барлық зымырандарын және осындай зымырандардың қосу қондырғыларын, сондай-ақ осындай зымырандар және қосу қондырғыларымен байланысты келісім туралы меморандумда келтірілген категориялардағы барлық қосалқы құрал-жабдықтарды осы шарт күшіне енгеннен

кейін 18 айдан кешіктірмейтіндей, осындай түрде жояды және бұдан былай екі жақтың ешбіреуінде осындай зымырандар, қосу қондырғылары және қосалқы құрал-жабдықтар болмайды. <...>

#### **VI бап**

1. Осы шарт күшіне енгеннен кейін және бұдан былай ешбір жақ: а) орташа қашықтықтағы ешқандай зымыран шығармайды, осындай зымырандардың ұшу сынақтарын жүргізбейді және осындай зымырандардың ешқандай сатысын және ешқандай қосу қондырғыларын шығармайды; в) шағын қашықтықтағы ешқандай зымыран шығармайды, ұшу сынақтарын жүргізбейді, осындай зымырандардың қондырғысын жүзеге асырмайды, осындай зымырандардың ешқандай сатыларын және осындай зымырандардың ешқандай қосу қондырғыларын шығармайды.

“Правда”, 9 декабря 1987 г.

### **ГЕРМАНИЯҒА ҚАТЫСТЫ ТҮБЕГЕЙЛІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРТ**

Мәскеу. 12 қыркүйек, 1990 жыл.

1990 жылы 13 ақпанда Оттавада қабылданған мәлімдемеге сәйкес, сыртқы істер министрлерімен ұсынылған Германия Демократиялық Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі, Америка Құрама Штаттары, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы және Франция Республикасы 1990 жылы 5 мамырда Боннда, 1990 жылы 22 маусымда Берлинде, 1990 жылы 17 шілдеде Польша Республикасы Сыртқы істер министрінің қатысуымен Парижде кездесті. 1990 жылы 12 қыркүйекте Мәскеуде төмендегідей келісім жасады:

#### **1-бап**

1. Біріккен Германия Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының аумағын және бүкіл Берлинді қосып алатын болады. Біріккен Германия шекараларының түбегейлі сипатын бекіту Еуропадағы бейбіт тәртіптің мәнді құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Біріккен Германияның басқа мемлекеттерге ешқандай аумақтық талаптары жоқ және болашақта осындай талаптар қоймайды...

## **2-бап**

Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының үкіметтері неміс жерінен тек бейбітшілік жағдайда да шығатыны туралы өз мәлімдемелерін бекітеді...

## **3-бап**

1. Германия Демократиялық Республикасымен Германия Федеративтік Республикасының үкіметтері ядролық, биологиялық және химиялық қарулар өндіруден, иеленуден және таратудан өздерінің бас тартатындықтарын растайды. Олар Біріккен Германияда осы міндеттерді ұстанатындықтарын мәлімдейді...

## **4-бап**

Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Біріккен Германия келісімді тәртіпте қазіргі Германия Демократиялық Республикасы аумағы мен Берлиндегі кеңес әскерлерінің болу мерзімі мен шарттарын реттейді, сондай-ақ осы шарттың 3-бабының 2-пунктінде баяндалғандай Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы міндеттерін жүзеге асырумен байланысты 1994 жылдың соңында осы әскерлерді елден шығаруды жүзеге асырады деп мәлімдейді...

## **7-бап**

1. Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі, Америка Құрама Штаттары, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы және Франция Республикасы осымен Германия мен Берлинге қатысты өз құқықтары мен жауапкершілік іс-әрекетін тұтасымен тоқтатады...

2. Осыған сәйкес Біріккен Германия өзінің ішкі және сыртқы істеріне толық егемендік алады.

Документы по немецкому единству и германо-советскому договору. М., 1990.

**КСРО МЕН АҚШ-ТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗДЕРІНІҢ ОРТАША  
ЖӘНЕ ОДАН КЕМ ҚАШЫҚТЫҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН  
ЗЫМЫРАНДАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМНЕ ТӘУЕЛСІЗ  
МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫНА МҮШЕ ЕЛДЕРДІҢ  
ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ШЕШІМІ**

9 қазан, 1992 жыл.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер өзара мүдделерді білдіруші, 1992 жылғы 6 шілдедегі бұрын-

ғы КСРО шарттарына қатысты мирасқорлық құқық мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы меморандум ережелеріне негізделе отырып, төменде ОҚҚЗ (орташа және одан кем қашықтықтағы зымырандар) туралы шартпен және оған байланысты құжаттармен бұрынғы КСРО-ның барлық мирасқорлық құқығы мемлекеттердің толық теңдігі негізіндегі ОҚҚЗ туралы шартқа қатысты мирасқорлық құқық туралы мәселені шешу қажеттілігінен шыға отырып, 1987 жылғы 8 желтоқсандағы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы олардың орташа және одан кем қашықтықта қолданылатын зымырандарын жою туралы келісімді қатаң сақтау қажеттілігін мойындай отырып мынадай ұйғарымға келді:

1. КСРО-ның мирасқорлық құқығы ретінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер олардың аумақтарына келісетін және олардың ұлттық мүдделерін есепке ала отырып, ОҚҚЗ туралы шарт ережелерін орындайтын болады.

2. ТМД-ға мүше елдер Америка Құрама Штаттарының қатысуы жағдайында ОҚҚЗ туралы шартқа қатысты мирасқорлық құқық туралы сәйкес келіскендікті рәсімдеу үшін қажетті шараларды қабылдайды.

1992 жылы 9 қазанда Бішкек қаласында шарттың түпнұсқасы орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа осы шешімді қабылдаған мемлекет басшыларының қолы қойылғаннан кейін куәландырған көшірмесі Беларусь Республикасы үкіметінің мұрағатында сақталуға жіберілді.

(Шешімге Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина мемлекеттерінің басшылары қол қойды).

Внешняя политика России. Сб. документов. С. 536.

## ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ТУРАЛЫ ШАРТ

### I бөлім. ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

Маастрихт. 17 ақпан, 1992 жыл.

#### Бап А

Осы шартқа сәйкес, бұдан былай “Одақ” деп аталатын, жоғарыда келісім жасаушы жақтар, Еуропалық Одақ құра-

ды. Шарттың қабылдаған шешімдері азаматтардың талаптарын толық қанағаттандыруға бағытталған, Еуропа халықтарының бұрыннан топтасқан Одағы қайта құрылу процесінде жаңа кезеңді паш етеді.

Одақ осы шартқа сәйкес толықтырылған саяси бағыттағы қызметтестік түрлерімен, Еуропалық бірлестік базасында құрылады. Оның міндеті топтастыру мен ынтымақтастықты қалыптастыру арқылы мүше мемлекеттер мен олардың халықтарының арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастырудан тұрады.

### **Бап В**

Одақ алдына келесі мақсаттарды қояды:

— әсіресе ішкі шекарасыз кеңістік жасау жолымен тұрақты және үйлесімді экономикалық, әлеуметтік прогреске, экономикалық және әлеуметтік топтасу мен ақырғы есепте осы шарттың ережелеріне сәйкес бірыңғай валютаны енгізуді қосатын экономикалық және валюталық одақ жасауға жәрдемдесу;

— әсіресе қорғаныстың ортақ күштерін жасауға біртіндеп өкелуі мүмкін, бұдан былайғы ортақ қорғаныс саясатында мүмкін болатын рәсімдеумен қоса, ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздіктің ортақ саясатын жүзеге асыру жолымен халықаралық аренада оның орнын нығайтуға бейімдеу;

— Одақ азаматтығын енгізу арқылы мүше елдердің азаматтарының мүдделері мен құқықтарын қорғауды күшейту;

— ішкі істер мен әділ сот саласында тығыз байланыстылықты дамыту...

### **Бап С**

Одақта бірыңғай конституциялық құрылым қызмет етеді, ол қоғамдастықта қол жеткен интеграция деңгейін сақтау және тірек болумен, оның мақсаттарына жету үшін жүзеге асырылатын іс-әрекеттің келісімділігі мен жолын ұстаушылығын қамтамасыз етуі тиіс. Одақ сыртқы саясат, қауіпсіздік аймағындағы саясаттың жалпы контекстінде өздерінің сыртқы саяси іс-әрекеттерінің келісімділігін ерекше қамтамасыз етуі қажет. Кеңес және комиссия осындай келісімді қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті мойнына алады. Олар осы саясатты өздерінің өкілдіктерімен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

## **Бап Ғ**

...2. Одақ 1950 жылы 4 қарашада Римде қол қойылған адам құқығы мен негізгі бостандығын қорғау бойынша Еуропалық конвенцияда кепілдендірілгендей және қоғамдастық құқықтарының жалпы принциптері ретінде мүше мемлекеттердің ортақ конституциялық дәстүрлерінен шығатындай, жекетұлғалардың негізгі құқықтарын құрметтейді.

## **II бөлім. ЕУРОПАЛЫҚ БІРЛЕСТІК ҚҰРУ МАҚСАТЫМЕН ЕУРОПАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ ҚҰРУШЫ ШАРТТЫ ӨЗГЕРТЕТІН ЖАҒДАЙЛАР**

## **Бап Ғ**

Еуропалық экономикалық қоғамдастық құрушы шарт, Еуропалық қоғамдастық құру үшін осы баптың ережелеріне сәйкес өзгереді.

(1) Еуропалық экономикалық қоғамдастық термині Еуропалық қоғамдастық терминімен алмастырылуы қажет.

## **2-бап**

Бірлестік өз міндеттерінде ортақ рынок, экономикалық және валюталық одақ жасау жолымен, сондай-ақ 2 және 3 а баптарында баяндалған, ортақ саясат пен іс-әрекетті жүзеге асыру арқылы қоғамдастыққа, қоршаған ортаны қорғауға, экономикалық іс-әрекеттің үйлесімді және теңгермелі дамуына, тұрақты өсуіне, экономикалық көрсеткіштер конвергенциясының жоғарғы дәрежесіне, жұмысбастылық пен әлеуметтік қорғаудың жоғарғы деңгейіне қол жеткізуге, тіршілік деңгейі мен тіршілік сапасын арттыруға, экономикалық және әлеуметтік топтасумен мүше мемлекеттердің ынтымақтастығына жәрдемдесуді көздейді”.

Документы Европейского Союза. Т. 2. М., 1994. С. 49–53.

## **БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН СЕРІКТЕСТІК: ШАҚЫРУ**

Құжатты 1994 жылы 10–11 қаңтарда Брюссельдегі НАТО-ның штаб-пәтерінде өткен Солтүстікатлант кеңесінің сессиясына қатысушы мемлекет және үкімет басшылары қабылдады.

Біз, Солтүстікатлант Одағына мүше елдердің үкіметтері мен мемлекет басшылары, солтүстікамерикалық және еуропалық одақтастар арасындағы тығыз әрі ұзақ мерзімді

серіктестікке негізделе отырып, бүкіл Еуропада қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға мықтап бел байлағанымызды білдіреміз. Сондықтан бізден шығысқа қарай созылып жатқан демократиялық мемлекеттермен байланысты нығайтуға ұмтыламыз. Біз Солтүстікатлант Одағы Вашингтон келісімінің 10-бабына сәйкес, осы келісімнің принциптерінде қалуға және дамытуға, Солтүстікатлант аудандарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосуға қабілетті басқа еуропалық мемлекеттердің мүше болуы үшін ашық болып қалатындығын куәландырамыз. Біз НАТО-ның қамту аймағының бізден шығысқа қарай созылып жатқан демократиялық мемлекеттермен кеңейетініне үміттенеміз және қошеметтеп қарсы алатын боламыз...

Бүгін біз НАТО-ға мүше мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды қайта құруға мүмкіндік беретін, кідіріссіз әрі іс жүзінде нақты бағдарламаны құрдық. Бұл жаңа бағдарлама сұхбат пен қызметтестіктен әрі қарай барып, түбегейлі серіктестік — “Бейбітшілік үшін серіктестік” қатынастарының орнауын қарастырады. Сондықтан біз Солтүстікатлант қызметтестік кеңесіне кіретін басқа мемлекеттерге және СБСЕ-нің басқа елдеріне (осы бағдарламаға үлесін қосуға даяр әрі қабілетті) осы серіктестік негізінде бізге қосылуларына ұсынамыз. “Бейбітшілік үшін серіктестік” бағдарламасына белсенді қатысу НАТО-ны кеңейтудің эволюциялық процесінде маңызды рөл атқаратын болады.

Солтүстікатлант кеңесі серіктес мемлекеттерге серіктестік негізіндегі іс-әрекетпен байланысты, НАТО-ның штаб-пәтеріндегі саяси және әскери ұйымдардың жұмысына қатысуды ұсынады.

Әскери салада қызметтестік пен өзара әрекетті қалыптастыруға жәрдемдесу үшін біз 1994 жылдан бастап, тыныштық операцияларын жасау бағытында серіктестік шеңберінде далалық оқу-жаттығуларын жүргізуді ұсынуға ниет етеміз.

Солтүстікатлант қызметтестік кеңесі екі жыл бұрын құрылған сәтінен бері өзінің жұмысы барысында іс-әрекетін едәуір ұлғайтты. Солтүстікатлант қызметтестік кеңесінің іс-әрекетінің ұлғаюымен және “Бейбітшілік үшін серіктестік” бағдарламасының құрылуына байланысты біз Солтүстікатлант қызметтестік кеңесіне мүше мемлекеттердің тұлғалары үшін НАТО-ның штаб-пәтерінде тұрақты ұйжайды ұсынуға шешім қабылдадық...



## АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН НЕГІЗГІ БОСТАНДЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЕУРОПАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯ

Рим. 4 қараша, 1950 жыл.

### 1-бап

Жоғары келісім жасаушы жақтар, осы конвенцияның тарауында анықталып, олардың қарауына жататын әрбір адамға құқық пен бостандықты қамтамасыз етеді.

### I тарау

#### 2-бап

1. Әрбір адамның өмір сүру құқығы заңмен қорғалады. Ешкімнің де заңмен осындай жаза қарастырылуына байланысты қасақана өмірі үзілмейді.

#### 3-бап

Ешкім де адамгершілікке жатпайтын қорлауға немесе азаптауға ұшырамауға тиіс.

#### 4-бап

1. Ешкім де құлдықта немесе еріксіздік (ықтиярсыздық) күйінде болмауға тиіс.

2. Ешкім де мәжбүрленуге немесе міндетті еңбекке тартылмауға тиіс.

#### 5-бап

1. Әрбір адам бостандығына және жеке өміріне қол сұғылмау құқығына ие...

#### 6-бап

1. Әркім өзінің азаматтық құқығы мен міндеттерін анықтауда немесе өзіне таңылған кез келген қылмыстық айыптауларды қарау жағдайында заң негізінде құрылған тәуелсіз және әділ сотта белгілі мерзімде істі әділетті көпшілік талқылауына ұсыну құқығына ие.

#### 8-бап

1. Әрбір адамның жеке өмірі мен отбасылық өміріне, оның мекеніне қолсұқпаушылық пен құпия хат-хабарын құрметтетуге құқығы бар.

## **9-бап**

1. Өрбір адам ой-пікір, ар-ұждан және діни еркіндікке құқылы, бұл құқық өзінің діні мен көзқарасын өзгерту бостандығын және өзінің дінін және көзқарасын жеке өзі, сондай-ақ Құдайға құлшылық етуде, діни және салттық ғұрыптар ілімінде көпшілік алдында немесе жекеше тәртіпте құлшылық ету еркіндігін кіргізу құқығына ие.

## **10-бап**

1. Өрбір адам өз пікірін білдіру еркіндігі құқығына ие бола алады. Бұл құқық өз пікірінде қалу, мемлекеттік ұйымдардың араласуынсыз немесе мемлекеттік шекарадан тәуелсіз ақпараттар мен идеяларды алу, тарату еркіндігін кіргізуге құқылы.

## **11-бап**

1. Өрбір адам бейбіт түрдегі жиналыстар еркіндігіне және кәсіподақтар құрып, өз мүдделерін қорғау үшін оған кіру құқығын қоса отырып басқалармен қауымдастықта болу еркіндігінің құқығына ие.

## **IV тарау**

## **38-бап**

Адам құқығы жөніндегі Еуропалық сот Еуропа Кеңесі мүшелерінің санына тең соттардан тұрады. Сот құрамында бір мемлекеттен бір азаматқа артық болмауы тиіс.

## **ТАФТ-ХАРТЛИ ЗАҢЫ**

23 маусым, 1947 жыл.

### **7-тарау. Еңбекшілер мен әкімшіліктің арасындағы өзара қарым-қатынастар. Федерациядағы еңбек қатынастары**

§ 157. Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыруға, жүргізуге жұмыскерлердің құқығы және т.б.

Жұмыскерлер жұмысшы ұйымдарын өздері ұйымдастыруға, құруға, оған кіруге немесе жәрдем беруге, өздерінің сайлауы бойынша тағайындалған өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздер жүргізуге және басқа бірлескен іс-әрекетке қатысуға құқығы бар...

§ 158. Ерікті емес еңбек практикасы.

в) Жұмысшы ұйымдары немесе оның агенттері тарапынан ерікті емес еңбек практикасы мойындалады:

...3) жалдаушымен ұжымдық келіссөздер жүргізуден бас тарту...

4) (1) жалданып жұмыс істеуші жекетұлғаны ереуілге қатысуға қозғау салу немесе қуаттауға тарту...

7) жалданушыға қатысты тосқауылдарға үндеумен қозғау салу...

§ 163. Ереуілге қатысу құқығын сақтау.

Осы қосымша тарауда... ереуіл құқығына қандай да бір араласу, кедергі жасау немесе кеміту, яки болмаса осы құқыққа тиісті шектеулер мен ескертулерді белгілеу ретінде түсіндірілмеуі мүмкін.

§ 188. Мемлекеттік қызметкерлердің ереуілі.

Жалданып жұмыс істеуші жекетұлғаның тарапынан Америка Құрама Штаттары немесе олардың қандай да бір ұйымдары үшін ереуілге қатысуы заңды емес деп жарияланады. 1947 жылы 23 маусымда күшіне енген Тафт-Хартли заңы Вагнер заңына формальды түрде енгізген өзгерту ретінде, Тафт-Хартли заңы монополиялардың талаптары бойынша қабылданған, ол Вагнер заңының негізгі ережелерін жойды.

Сборник документов по истории государства и права зарубежных стран. /Сост. Б.Баланик, В.Н.Струнников. М., 1971.

## МАККАРЭН ЗАҢЫ

23 қыркүйек, 1950 жыл.

§ 2. Сенаттың әртүрлі комитеттері мен палата өкілдері ұсынған айғақтардан Конгресс былайша қорытынды жасайды:

1) Өзінің бастау көзі, дамуы және ағымдағы іс-әрекеті бойынша революциялық болып табылатын коммунистік қозғалыс дүниежүзілік масштабта өмір сүріп отыр...

§ 12. (а) Осымен зиянкестік іс-әрекетке бақылау бойынша комитет құрылады және ол бес мүшеден тұратын болады...

Комитеттің міндетіне мыналар кіреді: 1) юстиция... немесе басқа кез келген ұйымдардың... мәлімдемесі бойынша... сол немесе басқа ұйым “коммунистік іс-әрекет етуші ұйым”... немесе “коммунистік майдан ұйымы” болып табыла ма, соны анықтау...

§ 22. ...Келесі категориялардың біріне тап болған, кез келген шетелдікке АҚШ-қа келуге рұқсат етілмейді: (1) Құрама Штаттардың қауіпсіздігіне немесе игілігіне қауіп төндіретін, яки қоғамдық мүдделерге залал тигізетін іс-әрекетпен немесе уақыт өткен сайын онымен шұғылдану мақсатымен қоса Құрама Штаттарға келуге ұмтылушы шетелдіктер; (2) Кез келген уақытта келесі категориялардың біріне жататын шетелдіктер: а) анархист болып табылатын шетелдіктер; б) үгіт-насихат жүргізуші немесе уағыздаушы, сондай-ақ басқарудың барлық ұйымдасқан түрлеріне оппозицияны үгіттеуші немесе уағыздаушы ұйымдармен байланысты немесе ұйым мүшелері болып табылатын шетелдіктер; в) 1) АҚШ-тың коммунистік партияларымен, 2) АҚШ-тың кез келген басқа тоталитарлық партияларымен, 3) Коммунистік саяси ассоциациямен, 4) АҚШ-тың кез келген штатының немесе кез келген шетелдік мемлекеттің, географиялық-саяси бөлінуінің коммунистік немесе тоталитарлық партиялармен байланысы бар, яки болмаса мүшелері болып табылатын шетелдіктер...

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 413.

### **ХЭМФРИ-БАТЛЕР ЗАҢЫ**

24 тамыз, 1954 жыл.

§2. Сонымен Конгресс Құрама Штаттардың саяси партия тәрізді коммунистік партиясы іс жүзінде Құрама Штаттардың үкіметін құлатуды көксеуші қастандық құралы болып табылады деп есептейді және мәлім етеді... Сондықтан коммунистік партия заңнан тыс деп жариялануы тиіс.

Хэмфри-Батлер заңына 1954 жылы 24 тамызда Эйзенхауэр қол қойған. Ол сенатта бірауыздан қабылданған. Бірақ өкілдер палатасында оған қарсы екі дауыс берілді.

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 429—430.

### **1945 ЖЫЛҒЫ КӨМІР ӨНЕРКӘСІБІН МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТЕУ ТУРАЛЫ ЗАҢ**

Шахталарды иемдену, өнеркәсіптің осы саласын басқару және оның тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін құрамында тоғыз мүшесі бар көмір өнеркәсібін ұлттық басқару заңдастырылды. Басқарма отын-энергетика министрінің

жалпы басшылығына бағынатын болады... Заң ережелері қазіргі уақытта әзірленіп жатқан көмір өнеркәсібін қайта құру жоспарының бір бөлігі болып табылады... Ол тек көмірді өндіру мен үлестіруді мемлекеттік меншіктеп қоймайды, белгілі бір аралас өндірістерді, кокс пештері, жасанды отын заводтары, электр стансылары, көлік кәсіпорындары, жылжымайтын мүлік саудасы бойынша компания және көмір шахталарымен байланысты әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері сияқты өндірістер де мемлекеттік меншікке айналады.

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 2. М., 1961. С. 436—437.

### “ТЭТЧЕРИЗМ” ТУРАЛЫ КЕҢЕС ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ ПІКІРІ

Өлдеқашан премьер-министр болған Тэтчер жоғарғы саяси және әскери қайраткерлердің тар шеңбердегі тобының (әскери кабинет деп аталатын) басында тұрып, операцияларға басшылық жасап және ымырашылдыққа ұмтылуды ұйымдастырып, “әлсіздіктің” кез келген көрінісін табанды түрде кесіп өтіп (өз партиясының қатарында да), Фолкленд (Мальвин аралдарын “азат ету” жөніндегі акцияны жеке өзі басқарды. Осы операциялардың бәрі әскери түрде емес, “ұлы” Британия “шағын” (бәлкім, тіпті “кішкентай”) Англияға айналды деген баспасөз бен публицистикада таралған пікірлермен, елдің халықаралық беделінің түсуіне ұзақ уақыт бойы алаңдаушылық пен бұқаралық сана-сезімнің күйін есепке ала отырып, саяси, тіпті психологиялық өрі үлгі боларлық акция жүргізген-ді. Аралға баса-көктеп енген аргентиналық режім өктемшілдік, жартылай фашистік режім болғандығы факт еді, осы акцияға көптеген ағылшындардың көзінше “азат ету миссиясы”, яғни диктатураға қарсы демократия күресі реңін берді, сондықтан елді “джингоистік әбігерлік” жайлап алды деген ұғым болған істі мүлдем дәлме-дәл бейнелей алмады. <....>

Тэтчердің жақтастары мен қарсыластары, 9 жылдан аса оның билікте болу қорытындыларымен “тэтчеризм” мәнін өртүрлі бағалайды. Алғашқылары (жақтастары) ол басқарған үкіметтің құнсызданумен күресте, кәсіподақтарды “ауыздықтауда”, ағылшын тауарларының бәсекелестікке қабілеттілігін жоғарылатуда, елдің экономикасын “реттеуде” және өнеркәсіпті құрылымдық қайта құруда, тұтынушылықты өсіруде, халықаралық аренада елдің беделін көте-

руде қол жеткізген табыстарын көрсетеді. Екіншілері (қарсыластары) оны елдегі әлеуметтік ауытқуларды күшейткені үшін, соғыстан кейінгі үлестен құр қалғандардың теңдессіз өсімі үшін, елді “бай оңтүстік” және “кедей солтүстік” деп жікке бөлгені үшін, “деиндустрияландырма” үшін, кәсіподақ құқығын аяққа басқаны және “өктемшілдігі” мен “ядролық үрейді ұшыру” доктринасының жолын ұстағаны үшін ауыр сынға алады. Тіпті оның партиядағы көптеген әріптестері ол басқарған жылдары қол жеткізілген “баға өсімі” көп құрбандықтар мен мұқтаждықтардың болғандығын мойындай отырып, оның басқару нәтижесінде пайда болған проблемаларды (әлеуметтік мәселелер, кең етек алған жұмыссыздық және түңілген жастар) өз кезегінде шешілуін талап етеді.

“Тэтчеризм” сөзсіз таптық, идеологиялық бояумен өсіріленді. 1979 жылы билікке келген кертартпалардың лидері мемлекет экономикасын басқаруға араласпауы тиіс еді және тек ортақ қызметтерді орындауға қол жеткізді деп мәлімдей отырып, кейнсиандық тұжырымдаманы түгелдей теріске шығарды. Ол жеке бастаманың “толық бостандығының” батымдылығына көзі жеткен, оның басты теоретигі Милтон Фридменнің концепцияларымен Тэтчер ойына не келсе соны істемейтіндігіне қынжылғанымен монетаризмге сенеді.

Оның социализмді еске түсіретін барлық идеялық қатынасы бір мағыналы болды. Ол еуропалық бірлестік комиссиясының төрағасы Ж.Делорға үзілді-кесілді тойтарыс берді. Осы жылдар Британияда “социализм салынан” құтылу үшін жұмсалған қажырлы күш ол үшін емес, Англияға алдыңғы консервативтік әкімшілік жағдайынан көбірек бақылау жасауы үшін әрі жеке кәсіпкерлік секторды қолдау үшін деп мәлімдеді ол. Бұл анықтаулар М.Тэтчердің бар ұстанымына сәйкес келеді. 1979 жылғы сайлау партиясына 4,5 жыл ішінде ол тек кеңесшілер ретінде өзіне берілген аудандарды іріктей отырып, өз ұстанымдарын нығайтып қана қойған жоқ, қағып-сілкуге көзделген экономиканы, басқаруда көптеген нәрселерді қайта құрудың өрісті бағдарламасын әзірледі және өзі есептегендей Британияны дағдарыс күйге ертерек душар еткізді.

*Перегудов С. П.*, Маргарет Тэтчер // Вопросы истории. 1988, №10. С. 69—70, 83;

*Лебедев А.* Возвращение из “Зазеркалья” // Новое время. 1989, №14. С 13—14.

## ФРАНЦИЯ

### РЕНО ЗАВОДТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТЕУ ТУРАЛЫ ОРДОНАНС

16 қаңтар, 1945 жыл.

**1-бап.** Рено заводтарының акционерлік қоғамы таратылады. Ол төменде белгіленген шарттардағы қоғамның активі мен пассивінің бүкіл жиынтығын мемлекеттің меншіктеуі арқылы жоғарыдағы ордонанс жарияланған сәттен бастап жойылады...

**7-бап.** Рено заводының орнына ұлттық басқару атауымен өнеркәсіп өндірісі министрінің билігінің бақылауында болатын, азаматтық құқық қабілеті бар қаржылық дербестік алған индустриялы саудалық сипаттағы кәсіпорын түзеледі...

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права...

### ӘУЕ КӨЛПІН МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ОРДОНАНС

26 маусым, 1945 жыл.

**1-бап.** 1944 жылғы 1 қыркүйектен бастап “Эр-Франс” компаниясы капиталы акциясының жекеменшік құқығы мемлекетке өтеді. 3-бапта қарастырылған низамның жарияланған сәтінен бастап, осы низамның жарияланған уақытынан бері мемлекетке де, “Эр-Франс” компаниясына да жатпайтын “Эр-Блю” және “Эр-Франс-Атлантик” ұлттық компанияларының жекеменшік құқығы тең түрде мемлекетке өтеді...

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права...

### ФРАНЦУЗ БАНКІ МЕН ІРІ БАНКТЕРДІ ЖӘНЕ НЕСИЕЛІК ҚОҒАМДАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ

2 желтоқсан, 1945 жыл.

#### Титул I

**1-бап.** 1946 жылғы 1 қаңтардан бастап Француз банкі мемлекеттік меншікке өтеді.

Ол метрополияның бүкіл аумағына арналған банктік билеттерді шығаруды жалғастырады.

Банктің акциясы да жекеменшік құқығын алған мемлекетке өтеді. Кеңесшілер мен регенттер 1945 жылдың 31 желтоқсанынан бастап өздерінің міндеттерін атқаруды тоқтатады.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права...

## 1946 ЖЫЛҒЫ ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

### *Прембула*

Азат халықтардың адамдық тұлғасын кемсітіп, езіп-жаншуға әрекеттенген режімін жеңген жеңісінен кейін француз халқы күллі адам баласы нәсіл, діл және дін тұту айырмашылығынсыз ешкім өзгерте алмайтын қасиетті құқықтарға ие болатынын қайтадан жария етеді. Ол қайтадан 1789 жылы құқық Мәлімдемесінде дәріптелген азаматтар мен адамдардың бостандығы мен құқықтарын, республика заңдары мен мойындалған негізгі принциптерді салтанатты түрде бекітеді.

Ол бұдан басқа, біздің уақытымызға ерекше қажетті мынадай экономикалық, саяси және әлеуметтік принциптерді жариялайды:

Заң әйелдерге барлық салаларда еркектермен тең құқыққа кепілдік береді.

Әркімнің еңбек етуге және қызмет істеуге құқығы бар. Ешкім де өзінің жұмысында өзінің шыққан тегі, жеке пікірі немесе өз діни көзқарастары бойынша қысым көрмейді.

Әрбір адам кәсіподақ ұйымдары арқылы өз мүдделері мен құқықтарын қорғап және өзінің таңдауы бойынша кәсіподақтарға қосыла алады.

Ереуілдер құқығы оны белгілейтін заңдар шеңберінде жүзеге асырылады.

### II тарау. ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ

**5-бап.** Парламент Ұлттық жиналыс және Республика кеңесінен тұрады.

**7-бап.** Ұлттық жиналыстың келісімінсіз және Республика кеңесінің алдын ала бекітуінсіз соғыс жарияланбайды.

**13-бап.** Тек Ұлттық жиналыстың ғана заңдарды қабылдауға құқығы бар...

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 463–464.

## ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

4 қазан, 1958 жыл.

**1-бап.** Еркін өзін-өзі билеу актісімен осы Конституцияны қабылдаған теңіздің ар жағындағы елдер аумағы халқы



мен республика қоғамдастығының негізін қалайды. Бірлестік оның құрамына кіруші халықтардың теңдігі мен ынтымақтастығына негізделген.

### **I бөлім. Егемендік туралы**

**2-бап.** Франция бөлінбейтін зайырлы, демократиялық және әлеуметтік республика болып табылады. Ол шығу тегіне, нәсіліне немесе діни көзқарастарына қарамастан барлық азаматтарға заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етеді. Ол барлық дінді құрметтейді.

Ұлттық эмблема көк, ақ, қызыл түсті ту болып табылады.

Ұлттық әнұраны “Марсельеза”. Республика ұраны: “Азаттық, теңдік, туысқандық”. Оның принципі: халық үшін және халықтың еркіне негізделген халықтың үкіметі болып табылады.

**4-бап.** Саяси партиялар мен топтар пікірлерін білдіруде дауыс беру арқылы жәрдемдеседі. Олар құрылады және өзінің іс-әрекетін еркін жүзеге асыра алады. Олар ұлттық егемендік пен демократия принциптерін құрметтеуі тиіс.

### **II бөлім. Республика Президенті**

**6-бап.** Республика Президенті құрамына парламент, бас кеңес және теңіздің ар жағындағы аумақтар ассамблеяларының мүшелері, сондай-ақ муниципалды кеңестерден сайланған өкілдер кіретін сайлау коллегиясымен жалпыға бірдей және тікелей дауыс берумен 7 жылға сайланады.

**12-бап.** Республика президенті премьер-министр және палаталар өкілдерімен кеңескеннен кейін Ұлттық жиналысты тарату туралы жариялай алады.

Хрестоматия по новейшей истории.

Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 476—477.

## **КСРО және ТМД**

### **Н.С.ХРУЩЕВ 50–60-ЖЫЛДАРДАҒЫ “ЖЫЛЫМЫҚТАР” ЖӨНІНДЕ**

“Жылымыққа” саналы түрде баруды ұйғара отырып КСРО басшылығы, соның ішінде мен де, бір мезет одан қорқыңырадық: бізді басып қалатын су тасқыны басталып кетіп, шамамыз қиындап кетер деп қауіптендік. Оқиғаның мұндай дамуы кез келген саяси істе әбден мүмкін. Сондық-

тан біз жылымықты ұстаңқырап тұрдық. Біз елді басқарудың бұрынғы мүмкіншіліктерінен айырылып қалудан қорқып, басшылықтың көзқарасы бойынша жағымсыз көңіл күйді тежеп отырдық. Әйтпесе өзінің жолындағысын жайпап-сыпырып кететін сел жүріп кетер еді. Басшылық өзінің функцияларын атқара алмай, өзгерістер үрдісін ол кеңестік болып қалатындай арнамен бағыттап алмай қала ма деп қауіптендік. Біз жаңа туындылар социализмді нығайтуға жәрдемдесетіндей, адамдардың шығармашылық деңгейіне ерік бердік.

*Хрущев Н.С.* Воспоминания. Избранные фрагменты.  
М., 1997. С. 507.

### **J.П.БЕРИЯНЫ ТҮТҚЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ Н.С.ХРУЩЕВТИҢ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН**

Біз, Берияның оқиғалар ретін жылдамдата бастағанын көрдік. Ол тіпті өзін Президиум мүшелерінен жоғары сезініп, маңғзданып, әуелі өзінің артықшылығын сырттай көрсетіп бақты. Біз өте қауіпті сәтті өткердік. Мен дереу әрекет ету керек деп есептеп, осы себеп бойынша Президиумның басқа мүшелерімен сөйлесу керектігін Маленковқа айттым. <...>

...Біз Маленковпен КСРО Министрлер Кеңесі Президиумының мәжілісі күні әрекет ету керек деп ұйғардық. <...>

Содан соң мынадай мәселе айқын болды: біз істі талқылап, Берияны тұтқындаймыз. Ал оны нақ кім тұтқынға алады? Біздің күзет оның жеке өзіне бағынады. Мәжіліс уақытында Президиум мүшелерінің күзеті көрші бөлмеде отырады. Біз өз мәселемізді қалай көтерсек, Берия күзетке бізді тұтқындауға солай бұйрық береді. Сондықтан біз генералдарды шақыруға келістік. Мен солай істедім де. Москаленко және басқалары бар, барлығы бес адамды шақырдым. Содан кейін Маленков, Булганинмен бірге өздерінің тобын кеңейтіп, Жуковты да шақырды. Нәтижесінде әртүрлі маршалдар мен генералдардан 11 адам жиналды. Олар жеке бөлмеде шақыруды күтіп отырады да, Маленков белгі берген кезде, мәжіліс өтіп жатқан кабинетке кіріп Берияны тұтқынға алады деп келістік.

Міне, мәжіліс те ашылды... Мен бұрын келісілгендей, төрағалық етуші Маленковтан сөз сөйлеуді сұрап, Берия туралы мәселені талқылауға ұсыныс жасадым. Берия менің оң жағымда отырған. Ол селк ете түсіп, менің қолымнан

шап беріп ұстап: “Никита, сен не? Не күңкілдеп тұрсың?” деді. Мен оған: “Міне, енді сен тыңда, дәл қазір сен жайлы айтқым келіп тұр”. <...>

Өзіміз келіскендей мен Пленумға Берияны... барлық қызметінен босату жөнінде мәселе қою туралы ұсыныс жасадым. Маленков әлі абыржулы күйде болатын, ол тіпті менің ұсынысымды дауысқа салуға қоймады да, бірден құпия батырманы басып, әскер басшыларын шақырды. Бірінші Жуков, артынан Москаленко және басқалары келіп кірді. <...>

Маленков Жуковқа қарап биязы дауыспен: “КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы ретінде Сізге Берияны тұтқындауды ұсынамын” деді.

Жуков Берияға: “Қолыңды көтер!” деп бұйырды. Москаленко және басқалары Берия қандай да бір арандатушылыққа баруы мүмкін деп есептеп, қаруларын жалаңаштады. Берия арт жағында, терезенің алдында жатқан өзінің сөмкесіне жүгірді. Мен егер сөмкеде қару жатса, оны пайдалана алмасын деп Берияның қолынан шап бердім. Кейін тексерсек, сөмкесінде де, қалтасында да ешқандай қару жоқ екен. Ол әншейін қандай да бір шарасыз қорғаныс жасаған екен.

Берияны күзетке алып Министрлер Кеңесінің ғимаратына, Маленковтың кабинетінің қасына жайғастырды. Осы арада біз ертең немесе бүрсігүні, мүмкіндігінше, тез арада Берия туралы мәселені қоятын ОҚ партия Пленумын шақыруды шештік. <...>

Москаленко айналасына өз адамдарын қойып, Берияны өзінің командалық пунктіне, бомбапанаға алып кетті.

*Хрущев Н. С. Воспоминания. Избранные фрагменты.*  
М., 1997. С. 275, 281—282.

## НОВОЧЕРКАССК ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ТОЛҚУЛАРЫ ТУРАЛЫ КСРО БАС ПРОКУРОРЫ Н.ТРУБИННИЦ АҚПАРАТТАРЫНАН

Маусым, 1962 жыл.

Оқиға қарсаңында орталық радио мен баспасөзде 1962 жылғы 1 маусымнан бастап елде ет-сүт өнімдеріне бөлшек бағаны көтеру туралы хабар берілді. Ол жұмысшылардың еңбекақысын төмендетуге қатысты Буденный атындағы Новочеркасск электровоз жасау заводы (НЭВЗ)

әкімшілігінің шараларымен сәйкес келді. Осының бәрі 1962 жылғы 1 маусымдағы завод жұмысшыларының митингісіне келіп жалғасқан, ұйымдаспаған ереуілдердің біріне әкеліп соқтырды. Ереуілшілердің еңбекақысын төмендетуді өзгерту, үкімет алдына ет-сүтке бағаны көтеруді тоқтату туралы өтініш-тілектеріне НЭВЗ директоры Курочкин тұрпайы түрде қарсы жауап берді. Оның айтқандары жағдайды шиеленістіріп, завод әкімшілігін жазалауды талап еткен бір топ митингіге қатысушылардың ашу-ызасын одан әрі күшейтті...

Сол күні-ақ завод аумағына келіп митингі жасаушыларды тыныштандыру мақсатымен завод басқармасының балконына шыққан КОКП Ростов обкомының бірінші хатшысы жолдас Басовқа бөтелке, тас, таяқ және басқа заттар лақтырылды...

Сол кезде тәртіпсіздік жасаушылардың едәуір бөлігі НЭВЗ аумағына жақын орналасқан, елдің оңтүстігіндегі басты теміржолдың күретамыры — Локомотив жасау стансысы ауданына шықты. Олар жолдарды жауып, барлық поездардың қозғалысын тоқтатып тастады, вагондардың терезесін қиратты...

2 маусым күні таңертең... сан мыңдаған адамдар, соның ішінде әйелдер мен балалар... саппен өздерінің талаптарын білдіруге және қалалық милиция бөлімінде қаманда жатқан, НЭВЗ ауданында ұсталған адамдарды босату үшін Новочеркасск қаласына бағыт алды. Солтүстік Кавказ әскери округінің қолбасшысы генерал Плиевтің нұсқауы бойынша саптың қозғалысын бөгеу мақсатымен Новочеркасск гарнизоны танк бөлімдерінің командирі полковник Михеев 2 маусым күні таңертеңгісін Тузлов өзені арқылы көпірге 9-10 танкпен және бірнеше бронетранспортерлармен бағынышты жеке құрамды шоғырландырды. Көпірге келіп жеткен адамдар бөлім командованиесінің шеруді тоқтату талаптарын елен қылмай, әрі қарай қалаға жылжыды...

2 маусым күні Дондағы Ростовтан ішкі әскерлердің барлық жеке құрамына қару-жарақтар мен оқ-дәрілер берілді, ал сағат 10-да аталған әскерлердің барлық бөлімдері соғыс даярлығына келтірілді. Сан мыңдаған адамдар тобы қаланың атқару комитетінің ғимаратына 60–100 метр арақашықтықта жақындап келді...

Біршама басқыншы топтар ғимараттың ішіне баса-көктеп кіріп, ойрандады. Терезелердің әйнектері мен есіктер сындырылды, жиһаз, телефон сымдары бүлінді, еденге шырақ шамдар, портреттер лақтырылды.

Қалалық атқару комитетінің ғимаратына Новочеркасск гарнизонының бастығы генерал-майор Олешко ішкі әскерлердің 50 автоматпен қаруланған әскери қызметкерлерімен келіп жетті. Олар адамдарды ғимараттан ығыстырып шығарып, оның алдыңғы жағымен жүріп отырып, екі қатар саппен, оған бетін бұрып тұрғызылды...

Әскерилер жоғарыға қарай автоматтан ескерту оғын атты, шулаған солдаттарды омыраулап-ығыстырған адамдар кері серпілді. Тобырдан айғайлаған дауыстар шықты: “қорықпаңдар, оқсыз атып жатыр” — осыдан кейін адамдар қайтадан қалалық атқару комитетінің ғимараты мен оны бойлай тұрғызылған солдаттарға лап қойды. Ізінше жоғарыға қайталап оқ атылды да бірден тобырға қарай жалғыз-жарым оқ атылды, соның нәтижесінде 10–15 адам алаңда көз жұмды. Осы атыстардан кейін дүрлігіс басылып, адамдар қаша бастады.

Бір мезгілде... қаланың милиция бөлімі мен МҚК-де адамдар тобыры жиналды.

Олар ...милиция бөліміне сынған терезелер арқылы кіріп, ұсталған азаматтарды босатуға әрекет жасады. Тобырдан қару-жарақтарды басып алуға шақырған дауыстар естілді...

Қорғаныс мақсатында ішкі әскерлердің қару қолдану нәтижесінде 2 маусым күні алаңда және қалалық милиция бөлімінде тәртіпсіздікке жиналғандардың 22-сі өліп, 39-ы жараланды. Тағы екі адам 2 маусым күні кешкісін, себебі анықталмаған жағдайда қайтыс болған.

КСРО ПМ мен МҚК-нің ұйымдарына қылмыстық іс қозғалып, тексерілді. Сол бойынша 114 адам сотталды, соның ішінде 7 адам бандитизм мен жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастырғаны үшін, 82 адам жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны үшін, 25 адам көнігі бұзақылығы үшін. <...>

“Правда”, 3 июня 1991 г.

## **РКФСР ПРЕЗИДЕНТІНЕ КСРО АТҚАРУ БІЛГІ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЙТА БАҒЫНУЫ ТУРАЛЫ**

**9 тамыз, 1991 жыл.**

...1. КСРО халық депутаттарының кезектен тыс съезін шақырғанға дейін, РКФСР аумағындағы қолданыстағы КСРО-ның атқару билігінің барлық органдары КСРО МҚК, КСРО ПМ, КСРО Қорғаныс министрлігімен қоса халық сайлаған РКФСР президентіне тікелей бағынуға өтеді.

2. РКФСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне, РКФСР Ішкі істер министрлігіне, қорғаныс мәселелері жөніндегі РКФСР Мемлекеттік комитетіне РКФСР аумағындағы КСРО-ның сәйкес органдарының қызметтерін уақытша жүзеге асыру.

РКФСР аумағындағы ПМ, МҚК және қорғаныс жөніндегі министрлік РКФСР президентінің, РКФСР Министрлер кеңесінің үкімдері мен жарлықтарын, РКФСР МҚК-нің, РКФСР ПМ-нің, РКФСР қорғаныс жөніндегі Мемлекеттік комитетінің бұйрықтарын дереу арада орындауға міндетті.

3. РКФСР азаматтарына, лауазымды тұлғаларға, барлық органдарға төтенше жағдай жөніндегі антиконституциялық комитеттің кез келген шешімдері мен жарлықтарын орындауды болғызбау үшін тез арада шараларды қабылдау.

Көрсетілген комитеттің шешімдерін орындаған лауазымды тұлғалар РКФСР Конституциясына сәйкес өз міндеткерлігін атқарудан шеттетіледі. РКФСР прокуратурасының органдарына көрсетілген тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін тез арада шаралар қабылдау.

РКФСР Президенті

**Б. Ельцин**

Мәскеу. Кремль. 9 тамыз, 1991 ж.

#### **ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТТІҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН (ТЖМК)**

18 тамыз, 1991 жыл.

— Денсаулық жағдайына орай М.С.Горбачевтің КСРО Президенті міндетін атқаруы мүмкін емес екеніне және КСРО Конституциясының 127-бабына сәйкес КСРО-дағы Президентінің өкілеттігі КСРО-ның вице-президенті Геннадий Иванович Янаевқа көшуіне байланысты;

— Кеңес Одағы азаматтарының өмірі мен қауіпсіздігіне, Отанымыздың егемендігіне, аумақтық тұтастығына, бостандығына және тәуелсіздігіне қатер төндіретін терең және жан-жақты дағдарысты, саяси, ұлтаралық және азаматтық тайталасты, бейберекеттік пен бассыздықты жою мақсатында;

— КСРО-ны сақтау туралы бүкілхалықтық референдумның нәтижелерін басшылыққа ала отырып;

Отанымыз халықтарының, барлық кеңес адамдарының өмірлік маңызды мүдделерін басшылыққа ала отырып, мәлімдейміз:

1. КСРО Конституциясының 127 (3) бабына және “Төтенше жағдайдың құқықтық режімі туралы” КСРО заңының 2-бабына сәйкес және қоғамның жалпыұлттық апатқа қарай сырғуына жол бермеу жөнінде ең батыл шаралар қолдану, заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету қажет екені туралы халықтың қалың топтарының талаптарын орындай отырып, 1991 жылғы 19 тамызда Мәскеу уақыты бойынша сағат 4-тен бастап КСРО-ның жекелеген жерлерінде 6 ай мерзімге төтенше жағдай енгізілсін.

2. КСРО-ның бүкіл аумағында КСРО Конституциясы мен КСР заңдары сөзсіз үстемдік етеді деп белгіленсін.

3. Елді басқару және төтенше жағдай режімін пәрменді түрде жүзеге асыру үшін КСРО-дағы Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет (КСРО ТЖМК) мына құрамда құрылсын: О.Д.Бақланов — КСРО Қорғаныс кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, В.А.Крючков — КСРО Мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің төрағасы, В.С.Павлов — КСРО премьер-министрі, Б.К.Пуго — КСРО Ішкі істер министрі, В.А.Стародубцев — КСРО Шаруалар одағының төрағасы, А.И.Тизяков — КСРО өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс Мемлекеттік кәсіпорындары мен объектілері қауымдастығының президенті, Д.Т.Язов — КСРО Қорғаныс министрі, Г.И.Янаев — КСРО Президентінің міндетін атқарушы.

4. КСРО ТЖМК шешімдері КСРО-ның бүкіл аумағында барлық билік және басқару органдарының, лауазымды адамдар мен азаматтардың бұлжытпай орындауы үшін міндетті деп белгіленсін.

Г.Янаев, В.Павлов, О.Бақланов

“Правда”, 20 августа 1991 г.

## ТМД ЕЛДЕРІНІҢ АЛМАТЫ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

Алматы. 21 желтоқсан, 1991 жыл.

Тәуелсіз мемлекеттер:

— Өзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы (РКФСР), Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Украина демократиялық құқықтық мемлекет құруға ұмтыла отырып,

<...>

аумақтық тұтастықты және қазіргі шекаралардың бұзылмайтындығын мойындай және құрметтей отырып, <...>

азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді сақтауға өзінің жауапкершілігін сезіне келіп, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімнің мақсаттары мен принциптерін жақтай келіп, төмендегілер жайында мәлімдейді.

Достастыққа қатысушылардың өзара іс-қимылын үйлестіруші институттар арқылы тең құқықтық принцип негізінде жүзеге асырылады, ал олар тең негізде қалыптасады және Достастыққа қатысушылар арасындағы келісімдермен айқындалатын тәртіппен әрекет жасайды, олар мемлекеттік те, мемлекеттен жоғары тұратын да құрылым бола алмайды.

Халықаралық стратегиялық тұрақтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатымен әскери стратегиялық күштерге бірлескен командование мен ядролық қаруға бірыңғай бақылау жасалатын болады, келісуші жақтар бір-бірінің ядролық қарусыз және (немесе) бейтарап мемлекет болу мәртебесіне ұмтылуын құрметтейтін болады.

ТМД оған қатысушылардың барлығының келісімімен оған қосылу үшін бұрынғы КСРО-ға мүше мемлекеттердің және сондай-ақ Достастықтың мақсаттары мен принциптерін қолдайтын басқа да мемлекеттердің қосылуына жол ашық. <...>

ТМД-ның құрылуына байланысты Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы өзінің өмір сүруін тоқтатады. <...>

“Известия”, 23 декабрь 1991 г.



# ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІ

## ПОЛЬША

### ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ПОЛЯК КОМИТЕТІНІҢ МАНИФЕСТІНЕН

22 шілде, 1944 жыл.

Поляк халқына

...Өздерінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін неміс басқыншыларымен шайқасқан халық өздерінің үкіметімен, астыртын парламенті — Крайова Рада Народовты құрды. Крайова Рада Народовтың құрамына демократиялық партияның өкілдері — людовтықтар, демократтар, социалистер, Поляк жұмысшы партиясы мен басқа ұйымдардың мүшелері кірді. Крайова Рада Народовты шетелдегі поляк ұйымдары, бірінші кезекте — КСРО-дағы поляк патриоттарының Одағы және олар құрған армия мойындады.

Лондондағы эмигранттық “үкімет” және оның Польшадағы делегаттары — бұл 1935 жылғы заңсыз фашистік конституцияға сүйенген, жалған атақты өкімет, құқықсыз өкімет. Бұл “үкімет” гитлерлік басқыншылармен күресті тежеді, ол авантюристік саясатпен Польшаны жаңа апатқа итермеледі...

Крайова Рада Народова және Ұлт-азаттық поляк комитеті 1921 жылғы 17 наурыздағы Конституцияның негіздерінде әрекет етеді.

Ұлт-азаттық поляк комитеті бүкіл халықты және өкіметтің барлық комитетке бағынышты ұйымдарын Қызыл Армияға көмекке шақырады. Поляктар соғысқа неғұрлым белсенді қатысса, халықтың күйзелісі де, соғыс та жылдамырақ бітеді...

Отандастар! Ұлт-азаттық поляк комитеті поляк мемлекетігін қайта жасауға кіріседі және барлық демократиялық бостандықтардың нәсіл, діни сенім, ұлт айырмашылығынсыз барлық азаматтардың теңдігін, саяси және кәсіби ұйымдарды, сөз бен ар-ұждан бостандығын қалпына келтіруге шақырады.

Елді қалпына келтіруді жеделдетіп, жерге поляк шаруаларының қажеттілігін қанағаттандыру үшін, Ұлт-азаттық поляк комитеті азат етілген аумақтарда аграрлық реформалар жүргізуге тез арада кіріседі.

Отандастар! Азат етілген аумақтардағы Ұлт-азаттық поляк комитетінің ең шұғыл міндеттерінің бірі — мектептерді қалпына келтіру және бастауыш мектептен жоғары мектепке дейінгі тегін оқытуды қамтамасыз ету...

Документы и материалы по истории советско-польских отношений.  
Т. 8. Янв. 1944 – дек. 1945 гг. М., 1974. С. 141—145.

## ЮГОСЛАВИЯ

### ФЕДЕРАТИВТІК НЕГІЗДЕГІ ЮГОСЛАВИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ АВНОЮДЫҢ ЕКІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІНЕН

29 қараша, 1943 жыл.

...Югославия халық азаттық антифашистік вечесі келесі шешімдерді қабылдайды:

... 1. Югославия халықтарының егеменділік принципі жүзеге асу үшін, Югославия өзінің барлық халқының шынайы отаны болу және ешқашан, қандай да болмасын үстемдік етуші топтың билеуінде болмас үшін, сербтерінің, хорваттардың, словендердің, македондықтардың және черногогорлықтардың, Сербия, Хорватия, Словения, Македония, Черногория, Босния мен Герцеговинаның барлық халқына толық тең құқықты қамтамасыз ететін федеративтік негізде құрылатын болады және құрылады.

2. Югославиядағы ұлттық азшылықтар барлық ұлттық құқықтармен қамтамасыз етілетін болады...

Конституция и основные законодательные акты Федеративной Народной Республики Югославии. С. 103—104.

## ЧЕХОСЛОВАКИЯ

### ЧЕХОСЛОВАКИЯ АУМАҒЫНА КЕҢЕСТІК ӘСКЕРЛЕРДІҢ КІРУІ ТУРАЛЫ ТАСС МӘЛІМДЕМЕСІ

21 тамыз, 1968 жыл.

60-жылдардың соңында Чехословакияның басшылығы басқа социалистік елдердің лидерлерімен “контрреволюциялық” бағытта мойындалып, қоғамды демократияландыру бойынша бірқатар шараларды жүзеге асырды (экономикаға

нарықтық бастаманы енгізу және т.б.). ЧКСР-дағы “контрреволюцияны” бәсеңдету мақсатымен елге ОВД-ға мүше мемлекеттердің әскерлері енгізілді.

## АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ

### ЖАПОНИЯ

#### 1947 ЖЫЛҒЫ ЖАПОНИЯНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНАН

##### I тарау

**1-бап.** Император Жапон мемлекетінің және жапон халқының бірлігінің рәмізі болып табылады, оның жағдайы егеменді билікке ие болатын жапон халқының еркіне негізделеді.

##### II тарау

**9 бап.** ...Жапон халқы ұлттар құқықтарының егемендігін білдіру ретіндегі соғыстан және халықаралық талас-тартыстарды реттеу құралы ретіндегі күш қолдану қоқан-лоқысынан мүлде бас тартады.

Алдыңғы бапта көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін, ешқашан құрғақтағы, теңіз және өуе әскерлерін, сондай-ақ басқа әскери күштерді ұстамайтын болады. Мемлекеттің әскери іс-қимылдарды жүргізу құқығы мойындалмайтын болады.

#### ЖАПОНИЯ МЕН АҚШ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚЫЗМЕТТЕСТІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ КЕЛІСІМШАРТТАРЫ

1960 жыл.

**2-бап.** Экономикалық қызметтестік.

Жақтар өздерінің азат институттарын нығайту арқылы бейбіт және достық халықаралық қарым-қатынастарды әрі қарай дамытуға себепші болады... Олар өздерінің халықаралық экономикалық саясатында өзара дау-жанжалдардан аулақ жүруге ұмтылатын және өздерінің арасындағы экономикалық қызметтестікті қолдайтын болады.

**3-бап.** Қарулы шабуылға қарсылық көрсету үшін өз қорғаныс күшін дамыту.

Жақтар, жеке және бір-бірімен қызметтестікте, үздіксіз әрі тиімді, бір жақты және өзара көмек арқылы қарулы шабуылға қарсы қарсылық көрсетудің өз мүмкіндіктерін Конституция ережелерімен сәйкес қолдап, дамытатын болады.

**6-бап.** АҚШ армиясының келіп орналасуы, қызмет көрсету ғимараттарын және аймақтарын беру.

АҚШ-тың құрғақтағы өуе-теңіз әскери күштерімен Жапонияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қиыр Шығыстағы қауіпсіздік пен халықаралық бейбітшілікті қолдау мақсаттарында оларға Жапония аумағындағы қызмет көрсету ғимараттары мен аймақтарын пайдалану құқығы беріледі.

Черная книга Японии.//Пер. с. яп.  
М., 1973. С. 243–246.

## ҚЫТАЙ

### ҚЫТАЙ ОРТАЛЫҚ ХАЛЫҚ ҮКІМЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

1 қазан, 1949 жыл.

Қазіргі күнде халық-азаттық соғысы негізінен жеңіске жетті және біздің ел халықтарының көпшілігі азат етілді. Осы негізде барлық демократиялық партиялар мен топтардың, халықтық ұйымдардың, Халық-азаттық армиясының, әртүрлі аудандардың, шетелде тұратын қытайлықтардың әртүрлі ұлттық топтарының, бүкіл елдің патриоттық демократиялық элементтерінің делегаттары келген Қытайдың Халықтық саяси кеңесу конференциясы шақырылды. Барлық елдің халықтарының еркін білдіре отырып, Қытайдың Халықтық саяси кеңесу конференциясы Қытай Халық Республикасы Орталық халықтық үкіметінің негізгі заңын бекітті. Қытай Халық Республикасын жариялады және Пекин ҚХР-ның астанасы болады деп шешім қабылдады.

Хрестоматия по новейшей истории (1945–1965). М., 1966. С. 81.

### МАО ЦЭДУН ХАЛЫҚ КОММУНАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕ

Маусым, 1958 жыл.

Біздің бағытымыз өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, сауда-саттықты (айырбас), мәдениет пен ағарту ісін, әскери

істі (жасақтау, яғни бүкілхалықты қаруландыру) бақылайтын ірі халық коммунасын біртіндеп ұйымдастыру, сондықтан коммуна біздің қоғамдық құрылымымыздың негізгі бірлігі болуы тиіс. 1958 жылдың тамызынан бастап ҚКП ОК-і Саяси бюросының кеңейтілген мәжілісінің “Деревняларда халық коммуналарын құру туралы” шешімдері жарияланғаннан кейін, халық коммуналарын құруға арналған қозғалыс бүкіл ел бойынша өріс алды...

Бастамашылардың ойынша халық коммуналарын құруда ауыл, орман шаруашылығы, мал, қосалқы шаруашылық, балық аулау шаруашылығы жан-жақты дамиды және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, сауда-саттық, ағарту және әскери істер бір-бірімен жалғастықта болады, яғни олар социализмді жедел құру, коммунизмге біртіндеп өту құралы ретінде енгізілген бір мезгілдегі өкімет ұйымы және шаруашылық ұйымдары болып табылмақ...

Халық коммунасы “социализмнен коммунизмге біртіндеп өтудің ең жақсы ұйымдасқан” формасы ретінде қарастырылады, яғни ол өзінің дамуында болашақ коммунистік қоғамның іргетасты ретінде қалыптасады.

1958 жылғы тамыздың соңында 37,8 млн шаруа отбасы тартылған, коммуналардың саны 8 730-ды құрады, ал осы жылдың желтоқсанының соңында 123,2 млн шаруа отбасын қамтумен коммуналардың саны 26 578-ге жетті, осылайша Қытайдың 99,1% шаруа отбасы Қытай бүкілхалықтық коммунасына тартылды.

*Волкова Л. А. Изменение социально-экономической структуры китайской деревни (1949–1970 гг.). М., 1972. С. 44–46.*

## ҚЫТАЙДАҒЫ РЕФОРМАЛАР ТУРАЛЫ

Өрі қарай ел экономикасына бақылау жасау бойынша үкіметтің функциясы едәуір өзгерістерге төтеп берді. Мемлекет шаруашылықты реттеу шеңберін қысқартты, микроэкономикалық деңгейге әкімшіліктің араласу деңгейін азайтты.

Ақша айналымының жоспарлануы мен қаржылық іс-әрекеттер механизмі біртіндеп жасалуда. Орталық өкімет тарапынан өндіріш күштерді дамыту арқылы қол жеткізу мақсатымен экономиканы жетілдіру қолға алынды.

Ақырында, елдің “экономикалық жариялылық” тұжырымдамасы қалыптасты. Оның элементтерінің ең елеулісі жоғарыда айтып өтілген, сыртқы сауда айналымы 10 млрд долларға жуықтайтын, еркін экономикалық аймақтар” болды. Дүниежүзінің барлық елдерімен экспорт-импорт операцияларының көлемі қарқынды өсуде (2000 ж. қарай 400 млрд американдоллар мөлшерін жуықтап отыр), 1997 жылы шамамен 150 млрд долларды құраған (дүниежүзінде 8 орын) шетелдік инвестициялардың ағыны ұлғаюда. Шетелдік капиталдың қатысуымен ресми түрде тіркелген кәсіпорындардың саны 270 мыңнан асты, ал ондағы адамдар 17 млн-ға жеткен.

*Ли Фэньлин.* О специфике реформ в КНР//Новая и новейшая история. 1996, № 6. С. 3–8.

## КОРЕЯ

### ӨСКЕРИ КОМИТЕТ ҚҰРУ ТУРАЛЫ КХДР ЖОҒАРҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ЖИНАЛЫС ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫНАН ҮЗІНДІ

26 маусым, 1950 жыл.

1. Ли Сын Манның онтүстіккорейлік ойыншық үкіметінің 38-параллельден солтүстікке қарай, бүкіл аумақ бойынша “ұлттық қорғаныс армиясы” деп аталатын армияның тұтқиылдан шабуыл жасау салдарынан туындаған төтенше жағдайларға байланысты, сондай-ақ Ли Сын Манның сатқындар тобын жою үшін күреске бүкіл халықтың күшін тез арада жұмылдыру мақсатымен Корея Жоғарғы Халықтық Жиналысының Президиумы Өскери комитет құруға қаулы етеді...

2. Елдегі бүкіл билікті Өскери комитеттің қолына шоғырландыру.

3. Барлық азаматтар, өкіметтің барлық органдары, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ өскери ұйымдар Өскери комитеттің шешімдері мен директиваларына мүлтіксіз бағынуы тиіс.

Хрестоматия по новейшей истории.//Под. ред. Б.Г.Гафурова и др.  
Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 324.

## ШЕТЕЛДІК БАСПАСӨЗ КОРЕЙ СОҒЫСЫ ТУРАСЫНДАҒЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ҰСТАНЫМЫ ТУРАЛЫ

24 маусым, 1950 жыл.

“Юнайтед Пресс” агенттігінің вашингтондық тілшісі хабарлайды: “Мемлекеттік департамент өкілдері, АҚШ коммунистік партиясы Солтүстік Кореяның біздің елден БҰҰ-дан қолдау алған және құрылған Оңтүстік Корей Республикасына қарсы соғысы үшін Ресейді жауапты деп есептейтінін мәлімдейді”. <...>

25 маусым, 1950 жыл.

“Рейтер” агенттігі хабарлайды: “Егер Оңтүстік Корея өкіметті қазір басып алуға және Сеулде антикоммунистік үкіметті құлатуға ұмтылып отырған Солтүстік Корея үкіметі тарапынан табанды әскери тықсыруға ұшыраса, онда осы жағдайдағы жалғыз-ақ маңызды фактор Құрама Штаттардың ұстанымы болып табылмақ.

Лондонда Солтүстік Корея үкіметі, шамасы, өзінің қуатты коммунистік көршілері — Кеңес Одағы мен Қытайдың ресурстарын жиып алар деп есептейді. Ресей мен Қытайдан Солтүстік Корея қандай материалдық қолдау және әскери көмек алуы мүмкін екендігін Кореядан басқа ешкім айта алмаса да, лондондық бақылаушылар Солтүстік Корея үкіметі екі ұлы коммунистік державалардың моральдық қолдауы мен дем беруіне сүйенбей, Оңтүстік Кореяға соғыс жариялауы мүмкін емес... Ресей мен Қытайдың белсенді араласуы Құрама Штаттармен соғыс отын тұтатпаса да, толық әскери қолдау көрсетуіне тура келеді...”

“Франс Пресс” агенттігі хабарлайды: “Солтүстік Кореяда кеңестік нұсқаушылардың жетекшілігімен құрылған, саны 100 мың адамнан тұратын армиясы бар. КСРО-ның Қауіпсіздік Кеңесінде (БҰҰ) қалыс қалатын фактісі болса, соңғысы қабылдауға мәжбүр болатын шешімдерге бас ұрады...”

Оңтүстік Корей армиясы ақпараттар бөлімінің хабары: “Бүгін таңертеңгі 5 сағ 30 минутта солтүстік корейлік ойыншық үкіметінің әскерлері 38-параллельде қарқынды артиллериялық атыс бастады... Кореяның орталық бөлігінің шығыс жағалауында кеңес кемелерінен десанттар түсірілді. Бүгін сағат 11.00-де кеңестік бомбалаушылар Сеулге шабуыл жасады”.

29 маусым, 1950 жыл.

“Стар” газеті (Ұлыбритания) жазады: “Ресейдің Кореядағы соғысқа қатынасы Мәскеудің қуатты насихатшысы “Трумэн басқыншылығының” есебі бойынша бүтін бір сыбаға айыптаулар таққандығы бүгін айқындала бастады. Лондоннан алынған агенттіктердің хабарларын салыстырсақ, Солтүстік Корея басқыншыларын қолдауға Ресей халқы мен қолшоқпар елдерді топтастырудағы Кеңес Одағының күш салуы туралы айтады. Орыстар кеңес билігінде тұрған елдерді басқыншылыққа белсенді түрде қолдануға әрекет жасау үстінде.

Пресс-конференцияда Трумэн, “АҚШ соғыс күйінде тұрма?” — деген сұрақты жоққа шығарып жауап берді. Ол Кореядағы болған іс-әрекеттер, бұл БҰҰ қолдауындағы полициялық іс-әрекеттер екенін көрсетті... Трумэн соғыс күйінде тұрған жақтардың арасында келіссөздер ұзаққа созылып, ақыр аяғында келісімге қол жеткізілгенін қайталап айтты. Әскерлер соғыс іс-қимылдарын тоқтатқан соң, яғни Жапонияны талқандағаннан кейін КСРО мен АҚШ әскерлері арасындағы шамамен 38-параллель бойынша орнатылған шекаралық шеп аралығында қалды.

*Хрущев Н.С. Воспоминания. Избранные фрагменты. М., 1997. С. 347.*

## **ВЬЕТНАМ**

### **ТӘУЕЛСІЗДІК МӘЛІМДЕМЕСІ**

2 қыркүйек, 1945 жыл.

Француздар қашты, жапондар тізе бүкті, император Бао-Дай тақтан бас тартты. Біздің халқымыз тұтас ғасыр бойы өздерін басып-жаншыған қамытты тас-талқан етті, ақыр соңында тәуелсіз Вьетнамды құрды. Біздің халқымыз сол уақытта да ондаған ғасыр өмір сүрген монархиялық режимді құлатып, республика орнатты. Осындай себептерден біз, жаңа Вьетнам Уақытша үкіметінің мүшелері, қазір империалистік Франциямен қарым-қатынасымызды үзетіндігімізді мәлімдейміз. Біз, Франция Вьетнамның атынан қол қойған қолданыссыз келісімдерді жоятындығымызды жария етеміз және француздардың біздің аумағымыз-



дағы меншіктері мен барлық артықшылықтарын осымен жоққа шығарамыз...

Біз, Вьетнам Демократиялық Республикасының уақытша үкіметінің мүшелері, дүниежүзіне: Вьетнам азат және тәуелсіз мемлекет болуға құқығы бар екендігін салтанатты түрде мәлімдейміз.

Хрестоматия по новейшей истории. Документы и материалы. Т. 2. М., 1960. С. 75—76.

## СОЦИАЛИСТІК ЕЛДЕРДІҢ ВЬЕТНАМҒА КӨМЕГІ

*(Өз көзімен көрген адамның айғағы)*

Егер америкалықтар сайгон үкіметіне көмектесе, Кеңес Одағы мен Қытай да Солтүстік Вьетнамға елеулі түрде қолдау көрсетеді. Деректерге сүйенсек, 1966 жылы аталған елдердің әрқайсысы көрсеткен көмек жылына 250 миллион долларға жеткен. Қытай күріш пен қару-жарақ жіберді, ал КСРО-дан жүк мәшинелері, ұшақтар, артиллерия мен басқарылатын снарядтар келді. Мен Оңтүстік Вьетнамның солтүстік және орталық облыстарында одақтастардың қолына түскен оқ-дәрілердің үлкен қоймаларын көрдім. Минометтер мен гранаттар солтүстік-вьетнамдық өндірістікі болса, минометтерге арналған снарядтар, пулеметтер, форма мен күріш Қытайдан келді, автоматтар, зымырандық снарядтар, зеңбіректер мен жүк мәшинелері КСРО-дан жеткізілді, ал хирургиялық саймандар мен дәрі-дәрмектер Польша мен Чехословакиядан жіберілді.

*Скотт Дж.* Справедливый мир во Вьетнаме. Размышления американца о трагической войне в Юго-Восточной Азии//“Новый колокол”. М., 1994. С. 455.

## ИНДОНЕЗИЯ

### ИНДОНЕЗИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ САЯСИ МАНИФЕСТІНЕН

Джакарта. 1 қараша, 1945 жыл.

Азат ел ретінде өмір сүру туралы өзіміздің тілегімізді ашық мәлімдегелі екі айдың жүзі өтті. Бүгін біз өзіміздің азаттық күресіміздің жаңа фазасына келіп кіреміз. Біздің мақ-

саттарымыз бен ниеттеріміз туралы білуге құмартып бүкіл адамзаттың бізге көз тігіп отырғанын түйсініп, сезудеміз...

Біздің миллиондаған адамдарымыз қаза тапты, ал басқа көптеген миллиондаған жапондықтар үш жарым жыл басқарудағы сансыз азапты бастарынан кешірді. Бұл үшін жапондықтар, сондай-ақ жапондықтарға қарсы тұру үшін, қажетті рухани және материалдық қолдау көрсетуден бас тартқан голландықтар жауап береді. Алайда бізге үн-түнсіз қалуға болмайтын бір тармақ бар. Индонезиядағы бүкіл әкімшілік және оның өнеркәсібін басқару номиналдан түрде жапондықтардың қолында болғанына қарамастан, шын мәнісінде бұрын голландықтармен жүзеге асырылған, жапондықтардың толық қабілеті жете қоймаған, барлық функцияларды индонезиялықтар атқарады. Бұл фактордың үлкен мәні бар, өйткені ол бізді көп нәрсеге үйретті және бізді өзіміздің күш-жігерімізге сенуге мәжбүр етті.

Голландықтар бізді қол-аяғымыз маталған күйде жапондықтарға бергеннен кейін, олар ештеме болмағандай, біз жапондықтармен бірігіп жұмыс істедік деп мәлімдеуге ешқандай моральдық құқығы болған жоқ. Өйткені, жалпы айтқанда, жапондықтар олардың кәсіпорындарында жұмыс істеген голландықтар мен индонезиялықтарға қарағанда көбірек қызмет етті. Голландықтар индонезиялық ұлтшыл антижапондық аспектіні әдейі елемеді. Индонезиялықтар ереуіл жасап, көтеріліске шығып және оларға әрқилы қарсылықтар көрсете отырып жапондықтарға қарсы ашық және бүркемеленген түрде қарсылық көрсетіп отырды. Осы күресте мыңдаған ұлтшылдар өздерінің өмірін қиды. Басқа мыңдаған адамдар азаптауларға ұшырады, ал қалғандары қуылып-тығылған жануарлар тәріздес өмір сүрді...

1945 жылы 17 тамызда Индонезия Республикасын жариялау Индонезия халқының тәуелсіздікке ұмтылысының шарықтау шегін көрсетіп берді...

Бүгінгі уақытта голланд үкіметі мен голланд халқы Индонезияға қатысты белгілі бір шешімге келуі тиіс. Олар Голландияның жастарын Индонезияны басып-түншықтырудың тәуекелділік кәсіпорындарына итермелеуші, ат төбеліндей пайдакүнем капиталистері мен империялистерінің нұсқауларын көздерін жұмып орындай беруге ықыласты ма, әлде болмаса олар осы жағдайға бейімделу үшін және бейбіт келіссөздер арқылы өздеріне бейбітшілік пен қауіпсіздікте өмір сүріп, баю мүмкіндіктерін жасай оты-

рып өнеркәсіп пен сауда-саттықта біздің еліміздегі басым жағдайларды өздеріне, өздерінің үрім-бұтақтарына пайдалану қабілеттілігі мен қарекетіне ие бола ма?

Хрестоматия по новейшей истории//Под. ред. Б.Г.Гафурова и др.  
Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 631—632.

## **ИНДОНЕЗИЯНЫҢ ЕГЕМЕНДІГІН ГОЛЛАНДИЯНЫҢ МОЙЫНДАУЫ ТУРАЛЫ АКТІДЕН**

1949 жыл.

**1-бап.** Нидерланды корольдігі Индонезия Құрама Штаттар Республикасына Индонезияның шексіз егемендігін беретіндігін, сонымен қатар жоғарыда аталған Индонезия Құрама Штаттар Республикасын тәуелсіз және егеменді мемлекет деп таниды.

Индонезия Құрама Штаттар Республикасының жобасы Нидерланды корольдігіне дейін жеткізіліп мәлімделген өз конституциясының қаулысына сәйкес жоғарыда аталған егемендікті қабылдайды.

Егемендікті беру 1949 жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірілмей өтуі тиіс.

Хрестоматия по новейшей истории.  
Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 635—636.

## **БИРМА**

### **БИРМАҒА ТӘУЕЛСІЗДІК БЕРУ ТУРАЛЫ АКТ**

4 қаңтар, 1947 жыл.

#### **Бирманың тәуелсіздігі**

1. Белгіленген күні Ұлы Мәртебелінің иеліктерінің бөліктерін құрамайтын және Ұлы Мәртебелі қамқорының құқығына ие болмайтын тәуелсіз ел болуы тиіс.

2. Осы Актідегі “белгіленген күн” мағынасы 1948 жылғы 4 қаңтарды білдіреді.

### **АУН САНЫҢ ЖЕТІ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТАРМАҒЫ**

16 маусым, 1947 жыл.

Губернатор жанындағы Атқару кеңесі төрағасының орынбасары, аса құрметті Аун Сан 1947 жылғы 16 маусым-

дағы Құрылтай жиналысының мәжілісінде басым дауыспен Бирманың болашақ Конституциясы “Бирмалық одақ” аталуын, тәуелсіз егеменді республиканың конституциясы болуы тиіс қарарды ұсынды.

Ұйғарылды:

1. Конституция “Бирмалық Одақ” деп аталатын тәуелсіз егеменді республиканың Конституциясы болуы тиіс.

2. Тәуелсіз Егеменді Бирма Республикасының барлық өкіметтері мен өкілдіктері, үкіметтің ұйымдары мен құрамдас бөліктері халықтан бастау алуы тиіс.

3. Конституция одақтың барлық халқына сот, әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларда қауіпсіздікті, заң мен қоғамдық моральға бағынышты, бөрінен бұрын, ойлау, сөз, наным, дін, бейімділік, бірлестіктер мен іс-әрекеттер бостандығы мен мүмкіншіліктерінің теңдігін кепілдендіруі тиіс.

4. Конституция ашылыққа арналған қауіпсіздік күзетін қарастыруға тиіс.

5. Тәуелсіз Егеменді Бирма Республикасы аумағының тұтастығы және оның жерге, суға, ауаға егеменді құқығы әділеттілік пен халықаралық құқыққа сәйкес сақталуға тиіс...

Хрестоматия по новейшей истории. Документы и материалы. Т. 3.  
М., 1961. С. 615—616.

## ҮНДІСТАН

### Дж.НЕРУДІҢ ҮНДІСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

1947 жылғы 14 тамыздан 15-не қараған түні Үндістанның тәуелсіздігін жариялау қарсаңында Дж.Неру өзінің отандастарына өтініш білдіре келіп, былай деді:

“Сағат түн жарымын соққан және бүкіл әлем ұйқыға шомған кезде Үндістан өмір азаттығында оянады!

...Осы салтанатты сәттерде біз өзімізді Үндістанға, оның халқына, одан да маңыздырақ күллі адамзатқа қызмет етудің ұлы ісіне арнауға ант етеміз.

...Біз осы уақытқа дейін көп азап шектік, біздің жүрегімізде осы азапты күндер сақталуда. Осы қиыншылық жағдайларға қарамастан, өткеннің бәрі төмамдалды, енді қазір біздің бүкіл ойымыз болашаққа ғана бағытталған. Бірақ, бұл болашақ оңай болмайды. Үндістанға қызмет ету жапа шегушілер мен бақытсыздардың миллионына қызмет етуді

білдіреді. Ол ғасырлық қайыршылыққа, ауру-сырқауларға және тең емес мүмкіншіліктерді тоқтатуға деген ұмтылысты білдіреді... Біз азат Үндістанның жаңа ұлылық үйін, барлық балалары тұра алатын үйді салуға тиіспіз”.

О них говорят: 20 политических портретов.  
Вып. 1. М., 1989. С. 110—111.

## ҮНДИСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ АҚТІДЕН

18 шілде, 1947 жыл.

1947 жылғы 15 тамыздан бастап Үндістанда келісілген түрде Үндістан және Пәкстан деп аталатын екі тәуелсіз доминион құрылатын болады.

Жаңа доминиондардың әрбір генерал-губернаторлары Ұлы Мәртебелі (ағылшын королінің) атынан, осы доминионның заңды өкіметімен шығарылған кез келген заңға келісім беруге және жаңа доминиондардың кез келгенінің заңдарында қолданыс таппаған Ұлы Мәртебелінің өзірше тілегі қанағаттандырылғанға дейін заңдардың іс-әрекетін тоқтатушы, Ұлы Мәртебелінің тілегін қанағаттандыру рухында өзірленген жарлықтардағы Ұлы Мәртебелінің жарлықтары немесе ескертулеріне соншалықты мүмкіндік берілетін Актінің қандай да бір құрамдас бөлігімен толығымен келісе отырып, билікті тұтастай иелене алады.

Хрестоматия по новейшей истории.  
Документы и материалы. Т. 3. М., 1961. С. 623—624.

## ҮНДИСТАН ЖӘНЕ ПӘКСТАН

### ДЕЛИДЕГІ АЗИЯ ЕЛДЕРІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНДА ДЖ.НЕРУДІҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

23 наурыз, 1947 жыл.

Біз мұнда өзіміздің өткен тарихи байланыстарымызды талқылау үшін емес, болашақта бізді біріктіретін буындарды шыңдау үшін кездесіп отырмыз. Осы конференция және ол мақсат тұтқан идеялары қандай да бір қатынаста басқа континенттер мен елдерге қарсы бағытталмаған немесе басқыншылық болып табылмайды деп батылдықпен айта аламын. Осы конференция туралы жаңалық шетелде тарал-

ған сәттен бастап-ақ Еуропа мен Америкада бәз біреулер ол Еуропа немесе Америкаға қарсы бағытталған қайдағы бір паназиалық қозғалысты білдіретіндей елестетіп, күдік-күмәнмен қарады. Бізде ешқандай басқыншылық ой жоқ, біз өзіміздің алдымызға ұлы мақсат етіп — бүкіл дүниежүзінде бейбітшілік пен прогресті нығайтуға көмектесуді қоямыз. Азия өте-мөте ұзақ уақыт батыстық соттар мен кеңселерден сұрансақтанумен болды. Енді ол өткенге қалу керек. Біз өз аяғымызбен нық тұрып, бізбен қызметтесуге дайын барлығымен оң ниеттеміз. Бірақ біз біреудің қолында ойыншық болуға құлықты емеспіз.

Дүниежүзінің осы дағдарысында Азияның алдында маңызды рөл атқару міндеті тұр. Азия елдері өзге ойында әрекетсіз болуын доғарады. Олар халықаралық істерде өзінің дербес саясатын жүргізетін болады. Адамзат прогресіне Еуропа мен Азияның қосқан үлесі өте зор болды, сол үшін де біз оған тиістісін беруіміз керек, сондай-ақ олар бізді үйреге алатын нәрселерін үйренуге тиіспіз. Бірақ Батыс бізді сансыз соғыстар мен дау-жанжалдарға киліктіргенін қайыра айтатын, енді тіпті қорқынышты соғыс әрең біткен кезде келе жатқан атом ғасырының жаңа қаупі пайда болды. Осы атом ғасырында Азияға бейбітшілікті сақтау үшін қажырлылықпен күресуге тура келеді. Онсыз бейбітшілік мүлдем сақталмайды. Бүгінгі таңда көптеген елдер қақтығыстар шегінде тұр, бізде де, Азияның барлық елдерінде де қиын мәселелер көп. Осы жағдайларға қарамастан Азияның рухы мен дүниетанымы бейбітшілік сүйгіштікке дендеп енген әлемдік сахнада Азияның пайда болуы бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшілік ісін мәнді түрде қолдай алады.

Жалпыға бірдей бейбітшілік барлық ұлттар тәуелсіздік алып, кез келген елдегі әрбір адамға еркіндік, ертеңгі күнге сенімділік және жемісті еңбегінің мүмкіншіліктері қамтамасыз етілгенде ғана тууы ықтимал. Сондықтан бейбітшілікпен бостандықты саяси, сондай-ақ экономикалық аспектілерде де қарастыру қажет. Біз Азия елдерінің өте нашар дамығанын және олардағы тіршілік деңгейінің қарқынының төмен екендігін есте тұтуға тиіспіз. Осы экономикалық мәселелер дереу шешуді талап етеді, әйтсе де бізге апат төніп тұр. Сондықтан бірінші кезекте біз қарапайым адамдар туралы ойлап, өз қоғамымыздың әлеуметтік және экономикалық құрылымын, қарапайым адамдардан оларды басып-

жаншитын ауыртпалықты түсіріп, олар үйлесімді даму үшін толық мүмкіншілік алатыны туралы ойлауға тиіспіз.

Адамзат оған қол жеткізу үшін көптеген қауіп-қатерлер мен кедергілерді жеңу керектігіне қарамастан, олардың алдына бірыңғай бейбітшілік, ұлттардың бірыңғай дүниежүзілік федерациясы әлдеқашан тұрған сатыға қол жеткізді.

Біз осы кеңейген дүниежүзілік топтардың пайда болуына тек кедергі ғана келтіретін қандай да бір топтардың емес, осы мұраттардың атынан еңбек етуге тиіспіз. Сондықтан біз, өзінің сәбилігімен қинала-қинала қоштасатын Біріккен Ұлттар Ұйымын қолдаймыз. Бірақ осы бірыңғай бейбітшілікке қол жеткізу үшін, біз мұнда Азияда, осы жоғарғы идеал атынан Азия елдері тату-тәтті ынтымақтастықта екендігі туралы ойлануымыз қажет.

Бұл конференция қандай да бір шамада Азия елдерінің осындай топтасуын білдіреді. Оның нәтижелері қандай болса да, оны шақыру фактісінің өзі-ақ тарихи мәнге ие болмақ. Бұдан басқа, бұл оқиғаны бірегей оқиға деп атауға болады, өйткені бұрын-соңды ешқашан осындай жиын болып көрген жоқ. Осылайша, тіпті жай кездескеннің өзінде біз көп нәрсеге қол жеткіздік. Біздің кездесуіміз ұлы жасампаздықтарға әкелетініне менің күмәнім жоқ. Біздің дәуіріміздің тарихы жазылған кезде бұл конференция, бәлкім, бұрынғы Азияны оның бүгінгісінен бөліп тұратын негізгі кезең болып саналар. Осындай тарихи оқиғаның ұлылығы тарихты жасауға көмектесуші, олардың қатысушыларына, біздерге әсер етпей қоймайды.

Осы конференцияда бәрімізге ортақ мәселелерді талқылауға арналған жекелеген комиссиялар мен комитеттер құрылатын болады. Біз жекелеген елдердің ішкі саясатын талқыламайтын боламыз, өйткені ол қазіргі кездесудің міндетіне кірмейді. Өрине дамудың ішкі саяси жолдары біздің бәрімізді де өте-мөте қызықтырады, өйткені олар бір-біріне әсер етеді. Алайда осы кезеңде оларды біз талқылай алмаймыз, өйткені ол негізгі мақсатты естен шығаратын, ұшы қиырсыз талас-тартыстар мен шиеленістерге әкеліп соғады да, біздің кездесуіміз текке қалады.

Мен бұл конференция ортақ мәселелерді зерттеуге және әрі қарайғы жақындасуларды жүзеге асыру үшін қандай да бір тұрақты азиялық институт, бәлкім, Азияны зерттеу

мектебін құрады деп үміттенемін. Әрі қарай бір-бірімізді жақсырақ танып-білу үшін, біз іссапарлармен алмасуды, студенттер, оқушылармен алмасуды ұйымдастыра алар едік. Біз бұдан да зорғысын жасай аламыз, бірақ мен барлық осы мүмкіншіліктерді атап шығуға батылым жетпей отыр, өйткені оларды талқылап, бір шешімге келу сіздерге қалады.

Біз тар ұлтшылдыққа ұмтылмаймыз. Әрбір елде ұлтшылдықтың өз орны бар, оны қолдау керек, бірақ оның басқыншылық көрсетіп, халықаралық даму жолына кедергі болуына жеткізбеу керек. Азия Африкадағы тек біздің азап шегуші бауырларымызға ғана емес, Еуропа мен Америкаға да достық қолын созады.

Азияда Африка халықтарына қатысты ерекше жауапкершілік жатыр. Біз оларға адамзат отбасында өздерінің заңды орнын алуға көмектесуге тиіспіз. Біз ұмтылып отырған бостандық сол немесе басқа елмен, сол немесе басқа халықпен шектелмеуі керек, ол күллі адамзаттың игілігі болуға тиіс. Бұл жалпыға бірдей, адам бостандығы қандай да бір жекелеген таптың үстемдігіне құрылмауы тиіс. Ол барлық қарапайым адамдардың игілігі болып, барлық жерде олардың алдына үйлесімді дамудың кең мүмкіндіктерін ашуы тиіс.

Бүгін біз жемісті еңбек еткен азиялық бостандықтың ұлы сәулетшілері — Сунь Ятсенді, Заглул пашаны, Ататүрік Кемал пашаны еске аламыз.

Біз сондай-ақ еңбегі мен шабытты ой-пікірі Үндістанды оның тәуелсіздігінің табалдырығына алып келген ұлы қайраткер Махатма Гандиді еске аламыз. Біздің бөріміз де оның осы конференцияда жоқ болғанына өкініш білдіреміз. Бірақ мен, біздің жұмыс аяқталмас бұрын, ол бізге келіп қатысады деген үмітімді әлі жоғалтқан жоқпын. Ол өн бойымен Үндістанның қарапайым адамдарының ісіне беріліп кеткені сонша, тіпті бұл конференция да оның мойнын бұрғыза алмады.

*Дж.Неру. Внешняя политика Индии. М., 1965. С. 52—55.*

#### Дж.НЕРУДІҢ АҚШ ЖӘНЕ КСРО-ға ҮНДЕУІ

Дели. 27 қараша, 1957 жыл.

Америка Құрама Штаттары мен Кеңестер Одағының көрнекті басшыларына өтініш айтуды ұйғардым. Мен мұны



лайықты бойсұнушылықпен, бірақ үлкен сеніммен жасамақпын. Үндістанның алдында қиын мәселелер тұр. Бірақ бүгінгі таңда әлем басынан өткеріп отырған және мұндайды адамзат баласы ешқашан әлі біліп көрмеген өркениет дағдарысы туралы ой менің еңсемді мүлдем түсіріп отыр. Мен Америка мен Ресейді осы дағдарысты шешуге және адамзатты оған төнген апаттан құтқаруға қабілетті деп сенемін.

Біздің Жер шарымыз атомдық дәуірдің жаңа қарулары үшін мүлдем кішкене. Өзінің ой-өрістілігі һәм білімімен әр адам ғарышқа өзінше жол салып, атмосфераға баса-көктеп кіріп жатқан уақытта адамзаттың өмір сүруіне қауіп төніп тұр. Жер бетіндегі кез келген тіршілікті жою үшін, жаппай қырып-жою қаруы қазірдің өзінде жеткілікті. Америка мен Ресей олармен мүмкіндігінше қамтамасыз етілген, Англия да осы қаруға ие. Бәлкім, ертең оларды басқа елдер иеленуі мүмкін, бұл жағдайда, оларға кез келген бақылау адам мүмкіншіліктерінен тыс жағдай болуы ықтимал. Қазіргі кезде ауаны, су мен азық-түлікті залалдандырушы, сондай-ақ, адамдардың бүгінгі және болашақ ұрпақтарына тікелей зиян келтіретін сынақты ядролық жарылыстар жүргізілуде.

Егер жаппай қырып-жою қаруын жетілдірудегі жарыс және қырғиқабақ соғыс жалғаса беретін болса қаншама қуатты, құдіретті болса да бірде-бір ел, бірде-бір халық өздерін жойылу қатерінен кепілдендірілген деп есептей алмайды.

Болашақта төніп отырған қауіптерден басқа, адамзаттың мыңдаған жылдық күшімен жасалған өркениет, қорқынышпен жеккөрушілікпен үзіліп-талқандалып жатқанын есте ұстау керек, егер осы ағым әрекетін жалғастыра беретін болса, онда ол одан әрі құлдырай түспек. Дүниежүзінің күллі халықтары өмір сүру құқығына, прогреске, өзінің тарихи міндетін жүзеге асыруға құқылы. Олар бейбітшілікпен қауіпсіздік құқығына ие. Қазір олар осы құқықтарын тек бір-бірімен бейбітшілікте өмір сүріп, өздерінің мәселелерін бейбіт құралдармен шешу жағдайында ғана сақтай алады. Халықтар өздерінің діни сенімдері, көзқарастары және идеологиялары бойынша бөлінуде. Олар бір-біріне өздерінің сенімін күш арқылы немесе күш қолдану қоқан-лоқысы арқылы өтіне алмайды, өйткені, кез келген осындай әрекет

жапшай дау-жанжалға әкеліп соғады, барлық алауыздықтарға қарамастан, бір-бірімен бейбіт тұру үшін жалғыз-ақ жол жеккөрушілік пен зорлық-зомбылықтан бас тарту керек.

Бұған моральдық және этикалық ойлар мен салауаттылық арқылы қол жеткізуге болады.

Бұған менің күмәнім жоқ. Америка мен Ресей біздің ақыл-парасатымызды күңгірттеп, болашағымызды жабырқатқан, бүкіл әлемді шарпыған осы қорқынышты қателіктерді тамамдайтынына менің көзім жетеді.

*Дж.Неру.* Внешняя политика Индии. М., 1965. С. 186—187.

## БЕЛГРАДТАҒЫ ҚОСЫЛМАУ ТУРАЛЫ І КОНФЕРЕНЦИЯДА Дж.НЕРУДІҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

2 қыркүйек, 1961 жыл.

Бүкіл дүниежүзінің адамдары осы дағдарыс туралы біз не ойлайтынымызды, біздің ойларымыз бен іс-әрекеттеріміз бізді қайда апара жатқанын, қандай ақыл-кеңес беретінімізді, осы дағдарысты шешу үшін қандай ықпал көрсететінімізді білгілері келеді. Бұл жөнінде еске түсірудің қажеттілігі бар, өйткені бүгінгі таңда біз неге қарсы шықтық және неге сүйеніп күресеміз дегеннің бәрін — империализм, отаршылдық, нәсілшілдік және басқа да өте-мөте маңызды құбылыстар, қандай да бір шамада нағыз дағдарыспен бүркемеленіп отыр. Өйткені егер соғыс басталса, қалғандарының бәрі кез келген мәнін жоғалтады. Сондықтан біз бүкіл адамзатқа төніп отырған осы дағдарысты қарастыруға міндеттіміз, тек оны қарастырып қана қоймай, бәрінен бұрын өзіміз айтып-жазған ойларымыз бен іс-әрекеттеріміздің басты тақырыбы етіп жасау. Бүкіл дүниежүзінің адамдары бізден нақ осыны күтеді. Тіпті ұлы державалар да біздің соңымызға ілеседі, бізге құлақ түреді және біздің қалай істейтінімізді білгілері келеді. Әрбір елдегі адамдардың қисапсыз санына бұл дағдарыс, әдетте, құқық бойынша біздің басты назарымызда тұратын заттардан гөрі біршама маңызды болып көрінетініне менің көзім жетеді.

Біз өзімізді қосылмайтын елдер конференциясы деп атаймыз. “Қосылмайтын” деген сөзді әрқалай ұғындыруға болады, бірақ ол ең біріншіден, “ұлы державалардың блоктарына қосылмаушылық” мағынасында қолданылады және бұл

мән іс жүзінде енді бүкіл қалғандарын ығыстырып шығарады. “Қосылмаушылық” термині жағымсыз мәнге ие, бірақ жағымды мағынада ол әскери мақсаттар, милитаристік блоктар, милитаристік одақтар және т.б. атынан бірігуді қабылдамайтын елдерді білдіреді. Сондықтан біз олардан алыс тұрып, қандай да бір болмасын өз күшімізді бейбітшілік ісінің мүдделеріне пайдаланғымыз келеді. Сондықтан соғыспен бірге төнген дағдарыс пайда болғанда қосылмайтын елдер фактісінің өзі-ақ бізді іс-әрекетке бағыттауға әрі ойландыруға тиіс. Енді бізге қарай жылжыған апаттың бетін, өзімізге байланыстының бәрін істеуге міндетті екенімізді сезінуіміз керек. Осылайша әртүрлі көзқараспен немесе біздер қазіргі заманғы елдер болып табылатын жаңаша көзқараспен нақ осы мәселе біз үшін басқы орында болуы тиіс. Мен бұны атап көрсеткен себебім, біздің алдымызда таусылмас қиын мәселелер тұр. Біздің және әрбір елдің алдында тұтасымен немесе жекелеген (өйткені барлық елдерде өздерінің жеке мәселелері бар) қауіптер бар.

Менің көзқарасым бойынша бұл трагедия болуы да ықтимал еді, өйткені шындап келгенде өз мақсаттарымызға қол жеткізе алмаушы едік, осы дағдарыс төнген сәтте адамзаттың бізге қоятын талаптарының алдында біз дәрменсіз болып қалар едік. Және біз мынаны естуші едік, “Иә, олардың айтатынының бәрі керемет, біз онымен келісеміз, алайда, ол бүгінгі күнде барлық мәселелердің ішіндегі ең маңыздысы қазіргіге қажет болып отырған дағдарыстан бізді құтқара ала ма? Ал егер бұл құтқара алмаса, соғыс басталады, онда олардың ұзын сонар сөздері мен мәлімдемелерінен қандай пайда?”. Адамзат бізге міне, осылай жауап қатады.

*Дж. Неру. Внешняя политика Индии. М., 1965. С. 266—267.*

### **ЯДРОЛЫҚ ҚАРУЛАРДАН ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ӘЛЕМНЕН АЗАТ ПРИНЦИПТЕР ТУРАЛЫ ДЕЛИ МӘЛІМДЕМЕСІ**

Күллі адамзаттың бестен бір бөлігін құрайтын, біздің екі дос елдердің миллиардтан аса ерлері мен әйелдері және балаларының атынан, біз барлық елдің басшылары мен халқына соғыссыз, жаппай қырып-жою қаруынсыз бізді бейбітшілікке әкелуі тиіс, тоқтаусыз іс-әрекеттерді қабылдауға үндеу тастаймыз.

Өз еліміз бен бүкіл адамзаттың тағдыры үшін өзіміздің ортақ жауапкершілігімізге сүйеніп, біз ядролық қарусыз және зорлық-зомбылықсыз әлемнен азат құрылыстың келесі принциптерін ұсынамыз:

1. Бейбіт қатар өмір сүру халықаралық қатынастардағы әмбебап норма болуы тиіс:

ядролық ғасырда халықаралық қатынастар, тайталастықтың орнын басатындай, ал дау-жанжалдар әскери құралдардың күшімен емес, бейбіт саяси құралдармен шешілетіндей түрде қайта құрылуы қажет.

2. Адам өмірі жоғары құндылықпен мойындалуы тиіс: тек адамның шығармашылық данышпандығымен ғана прогресс пен бейбітшілік жағдайда өркениеттің дамуы қамтамасыз етіледі.

3. Адам өмірінің негізі зорлық-зомбылықсыз болуы тиіс: зорлық-зомбылық пен қорқыныш негізінде құрылған пәлсапа мен саясат, теңсіздік пен езгі, нәсілдік және діни немесе терісінің түсі бойынша алалаушылық моральға жатпайды және оған жол берілмейді. Олар адамның ұмтылысына әсер етіп, ымырасыздық рухын әкеледі және адамзаттық құндылықтарды теріске шығарады.

4. Өзара ұғыныстық пен сенімділік, қорқыныш пен күдіктенушіліктің орнына келуі тиіс:

елдер, халықтар арасындағы сенімсіздік, үрей және күдікшілдік нақты дүниені қабылдауды бұрмалайды. Олар шиеленісушілікті туғызады және ақырғы есепте бүкіл халықаралық бірлестікке зардабын тигізді.

5. Өрбір мемлекеттің саяси және экономикалық тәуелсіздікке құқығы мойындалып, құрметтелуі тиіс:

барлық мемлекеттер үшін тең саяси қауіпсіздік пен экономикалық әділеттілікті қамтамасыз ету үшін жаңа дүниежүзілік тәртіпті орнату қажет. Қару-жарақтарды жаппай шығаруды тоқтату осындай тәртіпті орнату үшін қажетті алғышарт болып табылады.

6. Қарулануға жұмсалатын ресурстар әлеуметтік және экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс:

тек қарусыздану ғана экономикалық артта қалушылық және кедейшілікпен күресу үшін қажетті орасан зор қосымша ресурстарды босата алады.

7. Жекетұлғаның үйлесімді дамуы үшін жағдайлар кепілдендірілуі тиіс:

барлық елдер пісіп-жетілген гуманитарлық мәселелерді шешу үшін бірге жұмыс істеуі, жекетілгеннің жан-жақты дамуы, мәдениет, өнер, ғылым, білім беру және медицина саласында топтасуы қажет. Ядролық қарусыз және зорлық-зомбылықсыз әлем келешек үшін ғаламат жол ашады.

8. Адамзаттың материалдық және зияткерлік әлеуеті ғаламдық мәселелерді шешуге қызмет етуі тиіс:

азық-түліктік, демографиялық, сауатсыздықты жою, жер ресурстарын ұтымды пайдалану арқылы қоршаған ортаны қорғау сияқты ғаламдық мәселелердің шешімін табу қажет. Дүниежүзілік мұхит пен теңіз түбі, сондай-ақ ғарыш кеңістігі адамзаттың ортақ игілігі болып табылады. Қаруларды жаппай шығаруды тоқтату осы мақсаттарға жету үшін ең жақсы жағдайлар жасайды.

9. Қорқыныштың орнына бәрін тегіс қамти алатын халықаралық қауіпсіздік келуі тиіс:

әлем тұтас, оның қауіпсіздігі де бөлінбеуі тиіс. Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік қоғамдық жүйесіне, идеологиясына, діні мен нәсіліне тәуелсіз қарусыздану мен дамудың ортақ жолын ұстануды қажет етеді.

Халықаралық қауіпсіздік сенімділік шаралары мен бақылаудың бүкіл қол жетерлік және келісілген құралдарын пайдалану мен ядролық қарусыздану саласында саяси-экономикалық және гуманитарлық салаларда бейбіт келіссөздер мен қызметтестік арқылы, аймақтық дау-жанжалдарды әділетті түрде реттеудегі кешенді шаралар арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

10. Ядролық қарудан азат және зорлық-зомбылықсыз әлем қарусыздануға бағытталған нақты әрі кідіріссіз шараларды талап етеді:

ол ағымдағы жүзжылдықтың соңына дейін ядролық арсеналдарды толық жоюға қатысты келісімдерді бекіту арқылы қол жеткізілуі мүмкін;

адамзаттың ортақ игілігі болып табылатын кез келген қаруларды ғарышқа шығаруға жол бермеу;

ядролық қаруларды сынауға тыйым салу;

жаппай қырып-жоятын қарулардың жаңа түрлерін жасауға тыйым салу;

химиялық қаруларға тыйым салу және оның қорларын жою;

қарулы күштер мен әдеттегі қарулардың көлемін азайту.

Әзірше ядролық қару жойылмағандықтан Кеңестер Одағы мен Үндістан ядролық қаруды қолдану қауіпіне немесе қолдануға тыйым салатын халықаралық конвенцияны дереу бекітуді ұсынады. Бұл толық ядролық қарусыздану жолына ірі әрі нақты қадам болып табылады.

Ядролық қарудан азат зорлық-зомбылықсыз әлем құрылысы адамдарының сана-сезімінде революциялық қайта құруларды, халықтарды бейбітшілік өзара құрмет пен төзімділік рухында тәрбиелеуді талап етеді. Соғысты, жеккөрушілік пен зорлық-зомбылықты насихаттауға тыйым салып, басқа елдер мен халықтарға қатысты жау санатында ойлау таптауырынынан бас тарту қажет.

Қазіргі кездегі адамзат даналығы ертең үлкен құрбандықтарды талап ететін, бүгінгі шешімдерінен кету, ғаламдық мәселелердің қорлануы мен асқынуына жол бермеуде.

Адамзатқа төніп тұрған қауіп зор, бірақ бұл апатты болдырмай ядролық қарусыз өркениетке жол салатын үлкен күштерге ие алты елді біріктіретін дүниежүзіндегі коалиция күштерін жинаушы бейбітшілік сүйгіш елдер, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар үміт пен оптимизм үшін бізге негіз болады. Шешуші әрі кідіріссіз іс-әрекеттерді бастайтын уақыт жетті.

**М. Горбачев,**

ҚОЖП Орталық Комитетінің

Бас хатшысы

**Р. Ганди,**

Үндістан Республикасының

премьер-министрі

“Известия”, 28 декабря 1986 г.

#### **ҮНДИСТАН ҮКІМЕТІ МЕН ПӘКСТАН ҮКІМЕТІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ЕКІ ЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР КЕЛІСІМІ**

1. Үндістан үкіметі мен Пәкстан үкіметі осы уақытқа дейін олардың қарым-қатынастарына сызат түсірген дау-жанжалдар мен тайталастыққа екі жақты нүкте қоюы және екі жақ өз халықтарының әл-ауқатын арттырудың кезек күттірмейтін міндеттерін орындауға өз ресурстары мен күш-қуатын бүгіннен бастап арнай алатындай, субконтинентте баянды бейбітшілік орнатуға және достық байланыстарға жәрдемдесуі тиіс нық сенімнен келіп туады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Үндістан үкіметі мен Пәкстан үкіметі төмендегілерге келісті:

(I) БҰҰ Жарғысының принциптері мен мақсаттары екі елдің арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін болады;

(II) екі жақ өздерінің алауыздықтарын, олардың арасындағы қол жеткізуге болатын келіспеушілікке қатысты, екі жақты келіссөздер арқылы немесе кез келген басқа бейбіт құралдардың көмегімен реттеуді толық ұйғарды. Екі елдің арасындағы кез келген мәселені түбегейлі реттеуге дейін бірде-бір жақ жағдайды өзгертпейтін болады және екі жақ бейбіт һәм үйлесімді қарым-қатынастарды қолдауға залал келтіруші кез келген актілерді ұйымдастыруға, бағыт беруге немесе қолпаштауға кедергі жасайтын болады;

(III) олардың арасындағы татулық, тату көршілік және баянды бейбітшіліктің алғышарты екі елдің бейбіт қатар өмір сүруінің жолын ұстанушылық, аумақтық тұтастық пен бір-бірінің егемендігін құрметтеу, теңдік пен өзара пайда негізіндегі бір-бірінің ішкі істеріне араласпау болып табылады;

(IV) екі елдің арасындағы қарым-қатынастарды соңғы 25 жыл бойы әлсіреткен негізгі талас-тартысты мәселелер мен дау-жанжалдардың себептері бейбіт құралдармен реттелуі тиіс;

(V) олар бір-бірінің ұлттық бірлігін, аумақтық тұтастығын, саяси тәуелсіздігі мен егеменді теңдігін құрметтейтін болады;

(VI) БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес олар бір-бірінің саяси тәуелсіздігіне немесе аумақтық тұтастығына қарсы күш көрсету қауіп-қатерінен немесе оны қолданудан қалыс қалатын болады.

2. Екі үкімет те бір-біріне қарсы жаулық насихатты болдырмау үшін өздеріне байланыстының бәрін жасайды. Екі жақ олардың арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуға жәрдем беретіндей осындай ақпараттардың таралуын қолдайтын болады.

3. Екі ел арасындағы қарым-қатынастарды әр қадам сайын қолдау және біртіндеп қалпына келтіру мақсатында мынадай келісімдерге қол жеткізілді:

(I) қатынастарды — шекарадағы пошталық бөлімдермен қоса пошталық, телеграфтық, теңіздік, құрғақтағы байланыстарды, аумақ үстімен ұшу құқығын қоса отырып әуе қатынастарын жаңартуға арналған шаралар қабылданатын болады;

(II) азаматтардың басқа елдерге сапарын қамтамасыз етуге жәрдемдесу үшін сәйкес шаралар қабылданатын болады;

(III) экономикалық және басқа келісілген салаларда сауда мен қызметтестік қаншалықты мүмкін болғанынша жаңартылатын болады;

(IV) мәдениет пен ғылым саласындағы өзара алмасуларға қолдау көрсетілетін болады. Осыған байланысты екі елдің делегациялары қажетті детальдарды өзірлеу үшін жиі кездесетін болады.

4. Баянды бейбітшілікті орнату процесінің бастамасын салу үшін екі үкімет төмендегідей келісімдерге қол жеткізді:

(I) үнділік және пәкстандық қарулы күштер халықаралық шекарадан өз жағына әкетілетін болады;

(II) Джамма мен Кашмирде екі жақ қандай да бір жақтың мойындалған ұстанымына залалсыз, 1971 жылы 17 желтоқсанда өрттің тоқтатылуы нәтижесінде түзілген бақылау шебін құрметтейтін болады. Бірде-бір жақ өзара алауыздықтар мен заңды түсініктерге тәуелсіз, бір жақты тәртіпте осы шепті өзгертуге ұмтылмайтын болады. Екі жақ осы шепті бұзу мақсатында күш қоқан-лоқысынан немесе оны қолданудан бұдан былай қалыс қалуға міндеттенеді;

(III) әскерлерді әкету осы келісімнің күшіне енген сәтінен басталып келесі 30 күн ішінде аяқталуы тиіс.

**Индира Ганди,**  
Үндістан Республикасының  
премьер-министрі

**Зульфикар Али Бхутто,**  
Пәкстан Ислам Республикасының  
президенті

Симла, 2 шілде, 1972 жыл.

*Т.Н. Кауль. Индия и Азия. М., 1989. С. 209-211.*

#### ТАШКЕНТ МӘЛІМДЕМЕСІ

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті Ташкентте кездесіп, Үндістан мен Пәкстанның қарым-қатынастарын талқылай келе, осы елдер арасындағы қалыпты және бейбіт қарым-қатынастарды қалпына келтірудің және олардың халықтарының арасындағы өзара ұғыныстық пен достық қарым-қатынастарға жәрдем көрсетудің нық шешімдері туралы мәлімдейді. Олар осы мақсаттарға қол жеткізу Үндістан мен Пәкстанның 600 миллион халқының әлауқаты үшін аса маңызды деп есептейді.



## II

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті мәлімдегендей, 1965 жылғы 5 тамызға дейін, 1966 жылдың 25 ақпанынан кешіктірілмей екі елдің бүкіл әскери қызметкерлері әкетілетін болады және екі жақ өрт тоқтатылған шепте, өртті тоқтату шарттарын сақтауға болатыны туралы келісті.

## III

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті Үндістан мен Пәкстанның арасындағы қарым-қатынас, бір-бірінің ішкі ісіне қол сұқпау принципі негізінде құрылатыны туралы келісті.

## IV

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті екі жақ екінші елге қарсы бағытталған кез келген үгіт-насихатты қолдамайтындықтарына және екі елдің арасындағы достық қарым-қатынастардың дамуына бейімдейтін, үгіт-насихаттарға көмек көрсететіндіктері туралы келісті.

## VI

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті Үндістан мен Пәкстанның арасындағы экономикалық және сауда-саттық қарым-қатынастарына байланысты, сондай-ақ мәдени шараларды қарастыруға және Үндістан мен Пәкстанның арасындағы бар келісімдерді орындаудың шарттарын қабылдауға келісті.

## VII

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті әскери тұтқындарды қайтаруды жүзеге асыру үшін өздерінің сәйкес өкіметтеріне нұсқау беретіндіктері туралы келісті.

## VIII

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті қашқындар мен елге заңсыз келушілерге қатысты мәселелерді талқылауды жалғастыра беретіндіктері туралы келісті. Олар, сондай-ақ тұрғын халықтың сыртқа кетуін алдын алу үшін оларға жағдай жасайтындықтары туралы келісті. Олар әрі қарай дау-жанжалға байланысты екінші жақтың қолында қалған активтер мен жекеменшіктерді қайтару туралы мәселелерді талқылауға келісті.

*Кауль Т. Н.* Индия и Азия. М., 1989. С. 196–198.

## ТҮРКИЯ

### Н.С.ХРУЩЕВТИҢ ДЖЕМАЛ ГЮРСЕЛЬГЕ ЖОЛДАУЫНАН

28 маусым, 1960 жыл.

Премьер-министр мырза, Мәскеуде жаңа үкіметтің Түрік Республикасының негізін салушы және Түркия тәуелсіздігі үшін жанын салған күрескер Кемал Ататүріктің саяси принциптеріне еру ниеті туралы мәлімдемені қанағаттандырарлық сезіммен қарсы алынғанын тағы атап өтуді қажет деп есептеймін. Оның аты біздің жадымызда көршілес елдермен арамыздағы достық, туысқандық қатынастарды қалыптастырушы ретінде сақталды.

Хрестоматия по новейшей истории. Документы и материалы. Т. 3. М., 1961. С. 661–682.

### ДЖЕМАЛ ГЮРСЕЛЬДИҢ Н.С.ХРУЩЕВКЕ ЖОЛДАУЫНАН

(үзінді)

8 шілде, 1960 жыл.

Төраға мырза!

Мен басқаратын үкімет осы жылдың 27 мамырында басталған ұлттық реформалар үшін болған қозғалыстың нәтижесінде құрылды. Бұл қозғалыс, оның ең алғашқы мәлімдемелерімен сәйкес, Түркия өзінің халықаралық міндеттеріне, жекелеп алғанда Түркия кіретін НАТО, СЕНТО... одақтары тәрізді, одақтардың өмір сүру фактісінен келіп шығатын міндеттерге адал болып қалатынын, ерекше қорғаным сипатында болатынын және тек мүмкін болатын басқыншылыққа бағытталмайтынын, барлық айқындылықпен дәлелдеуді естен шығармайды.

(Бұл да сонда, 662, 683.)

## ИРАН

### 1977–1978 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ДАМУЫ

Үкімет пен халықтың арасындағы күннен-күнге ұлғайған алшақтық 1977–1978 жылдары өзінің ақырғы шегіне

жетті. Үкіметтің исламға, рухани моральға жаулық көзқарасының айқын болғаны соншама, енді ол дәлелдеуді қажет етпеді. <...>

Экономикалық көзқарас тұрғысынан алғанда ел жазылмайтын сырқатқа айналғандай еді. Әсіресе, 1971 жылы мұнайды сыртқа шығарудан түскен қисапсыз табыстар шах режиміне тәуелді пысақайлардың бизнестен осынша жедел күшеюіне себепші болды, тіпті олардың өздері мұны күтпеген еді. Иран ауылдарының 90%-ға жуығында тіпті монша болмаған кезде америкалық кәсіпкерлер бірінен соң бірі жергілікті капиталистермен бірге ірі инвестициялар туралы келісімдерге қол қою үшін ұшақтардың чартерлік рейстерімен Тегеранға келіп жатты. <...>

Хомейни имам ымыраласуда ешқашан саяси қитұрқыға бармайтынын шах режимі түсінді, сондықтан иран қоғамындағы имамның танымалдылығы өз реакциясынан-ақ көріп, оған артып отырған сүйіспеншілік күшейе түсті. 1978 жылы 6 қаңтарда “Эттелеат” газетінде имамның атына кір келтірген Ахмад Рашиди Мотлаг деген бүркеніш атпен қол қойылған мақала жарық көрді. Бұл мақала революциялық оқ-дәрі бөшкесіне салынған ұшқындай болды. Оның өрті біртіндеп лаулап жана келіп, 14 ай өткеннен кейін монархиялық құрылысты жойды, одан өрі 1979 жылғы 11 ақпандағы революцияға әкелді. <...>

“Эттелеат” газетінде басылған мақала Иранның мұсылман халқы мен Құдайға құлшылық етуге оқыту орталықтарының дінбасыларының ашу-ызасы мен наразылығын туғызды. Осыдан екі ай бұрын имам Хомейниді өздерінің ой-пікірі мен идеяларының негізі етіп алған Кум қаласының діни оқу орны студенттері мақала жарияланғаннан кейін келесі күні оқуларын тоқтатып, шеруге шықты да, Кумның діни беделділерінің үйіне бағыт алды. Имам Хомейниді қолдаудағы және жоғарыда аталған мақаланың жариялануына қарсы наразылық белгісіндегі осы шерулер 8 қаңтарға дейін жалғасты. Бостандықты тұншықтыруда қуғын-сүргін болған ұзақ жылдар ішінде алғаш рет Кум қаласы шах режиміне қарсы ашық наразылық жасады және имам Хомейниді өздерінің қолдайтындықтарын білдірген бірнеше мың діни оқу орындарының студенттері мен Кумның мыңдаған тұрғындарының осындай құлаш жая ұйымдасқан қозғалысының куәгері болды. <...>

1978 жылы 18 ақпанда, яғни Кумдағы 8 қаңтардағы манифестациядан қырық күннен кейін қуатты халық көтерілісі күтпеген жерден Тебриз қаласын қамтыды. Дінбасыларының үндеуі бойынша халық таңертеңнен бастап, Кум азап шегушілерінің қырқын өткізуге арналған қаралы шараға қатысу үшін қала мешіттерінің біріне бағыт алды. Режім тыңшыларының тарапынан болған күш көрсету, осы жиынның мемлекет мекемелеріне, жекелей алғанда Қайта өрлеу партиясының жергілікті бөліміне, сондай-ақ өз жолындағы полиция автомобильдерін өртей отырып, арақшап дүкендеріне қарай қозғалған кезде жалпықалалық көтеріліске айналуына әкелді. Қала шын мәнісінде үкіметтің бақылауынан шығып кетті. Біраз әбігерге түсірген бұл оқиға басқарушы режімді, халық көтерілуін басып-жаныштау үшін, полиция күштеріне қосалқы армия бөлімдерін шақыруға мәжбүр етті. Тебриз көтерілісі өкіметке соншалықты қатты соққы болып тигеннен кейін, олар өздерінің табан тірер тіректерін жоғалтып, “осы оқиғаларға шекараның ар жақ бетінен келген адамдардың” қатысқаны анықталды деп ашық өтірікке жармасты. Тебриз көтерілісі көп ұзамай бүкіл Иранды қамтыған, жақындап келе жатқан дауылдың тек бір жаршысы ғана болды. <...>

1978 жылы көктемде шах режімі екі жақты және қарама-қайшы жағдайда болды. Бір жағынан, ол қуғын-сүргіндер мен қоғамды азаттықпен жұмсарту туралы уәде бергендей болды, екінші жағынан, имамның жетекшілігіндегі халық мұндай “азаттықтармен” қанағаттанғысы келмеді, тек бір нәрсені ғана — шахты құлатуды қалады. Сондықтан режім бір мезгілде саяси жариялық жағдайын жасағысы келді және сонымен қоса халықтың бас көтерулерін тұншықтыруға тырысты. <...>

Фитр мейрамы күні (1978 жылғы 4 қыркүйек) көптеген Иран қалаларының тұрғындары салтанатты мереке намазынан кейін үкіметке қарсы шеруге шықты. Ең зоры таңертеңнен бастап түннің жарымындағы сағат 4-ке дейін созылған Тегерандағы сан миллиондаған адам пыққан манифестация болды. Ол қатысушылардың саны мен шахқа қарсы наразылық білдірудегі бірауыздылығы жөнінен теңдессіз болды. Бұл халықтық бас көтеру шах режімінің күлін көкке ұшырды.

Фитр мейрамынан кейін үш күн өткен соң (7 қыркүйек, 1978 жыл) сондай тағы елеулі манифестация өтті. Осы шерудің ерекшеліктерінің бірі — Ислам киімін киінген,

өздерінің қатысуымен және өздерінің жалынды ұрандарымен бүкіл өтіп жатқан жағдайға ерекше мағына берген жай мұсылман әйелдерінің бүтіндей қатысуы болды.

Олардың қатысуы, шах режімінің әйелдерді исламнан бөліп алу және олардың жүрегіне дін мен дінбасыларына қатысты теріс сезімдерді ұялату сияқты әрекеттердің жеңіліске ұшырағанын тағы да дәлелдеп берді.

Осы шерулердің кезінде адамдар: “Тәуелсіздік, азаттық, исламдық басқару!” , “Аллаһ ұлы, Хомейни — біздің көсем!” деген ұрандар көтерді. Әскери жүк машиналарының қасынан өтіп бара жатып, адамдар оларға гүл лақтырып: “Бауырлар, өздеріңнің бауырларыңды өлтірудің сендерге керегі не?” деп айғай салды. Бұл ұран халықты басып-жанышптау үшін армияны пайдалануға ниеттенген шах режімінің ендігі күйін аңғартты.

Весна свободы. К годовщине победы исламской революции в Иране. М., 1994. С. 25–30.

### ШАХТЫҢ ЕЛДЕН КЕТУІ

1979 жылы 16 қаңтарда шах Мұхаммед Реза Иранды біржола тастап кетті. Осының алдында екі күн бұрын ол АҚШ-қа барар жолда Асуанға тоқтау туралы Египет президенті Анвар Садаттан шақыру алған. Шах осы ұсынысты қабылдады, бірақ оның дүниежүзі бойынша тентіреу жолындағы келесі бөгелген жері Америка емес, Марокко корольдігі болды.

*Агаев С.Л.* Иран между прошлым и будущим. События, люди, идеи. М., 1987. С. 41.

### АЯТОЛЛА ХОМЕЙНИДІҢ ОТАНЫНА ОРАЛУЫ

Шахтың кеткен сәтінен кейін көп ұзамай-ақ имам күтпеген жерден отанына оралатынын мәлімдеді. <...> Ақыр соңында 1979 жылы 1 ақпанда алдын ала белгіленген мерзімінен алты күн кешігіп, имам Иранға оралды. Оның қайта оралуына байланысты халықтың қуанышы сипаттауға тіл жетпейтіндей болды. Осыған дейін әйгілі қайраткерлерін дәл осылай ешқашан қарсы алмаған болар.

Весна свободы. К годовщине победы исламской революции в Иране. М., 1994. С. 40.

## ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНАН

1979 ж.

<...> Біздің революцияның Ирандағы басқа революциялармен салыстырғандағы ерекшелігі (соңғы жүзжылдықтағы) оның діни, исламдық сипатына саяды. Конституциялық монархия үшін озбырлыққа қарсы қозғалыстан мұнайды мемлекеттік меншіктеу үшін қозғалысқа дейінгі жолды жүре отырып, Иран халқы жоғарыда аталған қозғалыстар өзінің діни елес сипатының салдарынан табысқа ие болмайтынын айғақтаған, бағалы тәжірибе деп тапты. Соңғы уақыттағы діни исламдық оймен күресуші дінбасылар негізгі рөл атқарса да, осы қозғалыстар шынайы исламдық ұстанымдарды айғақтай түсті. Сондықтан халық ұлы аятолла Хомейнидің басшылығымен шынайы исламдық қозғалыстың жалғасу қажеттілігін түсінді.

Әрдайым күрескерлердің алдыңғы сапында жүретін күресуші дінбасылар зиялылардың басшылығымен жаңа серпін алды. <...>

### 2-бап

Ислам Республикасы — басқару жүйесі діни сенімге:

Бір Құдайға негізделген, ол шариғат заңдарын орнатады және адам оның еркіне мойынсынуы керек;

діни бағыттағы жаңалықтар және заңдарды түсіндірудегі оның негізін салушы рөлі;

шариғат заңдарын жасау мен орнатудағы діни әділеттілік;

имамдардың (имамат) мирасқорлығы және олардың қоғамға қамқорлығы, Ислам революциясын жалғастырудағы осы принциптің негізін қалаушы рөлі;

адамның игілігі мен жоғарғы құндылығы, бостандықтар және теңдік, әділеттілік, саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени тәуелсіздікті, сондай-ақ ұлттық бірлік пен ынтымақтастықты қамтамасыз ететін Құдай алдындағы жауапкершілігі. <...>

Весна свободы. К годовщине победы исламской революции в Иране.  
М., 1994. С. 64—70.

## АУҒАНСТАН

1979 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАНДА АУҒАНСТАНҒА КЕҢЕС  
ӨСКЕРЛЕРІНІҢ ЕНГІЗІЛУІ ТУРАЛЫ “ПРАВДА” ГАЗЕТІНІҢ  
ҚОЙҒАН САУАЛДАРЫНА Л.И.БРЕЖНЕВТІҢ ҚАЙТАРҒАН  
ЖАУАПТАРЫНАН

13 қаңтар, 1980 жыл.

**Сұрақ.** Леонид Ильич, қазіргі халықаралық жағдайды, әсіресе американдық әкімшілігінің дүниедегі соңғы қадамдарын Сіз қалай бағалар едіңіз?

**Жауап.** Бейбітшілікке, қарусыздандыруды өрістетуге, КОКП XXIV және XXV съездерінде ұсынылған Бейбітшілік бағдарламасының жүзеге асырылуына біздің партия бағытының жүйелі әрі шығармашылық сипатта жүргізілуі көп нәрсеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Егер кеңінен алатын болсақ, сөті түскен ісіміздің ең бастысы — дүниежүзілік соғыс, қысқа бейбіт тыныс алу және қайтадан дүниежүзілік соғыс, осы қайғылы циклді үзу болды. Осы тарихи нәтижемен біз, кеңес адамдары біздің достарымыз — туысқан социалистік елдердің халықтары, бейбітшілік үшін, қарусыздану үшін өртүрлі әлеуметтік құрылыстағы мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін күресетін және күресе беретіндердің барлығы да мақтануға құқылы.

Алайда 70–80-жылдардың тоғысында өкінішке қарай халықаралық жағдай едәуір асқынып кетті. Халық та шындықты, яғни оған кім жауапты екенін білуі тиіс. Бүкпесіз жауап берейін — кінә империалистік күштерде, бәрінен бұрын АҚШ-тың белгілі бір топтарында жатыр. <...>

Бүгінгі күнде бейбітшілік пен тыныштықтың дұшпандары Ауғанстандағы оқиғаларды қитұрқылыққа салуға әрекеттеніп бағуда. Осы оқиғалардың төңірегінде таудай өтірік үйіліп, шімірікпейтін антикестік науқан өрістеуде. Шын мәнісінде Ауғанстанда не болды?

1978 жылы сәуірде сол жерде революция жасалды. Ауған халқы тағдырын өз қолына алып, тәуелсіздік пен азаттық жолына түрды. Өрдайым тарихта болып отыратындай бұрынғы күштер революцияға қарсы жасақтанды. Әрине, Ауғанстан халқы олармен өзі-ақ бетпе-бет келе алушы еді. Алайда революцияның алғашқы күндерінде-ақ ол сыртқы басқыншылықпен, өздерінің ішкі істеріне сырттай дәрәкі түрде араласушылыққа тап болды.

Шетелде үйретіліп қаруландырылған мыңдаған, он мыңдаған бүлікшілер, тұтас қарулы құрылымдар Ауғанстанның аумағына әкелінді. Империализм өзінің дем берушілерімен, істің мәнісі бойынша революциялық Ауғанстанға қарсы жарияланбаған соғыс бастады. <...>

Ауғанстанға қарсы басқыншылардың іс-әрекеттеріне өкіметті басып алып, ауған қоғамының, партия және әскери кадрлардың, зиялылар, мұсылман дін басыларының өкілдерінің үлкен топтарына, яғни Сәуір революциясы сүйенген дәл сол топтарға қарсы қатал қуғын-сүргінді өрістеткен Амин себепші болды. Басында Бабрак Кармал тұрған халық-демократиялық партиясының басшылығымен халықта осы аминдік қыспаққа қарсы көтеріп, оны тамам етті. Вашингтонда және басқа астаналарда Аминге жоқтау айтуда және бұл өсіресе олардың екіжүзділігін көрнекі түрде өшкерелейді. Амин жашпай қуғын-сүргін жүргізгенде, жаңа ауған мемлекетінің негізін салушы — Таракиді күштеп, шеттетіп, заңсыз көзін жойған кезде осы жоқтаушылар қайда болған?

Тоқтатылмаған қарулы интервенция, реакцияның сыртқы күштеріне бойлап дендеген қастандық Ауғанстанның өз тәуелсіздігін жоғалтып алуға, оны біздің еліміздің оңтүстік шекарасындағы империалистік соғыс плацдармына айналдыруға нақты қауіпін туғызды. Басқаша сөзбен айтқанда, біз өзімізге дос Ауғанстан үкіметінің өтінішіне үн қосатын сөт туды. Басқаша әрекет жасау Ауғанстанды империализмнің кескілеуіне, басқыншылық күштерге, мәселен, халық бостандығы қанмен тұншықтырылған Чилидегі сияқты осында да осы істерін қайталауға мүмкіндік беруді білдіруші еді. Басқаша әрекет жасау біздің оңтүстік шекарамызда Кеңес мемлекетінің қауіпсіздігіне нағыз қатердің ошағы қалай пайда болатынына қол қусырып қарап отыруды білдіруші еді. <...>

“Правда”, 14 января 1980 г.

## **ТАЯУ ШЫҒЫС. АРАБ ЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ИЗРАИЛЬ**

### **ЕВРЕЙ МЕМЛЕКЕТІН ҚҰРУ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ АРАБ-ИЗРАИЛЬ СОҒЫСЫ**

Палестинаның ең ірі қаласы Тель-Авив көшелерінде сарыла күту кезегі орын алған. Соңғы британ әскерлері әлде-



қашан елді тастап кетті. Бүкіл жерде радиодинамиканың алдына алабұртқан адамдар тобы жиналды. Барлығы жаңа тәуелсіз еврей мемлекетінің тууы туралы хабарды күтті.

Күндізгі сағат бірде сионистік қозғалыстың негізін салушы Теодор Херцлдің портреті алдында тұрып еврей көсемі Давид Бен Гурион тәуелсіздіктің израильдік Мәлімдемесін оқыды: “...Еврей халқының тарихы мен табиғи құқығына, сондай-ақ БҰҰ-ның қарарларына сәйкес, біз Қасиетті жерде осы сәттен бастап Израиль мемлекеті деген ат алатын еврей мемлекетін жариялаймыз...”

Бұл 1948 жылғы 14 мамыр — дүниежүзіндегі еврейлер ешқашан ұмытпайтын күн болатын. Палестинаға еврейлердің ежелгі отанын қайтару туралы арман 2000 жылдан кейін іске асырылды. Бен Гурион тұңғыш Израиль премьер-министрі болып, сонда (1954–1955 жж. қоспағанда) 1963 жылға дейін қалды.

Салтанат ұзақ болған жоқ. Бен Гурион өз сөзін аяқтағаннан кейін бүкіл Тель-Авив бойынша әуе дабылының ұрыс сиренасы берілді. Дабыл жалған болып шыққанымен, оның мағынасы бәріне айқын болды. Алты араб мемлекеті — Египет, Сирия, Сауд Арабиясы, Трансиордания, Ливан және Ирак армиялары Израиль шекарасына шоғырланып, шабуыл жасауға даяр тұрды. Олардың мақсаты Палестинада көптен бері еврейлермен соғысып жатқан арабтарды қорғап, Израильдің өмір сүруін тоқтатуға келіп сайды. <...>

15 мамырда Бен Гурион Израиль мемлекетін ресми түрде мойындау туралы хабармен оянды. Көп ұзамай сондай мазмұндағы жеделхат Кеңестер Одағынан келді. Сол күні таңертең араб армиясы шабуыл бастады. “Біздің армия мен олардың қару-жарақтары, — деп мәлімдеді Сирия президенті, — өте жоғары ұрыс даярлығында тұр және бірнеше еврейлерді жылдам талқандауға қабілетті”. Алайда олар тәуелсіздік үшін бұрыннан күресіп келе жатқан, өмір сүруде табандылық көрсетіп, бүкіл дүниежүзінің еврейлерінен қаржылық қолдау алған ұлттың күшін бағаламады. Египеттік әскерлер Тель-Авив пен Иерусалимге бағытталып оңтүстіктен шабуыл бастады, ал жақсы үйретілген трансиордандық армия Иордан өзенінің жағалауындағы аудандарды басып алуға міндеттенеді. Солтүстіктен ливандық, сириялық және ирак армиясы Галилеяны жаулап

алып, содан кейін Тель-Авивке қарай бағыт алды. Израиль қоршауға алынды.

Бастапқыда израиль армиясы күрлықты қорғап, арабтардың қозғалысын теңеуге әрекеттенді. Израилдықтар напар қаруланған еді, өйткені Англия қару-жарақты шеттен әкелуге шектеулер қойған болатын.

Египет армиясы Негев шөлі бойымен жылжи отырып, шағын израиль елді мекені Ниримге жақындаған кезде оны дауылды отпен қарсы алды. Мұндай жойқын қарсылықты күтпеген египеттіктер Иерусалимге қарай жылжуын тоқтатпай, деревняны айналып өтті.

Шығыста трансирдандық армия Иерусалимнің араб бөліктері жағынан израиль әскерлерін ығыстырып, жаңа қаланы қоршап алды.

БҰҰ мұсылмандар да, иудалар да, христиандар да қадірлейтін қасиетті жерлерімен Иерусалим халықаралық юрисдикцияда болуы үшін күресті. Алайда Израиль қаласын еврей мемлекетінің астанасына айналдыру туралы идеяны жүзеге асыруға ұмтылды.

Арабтардың бомбалауына қарамастан еврейлер Жаңа Иерусалимді ұстап тұрды. 1948 жылы 11 маусымда израильдіктерге қосымша күшпен алғашқы атты әскерлер келіп жетті. 24 күнге созылған қоршау аяқталды, арабтар кетті. Швед графы Бернадоттың келістіруімен бір айлық татулық жарияланды. Бұл уақытты израильдіктер өз әскерлерін қайта құруға, қару-жарақтың жаңа түрлерін қабылдауға және жаңадан әскер қатарына алынғандарды үйретуге пайдаланды.

Шілде айында әскери іс-қимылдар қайта жанданған кезде израиль армиясы шабуылға әлдеқашан дайын болған еді. Ол жол-жөнекей араб елді мекендерін өз бақылауына ала отырып, Иерусалимге ұмтылды. Жүздеген мың палестиндік арабтар еврей армиясының шабуылынан дүрбелеңмен қаша бастады. Олар Ливандағы, Газадағы және Иордан өзені жағалауларындағы қашқындарға арналған лагерьлерге орналасуға мәжбүр болды. Араб аумақтарында тұратын 800 мыңға жуық еврейлер Израильге келіп орналасты. <...>

1948 жылдың соңына қарай Израиль БҰҰ жоспары бойынша оған бастапқыда белгіленгеннен көп бұрын Батыс Палестинаның 50%-дан аса аумағын және араб елді

мекендерін құру үшін бөлінген аумақтың жартысына жуығын бақылауына алды.

Жердің қалған бөлігін 1950 жылы Иордания корольдігі болған Трансиордания мен Египет өз бақылауына алды. 1949 жылы қаңтар айында тәуелсіздік үшін Израиль соғысын аяқтаған келіссөздер жүрді.

Когда, где, как и почему это произошло.  
Лондон и т.д., 1993. С. 374—375.

## **ЕГИПЕТКЕ ҚАРСЫ ҚАРУЛЫ БАСҚЫНШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН**

**31 қазан, 1956 жыл.**

Египет басқыншылықтың құрбаны болды. Оның аумағына израиль әскерлері баса-көктеп еніп, ағылшын және француз әскерлерін әкелу қаупін төндірді.

29-нан 30 қазанға қараған түні израиль әскерлері Египет шекарасына өтіп, Суэц каналы бағытында Синай түбегі арқылы жылжи отырып әскери іс-қимылдарын бастады.

Израиль үкіметінің іс-әрекеті қарулы басқыншылық актісін көрсетеді және БҰҰ Жарғысын ашық бұзу болып табылады. Израиль әскерлерінің баса-көктеп енуі Батыс державалары, бірінші кезекте Англия мен Франция үшін желеу ретінде пайдалану, өз әскерлерін араб мемлекетінің аумағына, жекелей алғанда Суэц каналы аймағына енгізу үшін айқын есептелгенін фактілер көрсетіп берді. Өздерінің басқыншылық іс-әрекеттерін Батыс державалары барлық араб мемлекеттерімен бірауыздан жоққа шығарылған, 1950 жылғы АҚШ-тың, Англияның, Францияның отаршылдық мәлімдемесіне сілтеме жасаумен жауып отыр. Шығыста отаршылдық езгі режимін қалпына келтіруге ұмтылушы империалистік топтардың қаруы ретінде іс-әрекет ете отырып Израиль үкіметі отаршылдыққа қарсы күрес жүргізуші Шығыстың барлық халқына, барлық араб халқына үндеу тастады. Израильдік басқарушы экстремистік топтары тұрған жол, бөрінен бұрын Израиль мемлекетінің өзі үшін, оның болашағы үшін қылмысты әрі қауіпті болып табылмақ.

Израильдің қарулы шабуылының ізінше Англия мен Франция үкіметтері 30 қазанда Египетке Израиль мен

Египеттің арасындағы әскери іс-қимылдарды болдырмау мақсатымен египет аумақтары Суэцте, Порт-Саидта және Исмаилда өздерінің әскерлерінің маңызды позицияларын ұстау ультиматумын қойды. Оған қарамастан елінің егемендігі мен аумақтық қолсұқпаушылығын қорғай отырып, Египет үкіметі бұл талаптарды қабылдамады. Англия мен Франция Египет аумағына өз әскерлерін түсіре бастады. Мұнымен Англия мен Франция үкіметтері егеменді Египет мемлекетінің заңды құқықтарын дөрекі түрде аяққа таптай отырып, Египетке қарсы әскери интервенция жолына түрды. <...>

Кеңес үкіметі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Таяу және Орта Шығыс ауданында бейбітшілік пен тыныштықты сақтау үшін Египетке қатысты Англия, Франция және Израиль басқыншылық іс-әрекеттерін тоқтатуға және Египет аумағынан басқыншылар әскерлерін дереу шығаруға шұғыл шаралар қабылдауы керек деп есептейді.

Кеңес үкіметі Египетке қарсы көрсетілген басқыншылық іс-әрекеттерге байланысты тууы мүмкін қауіпті зардаптар үшін бүкіл жауапкершілікті қауіпсіздік пен бейбітшілікті бұзу жолында, басқыншылық жолында тұрған үкіметтер толығымен мойындарына алады деп есептейді.

“Правда”, 1 ноября 1956 г.

#### **1956 ЖЫЛҒЫ СУЭЦ ДАҒДАРЫСЫ ТУРАЛЫ БРИТАН ТАРИХШЫСЫНЫҢ ПІКІРІ**

Суэц каналын Египет президенті Гамал Абдель Насыр 1956 жылы 26 маусымда мемлекеттік меншіктеуден кейін бір жағынан Египет, екінші жағынан Англия, Франция және Израиль арасындағы қарым-қатынас қатты шиеленісіп кетті. Сол жылдың 26 қазанында израиль армиясы шекарадан өтіп М.Даян қолбасшылығындағы 10 бригаданың күшімен Синай түбегін жаулап алды. Екі күннен кейін ағылшын-француз авиациясы Порт-Саид және Порт-Фуадта Египет аэродромдарын бомбалап, каналдың солтүстік жағалауына десант түсірді. БҰҰ қарарларының ықпалымен, бөлкім отты тоқтатуға атысты көндіретін Англия мен Францияға кеңестік қоқан-лоқының ықпалымен, әскери іс-қимылдар тоқтатылды. Алайда 4 қарашада израиль армиясының 172 адамы өліп, 900-ге жуығы жараланып, бүкіл Синайда египет күштерін талқандады. Мыңдаған египет-

тіктер тұтқынға түсті, жүздеген танктер, өзі жүретін қару-жарақтар мен жүк машиналары, орасан зор мөлшерде оқ-дәрі мен азық-түлік басып алынды. Соғыс іс-қимыл ауданына БҰҰ әскерлері келіп кіргеннен кейін, ағылшын-француз әскерлері желтоқсанда шығарылды. 1957 жылы наурыз айында израиль армиясы Синайды тастап шықты.

*Харботл Т.* Битвы мировой истории. М., 1993. С. 420.

### **1967 ЖЫЛҒЫ “АЛТЫКҮНДІК СОҒЫС” ТУРАЛЫ БРИТАН ТАРИХШЫСЫНЫҢ ШКІРІ**

1967 жылы 5–10 маусымда Израиль Біріккен Араб Республикасына, Сирия мен Иорданияға қарсы 80 сағ-тық операцияда толық жеңіске жетті. 5 маусым күні таңмен израиль авиациясы Жерорта теңізінің үстімен доға бойынша Египетке шабуыл жасап, жерде 360 египет ұшақтарын жойып, өuede үстемдік жасауға тырысты. 7 маусымда қиянкескі танк ұрыстарынан кейін израиль танк бөлімдері бүкіл Синай түбегіне еніп, Суэц каналына жақындап, Газа секторын басып алды. Сол мезетте израильдіктер өuedен иордан танк әскерлерін жойып, Иерусалимдегі Ескі қаланы алды, содан кейін Иордан өзенінен батысқа қарай бүкіл Иорданияны, Вифлеемді, Хебронды, Иерихонды, Наблусты, Рамаллах және Дженинді жаулап алды. Сирия шекарасындағы күшті бекінген үстіртке ие бола отырып, жаяу әскерлердің ере жүруімен израиль танктері Сирияға 12 миль еніп, елдің астанасы Дамаскіден 12 мильдей жердегі Эль-Кунейтр қаласын басып алды. Израиль өз аумағын соғысқа дейінгімен салыстырғанда төрт есе ұлғайтты. Өлгені, жараланғаны, тұтқынға түскені бар 80 мыңнан 100 мыңға дейін адам кеңестік өндірістің 800-ге жуық танкісі, 10 мың жүк машинасы мен жүздеген қару-жарағы шығынға ұшырады. 258-ге жуық “МиГ” ұшағы, 60 “ИЛ” бомбалаушы ұшағы және 28 “Хантер” жойғыштар құртылды. Иорданияның шығыны 55 мың бастапқы саны жағдайында 12 мыңнан 15 мыңға дейінгіні құрады. Израиль 61 танк құртылып, 679 адам өлгені, 2563 адам жараланғаны туралы жариялады. Израильдіктердің Шарм эль-Шейхты жаулап алуы халықаралық кеме қатынасы үшін Тиран бұғазы мен Акаба шығанағын ашты.

*Харботл Т.* Битвы мировой истории. М., 1993. С. 420.

## “ОТАР ЕЛДЕР МЕН ХАЛЫҚТАРҒА ТӘУЕЛСІЗДІК БЕРУ ТУРАЛЫ” БАС АССАМБЛЕЯНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

Нью-Йорк. 14 желтоқсан, 1960 жыл.

Бас Ассамблея, БҰҰ-ның Жарғысындағы дүниежүзі халықтарымен жарияланған, “адамның негізгі құқығына, адамның жекетұлғасының адамгершілігі мен құндылығына, ерлер мен әйелдердің тең құқығына, үлкен және шағын ұлттар құқығының теңдігіне сенімділікті қайта ұялату,” “үлкен азаттық жағдайында өмір сүру жағдайларын жақсарту және әлеуметтік прогреске жәрдемдесу” табандылықтары туралы еске түсіре отырып барлық халықтардың өзін-өзі билеу және тең құқықтары принциптерін құрметтеу, жалпыға бірдей құрмет көрсету, нәсіл, жыныс, тіл, діни сенімдердің әртүрлілігіне қарамастан барлығы үшін негізгі азаттық пен адал құқығын сақтау негізінде төзімділік пен әл-ауқат, бейбіт және достық қарым-қатынас жағдайларын жасау қажеттілігін сезіне отырып, барлық тәуелді халықтардың бостандыққа қызу ұмтылушылығы мен өз тәуелсіздігіне жету жолындағы осы халықтардың шешуші рөлін мойындай отырып, <...>

отаршылдықтың бұдан былай өмір сүруі халықаралық экономикалық қызметестіктің дамуына кедергі келтіретініне, тәуелді халықтардың әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуын кешеуілдететініне, жалпыға бірдей бітімде бекітілген БҰҰ-ның мұраттарын үзетініне болашақта көздері жете отырып, <...>

соңғы жылдар ішінде тәуелді аумақтардың көпшілігінің азаттық пен тәуелсіздік алғанын қошеметтей отырып, әлі тәуелсіздік алмаған аумақтардағы азаттыққа бағытталған бұрынғыдан аса қуатты ағымдардың өмір сүруін мойындай отырып, <...>

оның барлық түрлері мен көріністеріндегі отаршылдықты дереу сөзсіз тамамдау қажеттігін салтанатты түрде жариялайды және осы мақсатпен мәлімдейді, яғни:

1) халықтардың шетелдік қанау мен үстемдікке бағынуы және оларды қанау адамның негізгі құқығын аяққа таптау болып табылады, БҰҰ-ның Жарғысына қарама-қайшы келеді және дүниежүзінде бейбітшілікті орнату мен қызметестікті дамытуға кедергі келтіреді;

2) барлық халықтардың өзін-өзі билеуге құқығы бар. Осы құқықтың күшінде олар өздерінің саяси мәртебесін еркін орната алады және өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асыра алады; <...>

3) саяси-экономикалық және әлеуметтік даярлықтың жеткіліксіздігі немесе білім беру саласындағы даярлық тәуелсіздік беруді бөгеу үшін желеу ретінде пайдаланылмауға тиіс; <...>

4) қамқорлықтағы және өзіндік билігі жоқ аумақтарда, сондай-ақ барлық басқа әлі тәуелсіздігін алмаған аумақтарда нәсілі, діні немесе терісінің түсіне қатыссыз, өздерінің еркі мен тілегін еркін білдірілуімен сәйкес, толық тәуелсіздік пен бостандықты пайдалану мүмкіншілігін беру үшін осы аумақтың халықтарына бүкіл билікті беру үшін тез арада шаралар қабылдануы қажет. <...>

“Правда”, 16 декабрь 1960 г.

**1945 ЖЫЛДАН БАСТАП ТӨУЕЛСІЗДІК АЛҒАН  
АЗИЯ, АФРИКА ЕЛДЕРІ**

Алжир	5.07.1962 ж.
Ангола	11.11.1975 ж.
Бангладеш	26.03.1971 ж.
Бахрейн	14.08.1971 ж.
Бенин	1.08.1960 ж.
Ботсвана	30.09.1960 ж.
Бруней	1.01.1984 ж.
Буркина-Фасо	5.08.1960 ж.
Бурунди	1.07.1962 ж.
Бутан	1974 ж.
Вьетнам	2.09.1945 ж.
Габон	17.08.1960 ж.
Гамбия	18.02.1965 ж.
Гана	6.03.1957 ж.
Гвинея	2.10.1958 ж.
Гвинея-Бисау	24.09.1973 ж.
Джибути	27.06.1977 ж.
Замбия	24.10.1964 ж.
Батыс Самоа	1.06.1962 ж.
Зимбабвье	18.04.1980 ж.
Израиль	14.05.1948 ж.
Үндістан	15.08.1947 ж.
Индонезия	17.08.1945 ж.
Иордания	25.05.1946 ж.
Йемен	22.05.1990 ж. (Азат етілген күні)
Солтүстік Йемен	1918 ж. тәуелсіздік алды
Оңтүстік Йемен	30 қараша 1967 ж. тәуелсіздік алды
Кабо-Верде	5.07.1975 ж.
Камбоджа	9.11.1953 ж.
Камерун	1.01.1960 ж.
Катар	1.09.1971 ж.
Кения	12.12.1963 ж.
Комор аралдары	6.07.1975 ж.
Конго (Заир)	30.06.1960 ж.
Конго	15.07.1960 ж.
Корея Республикасы	15.08.1948 ж.
Корей Халық Демократиялық Республикасы (КХДР)	9.09.1948 ж.
Кот-д'Ивуар	7.08.1960 ж.
Кувейт	19.07.1961 ж.
Лаос	10.1953 ж.
Лесото	4.10.1966 ж.
Ливан	22.11.1943 ж.
Ливия	24.12.1951 ж.
Маврикий	12.03.1968 ж.
Мавритания	28.11.1960 ж.
Мадагаскар	26.06.1960 ж.



Малави	6.07.1964 ж.
Малайзия	31.08.1957 ж.
Мали	22.02.1960 ж.
Мальдив	26.07.1965 ж.
Марокко	03.1956 ж.
Мозамбик	25.06.1975 ж.
Мьянма	4.01.1948 ж.
Намибия	21.03.1990 ж.
Науру	31.01.1968 ж.
Нигер	3.08.1960 ж.
Нигерия	01.10.1960 ж.
Біріккен Араб Өмірлігі	2.12.1971 ж.
Пәкстан	14.08.1947 ж.
Палау	1.10.1994 ж.
Папуа–Жаңа Гвинея	1.09.1975 ж.
Руанда	1.07.1962 ж.
Сан-Томе және Принсипи	12.07.1975 ж.
Свазиленд	6.09.1968 ж.
Сейшель аралдары	26.06.1976 ж.
Сенегал	20.08.1960 ж.
Сингапур	22.12.1965 ж.
Сирия	27.09.1941 ж.
	Француз әскерлері елден шығарылған кезде 17.04.1946 жылдан кейін нақты тәуелсіздік
Соломон аралдары	7.07.1978 ж.
Сомали	1.07.1960 ж.
Судан	11.01.1950 ж.
Сьерра-Леоне	27.04.1961 ж.
Танзания	26.04.1964 ж.
Того	27.04.1960 ж.
Тонга	4.06.1970 ж.
Тувалу	1.10.1978 ж.
Тунис	20.03.1956 ж.
Уганда	9.10.1962 ж.
Фиджи	10.10.1970 ж.
Филиппины	4.07.1946 ж.
Орталық Африка Республикасы	13.08.1960 ж.
Чад	11.08.1960 ж.
Шри-Ланка	4.11.1948 ж.
Экваторлық Гвинея	12.11.1968 ж.
Эритрея	24.05.1991 ж.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Аумағы 2 724,9 мың км<sup>2</sup>

Мемлекеттік шекарасының ұзындығы — 14594 км

Қытаймен шекарасының ұзындығы — 1460 км

Қырғызстанмен — 980 км

Ресеймен — 7591 км

Түрікменстанмен — 380 км

Өзбекстанмен — 2 300 км

Арал теңізінің жағалауы — 1015 км

Каспий теңізінің жағалауы — 1894 км

### СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ

Соғыстан кейінгі жылдары құрылды.

Ауданы 18 мың шаршы км.

Кеңестік атом бомбасының алғашқы сыналуды — 19 тамыз 1949 ж.

Кеңестік сутек бомбасының алғашқы сыналуды — 12 тамыз 1953 ж.

Ядролық қаруды соңғы сынау — 19 қазан 1989 ж.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 1991 жылы 21 тамызда жабылды.

Сынақтардың салдарынан сәуле ауруынан Қазақстан тұрғындарының 0,5 млн-нан аса адамы өлді, 1,5 млн-ға жуық адам әртүрлі аурулармен жапа шегуде.

### “БАЙҚОҢЫР” ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ

1955 жылы салынды.

1957 жылы қыркүйекте — құрылықаралық баллистикалық зымырандардың (МКБР) тұңғыш жіберілуі.

1957 жылы қазанда — спутниктің тұңғыш жіберілуі.

1961 жылы сәуір — Ю.Гагариннің ғарышқа ұшуы.

45 жыл оның жұмысы кезінде ғарыштық міндеттегі 1150 зымыран, 1185 құрылықаралық баллистикалық зымыран ұшырылды.

1994 жылы ғарыш айлағы келісім бойынша Ресейге 20 жылға жалға берілді.

“Эхо планеты”, 2000. № 24.

**ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**  
**ҚАЗАҚ КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ ЖӨНІНДЕ**  
**ҚАЗАҚ КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Мәлімдеме қабылдансын. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Председателі Е. Асанбаев

Алматы, 1990 жылғы 25 қазан.

**Қазақстан кіреді:**

— 1992 жылдың қараша айынан мүшелері Түркия, Пәкстан, Иран, сондай-ақ Орта Азия Республикалары мен Өзiрбайжан болып табылатын аймақтық экономикалық қызметтестік Ұйымына.

— 1995 жылдың желтоқсанынан бастап, 1969 жылы құрылған Ислам конференциясының Ұйымына.

— 1996 жылдың мамырынан Қытай, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстанның қатысуымен “Шанхайлық бестікке”. Оның мақсаты Орталық Азия мен Қиыр Шығыстағы әскери аймақтағы сенімділікті нығайту болып табылады. 2002 ж. ол Шанхай ынтымақтастық ұйымы болып аталып, оған Өзбекстан қосылды.

— Қазақстанның Еуропалық одақпен қызметтестігі мен серіктестігі туралы келісім 1995 жылы 23 қаңтарда Брюссельде бекітіліп, 1999 жылы жазда күшіне енді.

— 1992 жылдан бастап Еуропадағы қауіпсіздік пен қызметтестік жөніндегі ұйым (ОБСЕ) мүшесі.

— Еуропадағы әдеттегі қарулар жөніндегі шарт және НАТО-ның “Бейбітшілік үшін серіктестік” атты бағдарламасының мүшесі болып табылады. 1997 жылдан бері жыл сайынғы әскери оқу-жаттығуларға қатысады.

— 1993 жылы Ташкентте Ресей, Қазақстан, Беларусь, Армения, Өзiрбайжан, Грузия, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан басшыларымен қол қойылған ұжымдық қауіпсіздік туралы шартының бастамашысының бірі болып табылады.

— 1999 жылдан бері аймақ елдерінің экономикалық және әскери ұстанымдарын үйлестіретін Орталық Азия Одағының мүшесі.

— 1992 жылы қазан айында БҰҰ БА сессиясында сөз сөйлеген ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Азиядағы өзара іс-

өрекет және сенімділік шаралары бойынша Кеңес (СВМДА) шақыру идеясын ұсынды. Қазір оның конференцияларында континенттің елдері мен халықтарын мазалайтын гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және әскери-саяси мәселелерді талқылайтын Азияның 29 мемлекеті қатысады.

— Қазақстан БҰҰ-ға, ТМД және басқа халықаралық ұйымдарға кіреді және қазіргі заманғы дүниежүзінде жалпыға бірдей бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне белсенді түрде қатысады.

### ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ХАРТИЯСЫ

Санкт-Петербург. Шілде, 2002 жыл.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының (бұдан әрі ШЫҰ немесе Ұйым деп аталады) құрылтайшы мемлекеттері болып табылатын Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы

— олардың халықтарының тарихи қалыптасқан байланыстарын негізге ала отырып жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ұмтыла отырып;

— саяси бірлік, экономикалық және ақпараттық жаһандану процестерінің дамуы жағдайында аймақтағы бейбітшілікті нығайтуға, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бірлескен күш-жігермен үлес қосуға тілек білдіре отырып;

— ШЫҰ-ны құру арқылы ашылатын мүмкіндіктерді бірлесіп әлдеқайда тиімдірек пайдалануға және жаңа сынақтар мен қатерлерге қарсы тұруға жағдай жасайтынына сенімді бола отырып;

— ШЫҰ аясында өзара ықпалдасу мемлекеттер мен олардың халықтарының арасындағы тату көршіліктің, бірігу мен ынтымақтастықтың зор әлеуетін ашуға жәрдемдеседі деп санай отырып;

— Шанхайда алты мемлекет басшыларының кездесуінде (2001 ж.) орныққан өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік, өзара кеңесу, мәдениеттердің саналуандылығына құрмет және бірлесе дамуға ұмтылыс рухын басшылыққа ала отырып;

— Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы 1996 жылғы 26 сәуірдегі келісімде және Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери күштерді өзара қысқарту туралы 1997 жылғы 24 сәуірдегі келісімде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы басшыларының 1998 жылдан 2001 жылға дейінгі кезеңдегі жоғары деңгейдегі кездесулерінің барысында қол қойылған құжаттарда баяндалған принциптерді сақтау аймақта және бүкіл әлемде бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау ісіне маңызды үлес қосқанын атап көрсете отырып;

— Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптерін, халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтауға және тату көршілік пен достық қатынастарды, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға байланысты халықаралық құқықтың барша мойындалған басқа да принциптері мен нормаларын өзінің жақтайтындығын қуаттай отырып;

— ШЫҰ-ны құру туралы 2001 жылғы 15 маусымдағы Мәлімдеменің қағидаларын басшылыққа ала отырып мына мәселелер туралы уағдаласты:

## **1-бап**

### **Мақсаттары мен міндеттері**

ШЫҰ-ның негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

— мүше мемлекеттер арасында өзара сенімді, достық пен тату көршілікті нығайту;

— аймақта бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтап, нығайту. Жаңа демократиялық, әділ де ұтымды тәртіп орнатуға жәрдемдесу мақсатында көп жақты ынтымақтастықты дамыту;

— терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге олардың барлық көріністерінде бірлесе қарсы тұру, есірткі мен қару-жарақтың заңсыз айналымына, трансұлттық қылмыстық

әрекеттердің өзге де түрлеріне, сондай-ақ заңсыз көпші-қонға қарсы күрес;

— ортақ мүдде саналатын саяси, сауда-экономикалық, қорғаныс, құқық қорғау, табиғат қорғау, мәдени, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетика, көлік, кредит-қаржы және басқа салалардағы тиімді аймақтық ынтымақтастықты ынталандыру, мүше мемлекеттер халықтарының тұрмыс деңгейін үздіксіз арттырып, жағдайларын жақсарту мақсатында тең құқылы өріптестік негізіндегі бірлескен іс-әрекет арқылы аймақтағы жан-жақты және теңдестірілген экономикалық өсуге, әлеуметтік және мәдени дамуға жәрдемдесу;

— әлемдік экономикаға интеграциялану жағдайында көз-қарастарды үйлестіру; мүше мемлекеттердің халықаралық міндеттемелеріне және олардың ұлттық заңнамаларына сәйкес адамның құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

— басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарды қолдау және дамыту;

— халықаралық егестерге жол бермеуде және оларды бейбіт реттеуде өзара ықпалдасу;

— ХХІ ғасырда пайда болатын проблемалардың шешімін бірлесіп іздестіру.

#### **БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ УКРАИНА ПРЕЗИДЕНТТЕРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ**

Біз Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Украина мемлекеттерінің басшылары тұрақты даму принциптерінен шыға отырып, біздің халқымыздың экономикалық және әлеуметтік прогресіне, олардың өмір деңгейін арттыруға жәрдем беруге ұмтыла отырып, біздің еліміздегі экономикалық реформаларды жүйелі жүргізу жан-жақты экономикалық қызметтестікті әрі қарай тереңдету және ықпалдастық процестерді күшейтуге арналған алғышарттар екенін назарда ұстай отырып, 1994 жылғы 15 сәуірдегі еркін сауда аймағы туралы келісімдердің ережелерін дамыта келе, Кишинев пен Киевтегі ТМД саммиттерінде өзірленген келісімдерді, сондай-ақ Бірыңғай экономикалық кеңістік құрудағы өз шешімімізді бекіте келе,

Бірыңғай экономикалық кеңістік құру үшін қажетті шаралар бойынша келіссөздер бастаймыз.

Келіссөздердің нәтижесі 2003 жылғы қыркүйекке өзірленген сәйкесті түрдегі заңды үйлестірудің бірқатар бағыттары бойынша экономикалық саясатқа келісілген Бірыңғай экономикалық кеңістікті және сауда мен тариф бойынша құру бірыңғай реттеуші мемлекетаралық тәуелсіз комиссия құру туралы келісімдер болмақ.

Жұмыстың ақырғы мақсаты аймақтық, ықпалдастық ұйымдарын құру болып табылады.

Осы мақсатпен жақтар жоғарғы деңгейдегі бірлескен топты құрады және оның мандатын бекітеді.

Беларусь Республикасының президенті  
Ресей Федерациясының президенті  
Қазақстан Республикасының президенті  
Украина президенті

А. Лукашенко  
В. Путин  
Н.Ә. Назарбаев  
Л. Кучма

#### **АӨСПК-нің ТЕРРОРИЗМДІ АЛАСТАУ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ҮН ҚАТЫСУҒА ЖӨРДЕМДЕСУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ**

Біз, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСПК) Алматы қаласындағы бірінші басқосуына жиналған АӨСПК-ға мүше мемлекеттер басшылары мынаны мәлімдейміз.

Біз бүкіл әлемге, соның ішінде АӨСПК-ға мүше мемлекеттердің арасында терроризм әрекеттерінің таралуына байланысты қатты аландаушылық білдіріп отырмыз. Біз терроризмге қарсы күресуге және БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес осы қатерге қарсы қимыл жасау қамымен екі тарапты, өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты нығайта беруге бекем бел байлап отырмыз. Біз осы жұмыстың ауқымын өзірлеуде БҰҰ-ның, оның Бас Ассамблеясы мен Қауіпсіздік кеңесінің орталық рөлін атап көрсетеміз.

Біз терроризмнің барлық әрекеттерінің әдістері мен нақты қарекетінің салдарынан жазықсыз жандардың опат болуына қатты қайғырамыз және құрбан болған адамдардың отбасыларының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Біз қайда, қашан және кімнің жасағанына қарамастан, терроризмнің барлық түрлері мен көріністерін жазықсыз жандардың өмірі мен игілігіне алалаусыз кезелген тағылық,

қолсұғушылық пен қылмыстық әрекет ретінде бағалап, халықтардың бейбіт қатар өмір сүруіне қатер төндіретін әрекет ретінде айыптаймыз. Қандай болғанына қарамастан, нендей бір ниет терроризмді ақтау үшін негіз ретінде пайдаланылуға тиіс емес.

Біздің терроризм атаулының адамның құқығын, әсіресе оның өмір сүруге, еркіндікке, қауіпсіздік пен дамуға деген құқығын тікелей бұзушылық екеніне әбден көзіміз жетеді.

Біз терроризмді аластау барлық мәдениеттер мен өркениеттердің ортақ мұраты болып табылатынын атап көрсетеміз. Біздің әлемдегі барлық діндердің зорлық-зомбылық пен терроризмді мансұқ етіп, адам құқығын қорғауды жақтайтынына сеніміміз зор.

Біз терроризмнің қандай да болсын дінмен, ұлттық сипатпен немесе өркениетпен сыйыспайтынын атап көрсетеміз. Біз терроризмнің өзімізді діндер, мәдениеттер немесе өркениеттер арасындағы егеске тартуына жол бермеуді өте мөте маңызды деп санаймыз. Біз, сонымен қатар, терроризмге қарсы ауқымды күрестің мәдениеттерге, діндерге немесе халықтарға қарсы бағытталған соғысқа айналып кетпеу үшін ерекше қырағылық көрсетуді өз міндетімізге аламыз.

Біз өзіміздің өзін-өзі билеу құқығын қоса алғанда халықаралық құқықтың барлық низамдары мен қағидаттарына, БҰҰ Жарғысының мұраттары мен қағидаттарына, АӨСПК-ның Алматыдағы актісіне халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, елдердің арасындағы тату көршілік және достық қатынастар мен ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан алғанда айрықша ықыласты екенімізді қуаттаймыз.

Біз БҰҰ Жарғысына сәйкес халықаралық қоғамдастықтың терроризмге қарсы күресте жұмсап отырған күш-жігерін белсене қолдаймыз. Терроризмге қарсы күрес кең ауқымда, жан-жақты әрі дәйекті жүргізілуге тиіс, ол таңдауға және кемсітуге бармауға тиіс. Бұл тұста екі ұдай көзқараста болуды тәрк ету қажет. Біз, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті егемен мемлекеттердің ішкі істеріне араласудың сылтауы ретінде пайдалануға қарсымыз. Біз БҰҰ Жарғысын көзге ілмей, егемен мемлекеттерге қарсы күш қолдануды қабылдамай тастаймыз.

Біз терроризмге қарсы күрес жөніндегі БҰҰ қауіпсіздік кеңесінің 1373 қарарының және БҰҰ-ның басқа да тиісті



қарарларының көкейкесті маңызын қуаттаймыз және толығымен қолдауға міндеттенеміз, өйткені олар ұлттық, өңірлік және халықаралық міндеттемелер үшін және осы кесапаты зұлматқа қарсы күрестегі күш-жігер үшін айқын өріс ашады.

Біз терроризмге қарсы күресте адам құқығын және заңның ұлықтығын сақтау қажеттігін атап көрсетеміз.

Біз БҰҰ-ның терроризмге қарсы сан түрлі конвенцияларына қатысушы мемлекеттерді осы конвенциялардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін олардың ережелеріне сәйкес ынтымақтасуға шақырамыз. Біз терроризмге қарсы күрес туралы жалпыға бірдей конвенциясы және ядролық терроризм актілеріне қарсы халықаралық конвенция сияқты және басқа да пәрменді тетіктердің БҰҰ-да тезірек келісіліп, қабылдануына жәрдемдесетін боламыз.

Біз терроризмге қарсы күресте барлық басқа да мемлекеттермен, өңірлік және халықаралық ұйымдармен және форумдармен ынтымақ үшін ашықпыз. Терроризмнің ұлттараралық сипатын, сондай-ақ қару-жарақтың заңсыз айналысы сияқты қауіпсіздікке төнетін басқа да қауіп-қатерлермен тығыз байланысты екенін ескере келіп, біз өздеріміздің тиісті билік орындарымыздың ынтымақтастығын нығайтуға және әлемдік қоғамдастықтың терроризмді қаржыландыруды тьюға және оны аластауға бағытталған мүмкіндіктерін нығайту мақсатында ұдайы ақпараттармен алмасуды жүзеге асыруға ұмтылатын боламыз.

Біз әлемдік қоғамдастықтың кедейшілікті, жұмыссыздықты, сауатсыздықты, экстремизмді, араздықты, тамыр тартқан өшпенділікті және кемсітудің барлық нысандарын жою үшін күш-жігерін молайтуды бірінші кезектегі міндеттердің бірі ретінде қараймыз. Біз әлемнің барлық өңірлерінің тұрлаулы дамуын қамтамасыз ету және жаһандасудың әлеуметтік-экономикалық қырларына көбірек назар аударуды қажет деп санаймыз. Біздің бұл мақсатымызға жету үшін, сонымен қатар өңірлік және халықаралық дағдарыстар мен егестерді бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесудің маңызы зор.

Біз Ауғанстанды қалпына келтіру мен жаңғырту жөніндегі халықаралық күш-жігерді қолдаймыз, мұның өзі осы елді халықаралық қоғамдастықтың тұрақты өрі гүлденіп көркейген мүшесі ретінде түлетуге мүмкіндік береді. АӨСПК-ға мүше мемлекеттер терроризмге қарсы ортақ

күресіміздің мүддесі үшін ортақ құндылықтарды өзара түсіністікпен сенімді ілгерілету мақсатында өздерінің арасындағы ынтымақтастық пен үн қатысуды нығайту ниетін көздейді.

Біз АӨСПК-ны өз бойына түрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді сіңірген елдерді қамтитын бірегей азиялық басқосу деп бағалаймыз, мұның өзі оны өркениеттер мен мәдениеттер арасындағы үн қатысуды ілгерілету бағытындағы аса маңызды тетіктердің біріне айналып отыр. Бұл ретте біз БҰҰ Бас Ассамблеясының өркениеттер арасындағы үн қатысу жөніндегі 56/6 қарарын толық қолдайтынымызды қуаттаймыз және оның іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асырудың бүкіл әлемдік бейбітшілікке, игілік пен тұрақтылыққа қол жеткізу жөніндегі халықаралық күш-жігерге сындарлы үлес болып қосылатынына сеніміміз кәміл. АӨСПК-ға қатысушы мемлекеттер Еуразияның бірталай аса ірі әлемдік өркениеттердің бесігі ғана болып қоймай, солардың өздерінің арасын жалғаған көпір болғанын ескере келіп, осындай үн қатысуды жан-жақты әрі белсенді түрде дамыту ниетін көздейді.

Алматы, 4 маусым, 2002 жыл.

## МАЗМҰНЫ

### I бөлім. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем

Версаль-Вашингтон жүйесі .....	3
Германия мен Одақтастар арасындағы Компьенде жасалған уақытша бітім .....	4
Версаль шарты .....	—
Вашингтон конференциясы. 1921 ж. АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Жапония елдерінің Тынық мұхиттағы аралдық иеліктері және аралдық аумақтарына байланысты трактат (келісім) .....	6
АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия және Жапония араларындағы әскери-теңіз қару-жарақтарды шектеу жөніндегі трактаты .....	7
КСРО, Румыния, Чехословакия, Түркия және Югославия арасындағы басқыншылықты анықтау туралы конвенциядан .....	—
АҚШ .....	9
Ұлыбритания .....	14
Франция .....	16
Германия .....	20
Польша .....	28
Чехословакия .....	30
Югославия .....	31
Болгария .....	34
Румыния .....	35
Ресей (КСРО) .....	36
Жапония .....	69
Корея .....	—
Қытай .....	72
Моңғолия .....	80
Үндіқытай .....	86
Иран .....	91
Ауғанстан .....	94
Түркия .....	95
Үндістан .....	98

### II бөлім. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әлем (1939 — 1945 жж.)

Оғаш соғыс .....	106
Германияның Франциямен уақытша бітімшарттары .....	107

Үш мемлекеттің келісімі .....	107
Барбаросса жоспары .....	—
Ленд-лиз туралы заң .....	108
КСРО мен Ұлыбритания үкіметінің арасындағы Германияға қарсы соғыста бірлесіп қимылдау туралы келісім .....	109
Атлантикалық хартия .....	—
Біріккен Ұлттар мәлімдемесі .....	110
Шарль де Голльдің Лондон радиосынан сөйлеген сөзінен .....	111
Англия мен АҚШ үкіметтерінің 1942 жылы Еуропада екінші майдан ашу жөніндегі ресми міндеттемелері .....	112
Еуропадағы фашистік “Жаңа тәртіп”. “Ост” бас жоспары .....	113
Шығыс облыстардағы жергілікті халыққа қалай қарау жөніндегі кейбір пікірлер .....	—
СС әскерлері Рейхсфюрерінің “Ост” бас жоспары жөніндегі СС ескертпелері мен ұсыныстарынан .....	114
Герман үкіметінің Освенцимдегі жан түршігерлік қылмыстары туралы .....	—
Гитлер ставкасындағы жанталас .....	115
Үш одақтас мемлекеттер — Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары және Ұлыбритания басшыларының Тегерандағы конференциясы .....	117
Үш одақтас мемлекеттер — Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары және Ұлыбритания басшыларының Қырым конференциясы туралы Мазмұндамасы .....	118
Үш мемлекеттің Берлин конференциясы туралы хабары .....	120
Хиросиманы атомдық бомбалау .....	122

### III бөлім. XX ғасырдың екінші жартысындағы әлем.

#### Халықаралық қатынастар

Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысы .....	125
Фултон қаласындағы (АҚШ) У. Черчилльдің сөйлеген сөзінен .....	128
КСРО, АҚШ және Ұлыбритания сыртқы істер министрлерінің Мәскеу кеңесі туралы хабары .....	129
Үндіқытайдағы бейбітшілік мәселелері бойынша Женева мәслихатының қорытынды мәлімдемесі .....	131
Азия және Африка елдерінің Бандунг конференциясының қорытынды мазмұндамасы .....	—
Еуропадағы ұжымдық қауіпсіздік туралы Жалпыеуропалық келісім-жобасы. Негізгі принциптері .....	132
Бағдат пактісі .....	133
Таяу және Орта Шығыстағы қауіпсіздік туралы КСРО Сыртқы істер министрлігінің мәлімдемесінен .....	134
Ирақтың Бағдат пактісінен шығуы .....	—
Бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі .....	135
АҚШ Конгресінің қарарларынан .....	—

Зымыранға қарсы қорғаныс жүйелерін шектеу туралы КСРО мен АҚШ арасындағы шарт .....	136
Варшава шартына қатысушы мемлекеттердің әскери доктринасы туралы .....	137
Халықаралық экономикалық одақтар .....	138
“Трумэн доктринасының” негізгі белгілері .....	—
НАТО-ны құру туралы көпжақты келісімнен (Солтүстікатлант пактісі) .....	139
АХР, ВХР, ВХР, ГДР, ПХР, РХР, КСРО, ЧСР арасындағы өзара көмек, достық және ынтымақтастық туралы келісім (Варшава шарты) .....	140
Экономикалық өзара көмек кеңесін құру туралы хабар (ӘӨК) .....	142
Батыс Берлинді “Өуе көпірі” құтқарады .....	143
Бандунг конференциясы .....	144
Үндістан мен Пәкстан көшбасшылары қол қойған Ташкент Мәлімдемесі .....	151
КСРО мен Үндістан Республикасының арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім .....	152
Сыртқы саясаттағы “жанаша ойлаулар”. КСРО мен АҚШ арасындағы шағын және орташа қашықтықтағы зымырандарды жою туралы шарттан .....	153
Германияға қатысты түбегейлі реттеу жөніндегі шарт .....	155
КСРО мен АҚШ-тың арасындағы өздерінің орташа және одан кем қашықтықта қолданылатын зымырандарды жою туралы келісіміне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің қатысуы туралы шешімі .....	156
Еуропалық Одақ туралы шарт .....	157
Бейбітшілік үшін серіктестік: шақыру .....	159
Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы Еуропалық конвенция .....	161
Тафт-Хартли заңы .....	162
Маккарэн заңы .....	163
Хэмфри-Батлер заңы .....	164
1945 жылғы көмір өнеркәсібін мемлекеттік меншіктеу туралы заң .....	—
“Тэтчеризм” туралы кеңес тарихшыларының пікірі .....	165
Франция .....	167
КСРО және ТМД .....	169
Польша .....	177
Югославия .....	178
Чехословакия .....	—
Жапония .....	179
Қытай .....	180

Корея .....	182
Вьетнам .....	184
Индонезия .....	185
Бирма .....	187
Үндістан .....	188
Үндістан және Пәкстан .....	189
Түркия .....	202
Н.С.Хрущевтің Джемал Гюрсельге жолдауынан .....	202
Джемал Гюрсельдің Н.С.Хрущевке жолдауынан .....	—
Иран .....	205
Ауғанстан .....	207
Таяу Шығыс. Араб елдері және Израиль .....	208
“Отар елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы” Бас Ассамблеяның мәлімдемесінен .....	214
1945 жылдан бастап тәуелсіздік алған Азия, Африка елдері .....	216
Қазақстан Республикасы .....	218

*Учебно-методическое издание*

*Составители*

**Чупеков Абдугали  
Кожаметұлы Кенес  
Губайдуллина Мара  
Карсаков Илияс**

**ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ  
Хрестоматия**

Учебное пособие для 10 классов  
естественно-математического направления  
общеобразовательных школ

*(на казахском языке)*

Второе издание, переработанное

Редакторы *А. Тажидаева*  
Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатаев*  
Техникалық редакторы *А. Сәдуақасова*  
Корректоры *Ж. Баймағамбетова*  
Компьютерде беттеген *А. Ахметханқызы*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы  
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2511

Басуға 09.08.10 қол қойылды. Пішімі 84x108 <sup>1/32</sup>. Қағазы  
офсеттік. Қаріп түрі «Школьная». Офсеттік басылым. Шартты баспа  
табағы 12,18. Шартты бояулы беттабасы 12,60. Есептік баспа  
табағы 12,30. Таралымы 15 000 дана. Тапсырыс №

**“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй**

**Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.**

**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.**

**E-mail: mektep@mail.ru**

**Web-site: www.mektep.kz**